Шеттілді үйретуде web.02, подкаста, блогтар, әлеуметтік желі, электронды пошта, веб-форум, чаттар, электронды сөздік, ақпараттық-анықтамалық интернет ресурстар, видеобайланыстар сияқты цифрлық технологияларды қолдану студенттердің шетелдік коммуникативті күзiреттерінің дамуына [7, 8], олардың өз бетімен білім алуға, комментарий және әртүрлі талқылау мен пікірталас арқылы тілдік қорының ұлғаюына, соның салдарынан өмір бойы білім алуға деген құштарлықтың пайда болуына әсер етеді [9]. Wiki технологиясының мультимедиалық контентті құруға, әрдайым жаңашалауға, жүйелеуге мүмкіндік беретіні ерекше айтылған. Себебі онда аудио, видео, графикалық материалдарды (біркелкі шеттіл текстерді, подкаста және видеофрагменттерді) платформаға құруға мүмкіндік бар. Ал, ол өз кезегінде, шеттіл үйренушіге өте маңызды әрі пайдалы [10,11].

Қазақстанда электронды оқу баспаларының пайдасы жөнінде педагогикалық зерттеулер жүргізілген болатын. Оған қоса, оларды шет тілін үйрену барысында қолдану жөнінде әдістемелер дамытылған еді [12, 13, 14]; аударма ісі студенттерінің елтанушылық күзiреттерінің қалыптасу үдерісі зерттелген болатын [15]; шетелдік білім беруді ақпараттандыру аясында мәдениаралық-коммуникативті күзiретін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері құрастырылды [16].

Шеттілдік білім берудегі цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері Ж.Т.Атшыбаеваның [17], А.Т.Бақтыбаеваның, К.А.Байбурианың [18], Д.М.Джусубалиеваның, А.Т.Чакликованың [19], С.Т.Қарғынның [20], А.Т. Шынжырбаеваның [21] және т.б жұмыстарында көрініс тапқан болатын. Ол жұмыстарда цифрлық білім беру контентінің шеттіл үйрену барысына өте жағымды әсер ететіні, білім беруді модернизациясының негізгі мақсаты – тұлғаның үйлесімді түрде дамуына ықпал ететін, ақпараттандырудың аясында жайлы өмір сүруге дағдылайтын білім берудің сапасын жоғарылату жөнінде айтылған.

Зерттеудің нәтижелері.

Алғаш рет ҚР-дың жоғары білім беру жүйесінде шеттілдерін үйретуде цифрлық білім беру контентін енгізу 1990 ж–а аяғында Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ-де университет ректоры п.ғ.д., профессор С.С.Құнанбаеваның бастамасымен ғылыми-зерттеу лаборатория ашылып, кейіннен кәсіби білім берудің ақпараттандыру институты ашылып жүзеге асырылған болатын. П.ғ.д., профессор Г.Қ.Нурғалиеваның авторлық модульдік технологиясы бойынша және сол кісінің басқаруымен лингвистикалық дисциплина саласында алғашқы электрондық оқулықтар құрастырылған еді: «Шеттілдерін оқытудың теориясы мен әдісі», «Ағылшын тілінің тарихы», «Лексикология», «Теориялық грамматика», «Теориялық фонетика», «Елтану», «Стилистика» және т.б.

Қазіргі таңда шеттілді оқытудағы цифрлық білім беру контентінің нарығы кеңейді. Білім және ғылым Министрлігінің қаулысы бойынша орта мектептерде қосымша материалы бар аудио және видеодисктер секілді электронды оқыту басылымдары қолдануға ұсынылған: Smiles for Kazakhstan — Express Publishing, «Eyes Open» — Cambridge University Press, Teacher`s Resource Pack & Tests (CD-ROM), English Plus for Kazakhstan — Oxford University Press, Full Blast for Kazakhstan — MM Publications, ағылшын тілінің электрондық оқулықтары – Білім беруді ақпараттандыру педагогикалық технологиялар орталығы [22]. Көріп отырғаныңыздай, ағылшын тілін үйренуде көбіне шетел баспаларының өнімдері басым, ал отандық әзірлеушілердің арасында көш бастап тұрған Білім беруді ақпараттандыру педагогикалық технологиялар орталығы.

Бұл баспалардың барлығы орта мектептерде шеттіл оқытудың ақпараттық білім беруінің ортасын анағұрлым кеңейтеді. Ал, ол өз кезегінде, ағылшын тілін практика жүзінде жақсы үйренуге, олардың өмірде, іскерлік жағдайында қажет болатындай мектеп оқушыларының коммуникативті күзіретін қалыптастыруға бірден – бір ықпал болады.

Профессор Г.Қ.Нурғалиеваның көзқарасы бойынша электрондық оқулық басылымы қағаз оқулықтарды немесе басқа да баспадан шыққан ресурстарды қайталамау керек, керісінше сабақтың кезеңдерін негізге ала отырып білім алу үдерісін автоматтандырылған түрін пайымдауы керек, яғни қабылдау-хабардар болу-түсіну-бекіту-жалпылау-қолдану [23].

Ағылшын тілі бойынша электронды оқу басылым мазмұны оқу материалының мультимедиалық түсіндірмесі мен *әрбір* оқу тақырыбы бойынша тәжірибелік жаттығулық интерактивті тапсырмалардан тұруы қажет. Мультимедиалық түсіндірмелер баланың лексикалық тақырыпқа оңай әрі жеңіл кіріп кетуіне арналған, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық материалды меңгеруге белгілі бір жағдай жасау және пәнге қосымша жағдаяттық қыр беру үшін қолданылады. Грамматикалық ережелердің түсіндірмесі білікті диктор мамандарымен дыбысталуы керек (тіл иесі болғаны абзалырақ), анимация, схема, кесте, үлгі арқылы көрнекілікпен, сюжеттік желі арқылы болғаны дұрыс, ал ол өз кезегінде сөзді дұрыс айтуға машықтырады.

Ағылшын тілін үйренуде сөйлеу қызметінің әркілы түрлері бойынша тәжірибелік шеберлікті қалыптастыру маңызды болып табылады. Мәселен: оқу, тыңдалым, сөйлеу, жазу. Ол үдеріс ауқымды, ұзақ уақытты талап етеді, оған қоса үздіксіз әрі мақсатты түрде ғана жүзеге асады. Ағылшын тілі пәнінің барысында электрондық оқулық басылымын қолдану интерактивті тапсырмалар арқылы оқушыларды білім алу қызметінің әртүрлі икеміне бейімделуге үйретеді. Соның ішінде *тыңдалым* – мәтінді видео мен анимация арқылы сүйемелдеп тыңдау; *оқу*, білім алушының есте сақтау қабілетіне тікелей бағытталған, логикалық ойлауға арналған мәтін бойынша жаттығулар; *жазу* – әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді және т.б. жазу; *сөйлеу* – мәтін бойынша суреттерді дыбыстау, диалог бойынша жұмыс, өзіндік диалог құру және т.б.

Мысал ретінде біздің мамандар мен сингапурлық әріптестеріміздің 2005-2006 жылдар аралығында көптеген мектептер мультимедиалық лингафондық кабинеттермен қамтамасыздандырылған кезде жасалған мультимедиалық білім беру бағдарламаларын тілге тиек ете кету керек [24]. Қазақстандық-сингапурлық жобаны енгізу нәтижесінде біз алғаш рет ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кешенді түрде, яғни мектепке тек компьютерлік жабдық пен жиһазды құру ғана емес, қолданбалы бағдарламалық жасақтамамен қамтамасыздандыру

және мұғалімдерді арнайы оқытудан өткізу сияқты әрекеттердің мектеп қабырғасында қолданылуының үздік мысалы ретінде көре алдық.

Мультимедиалық кабинеттер жергілікті торапқа жалғанған оқушыларға арнайы компьютерлермен, мұғалім компьютері сервер ретінде, мультимедиалық проектор немесе интерактивті тақтамен жабдықталған еді. Осы бағдарлама аясында республикамызда алғаш рет білім арудың желілік технологиялары Multimedia Education Resource Interactive Teaching System (MERiTS): MERiTS CRMS енгізілген еді. Ол оқушылардың топтасып, жұптасып жұмыс жасауына, мұғалімнің өз компьютерінен оқушы жұмысын бақылауға мүмкіндік беретін сыныпты басқару жүйесі. MERiTS LMS – білім алу үдерісін басқаруды автоматизациялайтын, толық біріктірілген жабдықтарды қамтамасыздандыратын білім беру үдерісін басқаратын жүйе.

Біздің ойымызша, бұл жобаның ең маңыздысы – мультимедиалық кабинеттерде 2-11 сыныптар аралығында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде LMS архитектурасына енгізілген және Қазақстан Республикасының орта білім беру стандарттарына сәйкес құрастырылған мультимедиалық оқыту бағдарламаларын (Courseware) орнатқанында. Courseware оқушыны сөйлеу қабілеттің барлық түрлеріне кірістіреді: тыңдау, диалог, сөйлеу, көптеген анимация негізінде жазу, мәтіндерді дыбыстау, интерактивті тапсырмалар, ойындар, сөзжұмбақтар, тестер, жаттығулар және т.б. Бағдарламаның мәтіндік материалдары оқушыны ағылшын мәдениетімен таныстырады, сол елдің ауызекі сөйлеу нормаларын қамтитын лексикадан тұрады. Мәтіндер шынайы материалдардан құралған. Елді таныстыру аспекті салыстыру тұрғысында құрастырылған, үйреніп жатқан тілдің елі туралы, оның мәдениеті жайлы оқушының білімін ұлғайтады.

Қазақстанда бұрын соң бұндай лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету болған емес. Тілдер бойынша жасалған мультимедиалық оқыту бағдарламасының арқасында мұғалімдер сабақтың дайын дидактикалық құрылымына қол жеткізді десек болады.

Мектептерде бағдарламалық қамтамасыз етуді таратумен қатар ST Electronics пен Ұлттық ақпараттандыру орталығы қызметкерлерінің тіл пәні мұғалімдерін оқыту жұмыстарымен қатар жүретін.

МОБ мұғалімге өзіндік шығармашылық қабілетін іске асыруға, яғни практикалық және әдістемелік тәжірибелерге сүйеніп жеке сабақтарын, тапсырмаларын, тестерін және т.б. ойлап жасап шығаруға мүмкіндік береді. МОБ-тың ерекше тұсы оның білім беру тұрғысынан бөлек, мұғалімнің модульдер мен тапсырмалар бойынша ағылшын тілін меңгеру сапасына мониторинг жүргізе алуында. Осы жобаны іске асырып, қолданып жүрген ұстаздар қауымының айтуынша, компьютерлік оқыту бағдарламаларын жүйелі түрде қолданып жүрген оқушылардың білім деңгейі айтарлықтай жоғарылаған, ағылшын тіліне деген қызығушылығы артып, әртүрлі жарыстар мен олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп, жақсы нәтиже көрсетіп жатыр [25].

Ағылшын тілі бойынша цифрлық білім беру контентін құрастырудағы келесі нәтижелі мысал ретінде 1-4 сыныптарға арналған білім беруді ақпараттандыру педагогикалық технологиялар орталығының құрастыруы бойынша (БАПТО, менеджері – М.Қ.Нуржанова), Білім және ғылым Министрлігінің Қаулысымен білім беру үдерісінде қолдануға ұсынылған бағдарламаны айтып өтпеуге болмас [22].

БАПТО-ның құрастырған ағылшын тілі 1-4 сынып бойынша МОБ дәстүрлі оқулықтардың функциясы мен инновациялық тенденцияларды керемет ұштастыра білген. Сол бойынша оқушының білімге құштарлығын арттырады, дербес өзіндік ойлау қабілетін дамытады, бастауыш сыныптарда-ақ креативті ойлау-жүйесін қалыптастырады.

МОБ-ның ерекше артықшылығы келесі мақсаттарға жету үшін жасалады:

- бастауыш сынып оқушыларының жаңа тілдік дүниеге коммуникациялық-психологиялық бейімделуіне және болашақта психологиялық кедергіні еңсеріп, тілді араласу құралы ретінде қолдануға жағдаят жасайды;

- баланың жеке тұлғалық қасиеті, сөйлеу қабілеті, назары, ойлау-қабілеті, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамытады.

Барлық МОБ п.ғ.д., профессор Г.Қ.Нурғалиеваның электрондық оқулықтарды құрастырудағы авторлық модульді технологиялары бойынша жасалған. Модуль – ол жүйелік, жергілікті, функционалды білімнің ұштасуы (1-сурет).



1-сурет. 1-сыныпқа арналған ағылшын тілі бойынша МОБ модулі

Кіші сынып оқушысының қарапайым шеттілдік коммуникациялық құзыреттілігін құрастыру ерекше ой елегінен өтіп жасалған сөйлеу қызметінің 4 түрін қамтитын интерактивті тапсырмалар арқылы қол жетімді болып отыр. Олар: тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу.

Дыбысталған және анимацияланған текстер көмегімен оқудың қарапайым шеберліктері қалыптасады. Аталмыш электрондық оқулықтардың мәтіндері көптеген графикалық көрнекілікпен, интерактивті, мультимедиялық түсіндірмелермен және анимациялық тапсырмалармен толықтырылған. МОБ-та тыңдау арқылы оқыту жақсы ұйымдастырылған. Балалар мәтіндерді үлкен қызығушылықпен тыңдайды және мәтіннің жалпы мағынасын тез ұғады. Мультимедиялық түсіндірмелерде ұлттық қазақи колорит керемет ұсынылған, әсіресе «Менің қалам», «Менің аулым», «Менің елім» лексикалық тақырыптарында.

Сөздікпен жұмыс жаңа сөздерді қарау, тыңдау және жаттауды қарастырады. Әрбір сөзге жаттауды жеңілдету үшін анық, жарқын түспен өңделген сурет беріледі. Жаңа лексикалық және грамматикалық материалды есте сақтау үшін МОБ-та арнайы интерактивті тапсырмалар құрастырылған. Оқушылар автоматизацияланған операцияларды орындау арқылы оны шеберлікке айналдырады. Осындай тапсырмалардың әртүрлілігі білім алу үдерісін жеңіл әрі оңайлата түсіреді.

Осылайша, лексиканы үйрену үшін авторлық ұжым сөздерді табуға арналған тапсырмаларды орындауға ұсынады: компьютер сөзді «айтады» немесе көрсетеді, ал оқушылар оны сөздер тізімінде табуы керек немесе соған қатысты суретті көрсету керек және т.б. Барлық тапсырмалар қанық түсті көрнекілікпен көмкерілген, сол арқылы баланың тілді үйренуге деген құштарлығын арттыра түседі, әрі көзбен көру арқылы берілген материалды жақсы жадында сақтап қалуға үлесін қосады.

Интерактивті тапсырмалар жауапты сол мезетте автоматты түрде тексеруге мүмкіндік береді, ол оқушының ұстазымен жұмыс жасауына да, өздігінен тапсырманы орындауға да жол ашады. Оқушымен әрдайым кері байланыс үздіксіз жүреді. Әрбір оқушының амалына комментарий беріледі: «Бәрекелді», «Тағы ойлан» және т.б. Белгілі эмоционалды жағдай туғызатын музыкалық сүйемелдеу де бар. Мұғалім сол арқылы әп-сәтте оқушының оқу материалын түсіну деңгейін анықтай алады.

«Жобалық қызмет» бөліміндегі тапсырмалар мұғалімге арналған, оны оқытушы оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру кезіндегі әдістемелік көмек ретінде қолдана алады. (онда тақырыптар берілген, мақсаттар баяндалған, жобаны көрнекілеу үлгілері берілген).

Қорытынды

Заманауи қоғам цифрлық технологиялардың ұдайы тарауы мен дамуының әсерінен тез әрі терең өзгерістермен ерекшеленеді. Шетелдік және отандық зерттеушілердің пайымдауынша цифрлық білім беру контенті шеттіл үйретудің ақпараттық-білім беру ортасын анағұрлым кеңейтеді, тілдік шеберлікті және коммуникативті күзіретін сапалы түрде қалыптастыруға жол ашады.

Біздің ойымызша, білім беруді ақпараттандыру педагогикалық технологиялар орталығының мультимедиялық оқыту бағдарламаларында және электрондық оқулықтарда қолданылған электронды білім беру формасы мен әдісі шеттілін үйренуде дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыратын керемет нышан бола алады. Шеттілді меңгеру коммуникациялық бейімділікті, білімге құштарлықты

дамытады. Мультимедиялық құралдарды қолдану білім алушыға оқуға деген жеке өзіндік жолын табуға септігін тигізеді.

Бастысы, бұл технологиялар жайлы педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне мектепке жаңа ақпараттық білім беру ортасына маман ретінде даярланып келуі үшін мәлім болғаны жөн.

Аталмыш инновациялардың барлығы адами капиталға деген инвестиция, қоғамның жалпы интеллектуалды өрісіне құйылған салым болып табылады. Ол өз кезегінде индустриалды-инновациялық экономиканың дамуының алғышартын анықтайтын дүние деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» [Электронный ресурс], 31 января 2017 г. – URL: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/oslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvaryu-2017-g. – Дата доступа: 24.10.2018.
2. Walker A., White G. Technology enhanced language learning. – Oxford: Oxford University Press, 2013. – 208 с.
3. Pourhosein Gilakjani A. A Review of the Literature on the Integration of Technology into the Learning and Teaching of English Language Skills // International Journal of English Linguistics. - 2017. Vol.7. – P.95-106.
4. Yang Y., Qian D. O. Assessing English reading comprehension by Chinese EFL learners in computerized dynamic assessment Language Testing in Asia. – July 2017, 7:11. <https://doi.org/10.1186/s40468-017-0042-3>.
5. Akbari E. et al. Student engagement and foreign language learning through online social networks // Asian-Pacific Journal of Second and Foreign Language Education. – 2016, 1:4. DOI 10.1186/s40862-016-0006-7.
6. Union C. D., Union L. W., Green T. D. The Use of eReaders in the Classroom and at Home to Help Third-Grade Students Improve Their Reading and English/Language Arts Standardized Test Scores// TechTrends: Linking Research and Practice to Improve Learning. – 2015. – Vol. 59, n 5. – P. 71-84.
7. Basal A. Using Web 2.0 Tools in English Teaching // Turkish Online Journal of Distance Education. – 2015. – Vol.16, № 4. – P. 28-37.
8. Buyvol P.A., Bagateeva A.O., Makarova I.V, Modern Mobile And Information Communication Technologies In Teaching University Students//Modern Journal Of Language Teaching Methods. – 2018. – Vol.8, Is.11. – P.254-259.
9. Kovalchuk O., Krasnokutska I. Using blogs in teaching English to philology students // Advanced Education. – 2017. – Issue 7. – P. 146-153.
10. Nazarenko A. L. Using Wiki-Technology For The Creation Of A Virtual Learning Environment For "The World Of Britain" Distance Course //Language And Culture. – 2017. – Vol.40. – P. 244-253.
11. Сысоев П. В. Вики-технология в обучении иностранному языку // Язык и культура. – 2013. – № 3(23). – С. 140-152.
12. Сағымбаева Ж. Е. Теория мен әдістемелік информатизациялау жағдайында студенттерге шет тілдергі үйретудегі әдістемелік даярлау: п.ғ.к. автореф.: 13.00.02. [Мәтін] – Алматы, 1999. – 18 с.
13. Нұрманалиева Ұ. Т. Электрондық оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесі (ағылшын тілі, жоғары оқу орны): п.ғ.к. автореф.: 13.00.02. [Мәтін] – Алматы, 2004. – 32 б.
14. Атабаева Ф. К. Тіл негізгі пән ретінде оқытылмайтын жоғарғы оқу орындарында студенттерге шетел тілін үйретудегі ақпараттандырылған-қатынастық технологияларды қолданудың әдістемесі: п.ғ.к. автореф.: 13.00.02. [Мәтін] – Алматы, 2010. – 28 б.
15. Тусельбаева Ж. Ә. Кәсібі білім беруді ақпараттандыру жағдайындағы студенттердің елтанушылық біліктілігін қалыптастыру: п.ғ.к. автореф.: 13.00.08. [Мәтін] – Алматы, 2000. – 24 б.
16. Чакликова А.Т. Шетел тілінде білім беруді ақпараттандыру жағдайында мәдениетаралық коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың ғылыми-теоретикалық негіздері: п.ғ.д. автореф.: 13.00.02. [Мәтін] – Алматы, 2009. – 49 б.
17. Атшыбаева Ж.Т. Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологияны қолдану// «Модернизация образовательных ресурсов: опыт и перспективы», мат. международн. научно-практ. конф. – Астана: «Оқулық» РГПО, 2018. – С.267-271
18. Бактыбаева А.Т., Байбурина К. А. Современное полиязычное образование в Казахстане: проблемы и перспективы развития // Наука, техника и образование. – 2016. – № 2 (20). – С.132-135.
19. Джусубалиева Д.М., Чакликова А.Т., Еланцев Д.В. Использование инновационных технологий для создания электронного университета в языковом вузе: проблемы и пути решения // Вестник КазНУ. – 2015. – № 1. – С. 13-18.
20. Каргин С.Т., Андреева О.А. О возможностях использования современных компьютерных технологий в обучении иностранным языкам // Вестник КарГУ. Серия "Педагогика". – 2010. – № 3(59). – С.72-78.

21. Шынжырбаева А. Т. Сандық білім беру ресурстарын ағылшын тілі пәні сабақтарында қолданудың тиімділігі // «Модернизация образовательных ресурсов: опыт и перспективы», мат. междунардн. научно-практ. конф. – Астана: «Окулык» РГПО, 2018. – С.378-383.
22. Приказ Министра образования и науки РК «Об утверждении перечня учебников, учебно-методических комплексов, пособий и другой дополнительной литературы, в том числе на электронных носителях» от 03.05.2018 г. №192.
23. Нурғалиева Г. К. Преемственность в развитии научной школы. – Алматы: НЦИ, 2015. – 310 с.
24. Тажигулова А. И., Артыкбаева Е.В. Сингапурский опыт информатизации образования в Казахстане [Текст] // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки» – 2008. – № 3 (25). – С. 9-17.
25. Супрунова И. Н. Применение электронной образовательной программы «Merits» на уроках английского языка. [Электронный ресурс] – <http://www.azbyka.kz/primenenie-elektronnoy-obrazovatelnoy-programmy-merits-na-urokah-angliyskogo-yazyka>. Дата доступа: 24.10.2018.

ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ ОПЫТ РАЗРАБОТКИ ЦИФРОВОГО КОНТЕНТА ДЛЯ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

А.И. Тажигулова¹, Е.В. Артыкбаева², А.Ж. Арыстанова³

¹доктор педагогических наук, доцент, президент АО «Национальный центр информатизации»,
almirat@list.ru, г. Алматы, Республика Казахстан

²доктор педагогических наук, доцент, вице-президент АО «Национальный центр информатизации»,
artykbaeva@mail.ru, г. Алматы, Республика Казахстан

³кандидат педагогических наук, директор департамента АО «Национальный центр информатизации»,
ainur_lev@mail.ru, г. Алматы, Республика Казахстан

В статье рассматриваются вопросы разработки и использования цифрового образовательного контента в процессе иноязычного образования, отечественный опыт разработки электронных учебников и компьютерных мультимедийных обучающих программ для изучения английского языка.

Ключевые слова: цифровизация, иноязычное образование, цифровой образовательный контент, методы электронного обучения

DOMESTIC EXPERIENCE OF DEVELOPING A DIGITAL CONTINENT FOR FOREIGN LANGUAGE

A.I. Tazhigulova¹, E.V. Artykbaeva², A.Zh. Arystanova³

^{1,2} Dr. Sci. (Pedagogy), associate professor, ¹president, ²vice-president

³ Cand. Sci. (Pedagogy), Director of Digital Content Development

^{1,2,3} JSC National Center of Informatization, Almaty, Kazakhstan

email: ainur_lev@mail.ru

The article describes the use of digital educational content in the process of foreign language education, the domestic experience in the development of e-books and of computer multimedia learning programs for learning English.

Keywords: digitalization, foreign language education, digital educational content, e-learning methods

Редакцияға 16.04.2019 қабылданды.

3-бөлім / Раздел 3
ФИЛОЛОГИЯ

Section 3
PHILOLOGY

САНАДА АҚИҚАТ ДҮНИЕ БЕЙНЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ

А.Б. Әмірбекова

ф.ғ.к., А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Лексикология бөлімінің меңгерушісі
Алматы, Қазақстан, email: marghan01@mail.ru

Мақалада «дүние бейнесі», концепт ұғымдарына қатысты зерттеулерге талдау жасалады. Концепт жіктелімі талданады. Мақаланың мақсаты - «тіл және таным» аспектісіндегі концепт және ұғым феномендерінің өзара айырмашылықтарын анықтау. Концепт адамның ойлау кодын таңбалайтын тірек бірлік ретінде танылады. Сондықтан концепт жүйесі шынайы әлемді танудағы адам түсінігінің «дүние бейнесін» құрайды. Концепт өрісі мен дүниенің ақиқат бейнесін тілде таңбалау мәселесі когнитивтік лингвистикада қарастырылады.

Түйін сөздер: *концепт, дүниенің ақиқат бейнесі, ұғым, мифологема, архетип, стереотип, логосфера*

Кіріспе. Ақиқат дүниені тіл арқылы тану, қарапайым лексикалық бірлік пен ұғым атауларының жігін ажырату, белгілі бір атаудың ұғым мәртебесіне жету мүмкіндігін қарастыру когнитивтік лингвистика зерттеулері арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, ұлт логосферасының танымдық мәнін түсіну үшін де ұлт өкілі түйсінген ақиқат дүниелер (картина мира) анықталуы қажет. Ол үшін белгілі бір атаудың бойына, яғни өз өрісіне (перифериясына) жан-жақты мол танымдық ақпараттардың қалай жиналатынын, қандай когнициялық әрекеттер арқылы шоғырланатынын анықтауымыз қажет. Мақалада ақиқат дүниені қалыптастыру үшін, оны таныту үшін қандай ой механизмдері қызмет ететіні талқыланады. Ой тетіктерінің бір-бірімен сабақтасуы, тізбектелуі когнитивтік лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны - концепт категориясы арқылы танылады. Сондықтан мақалада концепт құраушы ментальді тетіктердің қызметі сипатталып отыр.

Негізгі бөлім. Когнитивтік ғылымның зерттеу нысанасы – санада бейнеленген ақпараттар мен білім. Санада бейнеленген білім когнитивтік тіл білімінде мынадай зерттеулер негізінде танылады:

1. Таңбаның (семиотика) түрі мен типтері.

2. Таңбада бейнеленген мазмұн мен білімнің түрлері және сол білімді таңбадан тану және ажырату тетіктері, яғни интерпретация тәртібі.

3. Таңбаның қалыптасуы мен дамуының шарттары (семиотикалық онтогенез) [1; 5].

Тілдің когнитивтік аспектісі білімді қабылдау, ұғыну (концептілеу), топтастыру, конструкциялау, тілде бейнелеу мәселелерін қарастырады. Адамзат үшін дүниені танудың ең бірінші кілті – ұғымның, сезімдік негіздерден нәр алған сана әрекеті, ал тілдік белгі – танымның сыртқы формасы.

Б.А. Серебренников: «Тіл мен ойлау екі түрлі сала болғанмен әрқашан өзара қарым-қатынаста болады», - дей келіп, олардың қатынасынан «дүние бейнесі» танылатындығын айтады. Оның бірі – концептілік бейне, екіншісі – тілдік бейне. Мұның біріншісі – ұғынуға қатысты, екіншісі – тілде бейнеленуіне қатысты [2; 96-97]. Демек, «дүниенің бейнесі» деп - ақиқат немесе бейақиқат болмыстың санадағы көрінісі деп түсінген дұрыс.

Когнитивтік бағыттың негізгі қызметі – дүниенің бейнесін белгілі бір жүйеде репрезентациялау. Репрезентация – алғашқы түсініктен бастап, дамыған бай концептілік жүйедегі түсінікке дейінгі санадағы білімнің көрінісі [3, 196]. Демек когнитивтік тіл білімі – ақиқат дүние туралы санада қалыптасқан білімді репрезентациялау әдісін, заңдылығын, теориясын зерттейтін ғылым. Сонымен қатар когнитивтік тіл білімі дүние бейнесін модельдеуге, тілдік сананың құрылымын модельдеуге бағытталады.

Дүние туралы түсініктің санада қалыптасуы үш деңгейлі психикалық әрекеттердің өзара қатынасынан туындаған нәтижесіне байланысты: біріншісі – сезімдік қабылдау (көру, есту, терімен сезу, иіскеп сезу, дәмін сезу, т.б.) деңгейі; екіншісі – түсініктің қалыптасу деңгейі (қарапайым стереотиптер, ассоциациялар, эталондық таңбалар, жеке ситуациялар, қарапайым бейне, санадағы ойсуреттер, абстракция); үшіншісі – ойдың тілдік деңгейі. Санада қалыптасатын бұл операциялар бір дүние туралы ақпараттар жиынтығын тудырады. Осы жиынтық концепт жүйесін құрайды. Демек, әлем бейнесі тану үшін алдымен санада наивный силуэт болады. Бұдан туындаған ең қарапайым матрица санада қалыптасқан дайын шаблондарға салынады (мифологемалар, ассоциациялар,

стереотиптер, эталондар). Санада өңделген матрица тілдік матрицаға айналады (фразеологизм, афоризм, мақал-мәтел, бейнелі сөз, метафора ұран, т.б.).

Демек, когнитивтік лингвистика «сана - ойлау- таным - тіл» қатынастарында қалыптасатын аялық білімнің тіл арқылы жарыққа шығу үдерісін қарастырады. Дж.Тейлордың зерттеулерінде «Когнитивтік лингвистика бірнеше танымдық нәтижелерді біріктіруге, тұтастыруға бағытталатын генеративті лингвистика» деп анықтама беріледі [4].

Санада сыртқы әсердің көмегімен пайда болған ақпараттар адамның эмпирикалық тәжірибесімен толықтырылады. Онымен қоса, дүниенің онтологиялық үзіктері тілде көрініс табатын дүниенің қарапайым бейнесінде туындайды. Мысалы, ойдың метафоралануы – негізгі ментальді әрекет, дүниені тану және таныту тәсілі. Және ол жаңа білімді «ескінің көзімен» бейнелеп түсіндіруге бейім тұрады. Ойдағы нәтижені тіл арқылы тани аламыз. Демек тілсіз адамның интеллектуалдық білімі мен рухани дүниесін анықтау мүмкін емес. Дегенмен дүниені тану тілден тыс санадағы таңбалар мен жағдаяттардың сол дүниенің табиғатын толық аша алу деңгейіне байланысты. Санадағы кейбір жағдаяттар тілде көрініс таппай, тек ойда таным ретінде сақталуы мүмкін. Бұндай дүниенің табиғатын дәл әрі нақты таныта алатын ситуациялар стереотиптік, яғни жиі қайталану барысында ғана тілдік сипатқа ие бола алады. Мысалы, М.Мақатаев поэзиясында күз мезгілін танытатын стереотиптік таңбалар да («қоңыр күз», «күрең күз», «құстар қайтқан кез»,) онымен қоса стереотиптік емес таңбалар да («ағаштар алтын сырға таққан кез», «өміріңнің есейгенін сезінетін кез», «жапырақ жанған кез», «сары таңды ұзақ түн») қатар қолданылып, «күз» концептісінің құрылымын ойсурет, сценарий фонымен танытуға негіз болған.

Қазақ тіліндегі ақиқат дүниені тану өте жиі қолданылатын және концептуалдық құрылымды қалыптастыратын танымдық, тілдік жүйемен таныстырайық:

Мифологема – мифтегі басты кейіпкер немесе басты жағдаяттың тілдік көрінісі. Оның тұрақты тіркестер немесе мақал-мәтелдер бойында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жетуі. Мәселен «Асан қайғы - қайғы», «Көк бөрі - түркиялық народ», «Самұрық - қорғаушы, бақыт сыйлаушы» т.б. *Мифологемалар* – кез келген тілдік жүйеде ерекше орын алатын, сол ұлттың көне тарихы мен халқының таным-түсінігін, қияли әлемін танытатын мифтік бейнелерін, аңыз үзіктерін, мифологиялық ұғымдарын, аңыздық образдардың символдануы мен эталонға айналуын объективтендіретін тілдік бірліктер.

Архетип – бұл белгілі бір ұлттың мәдениетінде танымал болған жеке индивидуалды санада тереңнен орын алған, ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы жетіп отырған тұрақты бейне. Мәселен, *сараңдық* ұғымының тұрақты бейнесі «Шық бермес Шығайбай». Сол сияқты суайт, алдаушы ұғымы - «Алдар көсе», алаңғасарлық ұғымының архетипі – *Қожанасыр*, т.б.

Эталон – бұл белгілі бір дүниені ұлттық танымда бейнелі түрде сипаттап өлшеу. Мәселен, тілде эталондар тұрақты тенеулер арқылы көрініс табады: қазақтар үшін қулықтың өлшемі – түлкі, сұрқияның өлшемі – жылан, қорқақтың өлшемі – қоян, ақымақтың өлшемі – есек, алып үлкендіктің өлшемі – түйе, молшылықтың өлшемі – Абылайдың асы, биліктің өлшемі – қамшы, ұсақтықтың өлшемі – тары. Оларды тілдегі мынадай тіркестер дәйектей түседі: «жылқы мінез», «түлкідейін бұлғандап», «қоян жүрек», «түйедей алып», «Абылайдың асындай», «тарыдай шашылу», «қамшы ойнату» т.б.

Стереотип – белгілі бір құбылыстың (мінездің, әрекеттің) ұлт санасында автоматты түрде астырт түйсігінде бейнеліп түрде таңбаланып түсіндірілуі. Оның тілдік көрінісі бейнелі тіркестер болып табылады: мәселен, қазақта сұлулық «Қыз Жібек», «Баян Сұлу» деген стереотиптермен танылса, орыстарда «красавица-примудрая» деген стереотиппен танылады, яғни қазақта сұлулық «қою қас, қолаң шаш, қыпша бел, ақ білек», т.б тіркестермен бейнеленсе, орыстарда «на щеке румяна» сияқты сипаттаулармен стереотиптенген.

Мифологема, стереотип, эталон, архетип - бұлар тілге дейінгі санада картина мираны өңдеуші матрицалар болып саналады. Аталмыш өңдеуші матрицалар концептуалды құрылымның негізгі өзегі деп танылады. Ал концепт болу үшін тағы қандай құрылғылар қажет. Оны анықтау үшін концептіні тану жүйесіне назар аударайық

Концептіні таныту мақсатында кез келген тілдік бірлік, лексикалық мағынасы бар сөздер қолданылады. Ал концепт ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды, ең бастысы жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты таныта алатын ұғымдарды тани аламыз. Мысалы, қазақ халқы үшін киіз үй, шаңырақ, қамшы, жазық дала, көш, бөрік, бесік, домбыра, тұмар т.б сөздер лингвомәдени бірлік ретінде ұлттық-мәдени концепт деп таныла алады. Ал орыс халқы үшін баспалдақ, қоңырау лингвомәдени бірлік ретінде мәдени концепт деп танылады.

Концепт пен ұғымның басқа да өзгешеліктері бар: ұғым өз бойына мәнді, маңызды белгілерді жинайды, ал концепт – бұнымен қоса, мәнді емес қасиеттерін де қамтиды. Ұғым құрылымына қарағанда концепт құрылымының шеңбері едәуір кең. Концепт пен ұғымды оның құрылымдары арқылы ажыратуға болады. Ұғым құрылымында тек мазмұндық, анықтамалық элементтер болады, оған концептілік құрылымдағы барлық компонент ене бермейді. Концептінің мағыналық, сипаттамалық қырынан басқа да әрқашан эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сәулелері көрінеді [3]. Яғни концепт бойынан адамның зат не құбылыс (дүние) туралы жағымды, жағымсыз бағасы, әсері, эмоциясы, ойы, танымы көрінеді.

А.П. Бабушкин концепт пен ұғым терминдерін ұқсас деп танып, ғылыми саладан оның бірін, яғни «ұғымды» ығыстырып шығаруды ұсынады. «Қазіргі таңда тілші ғалымдар «ұғым» терминін классикалық мәнінде қолдана бермейді, оның орнына концепт деп аталатын ойлау конструктісін қолданғанды жөн көреді» [5;146]. Н.Н. Болдырев, керісінше, екі терминнің де қолданылу аясы бар деп есептеп, оларды былай ажыратады: «Егер ғылыми танымда ұғымның көлемі (берілген дүниені толықтыратын белгілер мен қасиеттерінің жиынтығы) және мазмұны (ондағы бір немесе бірнеше нысан белгілерінің біріккен жиынтығы) болса, ал концептіде ұғымның мазмұндық бөлігі ғана көрінеді [6, 296].

Қазіргі тіл білімінде «концепт» ұғымы кең мағынада қолданылады және тілдің семантикасын бейнелеуде немесе тілдің мағынасын айқындауда концептілік құрылымға сүйенеді. Сонымен, концепт пен ұғым – ғылымда екі түрлі термин. Ұғым – логика мен философия термині, ал концепт – когнитивтік тіл білімі термині. Концепт пен мағына біржақты ұғымдар емес. Концепт дүние туралы тұрақты мәліметтер жинайды, ал сөз өз мағынасымен концептінің бір элементін ғана танытады. Дегенмен концептіні анықтауда оны танытып тұрған мағыналар мен сөйлемдерге, дискурсқа сүйенеміз. Концепт зат не құбылыстың семасы арқылы да танылады. Бірақ ол мазмұн – жадыда саналы түрде автоматты сақталған форма. Концептіні барлық жағдайда бейне деп тани алмаймыз, себебі, ол бірде бейне ретінде, бірде жалпы идея ретінде танылады. Сөздің мағынасы концепт қалыптастырушы материал ретінде қызмет атқарады. Сондықтан да концепт терминіне түсінік беруде санадағы ментальді бейнелерден бұрын сөздің мағынасы бірден тілге тиек болады. Концепт терминін анықтау сөз мағынасының қалыптасуына үңілуден туындайды.

В.Виноградов зерттеулерінде сөз мағынасы ұғым белгілермен сәйкестендіріліп, «ақиқаттың үзігі» формасында танылған [7, 166]. Б.А.Серебренниковтердің зерттеулерінде де сөз мағынасын санадағы мазмұнның бейнеленуімен таныту басым көрінеді [8, 1936]. Демек сөз мағынасы санадағы ұғымның мазмұнына қызмет етеді. Сөз мағынасын сана әрекеті арқылы танылатын, ойлау субстратының бір элементі деп тануға болады.

Тіл білімінде концепт кешенді қолданыстағы ұғым болғандықтан, әр қырынан қарастырылды.

1. Лингвомәдениеттанымдық аспектіде, концепт – ақиқат дүниенің санадағы мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады. (Н.Д. Арутюнова, А.М. Мороховский, Д.С. Лихачев т.б.).

2. Психолингвистикалық аспектіде концепт – ақиқат дүние туралы психикалық қабілеттер (қабылдау, жадыда сақтау, көру, есту, ұғыну, сезу) арқылы қабылданған алғашқы ментальді түсініктер ретінде танылады. (Р.И. Павленис, Дж. Келли, Дж. Каган).

3. Лингвокогнитивтік аспектіде, концепт – ақиқат дүниенің санада жан-жақты жинақталып тұжырымдалған ақпараттары мен когнитивтік семантикасы арқылы танылған көрінісі (бейнесі). Әрбір концепт тіл арқылы көрініс табады, концептіні танытуда тілдік семалар қызмет атқарады. (Е.Н.Кубрякова, А. Вежбицкая). Дүниені танытатын әрбір сема санада фрейм, сценарий, ойсурет, схема секілді фонға салынған ситуациялар мен бейнелер арқылы таңбаланады.

Британдық ғалым В. Эванстың зерттеуінде: «Санадағы ақиқат дүниені таңбалайтын бірліктер - лексикалық концептілер, когнитивтік модельдер және мағына конструктілері» деп көрсетіледі [9].

Концепт ұғымына берілген тұжырымдарды зерттеу нәтижесі концептіні танытатын критерийлерді ұсынуға негіз болды: концепт дүниенің құндылықтарын танытады; концепт санадағы дүниенің мәнін бейнелейді; тіл арқылы объективтенеді; жеке адамның білімі деңгейін танытады; белгілі бір ұлттың мәдени деңгейі мен ділін (менталитетін) көрсетеді; әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын ажыратады; Мысалы: қазақ халқында танылған «шаңыраққа қара ту тігу» фреймі «өлім» концептісін танытады; тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды; концепт – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі; концепт – білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі; концепт - белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы .

Бүгінгі таңда тұрақты анықтамаға ие бола алмай отырған концептінің негізгі себебі: оның дүниенің әлеуметті-психо-мәдени жағын қатар қамти отырып, күрделі көп қырлы құрылымнан

қалануында. Бұл құрылым сол тілде сөйлеушінің ойлау, түйсіну әрекеті арқылы жүзеге асып қоймай, мәңгілік толығу, талқылау үстінде жүреді. Дегенмен «концепт» ұғымын жан-жақты таныту үшін мынадай тұжырымдардың өзі де жеткілікті: «Концепт – бұл белгілі бір этномәдениетті сақтаушыларды сипаттайтын немесе ондағы лингвомәдени ерекшеліктерді айқындайтын семантикалық білім. Концепт этникалық дүниетанымды бейнелей отырып, этникалық дүниенің тілдік бейнесін уәждейді. Бұнымен қоса «үй» құруға арналған кірпіш ретінде реттеліп, толыға түседі (М. Хайдеггер бойынша). Концепт – адам әрекетінің әрбір болмысын, мәнін айқындайтын білім кванты. Ол сөз мағынасынан туындамайды, керісінше, адамның өзіндік жеке және ұжымдық (халықтық) тәжірибесінен туындайды (Д.С. Лихачев бойынша). Концепт бағалаушы, эмоционалды, экспрессивті әсермен толығып отырады (В.А. Маслова).

Поэтикалық мәтінде автордың концептісін таныту және қолдану шеберлігіне қарай оны әр деңгейде топтастыруға болатыны анықталды. Мәтінде концептілер мазмұндық, қолданымдық, түрленімдік көрінісіне қарай ажыратылады. Концептілердің санада танылу деңгейіне қарай, ақиқат дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне қарай метафизикалық, ұлттық-мәдени, эмоционалды концептілер деп шартты түрде жіктеуге болады.

Метафизикалық концепт – (жан, өмір, өлім, тағдыр, жалғыздық, махаббат) ақиқат немесе бейақиқат дүниедегі абстракцияның, жоғары дәрежедегі құндылықтарын танытатын ментальді мазмұн. Метафизикалық концептілер перцептивтік, сенсорлық қабылдау, яғни сезіну әрекеті арқылы рухани құндылықтарды тану нәтижесінде ғана хабарланады. Адам тәжірибесі арқылы ғана танып білуге болатын, құбылысты даму барысында ғана түсінуге болатын ұғымдарды көзбен көріп, қолмен ұстап тану мүмкін емес. Сондықтан философиялық мәні басым, адамның қажеттілігін өтейтін абстракттілі ұғымдарды нақты тұрақталған дефинициялармен танытуға болмайды. Оны адам қалай сезінеді, қалай басынан өткереді, сол әсері арқылы танытады. Мысалы, ұжым не тұлға санасындағы адамзат құндылығын танытатын «өмір» метафизикалық концептісінің қазақ поэзиясында алма кезек жарысып жатқан жақсы мен жаманның, бақыт пен қайғының арпалысқан күшті динамикалық қозғалысы ретінде танылуы басым көрінеді. *Өмір солай күйзеліс, жұлқыс көп. Болсын мейлі, дінің түз, тұрмыс тоқ. (М.Шаханов); Өмір деген – өрекіген бір ағын. (М.Шаханов); Өмір – жарыс, жасық жандар ұтар ма? (К.Ахметова); Өмір деген өзі де бәйге емес пе?! (Ф.Оңғарсынова); Өмір – ат жабысамын жалына мен. (Т.Молдағалиев); Өмір деген – буырқанған дария (Т.Молдағалиев); Өмір деген осынау майданда бұл, қолбасы да, қорқақ та сайраңдап жүр. (М.Мақатаев); Өмір – теңіз, ол теңізде мен шабақ (М.Мақатаев).* Қазақ поэзиясында «өмір» концептісінің қозғалыс, арпалыс ситуациясында таныту үшін бәйге, бәйгеге салынған аттың әрекеті, ағын су, өзен, теңіз дариясы, теңіз толқыны, майдандағы фрагменттер өмір ұғымын танытатын қарапайым түсініктердің көрінісі ретінде алынған.

Ұлттық-мәдени концептілер. Тек ұлттық танымда ғана жан-жақты ақпаратымен жүйеленіп, сол ұлттың мәдени құндылығын көрсететін концептілер (дала, көш, домбыра, қамшы, тары). Мысалы, «дала» концептісі қазақтың өмірін, жайлауын, мал шаруашылығын, дарқан кеңдікті, жазықтықты объективтендіреді. Автор танымында дала кеңдік эталоны ретінде алынып, қазақтың кең байтақ жеріндегі ұлттық-мәдени өмірді, яғни қазақ даласындағы жырмен ұйықтап, жырмен оянған еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды. Мысалы, ойсурет құрылымында танылуы: *Жатыр дала шалқасынан жалаңаштап кеудесін, кеудесінде ұланғайыр қыбыр-қыбыр тіршілік.* Схемалық құрылымда танылуы: *Қазақ жері – алып бір қара қазан, қазанда қайран жұртым қуырылды.* Мұндағы лингвомәдени бірлік – **қара қазан**. Сценарийлік құрылымда танылуы: *Қашаннан жерік қара Жер, жесірдің қайғы-мұңына; Дала, дала... Сал дала селеулеген. Жырмен ұйықтап оянған өлеңменен; Дала деген – күйсандық бұл қазаққа, Абай десе құлағы елеңдеген; Уһ, дала! Дала толған көл-көсір жыр, Дала – қобыз, тұтпайды пернесін кір.*

Эмоционалды концептілер (қуаныш, қайғы, бақыт, мұң). Кейбір ақиқат дүниелер адам санасындағы эмоционалды, ашулы (аффективті) көңіл-күйі арқылы, ішкі сезімі арқылы танылады. Мысалы уайым ұғымы жағымсыз мағынада танылатыны, оның «сары уайымға салыну, күйзелу, көңіл-күйі болмау» деп объективтенетіні белгілі. Бірақ оны нақты денотатпен көрсете алмаймыз. Ал М.Мақатаев поэзиясында «уайым» концептісі тұман, бұлт бейнелерімен күңгірт, бұлдыр, түсініксіз, ауыр пәс күйге ену белгілері арқылы береді. *Отырмын ой тұманы шытырманды басымды бейуақыт қоршап алды; Шұғыла боп содан соң ашылдағы, бұлтымды таста серіпін басымдағы.*

Концептілердің әртүрлі ассоциативтік түсінікте танылу деңгейіне қарай контраст концептілер және калейдоскоптық концептілер деп топтастыруға болады.

Контраст концептілер – бірінсіз бірі болмайтын, бірін екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір біріне қарама-қарсы тұратын ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы (Өмір/өлім, қала/дала, бақыт/қайғы). Поэтикалық мәтінде «**өмір/өлім**»

контраст концептілері «*бұл дүниеге кірдім де қайта шықтым*» ситуациясы арқылы танытады. «Қала/дала» контраст концептілері «*Мотордың дауысын есіте шаршадым, жамырап жатқан жас төлдің үнін аңсадым*» деген денотатты ситуациялар арқылы танылып тұр.

Бейнелі концептілер – бір ғана ақиқат дүниенің санада әр алуан концептілік құрылымдарға салынып бірнеше концепт типтерінде (ойсурет, сценарий, схема, фрейм) көрініс табуы. Ақиқат дүниенің әрбір үзін (фрагментін) қалыптасқан (стереотиптік) таным шеңберінде емес, қалыптаспаған (стереотиптік емес) танымда ұғыну сол дүниені алуан түрлі жағдайда объективтендіруге мүмкіндік береді. Мысалы, М. Мақатаев поэзиясында «*тағдыр*» концептісі бірде «*шыр айналған көбелек*» кейпінде танылса, бірде «*аяққа жармасқан мыстан*» бейнесінде объективтенеді, бірде «*қолына қамшы ұстаған ұры арбақеш*» бейнесімен беріледі, бірде «*жағада сауға сұрап жүрген қайыршы*» кейпінде танылады. Бұл бейнелер «тағдыр» концептісінің стереотиптік емес, тұлғалық танымын көрсетеді де «өмірде жолы болмау», «құдайдың ісі», «пешененің жазуы», «маңдайға жазғаны», «өмірдегі құдайдың бұйрығы» деген стереотиптік танымдардың мазмұнымен астасып жатады.

Тұлға не ұжымның концептіні тілдік таңбалармен объективтендіру шеберлігіне қарай **эстетикалық-көркем танымда объективтенген концептілер** және **логикалық-позитивті танымда объективтенген концептілер** деп шартты түрде бөлуге болады. Концепт теориясында эстетикалық-көркем танымда объективтенген концептілер маңызды болып саналады. Себебі оның бойынан ұғым тудыру, атау беру, түсінік қалыптастыру, бейнелеу, ассоциативті, эмотивті модусін анықтау сияқты қасиеттерді көруге болады. Эстетикалық-көркем танымда объективтенген концептілер әрқашан индивидуалды. Мұнда логикалық ойлау заңдылығы мен шектілігі сақталмайды. Логикалық танымда объективтенген концептілерге жалпыадамзаттық, әлеуметтік идеялар тән. Ал эстетикалық-көркем танымда объективтенген концептілерге - жеке тұлғаның фантазиялық немесе қиялдан туған бейнелері тән. Логикалық-позитивтік концептілерде сезімдік, иррационалдық қабылдаулардан бұрын, логикалық ойлау тетіктері мен ой модельдерін құру әрекеттері басым. Эстетикалық-көркем концептілерді объективтендіруге сезімдік бейнелеу әрекеттері белсенді қызмет атқарады. Мысалы: «*Түн*» - *Тәуліктің кешкі уақыттан таңертеңгілікке дейінгі аралығы*. Немесе «*Ай*» - *түнде жерге жарық сәуле беріп тұратын планета*. (логикалық танымда объективтенген концепт). «*Түн* - *шашын жайған албасты*», «*Түн* - *қара кілем*», «*түн-меңіреу, мылқау*» Немесе «*Ай*» - *Жарты ай тұр шар аспанда – тозған таға, Үскірік үрлей ме әлде қозғалта ма?* (эстетикалық-көркем танымда объективтенген концепт). Логикалық танымдағы концептілер ақиқатқа негізделеді және логика (ойлау) заңдылығына сүйенеді. Ал эстетикалық-көркем танымдағы концептілерде ассоциация, фиксация, жұмбақ, жалған ойлау әрекеттері басым болады. Бірақ бұндай танымда заңдылық болмайды деп түсінбеу керек. Онда автордың өз заңы мен өз жүйесі болады.

Дегенмен қай концепт болсын санадағы ақиқат дүниенің бөлшегін танытуға бағытталады. Концептілер әрқашан идеалды және олар санада әмбебап заттық код (Н.И. Жинкин бойынша) бірлігі арқылы таңбалады. Әмбебап заттық код бірлігі – бұл адамның тұлғалық сезіну тәжірибесі негізінде көрінген индивидуалды сезімдік бейнелер. Санада концепт бейне түрінде туындайды, кейін ол абстракция деңгейіне жеткенде сезімдік бейнеден ой бейнеге ауысады. Мәселен, «қорқыныш» концептісі тактильді сезіну, яғни дененің мұздауы, қалшылдап дірілдеу сезімдерінен туындайды: «*төбемнен су құйғандай*», «*денем мұздап кетті*», «*тұла бойымды қорқыныш биледі*», «*дір-дір ету*», «*тісі-тісіне үйлеспеу*» т.б. Осы ойымызды нақтылау үшін Р.И. Павиленистің пікіріне сүйенеміз: «*Әрбір концептіні меңгеру үшін санада қалыптасқан құрылымын анықтау керек. Бұл құрылымда субъектінің байқаған, бақылаған, таныған білімі ақпараттарының шоғыры жүйеленген. Бұл жиынтық концептілік жүйеге ұласады [10].*

Қорытынды. Қорыта келгенде, тіл көмегімен санада қалыптасқан концептуалдық құрылымдар индивидтің өзекті тәжірибесінен гөрі, мүмкін көрінетін өзіндік танымы арқылы құрылады. Бұл концептуалдық жүйедегі сан алуан концептілер бір мағыналы сөздермен берілсе, оның әрқайсысы әртүрлі ұғым қалыптастырады. Адамның барлық танымдық әрекетіне дүниені тануға бағытталған бір дамушы үрдіс ретінде қарау керек, себебі бұл әрекеттер нысанның ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратудан басталады. Осы ой әрекеттерінің нәтижесінде концепт қалыптасады. Концептіні анықтау үшін дүниенің кейбір аса ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың нысандармен қатынасын, олардың қызметі мен оларға берілген ұжымдық сананың сипатын әрі бағасын айқындап алу керек. Дегенмен концептіні анықтаудың жолын когнитологтар шешіп бергенмен, концептінің өзі неден туындайтынына терең бара қойған жоқ. Концептілер бақыланған, қиялдан туған бейнелерді өзара ұқсастырады. Бұл ұқсас дүниелердің ортақ белгілерін бір ортаға жинақтайды. Бұл білім санада сақталып, субъектінің тәжірибесі ретінде оның

концептуалдық жүйесінің құрылымдық элементтеріне айналады. Екі не одан да көп әртүрлі нысандардың (бейне, дүние) әрқайсысы бір элемент ретінде категорияның құрамына ене алады. Бұл белгісі төңірегіне жинақталған дүниелер бір класқа ене алады. Әрбір класс топтаса келіп, категорияны құрайды. Сол арқылы концептінің негізі жасалады. Ең бастысы концепт ұлттың логосферасын жинақтауға, ұлттың ақиқат дүниені тану тәжірибесін сақтауға, яғни ұлттық мәдениет пен құндылықтардың ақиқат дүние бейнесін сол қалпында санада қаттап, тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кравченко А.В. Когнитивная лингвистика и новая эпистемология// Известия РАН СЛЯ. 2001, том 60, № 5.с. 3-13
2. Серебrenников Б.А., Кубрякова Е.С., Постовалова В.И., и др. Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира, – Москва, 1998. с.
3. Маслова В. Лингвокультурология Москва, 2004. -202с.
4. Taylor J. R. Cognitive Grammar. – N.Y.: Oxford University Press, 2002.
5. Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической системе языка. Воронеж, 1996.
6. Болдырев Н.Н., Когнитивная семантика глагола. - М.: Директ-Медиа, 2016. - 222 с.
7. Виноградов, В.В. Избранные труды. Язык и стиль русских писателей — М.: Наука, 2003. – 388с.
8. Серебrenников Б.А. О материалистическом подходе к явлениям языка. – Москва, 1983
9. Evans V. How words mean: lexical concepts, cognitive models, and meaning construction. N.Y.: Oxford University Press, 2009. 377 p
10. Павиленис Р.И. Понимание речи и философия языка // Новое в зарубежной лингвистике. - Вып. XVII. - М.: Прогресс, 1986.

МЕХАНИЗМЫ ФОРМИРОВАНИЯ КАРТИНЫ МИРА В ОБЩЕСТВЕННОМ СОЗНАНИИ

А.Б. Амирбекова

к.ф.н., заведующая отделом лексикологии Института языкознания им. Байтурсынова,
Алматы, Казахстан, email: marghan01@mail.ru

В статье рассматривается эволюция взглядов на понятие «картина мира», осуществляется обзор существующих точек зрения относительно определения концепта на современном этапе, формулируется основное представление о концепте, принятое в настоящем исследовании. В статье анализируются вопросы о существующих в современной лингвистической литературе классификациях концептов. Цель статьи - рассмотреть основные различия между двумя феноменами языка: концептом и понятием. Концепт определяется как дискретное ментальное образование, являющееся базовой единицей мыслительного кода человека. Система концептов образует картину мира, в которой отражается понимание человеком реальности. Анализом проблемного поля концептов и осмыслением языковой картины мира занимается когнитивная лингвистика.

Ключевые слова: *концепт, картина мира, понятие, мифологема, архетип, стереотип, логосфера*

THE PICTURE OF THE WORLD'S FORMATION MECHANISMS IN THE PUBLIC MIND

B. A. Amirbekova

Cand. Sci (Philology), A. Baitursynov Institute of linguistics,
Head of the Department of lexicology
Almaty, Kazakhstan, email: marghan01@mail.ru

The article discusses the evolution of views on the concept of "picture of the world" (real world), provides an overview of existing views on the definition of the concept at the present stage, formulates the basic concept of the concept adopted in this study. The article analyzes the questions about the classifications of concepts existing in modern linguistic literature. The purpose of the article is to consider the main differences between the two phenomena of the language: concept and notion. A concept is defined as a discrete mental formation that is the basic unit of a person's mental code. The system of concepts forms a picture of the world, which reflects the human understanding of reality. Cognitive linguistics deals with the analysis of the problem field of concepts and the comprehension of the linguistic picture of the world.

Key words: *concept, picture of the world (real world), concept, mythology, archetype, stereotype, logosphere*

Редакцияға 08.05.2019 қабылданды.

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРГЕ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ТЫҢДАЛЫМ МЕН СӨЙЛЕСІМНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Г.А. Машинбаева¹, Е.Р. Игнатова², Д.С. Толмачева³

¹ ф.ғ.к., аға оқытушысы,

^{2,3} ф.ғ.к., доценті,

^{1, 2, 3} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

email: gulnaznuki@mail.ru

Мақалада қазақ және орыс тілдерін оқитын шетелдік студенттерге коммуникативті әрекеттерді үйретудің кейбір әдістемелік амалдары (жеке алғанда, ауызша сөйлеуге үйретуде тыңдалым мен сөйлесім оқытудың екі маңызды аспектісі ретінде) және коммуникативті қабілеттерін қалыптастыруға талдау жасау қарастырылады.

Мақала авторлары педагогикалық қызмет сапасын жақсарту үшін сабақтарда қолданылатын инновациялық тиімді әдістер мен студенттердің коммуникативтік дағдыларын жетілдіру үшін қажетті оқытудың жаңа тиімді амалдарын көрсетеді. Сондай-ақ, мақалада әр кезеңге сай қызықты дайындалған материал мазмұнын анықтап беруге тырысады. Нәтижесінде, авторлар жаңа оқу-әдістемелік материалдарды пайдалануды ұсынады.

Түйін сөздер: тыңдалым, сөйлесім, инновациялық әдістер, диалогтар, сөйлеуші, коммуникативтік қатынас, сөйлеу ниеті, жағдаят

Кіріспе. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО дейінгі білім беру факультетінде шетелдік тыңдаушыларға қазақ және орыс тілдері қатар оқытылады. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл болғандықтан факультетке оқуға келген барлық шетелдіктер қазақ тілін міндетті түрде оқуы керек. Бүгінгі күні елімізде шетелдік азаматтар тарапынан да қазақ тіліне деген қызығушылық артып келеді. Қазақстанға келген студенттер күнделікті өмірде және оқу барысында үнемі қазақ тілін қолданатын ортамен етене араласады. Ал, еліміз көпұлтты болғандықтан Қазақстанда орыс тілі де ұлтаралық тіл ретінде белсенді қолданылатыны белгілі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев жариялаған үш тілде сөйлеу (қазақ, орыс, ағылшын) принциптері адамдар арасындағы қарым-қатынасты кеңейтуге зор ықпалын тигізеді. Жаңа уақыт, әлемдік үдерістердің жаһандануы шетелдік азаматтарға қазақ және орыс тілдерінде оқытудың жаңа әдістерін енгізуді талап етеді. Студенттер қазақ және орыс тілдерін үйренгенде практикада әңгімелесушілер мен әріптестер сөзін түсіну және лекциялық курстарда айтылғанның бәрін қабылдай алатындай болу керектігін жақсы біледі.

Негізгі бөлім. Сөйлеу үдерісінде сөйлесім мен тыңдалым тығыз байланысты. Көптеген орыс тілі оқулықтарының авторы С.А. Хавронина шет тілін игерудің ұзақ кезеңі «білім беру сатылары» деп аталатын сегменттерге бөлінетінін атап айтады. Бұл бастауыш, орта және жалғастырушы кезеңдер; Жалғастырушы кезең негізгі және соңғы бөлімдерге бөлінген.

Бастауыш топтарда тыңдалым мен сөйлесімге үйрету. Бастапқы кезең – тілге бағыттаудың бастапқы және ең алғашқы тілдік дағдылар мен машықтарды өз бойына сіңіретін кезең. Бұл кезеңде студенттер тілдік қысқа фразаларды есте сақтаулары тиіс. Мұнда студенттер көп тыңдап, бірнеше мәрте қайталаумен болады. Ондай қайталаулар оқытушының сөзін қайталау, өзінің тобында оқитын тіл үйренушінің дұрыс айтқан сөзін қайталау, ұнтаспадан естіген жеке сөздер мен қысқа сөйлемдерді, сондай-ақ фразаларды қайталау арқылы тілдерін жаттықтырады. Бұл кезеңде оқытушы да, тіл үйренуші де аса табандылық танытуы тиіс. Мұнда оқытушының дауыс мәнері де назардан тыс қалмауы тиіс, топпен қайталау жұмыстары да осы кезеңде жүзеге асырылады. Сырт қарағанда оңай болғанымен тіл үйренудің алғашқы кезеңі болып табылатын бұл сәт кейінгі тіл оқыту кезеңдеріне салынатын алғашқы сүрлеу екендігін үнемі есімізде ұстап, аса жауапкершілікпен қарағанымыз жөн болады. Олар қайталау кезінде кейде өздеріне түсінікті сөздерді қайталаса, кейде тіл жаттықтыру үшін мағынасы жақсы таныс емес немесе есте сақтап қалмаған сөздерді қайталаулары мүмкін, бұл әдетте тіл оқытудың фонетиканы меңгерту кезеңдерінде жүзеге асырылады. Осы кезеңдегі тыңдаудан кейін жүзеге асырылу үшін тіл үйренушілер өздеріне түсінікті, ұзағырақ мерзімде есте сақтап қалған фразаларды қолданып сөйлейді.

Тыңдалымды оқытуға кіріспес бұрын осы кезеңдерге сай оқу материалдарын таңдап алған дұрыс. Сондай-ақ тыңдалымға қатысты үдерісті толық меңгеруі, шетелдіктің сөйлеуін тыңдай алуы және қажетті ақпаратты есте сақтай білуге қабілеттілік керек.

Бастапқы кезеңде ақпаратты шамаға қарай беру, синтагмалар арасындағы үзілістердің ұзақтығын біртіндеп ұлғайту, мазмұнды түсінуге ықпал ететін сөйлемдер беру керек. Сондай-ақ, мәтінді қабылдағанға дейін қиындықтарды жою үшін уақыт көлемін арттыру ұсынылады.

Орыс тілін оқытуға қатысты теориялық зерттеулерде Н.Д. Галькова мен Н.И. Геза оқу үдерісінің заңдылықтарын қалыптастыруда ақпаратты қабылдау, түсіну және белсенді өңдеумен тығыз байланысты болатын тыңдау үдерісін талдауға көп көңіл бөледі.

Тыңдау дағдыларын дамыту үшін жадтың (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) жұмысына сүйену керек.

Қысқа мерзімді жад түсетін ақпараттың қабылдану, өңделу және ұзақ мерзімде оның белгілі бір бөлігін жадта сақтап қалу кезінде көмек береді.

Ұзақ мерзімді есте сақтау сөздерді, сөз тіркестерін және синтаксистік құрылымдардың естілу мен айтылу нұсқаларын түсінуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты фразалық құрылымды және сөйлемнің коммуникативтік түрін түсіну керек. Сөйлеу хабарламаларын түсіну үшін, тыңдаушы сөздер мен сөз тіркестерін есте ұстап тұруы керек, содан соң өз кезегінде естіген ақпаратты бұрын естіген мәліметпен байланыстыруы керек.

Қысқа мерзімді жад пен ұзақ мерзімді жад өзара әрекеттеседі. Қысқа мерзімді жад ұзақ уақытқа дейін ақпараттың бір бөлігін қабылдауға мүмкіндік береді. Түсінудің нәтижесі материалды дұрыс таңдауға, біртіндеп енгізу мен біріктіруге байланысты.

Тыңдауға арналған оқыту әдістерін жетілдіру үшін тыңдаудың мақсаттарын нақты түсіну қажет. Бастапқы кезеңде осы үдерістің мақсаты әртүрлі жағдаяттардағы сұхбаттасушы мәлімдемесін түсіну болып табылады.

Одан әрі қарай мазмұн күрделілігі мен тереңдігі әртүрлі дәрежедегі оқу мәтіндерін түсінуге көшу керек. Коммуникативтік тапсырмалар аудиомәтінді түсіну деңгейін, оның түрлері мен қабылдау жағдайларын анықтайды.

Бастапқы кезеңге арналған мәтіндер: аудиторияда сөйлесу (оқытушының нұсқаулары, студенттердің репликалары, оның ішінде тілдік ойындар, қарапайым мәтіндер).

Жалғастырушы топтарға арналған мәтіндер: танымдық және мәдениетаралық, монологтық және диалогтық болуы мүмкін. Бұларға әңгімелер, әндер, өлеңдер таңдалынып алынады. Біртіндеп мәтіндер күрделене түседі. Студенттер лекцияларды, радио және эфирлерді қабылдауға дайындалады.

Әртүрлі топтарда түрлі әдістерді қолдану керек. Мұнда ағылшын тілінде сөйлейтін студенттер үшін тілдік білімдерін дамыту қолайлы жағдай туғызады. Оқушылар түсінбеген сөздердің мағынасын өздерінің ана тіліндегі сөздермен ұқсастығын табу арқылы түсінеді.

Тақырыптар мен субпозициялар дыбысталған мәтіндегі басты нәрсені анықтауға көмектеседі. Диалогтық сөйлеуде белгілі бір бөліктерді анықтау үшін қайталап сұрау, өтініш айту, пікірталасу арқылы түсінуді жеңілдетуге болады.

Тыңдауға үйретуге арналған жаттығулар жүйесі естіген хабарларды қабылдауда кездесетін психологиялық және лингвистикалық қиындықтардың сәйкес келуін қамтамасыз етуі керек.

Тыңдаудың негізі сөйлеу әрекетінің басқа түрлерімен, бірінші кезекте сөйлесіммен байланысты болуы мүмкін.

Қазақ және орыс тілдерін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінде жаттығулардың екі түрі бөлініп көрсетіледі: дайындау машықтау жаттығулары және сөйлеу қарым-қатынас жаттығулары.

Дайындау машықтау жаттығулары тілдегі сөздер мен сөз тіркестерінен бастап, айтылған ойды жеткізетін тілдік материалдарды семантикалық қабылдауда туындайтын лингвистикалық және психологиялық қиыншылықтарды жойып, сөздердің логикалық-семантикалық тобынан бастап шағын мәтіндерді түсінуге дейін жеткізеді.

Тыңдалымды оқытуды бастағанда студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытатын қарапайым әрекеттерді күрделі ойлау әрекеттерімен біріктіру керек. Алғашқы шағын мәтіндерден-ақ оқушылар қабылдауға қатысты тірек пен бағытты таба білуі керек.

Ұсынылатын тілдік материалды күрделендіргенде студенттердің естуін біртіндеп дамыта отырып жүзеге асыру керек. Студенттерге ұқсас қиындықтарға көңіл бөлуге, жаттығуларға белгілі және белгісіздерді біріктіруге үйрету керек. Студенттердің назарын тек қана мазмұнға ғана емес, сонымен қатар формаға да аудару қажет.

Жалғастырушы топтарда тыңдалым мен сөйлесімге үйрету. Жалғастырушы топтарда табиғи сөйлеуге жақын ешқандай тірексіз алдын-ала таныстырылмаған ауызша ақпаратты яғни адамның сөзін, хабарламаларды қолданған дұрыс.

Бұл жаттығулар студенттерді хабарламадағы негізгі ақпарат көбірек берілетін бөлігін анықтай алуға үйретеді. Осы тақырып бойынша алдын-ала әңгімелеу болжау арқылы түсінуге көмектеседі.

Тыңдалымға байланыс жасау жағдаятын ескере отырып үйрету керек. Студенттер дыбыстық мәтінді маңызды бөліктерге бөліп, олардың әрқайсысындағы негізгі мәліметтерді анықтай білуі қажет. Дыбысталған сөйлеуді, яғни, өзі сөйлесіп тұрған адамның сөзін түсіну үшін студенттерге сөйлеудің әртүрлі бөліктерін біртұтас мәтінге біріктіре білуге және сөйлеушінің жеке ерекшеліктерін түсіне білуді үйрету керек.

Сөйлеу жылдамдығы әртүрлі болады. Студенттерді орташа жылдамдықтан бастап бірте-бірте жылдамдата отырып сөйлеген сөзді қабылдауға үйрету керек, соның ішінде кідірістерді, дауыс ырғағын, риторикалық сұрақтарды, қайталауларды есте сақтап қалулары тиіс.

Алғашқы кезеңнен бастап-ақ мәтіндегі негізгі деректі мәліметтерді (сандық, хронологиялық мәліметтер, жалқы есімдер, географиялық атаулар т.б.) есте сақтап қалулары тиіс.

Тыңдалым барысында студенттерге жай сөйлеу хабарламаларын қабылдаудан бастап, мәтіннің логикалық-семантикалық жағын да қабылдауға дейін үйрету керек.

Барлық оқушылардың дыбыстық қабылдауы да, дыбыстық есте сақтау қабілеті де әр түрлі, яғни бірдей емес.

Ұсынылатын жаттығулар. Тыңдалымға үйрететін келесі тапсырмаларды ұсынуға болады:

I. Есте сақтауды жаттықтыруға арналған тапсырмалар.

1. Екі немесе үш қысқа сөйлемдерді тыңдап, оларды бір сөйлемге біріктіріңіз;
2. Ұзақтығы қысқа мерзімді есте сақтаудан асатын мұғалімнің (диктордың) фразаларын тыңдаңыз және қайталаңыз;
3. Мәтінді/хабарды тыңдаңыз, оны басылған мәтінмен салыстырыңыз;
4. Түсінбейтін жерлерін анықтап, мәтінді қайта тыңдаңыз;

II. Мазмұнға алдын-ала болжам жасауға үйрету жаттығулары;

1. Тақырып, негізгі сөздер, сұрақтар, сызбалар арқылы мазмұнды анықтау;
2. Фразаны, мәтінді аяқтау қабілетін дамыту;

3. Мәтіндегі жалқы есімдерді, географиялық атауларды анықтау арқылы мәтін мазмұнына алдын-ала болжам жасау.

Қазіргі заманғы техникалық құралдар студенттерге аудио және бейнематериалдарды, мәтіндерді, сабақ үзінділерін, радио және теледидар бағдарламаларының үзінділерін оңай жазуға мүмкіндік береді.

Қазақ және орыс тілдерін оқитын шетелдік студенттермен жұмыс істеу тәжірибесінен жақсы білетіміз, дыбыстау арқылы есте сақтауды дамытуға арналған жаттығулардың бірі мәтінді тыңдап, оны мүмкіндігінше есте сақтап қалған соң, қағазға басылған мәтінмен салыстыру жемісті нәтиже береді. Қажет болған жағдайда мұны бірнеше рет қайталауға болады. Мұнда тіл үйренушінің жады жаңа сөздермен толығады, ол жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтап қала алады, тілдік пікірін дамытады.

Аудио мәтіндерді таңдағанда студенттерді саясат, экономика, мәдениет және спорт саласындағы халықаралық өмірдің негізгі оқиғаларын түсінуге бағыттау керек. Қысқа хабарламаларды түсінуден бастап, бірте-бірте радио хабарларды түсінуге дайындау қажет.

Инновациялық тәсілдер нақты аудитория есепке алынып, ұлттық ерекшеліктер ескеріліп, жалпы білім деңгейі мен мәтінді қабылдауға дайындығы есепке алынып қолданылуы тиіс.

Оқитын тілге оң көзқарас мәдениет пен елтануға қатысты таңдалынып алынған материалдар арқылы қалыптасады, сондықтан оларды мұқият іріктеп алған дұрыс.

Осылайша, тыңдау дағдылары студенттерге тіл меңгерудегі ілгерілеуді сезінуге және сөйлеу үдерісін күшейтуге мүмкіндік береді.

Тыңдалым сөйлесіммен тығыз байланысты, тыңдалым мен сөйлесім қабілеттерінің қалыптасуы бір уақытта жүзеге асырылады.

Сөйлесімге қарағанда тыңдалым жүзеге асу үшін көбірек сөздік қор қажет.

Қазақ және орыс тілдерін шет тіл ретінде оқыту әдіснамасында келесі оқыту мақсаттарына назар аудару керек: практикалық, жалпы білім берушілік, тәрбиелік және дамытушылық.

Соңғы жылдардағы зерттеулерде біз қоғамның әлеуметтік тапсырысының көрінісі болып табылатын тағы да бір инновациялық білім беру мақсаты - стратегиялық (жаһандық) мақсат туралы айтып жүрміз.

Стратегиялық мақсаттың мәні тіл үйрену үрдісінде екінші тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан қарым-қатынас жағдайында жүріп-тұру және оларды дұрыс бағалай білу қабілеті сөйлеудің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады және «олардың лингво-қоғамы қоғамның мәдениетін игерген жеке тұлғаның табиғи әлеуметтенуі үдерісінде қалыптасады» [2;100].

Осы бағытта әдіснамалық мәселелерді шешу үшін сөйлеу нәтижесі туралы ережелер маңызды болып табылады, ол бұл әрекеттің сыртқы көріністің бар-жоғына, бірден немесе кейінірек жүзеге асырылатынына қарамастан, байланысқа қатысушының өзара әрекеті ретінде анықталады.

Бұл нәтиже тіл үйренушілердің осы құбылысқа қатысты реакцияларында, оқушылардың іс-әрекеттерінде, мінез-құлқында көрініс табады және оның практикалық қызметінде жүзеге асырылады.

Педагогикалық сөйлеудің психологиялық алғышарттарын қысқаша талдаудан бастап, осы байланыс түрінің дамуының нәтижесі: а) техникалық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру - фонетикалық және лексикалық-грамматикалық автоматизмдердің болуы, ішкі сөздердің азаюына байланысты болады. Балама ауыстыруды және қауымдастықты пайдалану мүмкіндігі; б) оқу мақсатын жасау; в) жағдаяттық шартты жүзеге асыру; г) кедергі мен трансферттік аймақтарды болжау.

Сөйлеуге шығаруда жағдаяттардың маңыздылығы. Аталғандардың арасында жағдаяттар ерекше қызығушылық тудырады. Бұл олардың практикалық мақсаттарына ғана емес, сонымен қатар мотивация мен қажеттіліктің пайда болуына үлес қосады, сондай-ақ ақыл-ойдың белсенділігін күшейтуге, оқыту үдерісін табиғи сөйлесуге жақындатуға мүмкіндік береді.

Жағдаяттардың компоненттері мен олардың мақсаттарына көптеген авторлар сипаттама береді. Олардың көзқарастарындағы айырмашылықтар түсіндірулерінде және қарым-қатынас жасау формаларында, нақты жағдаяттарға қатысты байқалады.

Ең кең тараған - Д. Вундерлих моделі, онда сегіз компонент беріледі: сөйлеуші, коммуникациялық серіктес, сөйлеу уақыты, сөйлеу орны, фонологиялық-синтаксистік ерекшеліктері, сөйлеудің танымдық мазмұны, сөйлеуші шыққан алғышарттар, сөйлеушінің ниеті.

Оқу үдерісінде студенттерге барлық әрекеттерді үйрете алмайды, нақты қарым-қатынас жағдайларын жүргізе алмайды, сондықтан нақты сөйлеу қарым-қатынастарын қалыптастыру үшін имитациялайтын коммуникативтік жағдайларды сөйлеу дағдыларын үйрету тұрғысында қалыптастыру керек.

Оқу үдерісіндегі жасанды жағдаяттар табиғи жағдаяттардан ауызша ынталандырудың, бірнеше репродукцияның, тіректердің болуымен ерекшеленеді. Оқудың кезеңдерінде мұғалімнің жағдаяттарға қатысуының әр түрлі дәрежедегі сипатын көруге болады.

Оқытушы әдетте алғашқы кезеңде иллюстрациялық көрініс пен тақырыпқа негізделген коммуникативтік міндеттерді және тілдік материалды анықтайтын жағдаяттарды жасайды. Бұл жағдайда мұғалім тақырып, байланыс уақытын, орнын және ішінара тілдік материалдарды өзі дайындайды. Студенттер сөйлеу материалдарын және алдын-ала оқыған материалдарды, сөйлеу, этикеттік және сөйлеу формулаларын қолдануы керек.

Еркін жағдаяттарда қарым-қатынас жағдайларын таңдау (жағдайдың компоненттері), мінез-құлық стратегиясы және өтініштің тілдік мазмұны студенттерге беріледі, ал мұғалім не болып жатқанын бақылап отырады.

Тіл оқытудың жалғастырушы кезеңдерінде кей жағдайларда мұғалім бақылауда ұстайтын кейде рөлдік ойындарда, пікірталастарда, дауларда дайындықсыз пайда болатын жағдаяттың өзіндік рөлі бар.

Мұнда сөйлесімге үйретуде де алдын-ала құрастырылған жағдаяттар жүйесі маңызды орын алады, олардың мазмұнындағы мәселелік А. А. Вербицкийдің айтуы бойынша ақпараттық формадан мәселелік пен ғылыми ізденістер элементтеріне ие белсенді ізденуге қарай ұмтылу қазіргі жоғарғы мектептің негізгі сипаты болып табылады [3; 25].

Қазақ және орыс тілдерін шет тіл ретінде оқыту заманауи әдіснамасында оқушылардың сөйлету үшін тиімді (сонымен қатар барлық ауызша сөйлеуге) интерактивті формалар қолданылады. Жұптық, топтық және ұжымдық тапсырмаларды орындау кезінде студенттер тілдік формаға емес, мазмұнға назар аударады.

Сонымен бірге бірлескен қызметтің мақсаты маңызды: бір-бірімен танысу, жаңа қажетті ақпаратты алу, кейбір мәселелерді бірлесіп талқылау, пікірталастарға қатысуға, коммуникативті ойынға қатысу. Диалогтар мен полилогтар болуы мүмкін.

Бірлескен қызметтің мақсаты - бір-бірімен танысу, жаңа қажетті ақпаратты алу, кейбір мәселелерді талқылау, пікірталасқа қатысу, коммуникативтік ойындар ойнау. Кейде олар диалогтар мен полилогтар болуы мүмкін.

Диалогтық сөйлеуге тән ерекшелік ретінде оның екі жақты сипаты болатындығын айтуға болады. Л.П. Якубинскийдің «... адамдар арасындағы кез-келген өзара іс-қимыл – нақты өзара әрекет, ол іс жүзінде өзара қарым-қатынас жасауға ұмтылады, ол бір жақты болудан қашады, екі жақты болғысы келеді»- деген пікірі бар [4;16].

Коммуникативтік әрекеттегі модельде екі немесе одан да көп адам қатысады, олардың арасындағы пікір алмасу көп болады. Мұндай қарым-қатынас сөздердің қысқалығымен сипатталады.

Жағдаяттың бірыңғайлығы, әңгімелесушілердің байланыстары, тілдік емес элементтерді кеңінен қолдану, болжаудың пайда болуына ықпал етеді, сөйлеушіге тілдік құралдарды қысқартуға мүмкіндік береді.

Диалогтық сөздің тағы бір айрықша ерекшелігі - бұл өздігінен дайындықсыз сөйлеу, өйткені әңгіме мазмұны мен оның құрылымы әңгімелесушілердің репликаларына байланысты.

Диалогқа сөйлеу тілінде пайда болатын бағалауыштық қасиетін көрсететін эмоционалдық пен экспрессивтік, тілдік емес құралдардың кеңінен қолданылуы, түрлі сипаттағы клишелердің, сөйлеу формулаларының, сондай-ақ фразалардың «нақты» емес түрлерінің қолданылуы тән.

Сондықтан, автоматтандырылған және сөйлесу үдерісінде бекітілген операциялар ретінде пайда болатын көптеген компоненттерді қамтитын студенттердің сөйлеу механизмдерін қалыптастыру дегеніміз оқытуда әртүрлі дайындық (сөйлеу) және сөйлеу жаттығулары арқылы сананың бақылауында бола отырып қалыптасқан дағдыларды танымыз.

Сондықтан студенттерге жеделділікті және қарым қатынас жасау арқылы сөйлеуге қатысты алған білімдерін бекітуді, сөйлеу механизмін меңгертудегі қамтамасыз ететін коммуникативтік жаттығуларды құрастырып, ұсынудың маңызы зор. Олардың кейбіреулері диалог түрінде, кейбіреулері монолог түрінде берілуі мүмкін, бірақ мақсаттары ортақ, яғни тыңдалым мен сөйлесімді біріктіре отырып меңгерту болып табылады.

Қазақ және орыс тілдерін шет тіл ретінде оқыту әдістемесінде сөйлеуді үйретуге арналған жаттығулар жүйесі бар, бұл табиғи сөйлесуге жақын жағдайларда сөйлеу тілін қалыптастыру дағдыларын дамытуға жағдай жасайды. Ауызша қарым-қатынас формасы ретінде сөйлеудің ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлесу үдерісіндегі дайын емес мәлімдеме келесі ретпен қалыптасатындығын айтуға болады.

1. Үлгі мәтінін өзгерту.

2. Тәуелсіз мәлімдеме жасау: а) ауызша қолдаудың көмегімен (кілт сөздерді, жоспарларды, тезистерді, тақырыптарды және т.б.); б) зерттелген тақырып негізінде
Дайын сөздің даму сатысы:

1. Үлгі мәтінді өзгерту.

2. Өз бетінше мәлімдеме жасау: а) тілдік тіректің көмегімен (кілт сөздерді, жоспарларды, рефераттарды, тақырыптарды және т.б.); б) оқылған тақырыпты тіреу ету арқылы.

Дайындалған мәлімдемелерді оқыту үшін сөйлеу жаттығулары: сұрақтарға жауаптар (қысқаша, толығырақ, толығымен); мәтінге негізгі сұрақтар қою; тыңдалған немесе оқылған монологті диалогқа айналдыру; оқылған тақырып пен жағдаят бойынша диалог құру; монологті драматизациялау; диалогты үлкейту немесе өзгерту; әңгіме, фильм және т.б. мазмұнына бағытталған (немесе тәуелсіз) диалог құру. Сұраққа оң және теріс жауап және оны түсіндіру; сөйлесу бағытымен диалогты аяқтау (кіммен сөйлесті, қайда және қашан, не туралы) және т.б.

Дайындықсыз сөйлеуді дамыту кезеңі: а) ақпарат көзіне негізделген (кітап, мақала, сурет, көркем немесе деректі фильм); б) студенттердің өмірі мен сөйлеу тәжірибесіне сүйене отырып (оқыған немесе өз көзқарастары бойынша өзінің фантазияларыңыз бойынша); в) проблемалық жағдайға, соның ішінде рөлдік ойындарда және талқылауға сүйену.

Дайындықсыз сөйлеуге үйретуге арналған жаттығулар: сұрақтарға жауап беру үшін дайындалған дәйекті жауаптар; аралас диалогты жүргізу (басқа студенттердің ескертулерімен және ұсыныстарымен); рөлдік ойындарды немесе викториналарды өткізу; талқылау немесе пікірталас жүргізу; дөңгелек үстел, сондай-ақ коммуникативтік ойындар.

Ауызша сөйлеуді дамытуға бағытталған рөлдік ойындардың артықшылықтарымен қоса коммуникативті ерекшеліктері бар екендігін айтуымыз керек, бұл жаттығуларда сөйлеу қызметі,

атап айтқанда әріптестер арасындағы қарым-қатынас, әңгіме тақырыбын ескере отырып, әлеуметтік контексте қаралады, мұнда әңгімелесушілердің алдын-ала білімін ескере отырып, қарым-қатынас, іс-қимыл жасау орны мен уақыты туралы хабардар етеді. Бұл жаттығулар оқу үдерісін нақты өмірге жақындатуға ықпал етеді.

Сөйлеуге үйретудің ажырамас бөлігі сөйлесімде келесідей дағдыларын қалыптастыру бақылауымыз керек: ұсынылған репликаға жауап беру, сөйлеу қалыптастыруларының болуы және дұрыс орындалуы; репликалардың және олардың алуан түрлілігінің өзектілігі; сөздік және грамматикалық құрылымдарды дұрыс пайдалану; диалог сипаттамаларына сәйкестігі (эллипс, жағдай, эмоционалдық және бағалау сөздер мен сөйлемдердің болуы).

Сөйлесім мен тыңдалым тығыз байланыста болып келіп, олардың байланысы шынайы жүзеге асырылғанда барып тіл үйренуші сөйлеуге шығатынын үнемі есте сақтағанымыз жөн. Тыңдалымды сөйлеу әрекетінің ауызша репродуктивті түрі деп білеміз,

Тыңдалым сабақтың барлық кезеңдерінде, негізгі элемент болып саналуы тиіс. Оқытушы адамның қандай қабілеттері тыңдауды дамытуға көмектесетінін, қандай жаттығулар сөйлесімді, қайсысы қысқамерзімді есте сақтауды қамтамасыз ететінін үнемі есепке ала отырып оқытуы тиіс.

Өзге тілдегі сөйлесімді түсінудің өзіндік қиыншылықтары бар. Олар сол тілдегі сөйлеу формаларын қабылдаудың қиындығымен қоса оның мазмұнына қатысты (деректерді, баяндау логикасы, жалпы идеясын түсіну) қабылдау қиындығын тудырады.

Түсініп тыңдау қабілеттерін дұрыс қалыптастыру талаптары. Түсініп тыңдау қабілеттерін қалыптастыру жүйелі, сапалы, мақсатты түрде жүргізілуі тиіс. Мұнда тыңдау механизмін дұрыс білуіміз керек: мотив болуы - «мен не үшін тыңдаймын?» интенция - (Мен қалай тыңдаймын?) - айтылған сөздің ұғыну (Мен не тыңдап отырмын?) -сөйлеушінің ең соңғы мақсаты. Шетелдік студенттерді тіл оқытуға үйретуде келесі сәттерді есте сақтағанымыз дұрыс:

1. Егер студенттер оқып жүрген тілде тек оқытушының сөзін тыңдаса;
2. Мәтінді оқыр алдында дайындық жұмыстарын жүргізулері тиіс, бірақ бұл барлығын дайындап беру керек деген сөз емес;
3. Студенттер не туралы айтылып жатқандығын түсінбесе, қайталап айта беру ешқандай нәтиже әкелмейді.
4. Студент мәтінді тыңдамай тұрып алдын-ала қарап шықпауы тиіс.

Бастапқы және ортаңғы кезеңдерде келесі жаттығуларды орындаған дұрыс болады:

1. Имитация жасау қабілеті. Түсініксіз сөздер мен фразалар беріледі де, студенттер оларды бір рет естіп қайталаулары тиіс, егер бір рет айтқанда есте сақтай алмаса, екі-үш рет айтқан соң қайталатуымызға болады.

2. Дыбысты есте сақтау қабілеттерін тексеру. Студенттерге бірнеше дыбыстар беріледі. Олар қай дыбыстар қайталанды, қайсылары өзге дыбыстар екендігін айырулары тиіс.

3. Аңғарымпаздық жаттығуы. Студенттер жаңа сөздермен берілген бірнеше фразаларды (оның ішінде географиялық атаулар, адам аттары т.б. болулары мүмкін) тыңдап, онда не туралы айтылғандығын шамамен аңғарулары тиіс.

4. Назар. Студенттер суретке бірнеше секунд қарап тұрулары тиіс. Содан кейін олар оны жауып, естерінде не сақтап қалғандары туралы айтулары тиіс.

Бастауыш және жалғастырушы топтарда тыңдалымға үйрету жаттығуларының типтерін көрсетеміз:

1. Бірнеше жұп сөздер мен буындарды тыңдаңыздар , егер олар бірдей сөздер болса (+), егер олар екі түрлі сөз болса (-) қойып, есту қабілеттерін жаттықтыруға болады: мысалы ұл-ұл, ұл-ол; бол-бол; бол-бұл;

2. Студенттерге түрлі қалалар аттары жазылған сөздер берілгеннен кейін оқытушы қалалар аттары қатыстырылып жазылған мәтінді оқиды, студенттер өз қолдарындағы қала аттарының тізімінен естіген қала аттарын салыстырып, сәйкесін белгілеулері тиіс.

3. Келесі ойын «жануарлар әлемі» деп аталады. Оқытушы жануарлар аттары қатыстырылған мәтінді оқиды. Студент ондағы өзі естіген жануарлардың аттарын жазып алады. Осы арқылы ол естіген нәрсені дұрыс жаза білуді үйренеді.

4. Фразаларды және оларға берілетін жауаптарды қатар тыңдаңыз. Өздеріңізге берілген кестеден қай жауап, қайсы фразаға сәйкес екенін белгілеп отырыңыз.

5. Диктордың артынан қайталап айтып отырыңыз, ондағы **у** мен **и** дыбыстарының айтылуына көңіл бөліңіз.

6. Диалогтарды тыңдап, диалогқа қатысты сұрақтарға жауап беріңіз.

7. Диалогты тыңдап, диалогтағы негізгі бір кейіпкердің сөзін қайталап, рөлге салып айтып беріңіз.

Жалғастырушы топтар үшін тыңдалымға қатысты берілетін жаттығулар реті төмендегідей:

1. Аудиотаспаға жазылған мәтіндер мен диалогтар топтамасы;

а) Сұрақтарға жауап беріңіз.

б) Ақиқат/ақиқат емес. Сұрақтарға дұрыс жауап табу. Мысалы ретінде Қазақстан Республикасындағы қалаларға қатысты мәліметтерді алуымызға болады. Алматы қаласы туралы мәліметті алып, Алматы қаласы - Қазақстан Республикасының астанасы, Алматы елдің батысында орналасқан қала деген сияқты ішінде ақиқатқа жатпайтын элементтері кездесетін мәтіндерді беруге болады. Онда студенттер саналы түрде бұл Қазақстан туралы дұрыс емес ақпарат екенін аңғарып айтып берумізге болады. Тіл үйренушілер мұнда Алматы бұрынғы ескі астана, қазіргі кезде елдің астанасы Нұр-Сұлтан қаласы екендігін саналы түрде хабарлап айтулары тиіс, сондай-ақ ол елдің солтүстігінде орналасқан деген ақпаратты оқып, бұрын да мүлдем олай болмағандығын айтулары тиіс. Мұндай ақпараттар ерекше эмоция тудырып, еріксіз өз пікірлерін айтуға итермелейді.

в) Детальдарды іздеу

г) басты ақпаратты іздеу

д) Таныс сөздерді жазып алу

е) Сөйлесімге қатысушылардың сөзін мазмұндап беру.

Практикада қолдану. Оқытушы өзі туралы, достары туралы өзінің балалық шағы туралы әңгімелейді. Ол студенттерге таныс тақырыпқа қатысты әңгімелер айтады. Студенттер осы таныс тақырыпқа әсерлі әңгімені тыңдай отырып, дайындықсыз өз әсерлерін жеткізу үшін сөйлемдер айтады, репликаларын білдіреді. Олар: «Қандай қызык!» «Тағы да жалғастырып айтыңызшы» «Әрі қарай не болды? Бізде де осындай жағдайлар болды!» дегендей өтініштерін жеткізеді. Мұндай сәтті ойластырылған тартымды әңгімелер сауатты, дұрыс сөйлеуді тудыруға ықпал етеді.

1. Мәдениет, тарих, дәстүр туралы оқылатын шағын лекцияларды тыңдаған студенттер конспект ретінде жазып алады, ол бұлардың мәліметтерді қатыстырып сөйлеуіне, мәліметтерге қатысты түйінді ой айтуларына ықпал етеді.

2. Ертегі мен әңгімелерді дауыстап оқу арқылы берілген мәтіннің қай ертегі немесе әңгіме желісіне көбірек ұқсайтыны туралы ойларын ортаға салуға мүмкіндік беретінін айта аламыз.

3. Әнді тыңдап, әннің сөзін түсіну.

Ән тыңдау олардың сүйікті істері болулары керек. Оларға әнді таңдағанда, алдымен өздерімен санасуымыз керек. Бұл ретте: «Сендер бұрын ән тыңдап көрдіңдер ме, ән тыңдау ұнай ма?» «Ұнаған әндеріңді айтып үйренгілерің келе ме?» - деген сияқты қызықтыратын сұрақтар қоюымыз керек. Олар тыңдаған ән болмаса, елімізде ең көп айтылатын әндер тізімін ұсынып: «Алдымен оларды ғаламтор желісінен тыңдап көрейік!» дегендей ұсыныс білдіруге болады. Бұл жерде әннің сөзі, шығу тарихы туралы айтқанда, шынайы диалог туындайды. Өздерінің ұнататын әндерін айтуға мүмкіндіктері бар екендігін білген студенттерден еріксіз эмоционалды пікірлер шығады.

4. Студенттер бір-бірін тыңдайды.

а) Біреуі өзінің үйі туралы айтады, басқалары ол үйдің жобасын сызады.

ә) Екі студент өздеріндегі бар ақпаратты салыстырады. Айталық, бір студент қонаққа шақырылған адамдардың тізімін немесе дүкеннен сатып алынатын заттардың тізімін б) екінші студент өз қолындағы тізімнің сәйкестігін тексереді.

б) Бір студент белгілі бір адам туралы мәліметті оқиды, екінші студент айтылған мәлімет бойынша сауалнама толтырады.

в) Бір студент сабақ кестесін айтып тұрады, екінші студент оны есте сақтап қайта айтады немесе осы сияқты тапсырманы кездесу уақыты, орны туралы мәліметтермен ауыстырып ұсынуға да болады.

5. Үнтаспадағы материалдар мен қағаздағы визуалды материалдар

а) Қаланың суреті, дыбыстық жазбаға түскен портреттер топтамасы. Студенттер сурет пен дыбыстық жазбаны салыстыра отырып, ненің сәйкес келмейтіндігін табулары керек.

б) Суреттерді дыбыстық жазбада баяндалған ретпен орналастыру.

в) Дыбыстық жазбада белгілі бір орынға дейін қалай жету керектігін сипаттайтын нұсқау беріледі. Осыны тыңдап отырып маршрут сызу керек.

6. Оқытушы тақтаға баяндап отырып сурет салады. Мысалы бұл қала, пәтер, белгілі бір орын туралы әңгіме болуы мүмкін. Студенттер ол әңгімені тыңдай отырып өздеріне таныс сөздерді жазып алып отырады. Осыдан кейін оқытушы мәтінді қайта құрастырып шығу үшін сұрақтар қояды.

Қорытынды. Тіл үйренетін шетелдіктерге тыңдалым әрекетін қалыптастырып, бекіту үшін төмендегідей ұсыныстар жасаймыз.

1. Тыңдалым мен сөйлесім әр уақытта бірлікте ойластырылып жүргізілуі тиіс.
2. Тыңдалым әрқашан сабақтың тұрақты элементі болуы керек.
3. Тыңдалым әрқашан өз бетінше жұмыс жасаудың негізгі элементі болуы тиіс (лингфон кабинеті).
4. Жалғастырушы топтарда міндетті түрде аутентиялық мәтіндер енгізілуі тиіс.
5. Мәтін қандай мақсатпен тыңдалатындығын нақты анықтап алған дұрыс.
 - а) Керекті ақпаратты алу үшін
 - б) Берілген оқиғаға өзінің көзқарасын білдіру үшін.
 - в) Бұрын бар ақпаратпен мәтіннен енді алынатын ақпаратты салыстыру үшін.

Оқытушы материалды берген оның студенттердің қабылдауына қаншалықты күрделі болатындығын алдын-ала білуі тиіс. Ол материалды студент өз бетінше меңгере ала ма, оған көмек ретінде жетектейтін мәліметтер беру қажеттілігін ескеруі тиіс.

6. Диалог пен полилогпен жүргізілетін жұмыс мәтінмен жұмыс сияқты қарастырылмауы тиіс. Алдымен ауызша көрініс табуы керек.

7. Тыңдалымға қатысты қабілеттерін тексеру жұмыстарын міндетті түрде емтиханға енгізу керек. Тыңдалым қабілеттерін қалыптастыру мен бекітуді маңызды етіп санамаған жағдайда міндетті түрде студенттердің сөйлесіміне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Галькова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. М.: «Академия», 2008.
2. Айтпаева А.С., Кильдюшова И.В. Система работы по формированию навыков аудирования у студентов – иностранцев//Традиции инновации в теории и практике преподавания второго языка. КазНУ аль-Фараби, 2008.
3. Вербицкий А.А. Методы обучения: традиции и инновации // Профессиональное образование. Столица. 2015. № 9. С.
4. Якубинский Л. П. О диалогической речи, в его кн.: Избранные работы. Язык и его функционирование, М., 1986.
5. Соломатина А.Г. Методика развития умений говорения и аудирования учащихся посредством учебных подкастов (английский язык, базовый уровень)/ А.Г. Соломатина: автореф.дисс... канд. пед.наук. Москва: МГГУ имени М.А. Шолохова –2011. – 23с.
7. Николенко Е.Ю. Современные методы обучения как основа создания учебного комплекса по русскому языку для иностранных учащихся (начальный этап обучения). М., 2005.
8. Stanley G. Podcasting: Audio on the Internet comes of age [Электронный ресурс] / G.Stanley // TESL-EJ, 9(4):. <http://www-writing.writing.edu/TESL-EJ/ej36/int.html>

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ АУДИРОВАНИЮ И ГОВОРЕНИЮ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ, ИЗУЧАЮЩИХ КАЗАХСКИЙ И РУССКИЙ ЯЗЫКИ

Г.А. Машинбаева¹, Е.Р. Игнатова², Д.С. Толмачева³

¹ к.ф.н., ст. преподаватель,

^{2,3} к.ф.н., доцент,

^{1,2,3} КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

email: gulnaznuki@mail.ru

В данной статье предлагаются к рассмотрению некоторые методические приемы обучения коммуникативной деятельности (в частности, обучение аудированию и говорению как двум важнейшим аспектам устной речи) иностранных студентов, изучающих казахский и русский языки, анализируется формирование коммуникативных навыков.

Авторами предлагаются методы по активизации и повышению эффективности организации педагогической деятельности на занятиях, основанные на инновационных подходах, способные обеспечить улучшение навыков коммуникации студентов. В статье предпринимается попытка уточнить содержание материалов для каждого этапа обучения. В результате авторами рекомендуются к использованию новые методические материалы.

Ключевые слова: аудирование, говорение, инновационные методы, диалоги, спикер, коммуникативное общение, речевая интенция, ситуация

INNOVATIVE METHODS OF TEACHING ASPECTS OF "AUDITION" AND "SPEAKING" AT THE LESSONS OF RUSSIAN AS A FOREIGN LANGUAGE AND KAZAKH AS A FOREIGN LANGUAGE

G.A. Mashinbayeva¹, E.R. Ignatova², D.S. Tolmacheva³

¹ Cand. Sci. (Philology), senior lecturer

^{2,3} Cand. Sci. (Philology), associate professor,

^{1,2,3} KazNU named after al-Farabi, Almaty,

Email: gulnaznuki@mail.ru

This article discusses various ways of teaching listening and speaking to foreign students studying Kazakh and Russian, and the formation of communication skills is analyzed. The authors suggest methods for enhancing and improving the organization of pedagogical activity in listening lessons, based on innovative approaches that can improve speaking skills. In the article, the authors attempt to clarify the content of materials on listening and speaking for each stage of training. As a result, new teaching materials on listening and speaking are presented.

Key words: *listening, speaking, innovative methods, dialogues, speaker, communicative communication, speech intention, situation*

Редакцияға 11.02.2019 қабылданды.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ТҮРЛЕНДІРУ ЖОЛДАРЫ

Г.Н. Нұрманова

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының PhD докторанты
С.Демирель атындағы университет, Қазақстан, Қаскелең қ.
email: gulzhaina.nurmanova@sdu.edu.kz

Мақалада білім беру үдерісіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тиімділігі, оның ішінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда компьютерлік бағдарламалардың қолданылу барысы айтылады. Мақала қазақ тілін үйретуде оқылым, тыңдалым және жазылым дағдыларын қалыптастырудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жасалған тапсырмалардың тиімділігін көрсетуді мақсат етеді. Осыған байланысты әр сөйлеу әрекеті мен сөздік қорды дамытудағы компьютерлік бағдарламалар арқылы жасалған тапсырма мен ойын үлгілері беріліп, тиімділігі көрсетіледі. Оның ішінде тапсырмаларды түрлендіруде Learning Apps, Kahoot бағдарламаларының ұтымды тұстары қарастырылып, жан жақты сипатталады. Қазіргі қоғам сұранысына сай ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тілді оқытудағы маңызы талданады.

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, компьютерлік бағдарламалар, қазақ тілін оқыту, тіл үйренуші, тапсырма түрлері, әдістеме, Learning Apps бағдарламасы.

Ақпараттық технологиялар дамыған ғасырда білім беру саласы мен ұстаздарға деген талап күшейді. Технологияны түпқазық еткен ақпараттық қоғам жаңашыл мұғалімнің компьютерлік технологиялармен қарулануын, электронды құжат айналымын толық меңгеруін талап етуде. Бұл турасында Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» деген болатын. Аталған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының екінші бағытының бір тармағы білім беру саласына ақпараттық технологияны ендіру болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру саласында дер кезінде игеру және тиімді пайдалану бүгінгі күндегі маңызды қажеттіліктердің қатарынан саналады.

Осы орайда алаш зиялысы, қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінде жариялаған «Мектеп керектері» атты мақаласындағы: «Ең әуелі мектепке керегі - білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші - оқыту ісіне керек құралдардың қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істемейді, һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші - мектепке керегі белгіленген бағдарлама. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі, я мезгілді өлшеуі болуы керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс - ол я артық, я кем шықпақшы» [1, 315] - деген пікірі бүгінгі таңда да өзекті болып отыр. Яғни, ғалымның пікірінше оқыту ісіне керек құрал – бұл оқулық, әдіс, технологиялар. Заман талабына сай жаңарып, дамып отыратын технологиялар қатарын бүгінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жалғап отыр.


Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді [2, 78].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі бөлігін құрайтын компьютерлік оқыту бағдарламалары тақырыпты түсіндіруге, теориялық білімді игертуге және тапсырмаларды түрлендіру мен нәтижені бағалауға байланысты түрленіп қолданылады. Оның ішінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда компьютерлік технологиялар арқылы жасалған тапсырмалардың мазмұны, білім алушылардың қызығушылығын тудырудағы рөлі туралы сөз етпекпіз. Алғашқы айтылатын компьютерлік бағдарлама – **Learning Apps**.

Learning Apps– тапсырма құрастырудың бірнеше жолын ұсынатын, оқытуда түрлі интерактивті модульдерді қамтитын компьютерлік бағдарлама. Өз тәжірибемізде қазақ тілін шетелдік студенттерге үйрету барысында аталған бағдарламаны әр сөйлеу әрекетіне негіздей отырып қолданып жүрміз. Алдымен, тіл оқытуда тіл үйренушінің **сөздік қоры**, яғни лексикалық минимумды


жете меңгеру маңызды. Learning Apps компьютерлік бағдарламасында лексикалық минимумды меңгеруде төмендегідей тапсырма түрлерін жасауға болады.

Мысалы, «Мамандық» тақырыбына қатысты меңгерілетін лексикалық минимумдер (дәрігер, мұғалім, аспаз, шаштараз, т.б) суреттерімен қосымшада беріледі. Тіл үйренуші тиісті әріптерді қойып, суретке сай сөзді шығарады. Егер әріп таңдаудан қателік орын алса, гүл жапырақтары біртіндеп өшіріледі (1-сурет). Тапсырманың мақсаты – меңгерілген сөзді суретімен көріп, мағынасын түсініп, сондай-ақ жазылу емлесін де меңгерту.



1-сурет

Орыс педагогы К.Д.Ушинский: «Таныс емес бес сөзді қаншама қайталап қиналатын оқушы сурет арқылы көрсетілген жиырма сөзді лезде үйреніп алады» деген пікіріне келесі тапсырма түрі дәлел бола алады. Мобильді қосымшаларда жиі кездесетін жасырынған ұқсас суреттерді табу сынды ойын түріне негізделген бұл тапсырмада тіл үйренуші сурет пен атауды сәйкестендіреді (2-сурет). Осылайша лексикалық тақырыпқа қатысты сөздік қорын байытады.



2-сурет

Сонымен қатар, лексикалық минимумды меңгеруде Learning Apps бағдарламасында адасқан әріптерден сөз құрау, сөзжұмбақ сияқты тапсырма түрлерін құрастыруға болады (3-сурет).



3-сурет

Қорыта айтқанда, қазақ тілін үйретуде сөздік қорды түрлі ойындар, әдістермен қатар, компьютерлік бағдарламалардың да көмегіне жүгінсек, тіл үйренушілердің қызығушылығын арттырып, уақытты ұтымды пайдалана аламыз.


Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы сабақ жүргізу уақыты тиімді пайдалануды, білім алушының еркін ойлауына мүмкіндік беруді, ақыл-ойын дамытуды, ұжымдық іс-

әрекетке тәрбиелеуді мақсат ететіні белгілі. Осы орайда Learning Apps бағдарламасы арқылы **оқылым** әрекетін жүзеге асыратын тапсырма түрлеріне тоқталып өтсек.

Жалпы, оқылым – тіл оқытудағы маңызды сөйлесім әрекетінің бірі. Ғалым Ф. Оразбаева оқылымның маңызын төмендегідей жіктейді:

1. Тіл үйренуші оқылым арқылы бүкіл тілдік қатынасқа қажетті ақпараттан хабардар болады және оны тілдік қарым-қатынаста керегіне жаратады;
2. Оқылымның нәтижесінде әдеби, мәдени, әлеуметтік салалардағы жылдар бойы жиналған адамзаттық тәжірибелер бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, адамдардың қарым-қатынасын жетілдіреді, ішкі ой-санасын дамытады. Ойлау қабілеті мықты дамыған адамның сөйлеу қабілеті де ерекше болады.
3. Оқылым әрекеті арқылы көңілге түйгенін тіл үйренуші жинақтайды, сұрыптайды, тұжырымдайды [3].

Ғалымның бірінші тұжырымы бойынша Learning Apps бағдарламасында жасалған бұл тапсырма (4-сурет) мәтін бойынша (1-кестеде сабақ барысында берілген мәтіндер ұсынылды) меңгерілген сөз тіркестері мен тұрақты оралымдарды күнделікті тұрмыста дұрыс қолдануды мақсат етеді.



4-сурет

1-кесте


<p>Менің атым – Арайлым. Менің жасым жиырма үште. Қазір мен Американың Калифорния штатында, Санта-Круз деген қалада тұрамын. Мен осы қалада университетте оқимын. Санта-Круз өте әдемі және таза. Көпқабатты үйлер аз, жеке үйлер көп. Мен Тынық мұхитының жағасында отбасыммен пәтерде тұрамын.</p>	<p>Менің атым – Сара. Менің жасым жиырма бірде. Мен – мұғаліммін. Мен Алматы қаласында өзім тұрамын. Алматы – таудың етегінде орналасқан әдемі қала. Қалада көпқабатты үйлер көп. Мен бір бөлмелі пәтерде тұрамын. Ол әл-Фараби даңғылында орналасқан.</p>	<p>Менің атым – Нұржан. Менің жасым он алтыда. Мектепте оқимын. Мен Шұбарқұдық ауылында тұрамын. Ауылдың ауасы таза, табиғаты әдемі. Біз отбасымызбен жер үйде тұрамыз. Үйіміз бес бөлмелі, үлкен және кең. Үйіміздің алдында бақша бар. Маған ауылда тұрған ұнайды. Ауылдың өмірі тыныш әрі ыңғайлы.</p>
--	---	--

Сонымен қатар, оқылым әрекеті арқылы қалыптасатын дағдыларды меңгертуде аталған бағдарламада «Көкпар» сынды ойын түрін ұйымдастыру да тиімді болмақ. Дәлірек айтсақ, «Үйіңіз неше бөлмелі» лексикалық тақырыбы бойынша берілген мәтіннен тест сұрақтарын осы ойын форматына салып (5-сурет), аудиторияда топтық немесе жұптық жұмыс ретінде ұйымдастырылса тіл үйренушілер ерекше қызығушылық танытары анық.



5-сурет

Жалпы алғанда, Learning Apps бағдарламасында оқылым мәтіні бойынша білімді бекіту, ой қорытуға байланысты «Миллион кімге бұйырады», ақпараттың дұрыс не бұрыстығын табу, ақпараттарды ретімен қою, т.б тапсырмаларды түрлендірудің жолы көп. Ал, **жазылым** әрекеті бойынша тілдік дағдыларды қалыптастыруда сөйлемді ретімен қою, бос орынды толтыру (6-сурет), т.б тапсырма түрлерін жасауға болады.




6-сурет

Ахмет Байтұрсынұлы тілді үйретудегі сауаттылық оқумен ғана шектеліп қалмай, жазумен қатар жүргенде ғана іске асатындығын ашып айтады. Расында жазылым әр сөйлеу әрекетінің бекіту тапсырмаларында маңызды орын алады. Грамматиканы да меңгертуде тапсырмалар жазылым әрекеті арқылы көрініс тауып отырады. Learning Apps бағдарламасында оқытушы кәсіби шеберлігіне байланысты ұсынылатын тапсырмаларды жазылым әрекетіне жан жақты бейімдей алады.

Оқытудағы көрнекілік принципі турасында құнды пікір қалдырған Я.А.Коменский «Алтын ережесінде»: «...бала сезімі қабылдай алатын нәрселердің барлығын сезім әсерлерін туғыза білдірген жөн: көруге болатынды көзге көрсет, естуге болатын нәрсені құлақ қойып тыңдасын, иісін иіскеп білсін, дәмін татып көрсін, қолына ұстап нәрсенің қатты, жұмсақтығын, т.б. байқасын...» - деген болатын [4]. Осы орайда тіл үйретуде көрнекілік ұстанымы бойынша бейнежазбалар, әндер жалпы айтқанда **тыңдалым** дағдысын қалыптастыруда компьютерлік бағдарламалардың маңызына тоқталайық.

Кез келген лексикалық тақырыпқа тіл үйренушінің қызығушылығын туғызу үшін қазақ мәдениетінен, тұрмысынан хабардар ететін сапалы бейнежазба немесе есті ән тыңдату – тиімді әдіс.

Аталған әрекеттердің жүзеге асуы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асатыны анық. Түрлі әлеуметтік желі (youtube, т.б) көздерінен көрсетілген бейнеүзінділерге Learning Apps бағдарламасында қандай тапсырма түрлерін жасауға болады? Алдымен көрсетілген бейнежазба бойынша ақпараттарды немесе жағдаяттарды ретімен қою тапсырмасын ұсынуға болады. Мәселен, 7-суретте киіз үй туралы көрсетілген бейнежазба бойынша мазмұнды ретімен қойып шығу тапсырмасы берілген.





7-сурет

Бұл бағдарлама бойынша көрсетілген бейнеүзінді немесе тыңдалған ән мәтіні бойынша бос орынды толтыру, суреттермен сәйкестендіру, мазмұн бойынша бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау, т.б тапсырма түрлерін беру арқылы тіл үйренушілердің тыңдау, есте сақтау дағдыларын қалыптастыруға болады.

Жалпы алғанда Learning Apps бағдарламасында жұмыс жасау жолы өте қарапайым, жеке аккаунт ашып тіркелгеннен кейін өткізілетін сабақтың мазмұнына немесе сөйлеу әрекетінің түріне қарай тапсырмаларды сақтап, ұсынылатын QR код немесе сілтеме арқылы білім алушыларға қатысуға мүмкіндік беріледі.



Қазіргі кезде жиі қолданылып жүрген компьютерлік бағдарламалардың бірі – **Kahoot** онлайн сервисі. Kahoot – сурет, видео немесе тек сұрақ түрінде тест тапсырмаларын құрастыруға арналған бағдарлама [5]. Қазақ тілі сабақтарында да белсенділік танытып, білім алушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыруда тиімді сервисің жиі қолданыстағы тапсырмасы – дұрыс жауапты таңдау, яғни **Quiz**. Бұл құрылымда берілген сұраққа дұрыс жауапты таңдау мүмкіндігі болады. Одан бөлек **Jumble** құрылымы да қазақ тілін оқытуда қызықты әрі тиімді. Бұл құрылым бойынша тіл үйренуші сөзді дұрыс құрастыру (8-сурет), сөйлемді ретімен қою немесе ойды, ақпаратты ретімен қою, т.б сынды тапсырмаларды орындау арқылы орфографиялық нормаларды есте сақтау, сөйлем құрылымын жадында тую дағдыларын қалыптастырады.



8-сурет

Қорыта келгенде, қазақ тілін шетелдіктерге оқыту - қазіргі жаһандану заманындағы білім беру үдерісіндегі маңызды қадамдардың бірі. Ал, қалай үйрету, немен үйрету деген мәселе қазақ тілі оқытушыларының үнемі ізденісіндегі, кәсіби шеберлігіндегі дамытуды қажет етіп отыратыны белгілі. Дамудың бір көрінісі ретінде дәстүрлі оқытумен, мәнді, терең әдіс-тәсілдермен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар белсенді қолданылып келеді. Жоғарыда аталған Learning Apps, Kahoot сынды онлайн-сервистерден бөлек біршама бағдарламалар тәжірибеге еніп, өз нәтижесін беруде. Тілді оқыту шексіз ойлар мен шеберліктерден тұратындықтан, әдіс-тәсілдер мен технологиялар да дами беретіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сахыбекқызы И.Р. Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
2. Садыбекова Ж. Оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі // Информатика негіздері. – №4. – А., – 2008. – 78-79 бб.
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. Алматы: «Сөздік – Словарь», 2005. – 272 бет.
4. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берікханова А.Е. Педагогика. Оқулық. ОНОН. – Алматы: 2017. –340 бет.
5. Sherlock A. LICORISH, Jade Li GEORGE , Helen. E. OWEN & Ben DANIEL. «Go Kahoot!» Enriching Classroom Engagement, Motivation and Learning Experience with Games. Chen, W. et al. (Eds.) (2017). Proceedings of the 25th International Conference on Computers in Education. New Zealand: Asia-Pacific Society for Computers in Education.
6. Ленская И.Д. Применение сервиса LearningApps.org на уроках в малокомплектной сельской школе // Развитие современного образования: теория, методика и практика: материалы X Межд. науч.–практ. конф. (Чебоксары, 20 нояб. 2016 г.) / редкол.: О.Н. Широков [и др.] – Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс», 2016. – С. 193-195. – ISSN 2413-4007.
7. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. –Алматы: Print-S, 2005.
8. Глушков В.М. Основы безбумажной информатики. –М.: Наука,1982.

Интернет ресурстар

1. www.learningapps.org
2. www.kahoot.com

МЕТОДЫ РАЗНООБРАЗИЯ ЗАДАЧ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

Г.Н. Нурманова

PhD докторант специальности «Казахский язык и литература»
Университет им. С.Демиреля, Казахстан, г. Каскелен
email: gulzhaina.nurmanova@sdu.edu.kz

В статье рассматривается эффективность информационно-коммуникационных технологий в образовательном процессе, в том числе использование компьютерных программ при обучении казахскому языку как иностранному. Целью статьи является демонстрация эффективности задач, выполняемых с помощью ИКТ, в развитии навыков чтения, аудирования и письма при обучении казахскому языку. Представлены образцы заданий компьютерные игры и показана их эффективность. Советы по обучению Learning Apps и Kahoot рассматриваются учебные эффекты программ, каждый из которых характеризуется комплексным подходом к речи. Роль ИКТ в преподавании языка анализируется в соответствии с потребностями современного общества.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, компьютерные программы, преподавание казахского языка, обучающийся, виды задач, методология, программа Learning Apps

METHODS OF DIVERSITY OF TASKS USING INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

G.N. Nurmanova

PhD student on specialty «Kazakh language and literature»
Suleyman Demirel University, Kazakhstan, Kaskelen
email: gulzhaina.nurmanova@sdu.edu.kz

The article discusses the effectiveness of information and communication technologies in educational process, including the use of computer programs in teaching Kazakh as a foreign language. The purpose of the article is to demonstrate the effectiveness of performed tasks using information and communication technologies in developing reading, listening and writing skills in teaching Kazakh language. Samples of tasks computer games are provided and their effectiveness is shown. Learning Tips Learning Apps and Kahoot examines the learning effects of the programs, each of which is characterized by an integrated approach to speech. The role of information and communication technologies in language teaching is analyzed in accordance with the needs of modern society.

Key words: *information and communication technologies, computer programs, Kazakh language teaching, student, types of tasks, methodology, program Learning Apps.*

Редакцияға 01.05.2019 қабылданды.

БЕКСҰЛТАН НҰРЖЕКЕҰЛЫНЫҢ «ӘЙ, ДҮНИЕ-АЙ!» РОМАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Г.Б. Шайкенова

Түрік тілі және әдебиеті мамандығы, PhD докторант,
Өмер Халисдемир Университеті, Нигде қ., Түркия, email: gulshat84@mail.ru

Бұл мақалада қарымды қаламгер Бексұлтан Нұржекеұлының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне арнаған «Әй, дүние-ай!» романы жөнінде айтылған. Сол заманның әлеуметтік жай-күйі, қазақ даласында орын алған тарихи оқиғаның жай-жапсары, өзге ұлттың боданы болған қорғансыз халықтың қасіреті суреттелген. Аталған оқиғаларға шығармадан орын беруіндегі жазушының идеясы ашып айтылады. Романда ойып тұрып орын алатын әр кейіпкерге қысқаша сипаттама берілген. Қаламгердің жазу стилі, романның көркемдік қуаты, романдағы артықшылықтары мен кемшіліктеріне баса назар аударылды. Негізгі ерекшеліктерінің бірі болып көрінген, сөздердің жазылуындағы дұрыс нұсқа деп санайтын грамматикалық өзгешеліктер туралы жазылған. Сондай-ақ, автордың шығарма кейіпкерлері арқылы берген ұлттың характеріне талдау жасалған.

Түйін сөздер: ұлт-азаттық қозғалыс, халық, стиль, қаламгер, идея, архив

Кіріспе

Бексұлтан Нұржекеұлының қай туындысын алсақ та, оқырманына үміт сыйлайды, адамгершілік пен адами қарым-қатынасты дәріптейді. Қарымды қаламгердің тарихи тақырыптағы туындылары тарихи дәлдігімен нақты деректер келтіріле отырып, халықтың бастан кешкен оқиғаларын тайға таңба басқандай оқырманның көз алдына күні бүгінгідей елестетеді. Шығармаларының көпшілігі шынайы махаббат пен іңкәрлік, адамгершілік сынды асыл қасиеттермен бейнеленген. Сөз зергерінің қарымды қаламынан 13 томдық жинағы жарық көрді.

Белгілі қаламгердің жазушы ретіндегі басты ерекшелігі: қандай шығарма жазса да, қалың оқырман қауымының көңілінен қалай шығуды білетіндігінде. Ол ер мен әйел арасындағы шынайы махаббатты, қасиетті қарым-қатынас мәселесіне көбірек қалам тербегендіктен жазушы тек қана махаббат мәселесіне шығармашылығын бағыттаған деп ойлағанымыз жаңсақ пікір. Жазушының махаббат мәселесіне ден қоя отырып, тереңіне үңілсек, адамдар тағдырын, сол заманның әлеуметтік жай-күйін көрсететіндігімен ерекшеленеді. Тек қана «махаббат жыршысы» деп танысақ әділетсіз болар еді. Бексұлтан Нұржекеұлы – шынайышылдықты айтып, өзінің азаматтық үнін шығарып отыратын күрескер. Сондай-ақ, ақиқатты айқара ашып, нақты деректер келтірілген қазақтың ұзын тарихының бір үзгі баяндалған «Әй, дүние-ай!» романын сөз ететін боламыз.

Зерттеу

Жазушының аталған шығармасында жазылған оқиғалар мен кейіпкерлері толық дерлік шынайы өмірден алынған. Олардың қай деректен, кімнің дерегінен алғанына автордың нақты дәлелдемелері жетерлік. Жазушымен өткізген сұхбатымда Ілияс Жансүгіровтің жазбалары осы романға себепші болғандығын алға тартады. Сонымен қоса, айлап архивтерде отырып жинаған мәліметтері де шығармадан орын алған [1]. Шығарма әдеби болғанымен де өзі айтқанындай нақты деректерге құрылған тарихи шығарма деп те тануға әбден жарарлық. Оның ауқымы көркем-әдеби шығармадан гөрі әлдеқайда кең. Оқыған оқырман жай ғана әдеби шығарма оқып қана қоймайды, өз танымында тарихтың ақиқатын ашады, жақсылық пен жамандықтың, мейірімділік пен зұлымдықтың ара-жігін ажыратарлық рухани әлемін байытады. Шығарманың идеясы астарлы емес, керісінше, ашық, анық күйінде мен мұңдалап тұр.

Әңгіменің басталуы да ерекше. В.А.Крыловтың ұлы ақын Абайдың аудармасындағы:

«Мен көрдім дүние деген иттің көтін,
Бүгінің жеп жүрген көп біреуі етін.
Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты бүтін, іші түтін» [2;13]–

деген жолдармен бастайды. Бұл жолдармен жазушы романның идеясын ғана емес, өзінің жазулы қазақ тарихында кеткен олқылықтарға толмайтын көңілін де жеткізгісі келгендей. Айтып

кеткенімдей шығарма әдеби ғана емес, тарихи шындық негізінде жазылған. Сондықтан бұл шығарма айтыла бермейтін тарихи шындықтың беті ашылған шығарма болып қазақ тарихында қалары сөзсіз.

«Әй, дүние-ай!» романының тақырыбы – ХХ ғасырдың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен 1991 жылы тәуелсіздік алғалы бергі қазақ даласында орын алған тарихи оқиғаларының сипаты. Роман үш бөлімнен тұрады: «Дейін» – Кеңес үкіметінің орнауына дейінгі кезең; «Кейін» – Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі кезең туралы. «Түйін» бөлімінде осы екі кезеңге кейіпкер Шәйінің көзімен талқылау жасалып, түйіні шығарылады [3].

Романның басты кейіпкері Шәйі – қазақ тағдырының көркем жинақталған тұлғасы. Жиырма төрт жасында жұбайы Тазабек жауыз орыстың оғынан қаза тауып, үш перзентімен жастай жесір қалған Шәйі 1932 жылғы ашаршылықтың қасіретін де көрді. 1939-1945 жылдары Екінші дүниежүзілік соғыста ұлдары Оралбек мен Кеңесбегі майданда қаза тапты. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде 16 жасар шөбересінің қаза болғаны Шәйінің жүрегі қарс айрылғандай жанына батты. Осыншама тағдыр тауқыметін бастан өткерген Шәйі ананың тағдырын бейнелеу арқылы бүкіл бір халықты басынан кешірген өмірін жеткізу жазушының таланты мен білімділігін дәлелдесе керек.

Романдағы күрескер қазақ рухын танытуымен даралана мінезделген Тазабектің отбасына, ағайын-туысына сол арқылы туған елімізге – қазақ халқына қызметі мағыналы іс-әрекетімен дәлелденген. Тазабектің образы қазақтың елі үшін жанын беретін қайсар ұлдарының, батырларының бейнесін көрсетеді. Оқырманды ойға түсіретін пікірлер де көбінесе Тазабектің тарапынан айтылады. Тазабек – қазақ тарихындағы ел қамын жеген батырлардың жиынтық бейнесі. Тазабек арқылы автор өзінің идеясын оқушының санасына сіңдіріп, жүрегіне жеткізе білген.

Романда айтылатын Кобзев, София деген адамдар өмірде болған. Ковзев – әнші, сазгер Қапездің әкесі Байғабылдың досы болған. Ал Софьяға келетін болсақ, Сопыйа – қазақты қырған орыс жендеттерін айыптаушы сол халық өкілінің көркем шындықпен сомдалған тұлғасы. Атақты ақын Көдек Маралбайұлымен бірге қазақ әндерін Қарқара жәрмеңкесінде шырқағанда: “Таза орыс екенін әйгілеп тұрған түрі демесең, қыздың киімі киісі, дауысы, тіпті жүріс-тұрысы – бәрі қазақы. Орыстың қызы қазақша ән айтады, қазақтың дәл бүйтіп жақсы көреді дегенге, көзі көрмесе, көңілі сенбес еді” – деп бейнеленген осы кейіпкер жоғарыда айтылған орыс қызын Софьяның – Сопыйаның өз өлеңін әндете шырқағаны да екі халықтың арасын байланыстырады:

Жайлайды Іле бойын албан, суан,
Қуаныш қысы-жазы қызық думан.
Қытайға бас сауғалап босып жатыр,
Орыстың озбырлығы – бәрін қуған.
Болғанмен затым – орыс, жарым – қазақ,
Ол тартқан маған да ортақ мұң мен азап.
Орыстан қазақ қашса, мен де қашам,
“Қазақтың келіні”, –деп қылар мазак [2; 80].

Кобзев пен Софья сияқты кейіпкерлерден орыстың мәдениеті мен таза пейілін байқаймыз. Сопыйа қайсар, бірбеткей, әділетті жақтаушы қыз боп суреттеледі. Кобзев те шығарманың сюжеттік желісіне бастан аяқ қатысып, қазақтың шаруаларымен мұндас болып көрінетін кейіпкер. Ол да қазақ секілді өз орысынан қорлық көрген. Сонымен бірге Тазабектің өртеніп жатқан үйінен отбасы мүшелерін тегіс аман алып қалған да орыс шаруалары еді. Ал, Сергейчук, Берг сияқты зұлымдар олардың бар жақсылығын жамандығымен жуып-шайып кетеді. Роман кейіпкері Тазабектің де түсінбейтін бір түткілі осы еді. «Бұл орыс дегенің қандай халық?» деп неше мәрте ойы сан саққа жүгіреді. Ақыры сол залым орыстың қолынан қаза болады.

Қазақ даласындағы ұлт-азаттық көтерілісі бұған дейін де әр түрлі жанрдағы әдеби-көркем шығармаларға азық болғаны рас. Олардың ішінде Жетісу жеріндегі Албан көтерілісі жайында қалам тербеген қаламгерлер көп-ақ. М.Әуезовтің «Қилы заман» повесі отаршылдықтың қазақ халқына көрсеткен жүгенсіздігін, әдіс-айласын әшкерелеген, халықтың бостандыққа ұшырап, жан-жаққа тараған (Қытайға ауып көшуі) азапты өмірін осы тақырыпта шебер суреттеген шығарма [4]. Дегенмен, егемендік тұсына дейін жазылған шығармалардың идеологиялық електен өткізіп, бар болмысы толық ашыла алмағанын ескеруіміз керек. Осы орайда, Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-әй» романы аталған олқылықтың орнын толтырып, ұлт-азаттық көтерілісінің Жетісу өңіріндегі бар бояуын нанымды көрсете алуымен құнды. 1916-1991 жылдар аралығындағы болып өткен оқиғалар баяндалады десек те, шығармадағы сюжеттер желісінің дені халықтың Қарқара жәрмеңкесіндегі патша әміріне жасаған қарсылығы мен оның салдарын суреттеуге арналады [5].

Осындай қиын күндерде қазақтың қисық мінезі көлденең тұрған бөгеттей болғаны роман кейіпкерлерінен байқалады. Ұлы Абай өмір бойы: «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не?» – деген сұраққа жауап іздейді үшінші қара сөзінде [6]. Шынымен де, қазақ арасында алауыздық көбейе түскен заман болды. Құрып бітуге шақ қалғалы тұрғанда бірін-бірі қолдаудың орнына, бір-біріне арыз жазғыш болып кетеді. Бәкеннің білімді бола тұра Тазабекке арыз жазуы нағыз наданның қылығын көрсетеді. Пішәннің өлім жазасына кесілуі оны құрметтейтін халықтың сағын сындырып кетті. Сондағы Қапездің айтқаны: «Қазақ десең, өзіңе тиеді, қазақ өзінен озып бара жатқанды, оңтайы келгенде, бір қағып қалмай отыратын ба еді?» [2; 248]. Қазақтың қиын уақытта біріге алмауы да осы себебі де осы бір сөйлеммен шебер берілген.

Романда қазақтың бірде сенгіш, аңқау мінезі бейнеленсе, бірде, бұған кереғар батыл, намысшыл қасиеті бой көрсетеді. Бейбітшілікті, жақсылықты сүйетін қазақ орыстың өзіне осылай күш көрсететінін күтпегені байқалады. Оқу оқымаған, білім білмеген халықты оңай жолмен құрықтаудың әр қилы жолымен орыс басқыншылары қазақты құрықтауға тырысып бақты. Халықты жоюдың астарлы жолдары, ең аяусыз, ең сорақы түрлері қолданылғандығы да жазушы тарапынан ашық айтылған. Жазықсыз жабылған жала, «қолдан» жасалған аштық, аяусыз қырып-жою, бұдан басқа толып жатқан сорақы әрекеттер жылдар бойы қазақ халқын тамырымен жоқ ету мақсатымен жасалғандығын айтқысы келген жазушы халықтың бүгінгі тәуелсіздіктің қадірін білуге, оның жолында жанын қиған ата-бабамызды ұмытпауға шақырады. Бас кейіпкер Шәйінің де тәуелсіздікке дейін өмір сүруі, оның түбі жоқ терең ойлары қаламгердің осы ойының айқын көрінісі.

Шығарманың көркемдік ерекшелігіне келетін болсақ, автор романды қарапайым, түсінікті тілмен жазған, сүйте тұра оның көркемдік қуаты басқа қазақ романдарынан қалыс қалмайды. Әрбір жұмсалған сөзі өз орнында, қажет жерінде тұр. Оның қарапайымдылығы романның беделін асқақтатпаса, керісінше болмайтыны анық. XX ғасырдың басындағы қазақ пен бүгінгі қазақтың сөйлеу тілінде үлкен болмаса да айырмашылық бар екені белгілі. Заманға сай, заманның қоғамына, әлеуметтік жағдайға, тарихи оқиғаларға сай тілдің дамып, өзгеріп отыратыны белгілі. Бәрінен бұрын, жазушы тілдің осы өзгешелігін көрсете білгені – оқырманға сол заманның исін мұрнына жеткізе білгені. Ауыл қазағының орысша сөзді қазақ тіліне икемдеп сөйлеуі, диалогтардағы жергілікті халыққа тән сөздердің қолданылуы оқырманды оқиғаның болып жатқан жеріне жеткізгендей болады. Шәйінің жұмсақ мінезі мен нәзік ішкі сезімін, Қалиша ананың аналық мейірімін суреттей білген жазушы Тазабектің болат темірдей берік мінезін, Сергейчук сияқты жауыздың ішкі арам пиғылын да нанымды суреттей білген. Кейіпкерлерінің мінезі ісіне сай үйлесімділік тапқан. Шығарманың көркемдік қуаты да осында болар. Тілінің шеберлігі мен байлығын және сөз қуатын адалдық пен әділдік үшін жұмсай білген, оны халыққа қызмет еткізе алатындай деңгейде қолданған. Қазақтың шешендігі, ділмарлығы, айтқыштығын көрсететін мақал-мәтел, нақыл сөздер өте шебер қолданылған. Нұржекеұлының қолданып отырған қарапайым қаншама қазақ сөзі адамды ойлы әсерге бөлейді. Билік тізгінінен айрылып, бодандықтың бұғауында тыпырлаған халықтың осындай мүшкіл күйге ұшырауын дәл көрсете алды.

Академик З.Қабдоловтың роман туралы ғылыми тұжырымы осы «Әй, дүние-ай!» атты эпикалық туындының поэтикалық сипатын тануымызға айқын бағдар береді: «Ал дәуірлік шындықты көркем жинақтау үшін жекелеген адам тағдыры жеткіліксіз, әр алуан әлеуметтік топтардың қым-қиғаш күрделі қарым-қатынастары, олардың мақсат мүдделеріндегі бірліктер мен қарама қарсылықтар, өмір тіршіліктеріндегі өзекті оқиғалар мен кезенді құбылыстар кең қамтылып, терең тұтастырылуға, сол арқылы жалпы қоғамдық дамудың заңдылықтары танытылуға тиіс. Романның көлемі үлкен, мазмұны қат-қабат, сюжеті мен композициясы орасан күрделі болу себебі де осыған байланысты» [7].

Эпика деген ұғымға қысқаша анықтама беріп кететін болсақ, В.Е.Хализев эпикалық және эпикалық лиризм, драматизм туралы тұжырымдарды стильмен байланыстырады. В.Е.Хализев Аристотельше, әдеби тек – көп жағдайда жинақтаушы және адам өмірінің негізгі формаларын бейнелеудің әр алуан тәсілдеріне негізделген әдебиеттің қалыптасқан тарихи жіктелуі болып табылатындығын айқындай келіп: “Демек, Аристотель әдебиеттің текке бөлудің негізі ретінде шындықты суреттеудің тәсілін қарастырады, эпос – оқиға туралы өз атыңнан айтылған әңгіме, баяндау, лирика – өз-өзіңмен сырласу, драма – суреттелген қаһармандардың іс-әрекеті. Гегель негіз ретінде бейнелеу пәнін қарастырды: эпос – оқиға, лирика – көңіл-күй жағдайы, драма – әрекет”, – деп тұжырымдайды. Эпос грекше сөз деген ұғымды білдіреді. Эпос кейіпкерлер тағдыры, олардың іс-әрекеті, көңіл-күйі, сюжетке негіз болатын өмірлік оқиғалары туралы баяндау екендігі мәлім [8].

Эпоста баяндау өткен шақта айтылады. Баяндау телімдері әдебиетте әр түрлі қолданылатындығы да белгілі. Баяндау кең мағынада алғандағы шығармадағы пейзаж, жағдай, кейіпкерлердің келбеті, көңіл-күйлерінің суреттелуі, тілдік бейнелеу, қайталаулар, автор сөздері, диалог пен монологтар, ішкі сөздер болып табылады. Сондықтан эпикалық шығармада баяндау доминант болады [9].

Эпикалық шығармада басқа өнер түрінде болмайтын кейіпкерлер саны оқиғалар, тағдырлар, детальдар болуы мүмкін [10]. Баяндау формасы тұрғысынан алғанда эпикалық шығармада адамның ішкі жан әлемі терең суреттеледі. Эпикалық шығармада қалыптасу үрдісіндегі күрделі характерлердің сомдалатындығы белгілі. Жоғарыда айтылған теңеулер бұл романда көрініс тапқан [11].

Романды оқып отырғанда кездесетін бір өзгешелік бар. Бұл – сөздердің емлесі. Жазушының айтуы бойынша қазақтың рай, иық, ию деген сияқты сөздерінің алдында «ы», «і» әріптері жазылуы тиіс. Дұрыс нұсқасы *ырай, ыйық, йю* болу керек. Сол сияқты, *сиқырлы, тиын, қиыр, қиын* т.б. сөздерде де «ы» әрпі түсіп қалғандығын, дұрыс нұсқасы сыйқырлы, тыйын, қыйыр, қыйын болып жазылу керектігін айтып дабыл қағады. Романда да өзі дұрыс деп тапқан нұсқаны қолданғандығы көрініп тұр. Бұл әріптердің түсіп қалуының басты себебі, кирилл әліпбиіне көшу кезеңінде қазақта жоқ дауысты «и» дыбысының қосылып кетуінен дейді жазушы. Сонымен қатар, бүгінгі күні үндестік заңының сақталмайтынын басты мәселелердің бірі деп біледі. Осы сияқты мәселелердің басы шешілетін болса, жаңа әліпбиге көшу барысында шешілу керектігін баса айтады. Әйтпесе, әліпбиді тектен текке ауыстыру ешқандай нәтиже бермейтіндігіне кәміл сенімді. Б.Нұржекеұлы емлеге қатысты қателіктерді тек айтып қана қоймай, оларды іспен көрсеткеніне «Әй, дүние-ай!» романыны дәлел.

Латын әліпбиінің нұсқаларын жасау барысында болған қателіктерге байланысты Бексұлтан Нұржекеұлы өз пікірін білдірді: «Бір дыбысқа – бір әріп» дегенге не үшін көшіп отырмыз? Біріншіден, үндестік заңы деген қазақ тілінің негізгі заңы бар. Соны басшылыққа алу үшін көшіп отыр. Осы уақытқа дейін басшылыққа алғанымыз жоқ. Ол қараң қалған екен.» Сонымен қатар, жазушы латын әліпбиіне көшудің саяси астарына да үңілді. «Күні ертең бірі латын, бірі кириллица болып, ел іші екіге бөлінбей ме», – деген қорқынышын да жасырмады [12; 161].

Нәтижелер мен тұжырымдар

Бексұлтан Нұржекеұлы сұхбатында: «Әй, дүние-ай» романын 2004 жылдан бастап жаздым. Біраз уақыт архивті ақтардым. Албан көтерілісін зерттедім» – деген болатын [13]. Романдағы ұзын тарихтың бір үзгі – 1916 жылдан басталған халқымыздың бір бөлшегі албан жұртының басынан өткерген қасіретті оқиғасы баяндалған. 2016 жыл – Алаш қозғалысының 100 жылдық мерейтойы. Бұл – аса елеулі, өте маңызды меже, Қазақ елі мемлекетшілдігінің асыл арқауы. Тарих пен ұлт шежіресін парақтап көрсеніз, сын сағаттарда халық Алашты еске алған. Ойының астарында, ділінің түкіпірінде, тілінің ұшында Алаш тұрған. Бұл – жай сөз емес, мың дәлелі бар дәйекті сөз. XX ғасырдың қан қасап кезеңінде – ашаршылығында, қырғынында, соғысында, тұтқынында, меңіреуінде, еңіреуінде – елдің қандай жағдайда болғаны ашық айқын жазылады. Қазір таза тіл, ұғынықты тіркес, жүйелі сөйлем іздесек, көркем сөзге ұста осы шығарманы оқып, оқиға дәл бүгін болғандай әсер аласың, шебер тілмен суреттелген бірегей шығарма. Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық межесінде дара жолымыздың тағылым-сабақтарын парақтадық. Үздіксіз, үзіліссіз алға жылжыған тарих көшінде ұлтты – ұлт, елді – ел еткен құбылыстар, оқиғалар, тұлғалар керемет суреттелген. Қазақстанның тәуелсіздікке жетуінің сан салалы жолы, белестері бар.

Шығарманы мектеп бағдарламасына енгізіп, оқушыларға оқыту өте маңызды. Ата-бабасының осыншалықты ауыр жолмен алған азаттығын әрбір қазақ азаматы бағалауға міндетті. Мұның басы мектептен басталатыны белгілі. Сол себепті де мұндай шығарманы мектеп оқушыларына оқыту – жастардың елім деп өсетіндігіне себеп бола алатыны анық.

Халықтың тағдыр тауқыметі баяндалатын бұл шығарма ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына арналады. Бұл – сөз зергерінің Бексұлтан Нұржекеұлының ұлы жүрегінен туған теңдессіз, қайталанбас туынды.

Қорытынды

Қарымды қаламгердің қай туындысын оқысақ та магниттей өзіне тартып, ерітіп, елітіп жіберетіні хақ. Күрделі, құрмалас сөйлемдерінің өзі жаныңа жақын, жағымды, жұғымды, жүрекке жылы тиіп жатады. Қаламгердің нағыз шынайылығы да сонда, оның кез келген әңгімесін оқығанда өзіңнің басыңнан кешіргендей әсерде қаласың. Сол шығарманың бірі – албан көтерілісіне арналған

«Әй, дүние-ай!» романы. Әңгіменің бүкіл өн бойында күрсінуінен өкініш, үрей мен қорқыныш қатар жүреді. Сол қанқұйлы оқиғаның ішіне еніп кетіп, одан шыға алмай, есеңгіреуді де бастан өткересіз. Шәйінің кемпір болып, жаны шығатын тұсымен аяқталған әңгіменің соңғы сөйлемі: Токсан бір жыл бойы бір кеудеде бір-бірімен арпалысып келген қуаныш пен қайғы сол кеудеде бір сәтте бірге тынышталды деп аяқталады. Оқырман да Шәйінің таусылған демімен бірге тыныштала алады. Бірақ жүректерді сыздатқан осыдан бір ғасыр бұрынғы ұлтымыздың басына төнген қара бұлттың қаншалықты қасірет әкелгендігін жайбарақат қабылдау әсте мүмкін емес-ау... Тарихты ұмыту, оны санадан өшіру болашағы бар ұлт үшін ұятты нәрсе. Сондықтан бабалардың басып өткен жолдарын, олардың бастан кешкен азаптарын қайтара көрмеу үшін жан- жағымызға тек ниеті түзу адамдарды жиып, көршілермен тату болып, ауыз бірлігіміз бен татулығымызды асқақтатып, бейбіт күніміздің кәдірін сезінсек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жазушы Бексұлтан Нұржекеұлымен сұхбатымнан 2.10.2017
2. Нұржекеұлы Б. «Әй, дүние-ай!»: Роман: - Алматы: «Жалын баспасы». 2016. - 328 б.
3. Нұржекеұлы Б. «Әй, дүние-ай!»: Роман: - Түркия, Анкара: «Бенгу баспасы». 2018. - 318 б. (Түрікшеге аударған Г.Шайкенова).
4. Әуезов М. «Қилы Заман» Повесть: - Алматы: «Ап Арыс баспасы» 2016. - 264 б.
5. Худайбергенов Н. Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романындағы жалпы адамзаттық құндылықтар / Вестник Национальной Академии Наук Республики Казахстан. 2017. № 365. 160-165 бб.
6. Құнанбаев А. Абайдың қара сөздері (Nasihatler):(аударған Зафер Кибар). Түркия, Анкара, 2014. – 152 б.
7. Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық – монография. – Алматы: Өлке. 2014. - 496 б.
8. Хализев В.Е. Теория литературы: Учебник/ 4-е изд., испр. и доп. М: Высш.кл., 2005 – 405 с.
9. Сөйлемез О. Юлдашев М. және т.б. "Қазіргі Түрік Әдебиеті-II". Ескішехир: Анадолу Университеті баспасы 2013. - 232 б.
- 10.Чернец Л.В. Литературные жанры. М.: МГУ, 1982. - 338 с.
- 11.Әбдіқұлова Р.М. Жанр және шығарма: Зерттеулер, әңгімелер. - Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. - 288 б.
12. Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту (Ақпараттық-медиа кеңістіктегі материалдар). 1-кітап. – Алматы, 2017. – 537 б.
13. Жазушы Бексұлтан Нұржекеұлымен сұхбатымнан 02.10.2017

References

1. The interview with the writer Beksultan Nurzhekeuly 2.10.2017, Almaty
2. Nurzhekeuly B. "Ai, Dunia-ai!" Roman: - Almaty: "Publishing house Zhalyin" 328 p.
3. Nurzhekeuly B. " Ai, Dunia-ai!": Roman: - Turkey, Ankara: "Publishing house Bengu ". 2018. - 318p. (Translated into Turkish by G. Shaikenova).
4. Auezov, M. "Kily Zaman" Novel: -Almaty: "Publishing house Arys" 2016.- 264 p.
5. Khudaibergenov Zh. "Human Values in the Beksultan Nurzhekeuly's Novel "Ai, Dunia-ay!" Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan ISSN 1991-3494. Volume 1. Number 365 (2017) 160-165, Almaty.
6. Kunanbayev A. Book of Words: (Translated into English by Zafer Kibar). Turkey, Ankara, 2014. –152 p.
7. Kabdолоv Z. Sozoneri: Textbook - monograph. - Almaty: Region. 2014. -496 p.
8. Halizev V.E Theory of Literature: The Teaching book / 4th ed., Thesis. And additional sources. 2005 – 405p.
9. Soylemез, Orhan. Yuldashev, Marufjon etc. "Cagdash Turk Edebiyatları-II". Eskişehir: Publishing University Anadolu 2013-232 p.
10. Chernets L.V Literary Genres: MGU. 1982, - 338 p.
11. Abdikulova RM Genre and work: Studies, stories. - Almaty: "Karatau CB" LLP: "Dastur" 2016. - 288 p.
12. New national alipbi: to develop Kazakh writing (materials in media and communication)
13. The interview with the writer Beksultan Nurzhekeuly. 02.10.2017, Almaty

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ РОМАНА БЕКСУЛАНА НУРЖЕКЕУЛЫ «АЙ, ДУНИЕ-АЙ!»

Г.Б. Шайкенова

PhD докторант специальности «Турецкий язык и литература»
Университет им. Омара Халисдемира, г.Нигде, Турция, email: gulshat84@mail.ru

В статье рассказывается о романе известного писателя Бексултана Нуржекеулы «Ей, Дуние-ай!», посвященном национально-освободительному движению 1916 года. В романе рассказывается о социальном

положении того времени, бесправном положении народа, исторических событиях в Казахских степях. Дается объяснение идеи автора относительно этих описаний в работе. В статье кратко описывается каждый персонаж, занимающий значительное место в романе. Особое внимание уделяется стилю писателя, художественному оформлению романа, преувеличениям и недостаткам. Объясняется одна из ключевых особенностей - грамматические различия в произведении, которые автор считает правильными в написании. А также анализирует характер нации, данный автором через персонажей.

Ключевые слова: национально-освободительное движение, народ, стиль, особенность, идея, архив

ARTISTIC PECULARITIES OF THE NOVEL “AI, DUNIA-AY!” BY BEKSULTAN NURZHEKEULY

G.B. Shaikenova

PhD student of the specialty «Turkish language and literature»
Omar Halisdemir University, Nigde, Turkey, email: gulshat84@mail.ru

The article deals with the novel by the famous writer Beksultan Nurzhekeuly "Ai, Dunia-ai!" dedicated to the national liberation movement of 1916. The novel describes the social situation of the time, the dispossession of the people, historical events in the Kazakh steppes. Given an explanation to the author's idea concerning these descriptions in the work. The article briefly describes each character who occupies a significant place in the novel. Special attention is paid to the style of the writer, the artistic design of the novel, exaggerations and shortcomings. One of the key features - the grammatical differences in the work, which the author considers correct spelling is explained. And also analyzes the character of the nation given by the author through the personages.

Key words: national liberation movement, people, style, feature, idea, archive

Редакцияға 03.12.2018 қабылданды.

Қ.МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫНЫҢ «ТАР КЕЗЕҢ» РОМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚАҒАРМАН БЕЙНЕСІ

А.Е. Айтбаева¹, Б. Қожжекеева²

¹доцент, ф.ғ.к., қауымд. профессор

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда

²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,

email: Bekzada61.2018@gmail.com

Мақалада XVIII ғасырдағы Елек пен Жайық бойын мекендеген қазақ халқының хал-жағдайы мен ауыр тұрмысы суреттелген Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романы туралы айтылады. Елдің жағдайына алаңдап аянбай күрес жүргізген Сырым батыр бейнесін толықтыратын тарихи деректер келтіріліп романдағы оқиғалардың ақиқаттығы зерттеліп, зерделенеді. Патшалық Ресейге бағынып, оның отарына айналған қазақ халқының тар кезеңге тап болғаны тарихи негізде нанымды суреттелген. Батыр бейнесін сомдауда өзіне дейін жазылған шығармаларды назарда ұстап қана қоймай, батыр өміріне қатысты негізгі оқиғаларды іріктеп алуға ден қойған жазушының шеберлік қыры мақалада ашық көрініс тапқан. Қазақ деген халықтың ел айтып жүргендей көшпелі, жабайы халық емес екендігін басқа халықтардың да мойындаған мысалдар арқылы көптеп келтіріледі.

Түйін сөздер: патшалық империя, халық, жазушы, дала өркениеті, жауынгер, қазақ

Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романына арқау болған - XVIII ғасырдағы белгілі өңірдегі тарихи оқиғалар. Бұл тұста Елек пен Жайық бойын мекендеген қазақ халқы ата-бабасы мекен еткен атақоныстарынан ығыстырылып, екі жақты талауға түскені тарихи мәліметтерден белгілі.

Осы кездегі елдің хал-жағдайы мен ауыр тұрмысы халық ақындарының Сырым батыр туралы жырларында да кеңінен жырланғаны мәлім болса, жазушы да осы шындыққа аса көңіл бөлгені романдан менмұндамайды. Мәселен, мына тарихи дерек Сырым бейнесін толықтыруға қызмет етіп тұрғаны белгілі. «Маған патша тарапынан толып жатқан сыйлықтар жіберілсе де және одан менің атыма тыныштық орнат деген арнаулы жарлық келсе де, бұл туралы генералдан, бір емес талай жарлық келіп отырса да, мен осының бәріне қарамастан, орыстарға сенбеймін. Бұдан бұрынғы үш жылдарда ұстап алған балаларымызды қайтарып бермесе және сұмырай Даниланы (яғни Донсковты – М.В.) қызмет орнынан алмаса олардан қандай жақсылық күтуге болады» [1; 11].

Көріп отырғанымыздай ол ел мен жер мәселесі тұрған жерде ешнәрседен аянбайды да, қорықпайды да.

Романдағы оқиға Ресейдің астанасы Санкт-Петербургтегі тарихи оқиғадан басталады. Оқырман ә, дегенде II Екатеринаның сән-салтанаты келіскен патша сарайындағы қабылдауына тап болады. Жазушы патшайымның қабылдауына жиналған әрбір кейіпкеріне тәптіштеп сипаттама береді. Бұдан алғаш кездескен кейіпкерлердің барлығы дерлік алдағы негізгі оқиғаға тікелей араласатын жандар болғандықтан автор олар туралы толыққанды мәлімет беруге тырысқаны байқалады. Мәселен, мына үзіндіге үңіліп көрелік: «Императрица бұларды Петр ағзамның аруағына бағышталған әйгілі қызылқүрең залда қабылдайтын болған екен. Барон мұны іштей ырым ғып, жақсылыққа жорыды. Өйткені, басқасын былай қойғанда, колонналарының өзі аршыған жұмыртқадай кіршіксіз ақ мәрмәрден тұрғызылып, қабырғаларына қан түстес күреңқызыл барқыт тұтылған; ал төбесіндегі әлкей-күлекейлері мен әшекейлі айшықтары кіріп келгенінде көзінді тұндыратын бұл залда, – әйгілі Петр ағзамның залында – көп аса кісі қабылдана бермейтін. Сондықтан, осы залда қабылдауды барон ерекше ықылас-пейілдің белгісіндей көрді» [2]. Сән-салтанаты келіскен сарайды мұқият суреттеуге себеп болған нәрсе – ол қазақ халқының болашақ тағдыры. Жазушы осында жиналған әрбір кейіпкердің қазақ тағдырына тікелей араласатын билік иелері екенін назарда ұстап отырған.

Мәселен, Мемлекеттік әскери коллегия президенті Григорий Александрович Потемкин мен оның қабылханасына (аудиенциясында) келген генерал-майор Осип Андреевич Игельстром мансаптарының өзі-ақ олардың атқаратын қызметтерін айғақтап тұрғандай. Жазушы бұл оқиғаның 1785 жылы өткенін нақты көрсету арқылы шығарманың тарихилығына назар аудартып отыр. Ал, Сыртқы істер коллегиясының екінші басшысы Александр Андреевич Безбородкоға берілген: «Иә-ә... патшайым анамыздың оған шексіз сенетіндігі соншалық, граф Безбородко қызметке ұсынған адам өтпей қалған емес. Өзі де сақ кісі ғой, қолына алған әрбір ісін жеті рет өлшеп барып, бір-ақ кеседі» [2;12] – деген сипаттама оқырманға ол туралы толыққанды мәлімет береді. Әрбір бастаған істі «жеті

өлшеп, бір кес» деп түсіндіретін қазақ үшін Безбородконың сауысқаннан сақ қылығының өзі-ақ ол туралы көп сырдан хабар беріп тұрғандай. Ендеше осы аталған шен-шекпен иелері Қазақстанның батыс өңірінде өтетін тарихи оқиғаларға тікелей араласатындығы дау туғызбаса керек. Себебі, бұл – XVIII ғасырдың соңы қазақ тағдырының шырғалаңға түскен кезі болатын. Жазушы аталған романда Елек пен Жайық бойында қазақтардың тығырыққа тірелуін олардың ата-қонысынан айырылғандығымен нанымды суреттеген.

Көркем шығармаға негіз болған уақыт пен сол уақытта өтіп жатқан оқиғаның үндестігін тарихи мәліметтер толықтырып отырады. Бұл кезде қазақтар жан-жақты талауға түсіп, тығырыққа тірелгені тарихтан белгілі. Казак-орыстар, башқұрттар мен Еділ қалмақтарының кезек шабуылынан тұралаған халықтың тығырықтан шығар жолы қалмаған да еді. Талауға түскен халықтың аянышты тұрмысы Нұралы ханның өзін тығырыққа тірегені белгілі.«Қазақстан тарихында» хандықтың ыдырауы Нұралы ханның кемшілігі, оның тәжірибесінің саяздығы ретінде түсіндіріледі. Алайда 1822 жылы Бірінші Александр патша «Сібір қырғыздарының уставын» жариялағаны белгілі. Сол устава:

1. Қазақ елінде бұдан былай «Болыстарды сұлтандар басқарады;
2. Болыстарды «округтерге билік жүргізетін сұлтан сайлайды;
3. «Сұлтан атағы атадан балаға мұра боп қалады» [3; 401-402] – деп көрсетілген.

Міне, ел басқару жүйесіндегі осындай жоғарыдан басқару, яғни отаршыл империяның қол астындағы халықты «бөліп ал да, билей бер» деген саясатының негізінде жасалғандығы анық. Олар үшін қазақ хандығын құлату – мемлекетті жою еді.

Жазушы осындай сәтте елді тығырықтан алып шыққан Сырым батырдың бейнесін жан-жақты сомдау үшін оның тек батыр емес, «сегіз қырлы, бір сырлы» жан болғанын назарда ұстап отырған. Осындай мақсатпен романда оның билік шешімдеріне көбірек көңіл аударылған. Ол жөнінде әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеукунов былай дейді: «Тар кезен» романының басты идеясы – Сырымның осы би ретіндегі образында жинақталған. Бұл бидің ел басқарудың жаңа, тарихта бұрын-соңды кездеспеген тәсілін ойлап тапқаны – тарихи факт» [4].

Сырым батырдың Кіші жүз жұртына сенімділігі мен беделі туралы Орынбордың генерал-губернаторы Игельстром да 1789 жылы 10 мамырда Екатерина II патшаға жолдаған түсінігінде: «Бүкіл Ордада одан атақты, одан артық старшина жоқ... – дейді Игельстром. Сырымның артықшылығы көп. Бүкіл Орда оның аузына қарап, айтқанын істейді деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, жиындарда Сырым не ұсынса, Орда, халық оған сенеді де орындайды. Осыған қарап, оны Ордадан алып, тұтқынға ұстау пайдалы бола ма, жоқ па, ол мәселені Ұлы мәртебелі император, сіздің көрегендігіңізге қалдырамын» [2] – деген болатын.

Міне, осындай тарихи деректерге сүйенген жазушы жалаң баяндаудан аулақ. Оның басты себебі – Сырымның өміріне қатысты тарихи мағлұматтардың көптеп сақталуы. Еліміз егемендік алған соң осындай тарихи құжаттарды іздестіруге, оны ғылым мен әдебиетте еркін қолдануға мүмкіндік туды. Міне, осы мүмкіндікті тиімді қолданған жазушы батыр бейнесін сомдауда өзіне дейін жазылған шығармаларды назарда ұстап қана қоймай, батыр өміріне қатысты негізгі оқиғаларды іріктеп алуға ден қойған. Осы оқиғалардың нақтылығы мен деректілігі жөнінде тарихи романдарды тыңғылықты зерттеп жүрген әдебиеттанушы ғалым Г.Орда былай дейді: «Шығарманың тарихилығын арттырып тұрған тарихи құжаттар десек, жазушы 1749 жылғы 6 қарашадағы, 1760 жылғы 18 шілдедегі, 1776 жылғы 25 маусымдағы, 1779 жылғы 4 қазандағы, 1783 жылғы 3 шілдедегі жарлықтардан үзіндіні орынды келтірген» [5].

Бірінші тарауға негіз болған оқиға Санкт-Петербургте өткенмен оның қазақ халқына тікелей қатысты екендігін жазушы Игельстромның ұсыныс-тілектері арқылы растауға тырысқан. Ол Уфа мен Сібір әкімшілік аймағының наместнигі, генерал-поручик Аким Иванович Апухтиннің орнына баратын болғандықтан біріншіден, өзіне дейінгі жарлықтар мен қарарлармен жақынырақ танысу керектігін, яғни тарихи ахуалдың қандай екендігіне көңіл аударады.

Екіншіден, баратын елі туралы толыққанды мәлімет алу керек. Бөтен елге, бөтен жерге барғанда оларды басқаратын адамның олар туралы білуі қажет. Міне, жаңа басшының көздеген осындай мақсаттары оның алдында үлкен міндеттердің тұрғанын түсіндіреді. Құжаттарды ақтарған сайын Урал шекара бекетіндегі елмен жақынырақ тілтабысу, олардың мақсат-тілектеріне құлақ түру қажеттілігі өзінен-өзі айқындала түседі. Осыны жазушы кейіпкердің: «шайқаса-шайқаса шаршаған күннің өзінде, арқа тұтып келген алып елден тауфих таба алмай түңілген жұрт тілі, ділі, діні жақын аржақтағы Орта Азия хандықтарына қарай ауа көшіп кетсе де, бізге жақсы бола ма екен?», – деген ойына сыйғызған.

Бұдан шығатын қорытынды – қазақ елін отаршыл империяның мойындай бастағандығы. Ыждағаттылықтың арқасында 1751 жылдың 29 қаңтарындағы сауда-саттықты жолға қою

мақсатымен жасалған Неплюев пен Тевкелев жобаларының өмір тәжірибесімен ұштастырылмағандығы. Жоба қағаз жүзінде қалған да оны орындаушылар жобаны өмірдегі іс-тәжірибеге асырмаған. Жазушы осындай ұсақ детальдарға мән беру арқылы қазақ елінің тығырыққа тірелген күйінің себеп-салдарын ашуға ден қойған.

Осындай мысалдың бірі – Польша жерінде жүрген инфантерия генералы Игельстромның Императрицаның қабылдауында болып, өзінің ұсыныстарын айтуы. Патшайымға 1775, 1784 жылғы Ережелермен жақынырақ танысқандығы, алайда осында жазылған заңдар мен үкімдердің дұрыс орындалмағандығы туралы пікірінің өтімді болғандығы нақты деректерге сүйенгендігінен көрінсе, мұның өзі оған деген сенімнің арта түсетіндігін байқатады. Игельстромның пікірінше саудасаттықты сол шекаралардың түбіне апару керектігі. Ал Императрицаның: – Қай түкпірде, қандай киянда жүрсеңіздер де, Ұлы Россия, орыс халқы, Россия тәжі мен тағы Отан алдында еңбегі адал ұлдарының қызметін ешқашан ұмытқан емес, барон мырза! Өлі күнге құлқы беймәлім, мінезі әрпіл-тәрпіл мынау басы асау қырғыз-қайсақ жұртын жөнге салып, күллі Ресейге ортақ Заң жолына бейімдей алсаңыз, сөйтіп оларға да тәртіп пен тыныштық орната алсаңыз, Ұлы Россияға сіңірген ұлық еңбегіңіз ескерусіз қалмайтынына бек сене беріңіз, – деген сөзі Игельстромға деген үлкен міндетті танытуға қызмет етеді.

Осылайша патшалық империяға бағынғандарына жарты ғасыр болған қазақ халқының олардың заңдарына бағынбай келе жатқандығын байқатса, ол халықтың да тегін емес екендігі белгілі. Міне, жазушының да алдына қойған мақсаты – осы. Ол дала өркениетін қабылдаған жауынгер қазақ халқының сан ғасырлардан бері қалыптасқан өздерінің ата заңы бар, олар сол заңға ғана бағынады. Оларды күштеп, зорлап айтқаныңа жүргізе алмайсың дегенге саяды.

Кезінде хан көшіне шабуыл жасаған атаман Чагановтың өзін тізгіндеп тезге салған Сырым патша үкіметі үшін де осал жау емес. Аңыз әңгімелер мен тарихи жырларда жағымды кейіпкерлерді асыра суреттеу басым болса, романда әрбір кейіпкердің ет пен сүйектен жаралған екі аяқты пенде екендігіне көзіміз жетеді. Ақ патшаның атаманын Жайық қалашығына жеткізбей тұтқындайтын Байбақты Сырымның ержүрек батырлығы оны алыс жерге тұтқынға сатып жібергендігімен толыға түседі. Осы сотқарлығы үшін ол кезінде патша ағзамның тас түрмесінде төрт ай отырып та шыққан. Бұлардың айтуына қарағанда Сырым баскесер қарақшы тәрізді ой қалдырады. Ал тарихи құжаттар оның әлсізге тізе батыратын әумесерлігін жоққа шығарғандай. Міне, қазақ елімен шекараға қызметке келе жатқан Игельстромды осындай сан сауал мазалағаны рас. Ой құшағында қалған кейіпкердің монологу мен патшайымға жасаған ұсыныстарының өзі оның бейнесін толықтыруға қызмет етеді.

Сырымның орыс хуторларын шабуының да өзіндік себептері бар секілді. Құжаттарға қарап отырса, казак-орыстардың қазақ ауылдарына тыныштық бермегені сайрап тұр. Аңыз-әңгімелердегідей емес романда әрбір оқиғаның астарына үңіліп, оның себеп-салдарына әлеуметтік талдау жасау басым. 1785 жылғы ақпан айының басында Санкт-Петербургтегі Әскери Коллегия Президенті генерал-фельдмаршал Потемкиннен келген бұйрықты жүзеге асыру барысындағы оқиғаға назар аударып көрелік. Орынбор мен Оралдағы казак әскерлерінің құрамында башқұрттардың көптеп болғаны белгілі. Діні жағынан келгенде олар мұсылман халқы болғандықтан қазаққа жақын. Алайда қазақтарды шабу оларға да оңай емес. Жазушы мұсылман бауырлардың осы сәттегі көңіл күйлері мен жан тебіреністеріне мешіттің азаншысы Шәпи молданың ықпалы болғандығын назарда ұстауға тырысқан. Жұма намазға жиналғандарға намаздан кейін айтылған уағыздың өзі-ақ сол жерге жиналғандардың ертеңгі жоспарына күдікпен қарағандығын растайды.

Осы сәтті жазушы былай сипаттайды: «Самсаған сары қолдан жаны шошып, шын торыққан Шәпи сол күні тебірене толқи тұрып, Жаратқан Иемізге жаман қатты жалбарынып еді. Кім біледі, мыңның тілегі емес, бірдің... бір ғана соның тілегі қабыл болды ма... Әйтеуір, Електің жоғарғы жағындағы қазақ ауылдарын шабамыз деп, мұздай қаруланған екі жүз елудей казак-орысты басшы етіп, оған екі мың жарымға жуық башқұртты қоса ертіп, сондарынан екі ауыр зеңбірек сүйретіп, 1785 жылдың 17 ақпанында Орынбордан шыққан осынау отряд, – майор Смирнов бастаған қарулы қол, – қаладан едәуір ұзап шыққан соң айдалада ақ түтек боранға ұрынып, әлденеше күн адасып, бірталай адамдары мен ат-көліктерінен айырылып, өз-өздерінен азып-тозып, ақыры жарты ай шамасында шаһарға әрең қайта оралған» [2]. Құран-кәрімнің сүрелерінде «Алланың жәбірленуші жағында» екендігі баса айтылады. Осы қағидаға сүйенетін болсақ, басқыншылардың қазақтардың жеріне қол салуын Алла тағаланың өзі де қолдамай тұрғандай әсер береді. Ақ түтек боранға ұрынған әскердің аш-жалаңаш күйде қалаға тоз-тозы шығып келуі біріншіден, олардың бөтен жердің климатын білмейтіндігі болса, екіншіден, жат жердің тасы мен суы да жаттық жасайтындығы. Олай болса, сырттан келгендердің жергілікті халыққа тізе батыруының өзі – отаршылдықтың белгілері.

Отаршылдықтың осындай көрінісінің бірі – ақпанның 17 жұлдызындағы Теке казак-орыстарының шабуылы. Сарайшық қамалынан аттанған Колпаков пен Пономарев отряды Құр Ойыл бойындағы Қаракөл мен Қарабаудағы Беріштер мен Адайлардың ауылына шабуыл жасайды. Алаңсыз отырған қазақ ауылдарын шапқан шапқыншылар 102 адамды тұтқындап, 2955 жылқы мен 83 түйені Орал қаласына айдап кете барады. Алаңсыз жатқан бейбіт халықтың тыныштығын бұзғандарымен тұрмай, оларға экономикалық шығын келтіріп жатқандардың патша ағзамның қарамағындағы әскери қызметкерлер екендігін есімізге алатын болсақ, осының өзі жергілікті халықтың наразылығын арттырып, теке-тіресті ушықтыруға себеп болып тұрғаны белгілі.

Донсковтың жас офицер Петр Назаровқа берген тапсырмасы әскери бұйрық болғандықтан оның орындалатыны даусыз. Алайда казактардан барымталаған олжаның тең жартысы ғана өзіне тиесілі екенін ұққан жас офицердің казактарды аяусыз шабатыны тағы да белгілі. Қулығына құрық бойламайтын зымиян офицердің түнделетіп казактардың ақсақ-тоқсақ, арық-тұрық аттарын жайылып жүрген қазақ жылқыларына қосып жіберуі оқиғаны ширықтыра түседі. Волгаға дейін орналасқан орыс хуторларын шапқан Әжібек пен Жиенбет тәрізді табын руының жылқысын айдап әкетуді көздеген Назаров Айшуақ сұлтанның жылқысына тап болғанын ол кезде білген жоқ еді. Шайқаста Айшуақ сұлтанның баласы Апақтың қазақ болуы казак-орыстар мен казактар арасындағы шиелісті ушықтыра түседі. Жазушы ел арасындағы оқиғаларды осындай нақты оқиғаларға қатысқан тарихи кейіпкерлердің өмірі арқылы тиянақтап отырған.

Романдағы кейіпкерлер жүйесі жөнінде Ш.Елеуенов былай дейді: «Қажығали романында негізгі үш тұлға айырықша бой көрсетеді. Біріншісі – Ұлы мәртебелі II Екатерина патшайым. Екіншісі – құрылғанына екі жылдай ғана болған Уфа және Симбирск әкімшілік аймағының әкімі яки генерал-губернаторы, генерал-поручик Осип Андреевич Игельстром. Үшінші тұлға – қазақтың атақты биі әрі батыры – Сырым Датов. Үшеуінің де кемесі – тарих айдынында ұлтаралық қатынастардың заманынан озық рейдін жасағанымен ел есінде қалған» [6]. Себебі бұл кейіпкерлердің барлығы да өмірде болған, қазақ халқының тарихына қатысты негізгі оқиғаларға тікелей араласқан тарихи тұлғалар.

Үшінші тарауға негіз болған оқиға казактардың жеңілісімен аяқталған. Жас офицер Назаров бастаған казак-орыс әскерлерінің шекара сызығына жақын жерде жайылып жүрген ханның жылқысын айдап алып кетуі, Айшуаққа берген Орынбор шекаралық экспедициясының рұқсат қағазын Назаровтың жыртып тастауы, онымен де қоймай баласы өлген Айшуақты тұтқындап алып кетуі хан-сұлтандардың ғана емес, исі қазақтың мойнына қасірет бұғауын мықтап салғандығының белгісі ретінде суреттелген.

Төртінші тарау генерал-поручик Игельстромның келген бойда іске қызу кірісуімен басталады. Уфа және Сіңбір аймағының жаңадан тағайындалған наместнигін Петербордан шыққан ұзақ жолда мазалаған ой – шекара бойындағы ахуалдың асқынып кетпеуі. Жазушы үш қабатты тас үйдің ішінде өтіп жатқан алқалы кеңестер мен сол жерде талқыланған мәселелер арқылы генерал-майор Александр Александрович Пеутлингтің кім екендігінен, ой-мақсаттарынан хабар береді. Жаңа келген басшыға ел ішінің жағдайын, әсіресе соңғы уақытта бірнеше жерде өршіген шабуылдарды жасырып қалуы оның екіжүзділігін ғана емес, ақ патшаның сенімді өкілдерінің жасап жатқан екіжүзді әрекеттерінің көрінісі еді. Іздеушісі де, сұраушысы да жоқ ақ патшаның қол астына бағынған ұсақ ұлттарға жасалған шабуыл Ресей империясына деген көзқарасты өзгертетінін олар ол кезде ойлағысы да келмеді. Алайда Сырым бастаған қолдың Рештейнер мен Овчинниковтың отрядын баса жаншып, 21 казак пен 40 башқұртты тұтқынға алуы, Таналық қамалын босатуы жауырды жаба тоқуға келмейтіндігін байқатты. Шекара экспедициясының бастығы генерал-майор Зенбулатовтың хаты Пеутлингтің құпия шабуылдарын әшкерелей түсті.

Намазтауда ата-баба рухына Құран-кәрім бағыштап, жау қолындағы Таналықты босатуға аттанған Сырым батырдың қолы күн санап көбейе түседі. Бұл кезде исі қазақ бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды. Қолға қол, батырға батыр қосылғанын жазушы былай суреттейді: «Аламанның мынадай көңіл ауғанына көзі қуанған қолбасы Сырым, соңына мың-мыңнан сарбаз ертіп келген серіктері – батыр Барақ пен Тіленшіге; Шектінің қызу қанды жас батыры Көтібарға; Тіленшімен бірге Елек бойынан кеп қосылған Таманың ел ағалары, ағайынды Қадыр мен Садырға; сондай-ақ өзінің Байбақтылары мен Сұлтансиықтың жалпы жұртқа белгілі басты-басты кісілеріне де ендігі істің жай-жағдайын осы жерде тағы бір пысықтады» [5; 252].

Орынбор мен Текеден аттанған атты казак әскерін ел үстіне жібермей, маң далада майдандасуды көздеген Сырымның соғыс тактикасын еркін меңгергені оның соғыс стратегі екенін айшықтай түссе, Жайық шебіндегі қамалдарға емес, «ит арқасы қияндағы» Иректіге келуінің басты себебі – туған жердің ойы мен қырын алақандағыдай білетіндігіне мысал. Жайықтың жоғары жағына

жесір алу қамымен келген олар қолға түскен тұтқындарын өз адамдарына айырбастамақ. Олардың ішінде, әрине, жазықсыз, қапыда кеткен Айшуақ сұлтан да бар.

Сырымның ұрыс заңын меңгергендігі жауды қамалда отырғанда ала алмайтындығын біліп, оларды қалай да далаға шығарудың жолын қарастыруы. Көктен сұрағандары жерден табылып, тұтқындарын босатпақ болып қамалдан өздері шыққан әскер мен Сырым батырдың қолы кескілескен ұрыс салады. Сырымның соғыс тактикасын меңгергеніне соғыс тәсілдерін әп-сәтте өзгертуі негіз болады.

Осы оқиға жөнінде Г.Орда: «Таналық секілді мықты қамалының тал-түсте шабылуы Уфа мен Сімбір әкімшілік аймағын аяқ астынан аяғынан тік тұрғызды. Губернатордың қабылханасында бас қосқан шұғыл жиынның негізгі мәселесі де осы Таналық қамалының шабылуы еді. Игельстром жиналғандардың пікірлерін мұқият тыңдау арқылы істің ақ-қарасын шешу үшін мәселені бейбіт түрде келісіммен шешуге бел буды. Барып кел, шауып келдің күні өткенін ол қарамағындағыларға Императрицаның сөздері арқылы түсіндірді. Әскери атаман Акутин, премьер-майор Донсков тәрізді қызметкерлердің пікірін тыңдау арқылы қазақтардың ішінде генерал Суворовтың өзі мойындаған Сырым батыр сынды батырлары бар екені, олардың кезінде Пугачев көтерілісіне қатысқаны жөнінде мәлімет алады. Қарымта қайтару үшін қатаң жазалауға болмайтынын түсінген Игельстром екі жаққа бірдей бейбіт келісім жасау керектігіне тоқталады» [7; 82] - деген болатын. Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, Императрицаның өзіне деген үлкен сеніміне аса қошеметпен қараған Игельстром бұл мәселені де мұқият шешу керектігін түсінді.

Жергілікті халықпен тілбабысу үшін олардың өздеріне сенімді өкілдерімен келісімге келу керектігін пайымдаған Игельстром Шекара істері жөніндегі экспедицияда істейтін титулярный советник Нұрмұханбет Әбдіжәлеловті (Нұралының күйеу баласы), Айырбас Сарайдың делдалы Шүкірәліні, мешіттің молдасы Шәпиді қабылдап, олардың ұсыныс-тілектерін қабылдайды. Жергіліктің ұлттардың өкілі ретінде келген кісілердің әрқайсысына мұқият қырағылықпен қараған басшы сол өкілдер арқылы қазақ деген халықтың ел айтып жүргендей көшпелі, жабайы халық емес екендігін түйсінеді.

Оны жазушы былай сипаттайды: «Риза болғаны – осы уақытқа дейін төңірегіндегілер: «тағы», «жартылай жабайы», «бұлармен сөйлескеннен гөрі, азулы жыртқыштың өзімен аңдысып-арбасқан әлдеқайда жеңіл» деп, әбден түңілдіріп тастаған мына қырғыз-қайсақтар, қарап отырса, әлгіндей сөздерді айтып жүргендердің өзінен әлдеқайда әдепті де сыпайы; үлкенді – үлкен, кішіні – кіші деп орнымен сыйлай білетін жұрт екенін өз көзімен көріп, бұл елді мүлде басқа жағынан танығаны бір болса; оның үстіне бұлардың аса маңызды шаруаларға да атүсті қарамайтын, әр нәрсені артқы жауапкершілігі мен ұятын ойлайтын арлы халық екендігіне сүйсінгендігі де бар еді» [2; 331].

Жазушы осы оқиға үстінде кеңестік дәуір тұсында көп айтылған «тағы», «жартылай жабайы» деген сөздерді белгілі мақсатпен тырнақшаға алып отыр. Осы сөздер арқылы қазақ халқының ұлылығын мойындамай келген отаршыл империяның ішінде де көзі қарақты жандардың болғандығы қуантады. Жазушы Игельстромның көзқарасын жеке адамның емес, патшалық империяның қазаққа деген көзқарасының өзгеруі ретінде алған.

Қорыта келгенде, романда Жайық казак-орыстары мен башқұрттар Еділ қалмақтарының талауына түсіп, Нұралы ханның тығырыққа тірелгені, Патшалық Ресейге бағынып, оның отарына айналған қазақ халқының тар кезеңге тап болғаны тарихи негізде нанымды суреттелген.

Сырым батырдың елі мен жері үшін өз басын өр өлімге тіккенін, белін шешіп аттан түспегенін, ақ патша мен ханға елінің сөзін сөйлегені үшін жақпағанын тарихи құжаттар растайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сырым батыр Датұлы. Орал, 1992.
2. Мұханбетқалиұлы Қ.. Тар кезең. Тарихи роман. Алматы. «Мереке» баспаасы. 2012.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы. «Санат». 1966.
4. Орда Г. Қазіргі қазақ романындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім // Жұлдыз. – 2016. – №8. – Б.159-170.
5. Тар кезең тағылымы (Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романы туралы) // Егемен Қазақстан. – 3 қыркүйек, 2014.
6. Елеуенов Ш. Шығармалары. I Т. Тәуелсіздік көзімен. – Астана: Фолиант, 2011. – 536 б.
7. Мұқтар Ә.Қ. Нұралы хан және Сырым батыр. Тарих. Тағдыр. Тұлғалар. Қостанай, 2011.

ОБРАЗ НАЦИОНАЛЬНОГО ГЕРОЯ В РОМАНЕ К.МУХАНБЕТКАЛИУЛЫ
«ТАР КЕЗЕҢ»

А.Е. Айтбаева¹, Б. Кожжекеева²

¹доцент

² к.филол. н., ассоциированный профессор,

¹Кзылординский государственный университет им.Коркыт ата, Кзылорда, Казахстан

²Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

email: Bekzada61.2018@gmail.com

В статье рассматриваются исторические события из жизни казахского народа, проживавшего вдоль рек Елек и Яик в XVIII веке, которые нашли отражение в романе К.Муханбеткалиулы «Тар кезең». Писателем создан яркий образ Сырым Батыра, возглавившего освободительное движение. Исторически казахский народ в условиях российского колониального режима переживал тяжелый период. В статье анализируются героические подвиги Сырым Батыра, воспетые благодаря мастерству писателя. Тот факт, что казахский народ не был диким, малочисленным народом, иллюстрируется свидетельствами представителей других народов, описанных в романе.

Ключевые слова: царская империя, народ, писатель, степная цивилизация, воин, казах

THE IMAGE OF A NATIONAL HERO IN THE NOVEL BY K. MUKHANBETKALI "TAR KEZEN"

A.E. Aytbayeva¹, B. Kozhekeyeva²

¹ associate professor

² Cand. Sci. (Philology), associate professor,

¹Kyzylorda State University named after Korkyt Ata

²Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

email: Bekzada61.2018@gmail.com

The article discusses historical events in the life of the Kazakh people, who lived along the rivers of Elek and the Yaik in the XVIII century, which are reflected in the novel by K. Mukhanbetkaliy "Tar kezen". The writer created a vivid image of Syrym Batyr, who led the liberation movement. Historically, the Kazakh people in the conditions of the Russian colonial regime experienced a difficult period. The article analyzes the heroic deeds of Syrym Batyr, sung thanks to the skill of the writer. The fact that the Kazakh people were not a wild, small people is illustrated by the testimonies of representatives of other peoples described in the novel.

Key words: Tsarist empire, people, writer, steppe civilization, warrior, Kazakh

Редакцияға 12.02.2019 қабылданды.

АУЫЗЕКІ ӘҢГІМЕЛЕР – ЕЛ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ

Т.К.Әлбеков

ф.ғ.к., «Қолжазба және текстология» ғылыми-инновациялық бөлімінің меңгерушісі,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан, email: tokhtar58@mail.ru

Зерттеудің бастауында ауызекі әңгімелердің құрылымы, халық прозасының өзгеде жанрларымен арақатынасы, таралу аясы, өзіндік ғылыми сипаты, нақты тарихи оқиғаларға қатыстылығы, олардың тарихи тұлғалар өмірдеректерін қалыптастырудағы маңызы сөз болады. Ауызекі әңгімелердің сюжеттері жаңа замандағы, бергі оқиғаларды қамтытындықтан және зерттеудің көлемі шығын болу себепті оның негізгі ғылыми нысанасына қазақ жеріндегі алғашқы кен орындарының бірі Қарағанды көмір өндірісінің Қазан төңкерісіне дейінгі, кеңестік кезеңіндегі тарихи оқиғаларға қатысты, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске белсенді түрде қатысқан, ауыр зұлматы басынан кешірген адамдар туралы, ұлы Абай өмірінің кейбір тұстарын көрсететін, оның адамгершілік қасиеттерін айқындайтын туындылар алынып, Қазақстан тарихында беймәлім болып келген кейбір тарихи деректер ғылыми айналымға түсірілді.

Түйін сөздер: фольклор, ұлт-азаттық, ауызекі әңгімелер, тарихи тұлғалар, ауызша тарих, сюжет

Халық прозасының ауызекі әңгіме жанрында белгілі бір оқиға сенімді, әрі қарапайым тілмен баяндалады. Ол шағын болғанымен, өзіне тән баяндалу тәсілі, көркемдік жүйесі, композициялық, сюжеттік құрылымы болады. Ауызекі әңгімеге қатысты басты ерекшелік, онда баяндалатын оқиғаның желісі аса кең уақыт кеңістігін қамтымайды және халық прозасының өзге жанрларына қарағанда, таралу аясы шектеулі, нұсқалық үлгілері некен-саяқ. Көбінесе, айтушы өзінің басынан кешірген жайттарды, болмаса жеке басы қарым-қатынаста болған адамның көрген, білген, тіпті, естіген әңгімелерін сөз етеді. Сондықтан бұл жанр – халық прозасының миф, ертегі, хикаят, эпсана, аңыз сияқты салаларына қарағанда жинақы, нақты, шынайы сипатқа ие. Әрине, қай кезеңдерде де халық өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдағы болып жатқан басты оқиғалар туралы ауызша әңгімелер туғызып отырған. Алайда, уақыт өтіп, ауыздан-ауызға таралу барысында олар түрлі өзгерістерге ұшырағандықтан, көпнұсқалық сипатқа ие болған. Сөйтіп, бара-бара ертегі, аңыз т.б. жанрларға ауысып, бүкілхалықтық мұраға айналған.

Тағы бір айта кетерлік жайт, әңгімелердің таралу аясы жалпыхалықтық деңгейде өріс ала алмайтындығынан, сондай-ақ қарапайым ауызекі тілде баяндалатындығынан, жазба көркем әңгімелер секілді қалыптасқан әдеби нормаларға, стилдік қағидаларға бағына бермейді. Әңгімеге арқау болған жерге, өлкеге, аймаққа ғана тән жергілікті, кәсіби, диалекті сөздер, тіркестер, мақал-мәтелдер, нақылдар т.б. көптеп кездеседі.

Әр кезеңдерде жазып алынып, сирек қорларда жинақталып қалған, болмаса бүгінге дейін азды-көпті басылымдарда жарияланған мәтіндерді жүйелеп, ғылыми саралау барысында «Ауызекі тарихи әңгімелердің» тақырыптары: Қазақстандағы тұңғыш өндіріс орны Қарағандының жерінен тас көмірдің табылуы, Ресей өкіметінің шешімімен оның ағылшын кәсіпкерлеріне сатылуы, қазақтардың көмір қазу кәсібіне мамандануы, жұмысшы болып қалыптасуы, олардың ауыр тұрмыс-тіршілігі жөнінде халық туындылары, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске белсенді түрде қатысқан, ауыр зұлматы басынан кешірген адамдардың әңгімелері, Абай және оның айналасын, Ақан сері, Балуан Шолақ, Қажымұқан т.б. өмірін, халыққа жасаған қайырымды істерін баяндайтын шығармалар т.б. болып жалғаса беретінін көруге болады.

Ал «Новеллалық ауызекі әңгімелерге» негізінен жекелеген адамдардың болмыс-бітіміне, тұрмыс-тіршілігіне, кәсіп-мамандығына, көзқарас-ұстанымына қатысты туындылар жатады. Мысалы, бағзы замандарда да, тіпті бүгінгі күннің өзінде де қиыннан қисын табар, ой-қиялы жүйрік қуақы, қу тілді, тапқыр, ділмар адамдар көптеп кездеседі. Ұрпақтан ұрпаққа тарап, қазақ қоғамының әр кезеңдерінде бой көрсететін түрлі адамдардың саналуан мінез-құлықтары, ерекше қасиеттері, болмыс-бітімдері, іс-әрекеттері қулардың жиынтық бейнесі ретінде көрініс береді. Қуларға, тапқырларға, шешендерге қатысты ауызекі әңгімелер көбінесе жиын-тойларда, бас қосуларда, қонақ-кәде үстінде тыңдарман қауымның көңіл-күйін көтеру үшін, болмаса дүниеқор, пасық үй иелерін, немесе қарсы адамдардың, билік иелерінің қайырымсыздығын, әділетсіздігін, үстемдігін тікелей сынап, бетіне басу мақсатында арнайы дайындықсыз, табан астында туындап отырған. Айырықша

ескере кететін жәйт, мұндай әңгімелер орнымен, жүйелі түрде, халықтың қалжыңдасу дәстүрімен, қысқа мазмұнда айтылатындықтан, тыңдарман жадына жылдам жатталып, ел арасына тез таралған.

Өзге жұрттар сияқты қазақ халқында да мергендік, аңшылық, құсбегілік, саяткерлік туралы, тұрмысқа, ұрлық-қарлыққа т.б. байланысты новеллалық әңгімелер мол сақталған. Олардың көпшілігі қызықты оқиғалар желісіне құрылып, тыңдаушыны таңдандырып, өзіне еріксіз тартып отырған. Әсіресе, саяткерлік әңгімелерде қиялға беріліп, әсірелей, асыра айту үрдісі белең алған. Ал тұрмыстық әңгімелерде кәсіп-мамандық, тарихи жағдайлар, жеке адамдардың басынан өткен ауыр жайттар, қилы-қилы тағдырлары баяндалады.

«...Әңгімелерде өмірдің ащы шындығы бейнеленеді. Халықтың мұң-мұқтажын, арманын, үстемдік етушілерге деген ашу-ызасы мен күресін бейнелейтін әңгімелер өмір сүруін тоқтатпай, дамып отырды. Халық оларды тыңдап, ұзақ уақыт бойы есте сақтап, ауыздан-ауызға таратып отырды. Әңгімелерден сол кездегі уақыт ағымын, халықтың дүниетанымын сезуге болады. Кей әңгімелер өзінің көркемдік түрі жағынан қанша әлсіз болса да, тарихи танып-білерлік материал ретінде құнды болып табылады. Тарихи анықтық, нақты шындық – міне, осылар өткен ғасырлардағы әңгімелердің сапасын білдіреді.

...Фольклордың басқа жанрларына қарағанда ауызша әңгіме қандай да бір оқиғаға негізделіп туындайды. Болған оқиғаны бейнелеп шығады. Тарихта белгілі, атақты адамдардың көбінесе ауызша әңгімелерде бейнеленуі, міне, сондықтан. Оқиға болып кеткеннен кейін бірден туындаған ауызша әңгімелердің фольклорлық өмірі көп жағдайларға байланысты. Егер әңгіме өмір ағымына сай келіп, әрі қызықты болса, кең тарап, халықтың жадында қалады. Олардың мазмұны өзектілігімен, қоғамдық маңыздылығымен, көпшілік сұранысымен ерекшеленеді» [1, 10-11 бб.].

Жер қойнауының байлығымен бүкіл әлемге танылған Қарағанды өңірінің, қаласының, көмір өндірісінің тарихы қарапайым көшпелі малшы баласы Аппақ Байжанұлының есімімен тығыз байланысты екендігі мәлім. Оның 1833 жылы шамасында қой жайып жүріп суыр інінен тауып алған «жылтыр тастары» ауыл жұртын таңдандырып, кейін олардың тас көмір екендігі анықталып, Сармантай деген қазақтың иелігіндегі бұл жер (1856) көпес Н.Ушаковпен 250 сомға сатылып, «Қаразабой» алғашқы кен орны жұмысқа қосылған еді. Басында ол Спасск мыс балқыту зауытының ғана қажеттілігін өтеп отырды. ХХ ғасырдың басында «Ушаков және компаниясы» кәсіпорындары қаржылық қиындықтарға ұшырап, кен орнын алдымен кәсіпкер Жан Карноға (сол тұстағы Сади Карно Франция президентінің ұлы) жалға беріп, соңында Николай II патшаның қолдауымен түбегейлі сатылған (1905). Араға екі жыл салып өндіріс Джим Герберт басшылығындағы «Спасск мыс рудаларының акционерлік қоғамы» мекемесінің басқаруына беріледі. Өңірде Кеңес өкіметі құрылған жылы (1918) «Спасск мыс балқыту зауытын» және басқа көмір кәсіпорындарын мемлекеттің меншігіне өткізіліп, Қарағандыға аумағында алғаш А.А.Гапеев геологиялық барлау жұмыстары жүргізіледі. Сөйтіп, Кеңес кезеңінде бұл өңір КСРО көлеміндегі аса ірі көмір бассейніне айналады. Қарағанды өндірісінің тарихына байланысты әңгімелерде Аппақ баланың тас көмір көзін табуы туралы ауыздан бастап кеңестік кезеңнің 50-60 жылдарына дейінгі тарихы баяндалады. Әңгімелердің дені шахтерлердің аузынан жазылып алынғандықтан, олар боямасыз, қарапайым тілмен жеткізілген. Алайда, кеңестік идеологияның салдарынан таптық көзқараста, коммунистік ұстанымдардың ықпалында айтылып, шынайылықтан алшақтаған тұстары да байқалмай қалады. Сондықтан кейбір әңгімелерді оқи отырып, біржақты саясаттың, жалаң пролетариаттық өмір-салттың көріністері айқын көрініс береді.

Профессор А.Гапеевтің жетекшілігімен 1920 жылы Қарағандыға келген геологиялық-барлау экспедициясы туралы, ғалымның жеке қызметі жөнінде сол кезде көмір шахталарының бірінде жұмыс істеп жүрген Шәйт Асайыновтан 1956 жылы жазылып алынған мына әңгімеде жан-жақты сөз болады. «...Гапеев екі күндей тынықты. Ол кезде біздер қазған көмірімізді ауыл-ауылға таратып, тамаққа айырбастап отыратын едік. Қой сойып, қонақасы бердік. Қонақасыны қалай берді десейші? Біз оны былай бердік: бір көгалды жерде, ашық далада. Гапеев әйеліне айтып жатыр:

– Мұны қазақша ет дейді, – деп. Ол екі кісіге бөлек табақ жасап, бас тарттық. Нариман Ахметов түсіндіріп отыр:

– Сойылған малдың басы мал кімге арналып сойылса, соған беріледі, – деп. Сөйтсе, Гапеев қазақтың ол дәстүрімен ертерек таныс екен. Өйткені 1916 жылы Екібастұзда болып қайтқан екен. «Жақсыда жаттық жоқ» деген ғой. Сол күннен бастап-ақ үйреншікті адамымыздай болып кетті.

Содан Гапеев бір жаз бойы болды. Бұрынғы ескі шахталарды аралады. Біршеті Майқұдық, Соқырөзені, Соранға дейін, осы Қарағандыны түгел тексерді ғой. Мен және Жүніс дейтін кісі бар екеуміз алғашқы күннен бастап қашан Қарағандыдан қайтқанынша Гапеевтің қарауында жұмыс істедік. Бірақ қазір бізді ұмытып та қалғаншығар...

Бір күні бір қызық уақиға болды. Қарағандыдан ұзай бердік. Жаңбырсыз, бұлтсыз күндері жеткен жерімізге түней де салып жүрдік. Оған ішімнен ренжіп те жүрдім.

Бір күні күндіз атып алған бес-алты үйректі асып жеп, Соқыр өзенінің бойында жатып қалдық. Гапеевтің қасында жүретін Виктор деген жігіт бар еді. Таңертең бәріміз де тұрдық. Гапеев те тұрған. Ал әлгі Виктор ұйықтап жатқан-ды. Бір кезде «түр!» деп оның үстіндегі көрпесін біреу жұлып алды. Дәл бауырында от орнындай болып иіріліп бір қарашұбар жылан жатыр. Гапеевтің зәресі ұшып кетті. Виктор әлі ұйықтап жатыр. Оны оятсақ, қозғалып кетуі мүмкін. Байқамай жыланға соқтықса, жылан шағып алуы мүмкін. Сондықтан бір адам қолынан, бір адам аяғынан сүйреп ала қаштық. Төсек қозғалғанда жылан басын ортасынан шығарып, қайқайтып ала қойды. Виктордың зәресінің кеткені-ай! Сонан кейін далаға сирек қонатын болдық-ау! Сол жылы күзгі суық түсе қайыра қайтып кетті. Содан кейін қайтып оралған емес. Кісі-ақ еді!» [2].

Бүгінгі күнге жеткен ауызекі әңгімелерде белгілі бір тарихи оқиғалар сенімді, әрі қарапайым тілмен баяндалатыны аңғарылады. Көбінесе, айтушы өзінің басынан кешірген жайттарды, тарихи оқиғаларды, болмаса жеке басы қарым-қатынаста болған адамның көрген, білген, тіпті, оқиға кейіпкерінің аузынан естіген әңгімелерді сөз етеді. Әсіресе, халықтың басынан өткен ауыртпалықты сәттерді, қанды оқиғаларды, отаршылдарға қарсы күрестерді, ел басшыларының, батырлардың, тарихи тұлғалардың ерлік, азаматтық істерін бейнелетін деректік мазмұны басым әңгімелер көптеп кездеседі. Мысалы, Орталық ғылыми кітапханадағы есімі белгісіз сарбаз жеткізген «1916 жылғы Ақмола уезі, Сарыарқа болысындағы көтеріліс» атты ауызекі әңгімеде қарусыз ел адамдарының мұздай қаруланған патша әскерлеріне қарсы көтеріліс шынайы баяндалады. Дәлел үшін әңгімеден қысқаша үзінділер келтіруге болады.

«...Ізін суытпай 1916 жылғы 25 июльде «Қазақтан қара жұмысқа кісі берсін!» деген бұйрық жетіп келді.

Елдің жүрегі енді аузынан шықты, «салдат сұраған екен» деп шошыды. Болыстар бұйрықты орындағанын тәуір көрді. Ел бермегенін көздеді. Көзқарасы бұзылды, болыстар ұлықтығын істей бастады, оған ел көпшілігі көнбеді. Жанжал болды, болыс, тілмаш, ауылынайлардың қағазын, мөрін тартып алды, кісі, тізім бермейтіндікке бекіді, «Қарсы тұрамыз, қасықтай қанымыз қалғанша патшаның, төрелердің әділсіздігіне көнбейміз!» деген бірлікті күшейтті. Бұрынғы ру араздық қалып, мейілінше бауырмал болды. ...Қысқасы, соғысуға бетті түзеді, арабастық сайлап, ретпен соған бағынды. Осы күнгі Сарыарқа болысы (ескіше Көнек, Қарағаш) деген елден екі мыңдай кісі әскерлік сабына тізілді. Басқа жақтан өзі тіленіп келген де бар. Бәрі үш мыңнан артық кісі болды. Сентәбр айының іші, Аймысық деген таудың бауырында көп қосын шеру тартып жатты.

Қолдарындағы қаруы, машина темірінен ұсталарға соққызған айбалта, найза, кейбіреулерінде бытыралы мылтық, қынапсыз ескі қылыш, киімдері: кигізден істелген көнек (ескі батырлардың сауытындай); бастарында: төбесі жіңішке, ұзындығы екі қарыс, сайларын қызылмен жүргізген құлақшын тәрізді қоқима бөрік, іштерінен шандыған арқан, кейбіреулері жіңішке шыбықтан шарбақ тоқып киген (бұлардың бәрі оқ өтпестің амалы). Бұл уақытта осы күнгі Қорғалжың болысы (Тінәлі деген ел) бір пристопты Рақымжан деген азаматтың басшылығымен өлтірген. Содан 300 салдат шыққан хабар келген.

...Бірталай қазақтан ұстаған тұтқындары бар 200 салдаттың келіп қалғанын білді, алдынан қазақ әскері қарсы шығып, енді соғыс болды. Орыста мылтық бар деген қазақтың есінде жоқ, өшігіп отырған көңілмен көкбар тартқан адамдай қаптап атты қойды. Тоғыз атты салдаты бар, өңгесі арбада, аттылар арбаның екі жағына кезек шыға састы. Қазақтар таяна бергенде арбаның қазақ жағына шығып алып, аттан түсе қалып мылтықты қардай жаудырды. Жаяулары да атып жатыр, мылтықтың оғы бұршақтай түсіп, түтіні тұмандай болды. Әлі қазақ қайтқан жоқ, алдымен Әбділда Бекұлы деген бір азамат жетіп барып, найзаны сала бергенде, өкпеден тиген көп оқтың күшімен қалпақтай ұшып түсті. Онымен қоса апыр-топыр қазақтан құлап-құлап қалды, кісі қалып, ат ойнақтап шығып жатыр, ат жығылып, кісі мінгесіп жүр, салдаттар маңына жолатпады. Қазақ әскері кейін серпілді.

Санап келгенде өлген атта есеп жоқ, жиырмаға жуық кісі өліпті. Бұрынғы ойдай болмады, әскердің көбі жасырынып қашып жатыр, бастықтары айқайлап тоқтатып жүр. Енді қолтықтаспады, алыстан қоршап жүріп алды, әйтеуір, орысты жүргізбеді. Орыс та сасайын деді. Қысқасы, осымен шөлге екі күн қамады. Үшінші күні артынан 500 салдат ел шетіне келіп қалды деген хабар келді. Енді әлінің келмейтінін білді ел, мұнымен өз бетімен қоя беріп, әскер тарап, елді көшіріп Шуға қарай қашуға бет түзеді. Бір күн, бір түн тоқтамай көшіп «Ескене» деген жерге барғанда, кейінгі 500 салдаттың алды қуып жетті. Соғысарлық шама жоқ, әскер тараған, ел қашып құтыла алмады. Сол жерге қонды. Атқа мінер ел адамдары қашып, қатын-бала, шалдар қалды. Орыс түгел жетіп, қалған елді түгел тұтқын қылды.

...Кез-келген қазақ баласының қоянша секіріп өліп жатқанының саны жоқ. Ел малдан, жаннан безді, әке баладан айырылды, қашқаны аң болды, қашпағаны мылтық пен қылыштың жүзінде қор болды. Ел адамдары «Қиямет осы!» десті. Қалған ел қарады, жүзін берді. Хан болдың деп елдің бас көтерерін (Алсын, Оспан тағы бірнешелерін) тұтқын қылып, Ақмоланың қаласына алып кетті» [3].

Бұл – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің бір ғана көрінісі. Ал шаң басып, сарғайған қолжазбалар қаншама тарихи оқиғаларды, деректерді жасырып жатыр. Ол жағы көптеген зерттеушілерге беймәлім.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде өткен тарихи оқиғалар мен танымал тұлғаларға байланысты туындаған ауызекі әңгімелерде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістен өзге халықтың басынан өткен қилы-қилы кезеңдер, ауыр трагедиялық жағдайлар, ел тағдырына жауапты белгілі қайраткерлердің көркем бейнелері айшықталады. Олардың қатарында ұлы Абай мен әкесі Құнанбайға, атасы Алшынбайға, маңайында Қиясбай, Көкбай, Базарәлі, Көкше, Мырзахан т.б., Абдрахман, Уәсила, Әубәкір, Ақат секілді туыстары жөніндегі, Балуан Шолақ, Қажымұқан, Ақан сері, Шорманның Мұсасы, Шоң, Саққұлақ билер жайындағы, атақты аңшы-мергендер, саяткерлер, күлдіргі-қулар, айтқыш-шешендер мен тапқырлар туралы әңгімелер бар. Солардың бір тобы – Абайдың әділ билігін, ақыл-парасатын, адамгершілік қасиеттерін ашып көрсететін туындылар. Солардың сапындағы мына әңгімені семейлік Қ. Хайроллаұлы 1947 жылы белгісіз айтушыдан жазып алған:

«... Бұл кезде Бибіш Абайдың қолында болған кездерінде Абай 34 жаста еді. Бұл 1879 жылдарында. Қайнағам Естемір Игембай баласы жылқысын бақты, күйеуім Шынтай қойын бақты. Мен үй шаруасына айналыстым. Жиыны – Абайдың өзімен, оның балаларының қолында 13 жыл болдым. Ең алғаш барғанымызда малымыз жоқ, қамқор адамның қарамағында барған едік. Он үш жылдың ішінде бізге 500 қой бітті. Мен Абайдың қолына барғанда 19 жаста едім. 32 жасымда өз еркіммен қайта көштім» [4].

Осы бір әңгіменің өзінде Абай мен оның ұрпақтарының әділдігін, кісі ақысына қиянат жасамаған адалдығын, әлсізді демеп отыратын жомарттығын көруге болады. Бұл Кеңес кезеңіне дейінгі қазақы қоғамдағы қожайын мен қызметшінің, жалшы-малшының арасында қалыптасқан қарама-қайшылықтың (оппозициялық пиғылдың – Т.Ә.) Абайдың азаматтық ұстанымдарынан сырт екендігін білдіреді. Абай талғамы бойынша әр адамның маңдай терімен келген еңбегі адал бағалауы тиіс.

Біз бұл ретте бірер тарихи ауызекі әңгімелерге ғана тоқталып өтуді мақсат тұттық. Себебі, халық прозасының өзге жанрларына қарағанда, тарихи мазмұндағы әңгімелердің деректілігі үлес-салмағы басым келеді. Сондықтан бұл жанрдың тарихилығын да түбегейлі түрде зерттеу қажет етіледі.

Түйіндеп айтқанда, осы шағын ғана шолу еңбектен бағзы замандардан бері атадан балаға ауызша тарап келген халықтың прозалық мұралары, әсіресе аңыздар мен ауызекі әңгімелер ұлттық тарихтың қайнар көздерінің бірі екендігіне көз жеткізгендей болдық. Оларда баяндалатын оқиғалар, көрсетіліп отыратын деректер, қайраткер тұлғалардың өмірі мен қызметіне қатысты мәліметтер – көркемдік қиялдың жемісі емес, керісінше, нақты тарихтың, дәлелді шындықтың нысанды белгісі ретінде аса құнды. Себебі бұл жанрларды қамтытын туындыларда реалды кейіпкерлердің аты-жөні, атқарған іс-әрекеттері, яғни тарихи бейнесі шынайы суреттеледі. Бұл аңыз-әңгімелерде көркем қиял мүлде болмайды деген біржақты тұжырым емес. Рас, қоспа, қиял кездеседі, бірақ миф, ертегі, хикая, хикаят жанрларындағыдай кең ауқымды қамтымайды. Мәселен, шежірелік аңыздарда қазақ халқының, оның бірлестіктерінің, ру-тайпаларының, төре-төлеңгіттері мен қожаларының ата-тегін көркем сөзбен баяндай отырып, ұлттың сан ғасырлық тарихнамасын, тұтас бір ұлттың өсу-өрбу жолдарын айқындап береді.

Күй аңыздарда дәстүрлі қазақ музыка өнерінің, жекелеген туындылардың шығу тарихын баяндау арқылы ұлттық руханияттың негізін қалаушы Қорқыттан кейінгі ұлы өнерпаздардың өмірі мен шығармашылығын, олардың әр кезеңдердегі мәдениетке қосқан үлесін айқындауға, сөйтіп, біртұтас мәдениетінің біртұтас тарихын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал топонимдік аңыздардың да деректік сипаты, тарихи негіздері басым болып келетінін аңғаруға болады. Ұлы даланың әрбір тасы, тау мен ойы, сай-саласы, өзен-көлдері атауларының жеке-жеке шежіресі оларды қоныстанған ру-тайпалардың, қайраткерлер мен батыр-баһадүрлердің тарихымен тығыз байланыста өрбіп отыратындығы аңғарылды. Тарихи аңыздарға арқау болған ұлт-азаттық идеясы қашанда елдің еркіндігі мен бостандығын, ерік-жігерін, ерен ерлігін ту етіп, тәуеліздік ұстанымдарын сан ұрпақтың санасына сіңіріп келді. Ел басына күн туған сын сәттерде аңыз әңгімелер әр азаматтың жүрегіне асқақ рухтың ұрығын септі, отансүйгіштік сезімін оятты. Ауызекі әңгімелердің оқиғаларын айтушы өзінің басынан кешіріп, болмаса оған қатысты кейіпкердің аузынан есту арқылы баяндайтындықтан,

аңыздарға карағанда бұл жанрлардағы туындылардың деректілігі басым болып келетіндігіне көз жеткізілді.

Ұзақ жылдар бойы бабалардан аманат болып жетіп, елдің сирек қорларында жатып қалған араб әліпбиінің шағатай, қадім, төте жазуларда хатқа түскен бұл жәдігерлер толық жарияланбағандықтан, бүгінге дейін олардың зерттелуі де кемшін болып келді. Сондықтан зерттеушілерге де, жалпы оқырмандарға да қолжазба мәтіндермен танысудың мүмкіндігі аз болды. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясы (2004-2013) осы олқылықтардың орнын толтырып, бірегей топтаманың 80-89-томдары аталған жанрларды қамтыды. Сөйтіп, қазіргі буын мен кейінгі «Мәңгі ел» азаматтарының қазақ халқының өткен тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрін, фольклорын кең ауқымда оқып-тануына, құрмет көрсетуіне, отансүйгіштік рухта тәрбиеленуіне мүмкіндіктер туғызды. Бұл үрдіс халық әдебиетінің негізінде ұлттық тарихты толықтырып, жаңаша жазуға зор ықпалын тигізеді деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

Әуесбаева П. Алғы сөз //Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2013. Т. 96: Ауызекі әңгімелер. – 432 б.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Қолжазба қоры. 432-бума.

Орталық Ғылыми кітапхана. 1022-бума.

Орталық Ғылыми кітапхана. 629-бума, 10-дәп.

УСТНЫЕ РАССКАЗЫ – ИСТОЧНИК ИСТОРИИ НАРОДА

Т.К. Албеков

к.филол.н., руководитель научно-инновационного отдела «Рукописи и текстология»

Институт литературы и искусства им.М.О.Ауэзова, г.Алматы, Казахстан

Алматы, Казахстан, email: tokhtar58@mail.ru

В начале исследования речь идет о составе устных рассказов, о взаимосвязях народной прозы с другими жанрами, ареале распространения, научные характеристики, отношение к подлинным историческим событиям, и их роли в формировании источниковой основы жизнедеятельности исторических личностей. В научный оборот впервые вводятся малоизвестные до настоящего времени сюжеты устных рассказов, охватывающих исторические события досоветского и нового времени. Поскольку формат исследования носит ограниченный характер, в его основу легли трагические моменты восстания на Карагандинском угольном бассейне, повествования о судьбах людей, погибших в период восстания 1916 года, некоторые исторические сведения из биографии Абая, характеризующие его гуманистическую сущность.

Ключевые слова: фольклор, национально-освободительный, устные рассказы, исторические личности, устная история, сюжет

ORAL STORIES - THE SOURCE OF HISTORY OF PEOPLE

T.K. Albekov

Cand. Sci. (Philology), head of scientific-innovation department "Manuscript and textual criticism»

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan, email: tokhtar58@mail.ru

At the beginning of the research, there is the discussion of the composition of the oral stories, the interaction between the folk prose and other genres, the area of spread, scientific characteristics, attitudes to real historical events, and their role in formulation of the source basis of vital activity of historical personalities. For the first time the little-known plots of the oral stories covering the historical events of the pre-Soviet and modern times have been introduced into scientific circulation, and since the format of research is limited, it was based on the tragic moments of the uprising in the Karaganda coal basin, the narrative about the fate of people who died during the uprising of 1916, some historical information from the biography of Abay, characterizing his humanistic essence.

Key words: folklore, national liberation, oral stories, historical personalities, oral story, plot

Редакцияға 13.02.2019 қабылданды.

ӘЛІШЕР НАУАИДЫҢ «МУХӘКӘМӘТУЛ-ЛУҒӘТӘЙН» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН АУДАРЫЛУЫ

Т.Е. Қыдыр¹, Ж.Б. Бейсенбинова²

¹ Ғылыми жетекшісі: филол.ғ.к., доценті,

² шығыстану факультетінің 2-курс магистранты,

^{1,2} әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

email: beisenbinovazh@gmail.com

Мақала түркі әлемінің ойшылы, сөз зергері, ортағасырдың ұлы ақыны Әлішер Науаидың лингвистикалық трактаты «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» (Екі тілдің таласы) шығармасына арналады. Әлішер Науаидың түркі тілі мен парсы тілін бір-бірін салыстыру арқылы түркі тілінің үстемдігін көрсету мақсатында жазылған шығармасы еді. Шағатай тілінде жазылған «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» еңбегі әлем ғалымдарының қызығушылығын тудырған. Осы мақалада бұл шығарма төңірегінде жасалған аудармалар мен зерттеулерге шолу жасалады.

Түйін сөздер: Науаи, «Мухәкәмәтул-луғәтәйн», қолжазба, шағатай тілі, парсы тілі, аударма, әдебиет

Тіл – қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге әр халықтың ұлт ретінде ұйысуының, өмір сүруінің басты нышаны. Тілі жойылған халықтың өзі де жоғалаты анық. Сондықтан да ұлт қамын ойлаған жандар қашанда ана тілінің тағдырына бейжай қарамаған. Орта ғасырларда Ислам өркениетінің аясына ұйысқан түркілер де өз тілдерінің ертеңгі күніне алаңдаушылық білдірген. Қараһандықтар билігі тұсында өмір сүрген Махмұт Қашқари: «Қасірет мұңын түсіндіріп, шағыну үшін түркілерге өз тілінде сөйлеуден басқа жол жоқ. Өзінің ортасындағы жауларынан жерініп келгендерді түркілер әрқашан қамқор қанатының астына алып, төнген қауіп-қатерден құтқарады. Олармен бірге басқалар да пана табады. Сол себепті түркі тілін үйренудің қажеттілігін өмір талабы мен ақыл таразысы әбден дәлелдеді» [1; 35] - деп жазса, оның замандасы Жүсіп Баласғұн: «Арабша, тәжікше кітаптар көп, Ал, бұл-біздің тіліміздегі тұңғыш даналық жинағы» [2; 15], деп, сол кездегі түркі тілінің хал-жағдайын ашына отырып жазған. Ислам мәдениетімен бірге келген араб, парсы тілдері дінді жаңадан қабылдаған халықтардың тілін жұтып жіберудің алдында тұрғанын Ахмет Иасауи да өз хикметтерінің бірінде атап өтеді [3; 100]. Осыдан-ақ тіл үшін күрестің тарихы тереңде жатқанын көреміз.

Қараһандықтар билігі тұсында өмір сүрген ақындар тіл тағдырына алаңдаушылық білдіріп, өз шығармаларының ішінде атап өтсе, бертін келе бұл мәселе кеңінен қозғала бастаған. Ғылым мен әдебиеттің тілі ретінде мойындалған араб һәм парсы тілдері XIII-XIV ғғ. түркі жазба тілін ығыстырып, ғылыми айналымнан шығара бастағанын сезген Әлішер Науаи «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» атты шығарма жазған. Науаи бұл туындысында парсы мен түркі тілінің сөздік қорын салыстырып, түркі тілінің өмір сүруге хұқы бар екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шыққан. Жастайынан араб, парсы һәм түркі поэзиясына қанық болып, елу мыңнан астам жыр жолдарын жатқа білген [4; 206] ақын өз шығармалары арқылы барша адамзат баласына ортақ кемелдік ұстындарын жырлаған. Сондықтан да оны тек бір халық әдебиеті көлемінде ғана атап өту жеткіліксіз болар еді. Ең алдымен, Әлішер Науаиды орта азиялық түркі тілінде (қазір ол ескі өзбек тілі деп аталып жүр) сонау XV ғасырда ғажап көркем туындылар жасаған, бұл тілдегі әдебиетті көп ғасырлық дәстүрі бар тәжік-парсы әдебиетінің биігімен теңестірген алып шайыр деп білеміз [5; 112-113].

Әлемдік әдебиетке Фердоуси, Сағди, Жәми сияқты алыптарды берген парсы поэзиясының дәстүрінде әдебиетке келген Әлішер алғашында өлеңдерін парсы тілінде жазғанымен де көп ұзамай-ақ түркі тіліндегі өлеңдерімен әдебиеттің ақ айдынына шықты. Бұл кезде түркі тілі жыр жазуға жарамсыз деп, Шығыстың шайырларының барлығы дерлік, парсы тілінде жазатын. Міне, Ә. Науаи осы бір қалыптасқан жаңсақ пікірді жоққа шығарып, түркілік сөз өнерінің мол мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, осы тілде тамаша жыр жауһарларын жасап, түркілік әдебиетті әлемдік аренаға шығарған ұлы ақын болды. «Өз ғазалдарымды түрікше жаздым» деген Әлішер түркі тілінің ғажайып тіл екендігін жасампаз жырлары арқылы дәлелдеп, өзі де осы тіл арқылы түркі әлемінің шексіз құрметіне бөленіп қана қоймай, сонымен бірге әлемдік әдебиеттің жарық жұлдыздарының біріне айналды [6; 266].

Өз тілінің жанашыры болған, түркі тілінің беделін арттыруға ат салысқан Әлішер Науаи 1499 жылы түркі тілінің бай сөздік қорымен қатар, өзінің саздылығы мен құдіреттілігі жағынан парсы тілінен асып түспесе, кем емес екендігін дәлелдеу мақсатында теңдесі жоқ еңбекті жазады. Автор тіл майданына түркі пен парсы тілін әкеліп, тілдердің фонологиялық, лексикологиялық, грамматикалық жақтарын салыстырып, шығарманы «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» деп атайды. Түркі тілінің демеушісі болған Науаидың бұл шығармасы күні-бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпай, оған деген қызығушылық ғасырлар бойына жалғасатынына күмән жоқ.

Сөз шеберінің «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» атты шығармашылық мұрасы әлем тілші ғалымдарының назарын аударды. Сондықтан да бұл туынды бірнеше тілдерге тәржімаланды.

Алғаш рет еңбекті батыс ғалымы М.Куатремер 1841 жылдың 1-наурызында Париж қаласында «*Chrestomaties Orientals, Extraits d'Ali-Schir*» еңбегін жариялайды. 1845 жылы еңбектің түзетілген нұсқасын «*Chrestomathie en Turk oriental*» кітабында «Мухәкәмәтул-луғәтәйннің» француз тіліндегі аудармасын қайта басып шығарады. Бұл шығарма Париждің Ұлттық кітапханасында сақтаулы. Сондай-ақ ғалымның бұл аудармасы 1842 жылы Қырымдағы Бақшасарайда жарық көреді.

Сондай-ақ батыстағы бұл еңбекпен айналысқан ғалымдардың қатарында Арминий Вамбери де бар. Ол «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» шығармасының Будапешт нұсқасының аудармасын Венгриядағы «*Nyelvtudomány Közlemények*» журналының I басылымында 1862 жылы 112-130 беттер арасында жариялады [7; 3].

Ал 1966 жылы Роберт Деврикс Лейден қаласында «*Judgment of two languages; Muhakamat Al-Lughatain by Mir `Ali Shir Nawai; Introduction, Translation and Notes*» атты ағылшын тіліндегі аудармасын басып шығарады. Алайда автор Науаидың бұл еңбегіне сын пікір білдіреді. Ол: «Бұл шығарманы оқыған әрбір лингвист Науаидың өз позициясын толыққанды дәлелдемегенін ескере алады, себебі автор парсы тілінде баламасы жоқ түркі тіліндегі сөздерді мысалға келтіре отырып, парсылар сол үшін де түркі тілін қолдану керек деп тұжырымдайды. Бұл өте әлсіз дәлелдеме, себебі парсы тілі кірме сөздері аз, ғажайып тілдердің бірі. Қалай болғанда да, тілдің сұлулығы мен беделі әдеби ортада оның тілдік қорына байланысты емес, мұнда сөздердің нақты ойды білдіруі, айқындығы мен дұрыс жеткізілуі маңызды орын алады. Науаи өзінің еңбегінде түркі тілінің сөздік қоры жағынан бай екендігін дәлелдей отыра, сол шығарманың өзінде көптеген араб және парсы сөздерін қолданған». Автордың ойынша «Науаи лингвистикалық трактатын тек түркі тілінде жазатын болса, оның беделін одан сайын жоғарылатар еді», [8] -деген өзінің қысқаша ойын айтады.

Түрік тарихындағы алғашқы маңызды еңбектердің бірі – 1941 жылы Анкарада жариялаған Рефет Ышытманның «*Ali Şir Nevai, Muhakemet-ül-lûgateyn*» болса, екіншісі - 1968 жылы жазылған Агах Сыры Левендтің «*Ali Şir Nevai*» атты 4 томдық еңбегінің соңғы томындағы (187-217 беттер) «*Мухәкәмәтул-луғәтәйн*» мәтініне арналған [7; 3].

Әлішер Науаи өзінің туып-өскен Ауғанстан мемлекетінде де «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» шығарма төңірегінде бірнеше аудармалар мен зерттеулер жүргізілді. Олар үш түрлі жолмен жарыққа шыққанын көреміз:

1. «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» кітабының түпнұсқа мәтіні алғаш рет 1984 жылы Ауғанстанның Кабул қаласындағы доктор Мохаммад Якуб Вахиди тарапынан басылып шықты. Алайда, ғалымның қысқаша өмірбаянында айтылғандай, бұл жұмыс сәтті шықпаса да, мәтінді дайындауда ғалымдардың бірқатар жарияланымдары пайдаланылып, аудармашылар ат салысқанымен ерекшеленеді.

2. «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» кітабының екінші басылымы Пәкістанның Пешавар қаласында 1984 жылы (хижри жыл санауы бойынша 1363 жылы) жарық көрді. Бұл басылым Тұрхан Генжейдің парсы аудармасын қайта қарастыру болып табылады. Аудармашы қысқа кіріспесінде ол парсы аудармасындағы кейбір қателерді түзетіп, оларды кітаптың соңында бөлек кестеде көрсетіп кеткенін жазады.

3. «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» кітабының үшінші басылымы Кабулда 2009 жылы жарыққа шықты [9].

Ал енді Әлішер Науаи шығармасында кеңінен талданатын парсы тілінің отаны – Иран Ислам Республикасындағы әйгілі ғалымдардың зерттеу жұмыстарын да атап өтейік. «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» шығармасы парсы тілінің кемшіліктерін айқындап көрсеткен еңбек болғанымен де, сол елдің ғалымдары тарапынан біраз қарастырылды.

Иран мемлекетінде бұл еңбекті парсы тіліне алғаш болып Тұрхан Генжей (Тегеран, 1323) тәржімалаған. Кейіннен Әлішер Науаидың шығармасы төңірегінде ирандық ғалым, доктор Хусейн Мухаммадзода Сыдық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, еңбектің аудармасын Тебриз қаласында басып шығарады. Өмірлік тәжірибесі мол, ғылым жолында бірқатар еңбектері бар Х.Сыдық «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» шығармасының жаңа редакциясын жасайды. Бұл басылымда автор бірқатар жұмыстар

жүргізген. 49 беттік кең көлемді кіріспе сөзінде Әлішер Науаидың өмірінің барлық кезеңдері, жасаған қайырымдылық жұмыстары туралы, жүздеген шығармаларымен қатар, сондай-ақ ғалымның түркі тілінің және әдебиетінің дамуындағы үлкен рөлі туралы толық мағлұмат береді. Бұл бөлімде түрік мәтіндерін оқу үшін пайдаланылатын транскрипциялық қаріпті ұсынып, араб және латын жазуының салыстырмалы кестесі жасалынған. Бұл кітапты шығаруда Түркияның Ыстамбұл қаласындағы Топқапы сарайының мұражайында 808-нөмірімен сақтаулы тұрған шығарманың қолжазбасы, түрік тіліндегі аудармасын даярлаған Сема Барутчу Өзендер мен парсы тіліндегі аударманың авторы Тұрхан Генжейдің жұмыстары пайдаланылған болатын. Хусейн Сыдық өзінің кіріспе сөзінен кейін Тұрхан Генжейдің парсы тіліндегі аудармасын ұсынады (51-95 беттер). Ол Топқапы нұсқасындағы көшірмеде кейбір кемшіліктер бар екендігін атап көрсетіп, өзінің еңбегінде «[]» ішінде толтырады. Автор барлық түркі сөздерінің дұрыс формасын латын жазуында ұсынып, мәтіндердегі айырмашылықтарды, араб сөздері мен сөз тіркестерінің мағынасын ашып көрсетеді. Ғалым Хусейн Сыдық «Мухәкәмәтул-луғатайн» шығармасының өзі әзірлеген аудармасын 97-141 беттер арасында басып шығарады. Ғалымның айтуынша, ол мәтінді әзірбайжан түрікшесіне аударуда Науаидың жазу стилін сақтап, тек айтылуы мен жазылуында әзірбайжан түрікшесіне келістіріп құраған, яғни шағатай түрікшесін әзірбайжан түрікшесіне тәржімалаған. Топқапы сарайының мұражайындағы көшірменің толық мәтіні «Шағатай түрік мәтіні» атауымен 144-158 беттер арасында ұсынылғанын ерекше атап өткен жөн. Сондай-ақ кітаптағы 160-188 беттер аралығында «Шағатай түрік мәтіні» латын әліпбиінде берілген болатын. Ал, соңғы бөлімі (190-214 беттер) автордың еңбекке қосқан әртүрлі толықтырулары, түсініктемелері мен пікірлерден тұрады [9].

Түркі әлеміне ортақ болған бұл шығарма төңірегінде түркі мемлекеттерінде де зерттеу жұмыстары жүргізілді.

1925 жылы Түркменстанда Абдул Хаким Кулмухамедов Түркменстан Мемлекеттік баспасы тарапынан «*Muhakamatul-lugatayn*» атты түркмен тіліндегі араб әліпбиімен Ашхабад қаласында жарияланып шығады. Оның аудармасы 90 бет көлеміндегі жұмыстан тұрады. Бұл кітаптың Түркменстан мәдениеті, сондай-ақ Түркі мемлекеттері үшін үлкен маңызы бар.

Абдул Хаким Кулмухамедов кітабының алғы сөзінде: «Түркістан халқы мұсылмандықты қабылдағаннан соң Ислам дінінің тілі болған араб тілін үйренеді, кейін араб пен парсы тілдерінде өз шығармаларын жаза бастайды. XIV-XV ғасырларда Орта Азияны билеп тұрған Темір заманының өзінде тек халықтың төрттен бір бөлігі өз тілдерінде, яғни шағатай тілінде, шығармаларын ортаға салады. Он бесінші ғасырда өмір сүрген Әлішер Науаи сияқты түркі тілінің беделін көтеріп, түркі әдеби тілін құраған, ана тілімізге қорлық көрсеткен парсыларға жалғыз қарсы шығып, тіліміздің беделін арттырған ешкім болмады» [10; 57], - деп жазады.

Кітабының алғы сөзінен кейін автор Науаидың өмірлік жолы мен шығармашылығы туралы баяндайды. «Медреседегі досы Хұсайын Байқара мемлекет билеушісі болғаннан кейін, Әлішер Науаи оның уәзірі болып сайланады. Осылайша басқару істеріне араласып, тарихта әйгілі болған Байқараның кеңестерінде орын алды» [10;57], - деп қысқаша мағлұмат береді.

Абдул Хаким Кулмухамедов түркмен халқының арасында араб тілін білегіндердің саны аз екендігін ескере отырып, «Мухәкәмәтул-луғатайн» шығармасында кездесетін араб сөздерін түркмен түрікшесінде жазып, кейбір сұлтан, ғалым, әнші, ақындардың есімдерін қысқартып жазғаны жайлы айтып кетеді. Бұл шығарманы араб әліпбиімен жазса да, кейбір араб, парсы сөздерінің жазылу емлесін бұзып, оның орнына түрік жазу емлесін (тек 1928 жылдан бастап түркілер латын әліпбиін қолдана бастады) қолданады. Бұл аудармадағы сөздердің жеңіл оқуына септігін тигізеді деген оймен жасалынады [10; 58].

Сондай-ақ 1948 жылы Өзбекстанда Айбек пен П. Шамсиев «*Mecalisün nefais, Muhakemetül lugateyn*», Е.А. Османов «*Muhakamatul-lugatayn*», 1971 жылы У.Санакулов «*Исследование языка памятника 15 века «Мухакаматул-луғатаин»»*» еңбектерін жариялайды. 1970 жылы Ташкент қаласында «Алишер Навои «*Возлюбленный сердце, суждение о двух языках*» атты Малехованың орыс тіліндегі аудармасы басып шығарылады [7; 2].

Шығыс Түркістанда Хамит Темір мен Абдуруп Полат шығарманы ұйғыр түрікшесіне аударып, сөздігін жасап, 1988 жылы Үрімші қаласында жариялады [7; 3].

Қорытынды

Түркі дүниесінің ортақ жәдігері болып саналатын Әлішер Науаидың «Мухәкәмәтул-луғатайн» атты еңбегі - парсы және түркі тілінің тілдік табиғаты кеңінен салыстырылып жазылған еңбек. Күні бүгінгі күнге дейін құндылығын жоғалтпаған бұл еңбекте екі тілдің грамматикалық құрылымынан бастап, фонетикалық ерекшелігіне дейін зерделеніп, тілдің келелі мәселелері

тереңінен қарастырылған. Сондықтан да ортағасырлық түркі жазба тілінен мол мәлімет беретін Науаидің бұл еңбегіне деген қызығушылық уақыт өткен сайын артып отырғанын байқаймыз. Ортақ түркі тілінде жазылған әдеби жәдігер осы уақытқа дейін түрік, өзбек, ұйғыр, түркімен, парсы, орыс, ағылшын тілдеріне аударылып, сол елдердің ғалымдары тарапынан біраз зерделенді. Өкінішке қарай түркі халықтарының бір тармағы болып келетін қазақ тіліне бұл шығарма әлі күнге дейін тәржімаланған жоқ. XIV-XV ғасырлардағы әдеби тілдің мол сөздік қорын қамтыған мұндай еңбек біздің ғылыми ортаға да аса қажет дер едік. «Мухакәмәтул-луғатәінде» кездесетін жүз етістіктің басым бөлігі бүгінгі қазақ тілінде кездесетіндігін ескерсек, Мәурәннәһір аймағында жазылған жәдігердің Дешті Қыпшақ даласында да зор сұранысқа ие екендігін аңғаруға болады.

Парсы және түркі тілдерінің сөздік қоры мен өзіндік ерекшелігін саралаған бұл туындыға сол кездегі өз тіліне жанашырлықпен қараған ұлтжанды азаматтар бейжай қарамаған. «Араб – ғылымның, ал парсы – әдебиеттің тілі» деген жазылмаған қағида өмір сүрген сол қоғамда түркі тілінің қоғамдағы орнын нақтылау үшін, әр халық өз ана тілінде әдебиет жарату керектігін ғылыми негіздеп берген Әлішер Науаи осы шығарманы жазуға кіріскен. Бүгінгі жаһандану заманында да қазақ тілінің биік тұғырдан түспестен, орыс пен ағылшын тілдерінің саясында қалып қоймауын күйіттесек, онда өткен тарихқа терең бойлап, көне жәдігерлерімізді қайта зерделеу қажеттілігі туындары анық.

Ортағасырларда Шығыс мұсылман әдебиетінде кеңінен қолданылған «Хамса» («Бестік») дәстүрін түркі даласына енгізген Әлішер Науаи мұрасы тақырыбының саналуандығымен ерекшеленетіндігі белгілі. Ақын шығармашылығы арасында «Мухакәмәтул-луғатәин» («Екі тіл туралы пікір») туындысының орны ерекше дер едік. Сондықтан да әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып, арнайы қарастырылған бұл жәдігер болашақта қазақ тіліне де тәржімаланып, қазақ филологтары тарапынан арнайы зерттеу нысанына айналуы тиіс деп қорытындылауға негіз бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Махмұд Қашқари. Түбі бір түркі тіл ("Диуани луғат түрік"). Алматы: Ана тілі, 1993. –191б.
2. Құтты білік. Аударған А.Егеубаев. Алматы: Жазушы, 1986. –616б.
3. Ахмет Иасауи. Диуани хикмет (аударма, транскрипция, мәтін, сөздік). Түркістан: Тұран, 2010. – 400б.
4. Polat A. Ali Şir Nevayi ve meşhur eseri "Muhakemetü'l-lugateyn" hakkında (aktaran Fatma Özkan), Türk kültürü dergisi, 1996. – 280 б.
5. Рахманқұл Бердібай. Әр жылдар ойлары. Көмекші оқу құралы. – Түркістан, «Тұран» баспасы, 2007. – 680 б.
6. Ысқақұлы Д. Рухани толғамдар: Зерттеулер. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. – 404б.
7. Барутчу С. "Muhakemetü'l-lugateyn: iki dilin muhakemesi", Ankara, TDKY, 1996. - 244 бет.
8. Мухаммад Халим Ёркин. «Мухокамат ул-луғатайн»нинг янги Эрон нашри <https://ziyouz.uz/matbuot/hozirgi-davr-matbuoti/l-r-2011-2/>
9. Muhakamat al-Lughatayn. https://en.wikipedia.org/wiki/Muhakamat_al-Lughatayn
10. Mehmet Gümüskılıç. Türkmen Türkçesiyle yazılmış bir «Muhakemetü'l-lugateyn kitabı», Türk kültürü dergisi, 2001.

ИССЛЕДОВАНИЕ И ПЕРЕВОД ПРОИЗВЕДЕНИЯ АЛИШЕРА НАВОИ «МУХАКАМАТУЛ-ЛУГАТАЙН»

Т.Е. Кыдыр¹, Ж.Б. Бейсенбинова²

¹ Научный руководитель: к.филол.н., доцент,

² Магистрант 2-года обучения факультета востоковедения,

^{1,2} Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г.Алматы
email: beisenbinovazh@gmail.com

Статья посвящена труду мыслителя тюркского мира, мастера языкознания, великого поэта средневековья Алишера Навои, его лингвистическому трактату «Мухакаматул-Лугатайн» (Суждение о двух языках). Работа Алишера Навои заключалась в том, чтобы доказать совершенство родного языка, противопоставляя тюркский и персидский языки. Работа «Мухакаматул-Лугатайн», написанная на чагатайском языке, привлекла внимание мировых ученых. В этой статье представлен обзор переводов и исследований, выполненных по этому труду.

Ключевые слова: Алишер Навои, «Мухакаматул-Лугатайн», рукопись, чагатайский язык, персидский язык, переводы, литература

RESEARCH AND TRANSLATION OF THE WORK OF ALI-SHIR NAVA'I
"MUHAKAMAT AL-LUGATAYN"

*T.E. Kydyr*¹, *Zh.B. Beisenbinova*²

¹ Research supervisor: Cand. Sci. (Philology), associate professor

² 2nd year MA student, Faculty of Oriental Studies,

^{1,2} al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, email: beisenbinovazh@gmail.com

The article is devoted to the work of the Turkic world thinker, master of linguistics, the great medieval poet Ali-Shir Nava'i, and his linguistic treatise "Muhakamat al-Lugatayn" (Judgment of two language). The work of Ali-Shir Nava'i was to prove the perfection of the native language by contrasting Turkic and Persian languages. The work "Muhakamatul-Lugatayn", written in Chagatai language, attracted the attention of world scientists. This article provides an overview of translations and studies performed on this work.

Key words: *Ali-Shir Nava'i, "Muhakamat al-Lugatayn", manuscript, Chagatai language, Persian language, translations, literature*

Редакцияға 15.03.2019 қабылданды.

**ДИДАКТИКАЛЫҚ – ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ӨЛЕҢДЕР – ХАЛЫҚТЫҚ ТӘЛІМ – ТӘРБИЕ
НЕГІЗІ (ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨЗБЕК АҚЫНДАРЫ ПОЭЗИЯСЫ БОЙЫНША)**

Ә.Б. Дербісәлі¹, Ш.Д. Бүркімбаева²

¹ ф.ғ.д., академик, профессор,

² 2-курс докторанты

^{1,2} Өл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Шығыстану факультеті Түркология бөлімі,
Алматы, Қазақстан, email: burkitbaeva.1975@mail.ru

Мақалада Тәуелсіз Қазақстандағы өзбек ақындарының өлеңдері халықтық тәлім-тәрбие негізі ретінде дидактикалық – философиялық тұрғыдан талданады. Ақындардың дидактикалық мазмұндағы туындыларындағы халықтық философия, педагогика, мораль, этика мәселелері баяндалады. Халықтық көркемдік және эстетикалық түсініктер, сан ғасырлар бойы жинақталған білік, ақыл, тәжірибе, әдет-ғұрып, тұрмыс-салттағы жарқын дәстүрлер әңгімеленеді. Қазақстандағы өзбек ақындарының дидактикалық-философиялық өлеңдері әлемдік сөз өнерінің дидактикалық сипаттағы шығармаларын, ата-бабалардан кейінгі ұрпақтарға жалғасатын тәлім-тәрбиелік дүниетанымын қалыптастыруға, дамытуға өз үлесін қосуда.

Түйін сөздер: Тәуелсіз Қазақстандағы өзбек ақындары, поэзия, дидактикалық – философиялық өлеңдер, сөз өнері, халықтық тәлім-тәрбие.

Кіріспе. Өлем халықтары әдебиетінің қалыптасуы, даму жолы – адамзат дүниетанымының айнасы. Ұрпақтар жалғасуында адамгершілік қасиеттердің асыл сапалары эстетикалық – гуманистік тағылымымен игерілуі басты назарларда болып келеді. Адамдардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тәлім-тәрбиелік игі дәстүрлерін сөз өнері шығармалары арқылы насихаттау, ұрпақтардың санасына ықпал ету, байыпты дүниетанымын қалыптастыру өлем әдебиетіндегі дидактикалық әдебиет мұраларының, оның ішінде поэзиялық шығармалардың мазмұны мен пішініне негіз болды. Профессор С.Негимов сөз өнері тарихындағы дидактикалық шығармалардың поэтикалық табиғатына былайша баға береді: «Дидактикалық әдебиет... ғылыми танымдық сипатта түзілген көркем шығармалар... Дидактикалық поэзия... үгіт-насихаттық, өсиет сарын сипаттарда түзілген, поэзиялық жанрда жазылған шығармалар. ...Дидактикалық мазмұндағы туындыларда халықтық философия, педагогика, мораль, этика мәселелері гуманистік сарындар баяндалады. Халықтық көркемдік және эстетикалық түсініктері, сан замандар мен ғасырлар бойы жинақталған білік, ақыл, тәжірибе, әдет-ғұрып, тұрмыс-салттағы жарқын дәстүрлер әңгімеленеді» [1; 80]. Өлем халықтары сөз өнеріндегі дидактикалық сипаттағы шығармалар ата-бабалардан кейінгі ұрпақтарға жалғасатын тәлім-тәрбиелік дүниетанымды қалыптастырады, дамытады. Қазақстандағы түркі халықтары ақындарының дидактикалық-философиялық шығармаларының басым бөлігі адамның фәнидегі тіршілік сапары, өмір жолы туралы болып келеді. Мысалы, қазақстандық өзбек ақыны Әбдірахым Пратовтың «Менің әлемім», «Адам», «Қайырымды адам», «Сыр», «Қанағат», «Мәңгілік пәлсапасы», т.б. өлеңдерінде фәни дүниенің тіршілік қозғалыстарындағы адамдар және әртүрлі қасиеттер саралана бағаланады. «Менің әлемім» өлеңінде көңілділік пен қайғы, мықтылық пен әлсіздік, сәтсіздік пен сәттілік, өмір сапарынан аман өту, адаспау мен адасу, адалдық, адамның өзі жасап алатын өз әлеміндегі сан алуан қарама-қайшылықты қасиеттер, құбылыстар, сапырылысқан өз әлеміндегі өз тағдырының күрделі қайшылықтарға толы болмысы жырланған. Ақын адамдардың фәнидегі тіршілікте тек қана алға ұмтылатын өршіл арманмен, құштарлықпен өмір сүретінін, фәнидің өткінші екендігін біле тұра араздасатынын, жауласатынын, бірақ өмір сапарында адамның бәрібір артына мәңгілік жалтақтайтын алаң көңілін де жырлайды: «...Пейіліме Періштелер жұмсаған, / Онда мені мазалайды мың сауал. / Мың сауалдан сана сазып, бас қатып, / Жамбасыма жатады ылғи тас батып. / Міркем дүние осы болар біз күткен. / Келбетіне келмей жатып үздіккен. / Көктеймін деп жер мен көктің арасын, / (Адам деген білмейді-ау өз шамасын). / Тағдырыңның таба алмастан дауасын, / Бұл өмірден сен де кетіп қаласың. / Опа жоқ, / Екі көзің тұрғанмен боталап...» [2; 13].

Талқылау. Адамдардың балалық, жастық және есейген, егделенген шақтарының барлығы да – өмір сапары жолының көрінісі. Өмір сапары жолдарының белестерінде, кезеңдерінде арттағы қалған жылдарды қимастықпен, сағынышпен еске алу, замандастардың үлкендеріне де, кішілеріне де жанжүйе толғаныстарымен үнемі қайырыла көңіл арнауларын жолдап жүру – саналы адамдарға тән қасиет. Егделенген сайын арттағы мен қазіргі және болашаққа жалғасқан өмір сапары жылдарының қуаныштары да, қиыншылықтары да сабақтасқан қозғалысына баға беретін адам көңілінің

психологиялық болмысы айқындалады. Мұндай өлеңдердің дидактикалық – философиялық сарынынан адамдардың тіршілікті өркендету, дамыту жолындағы жанқиярлық – күрескерлік тұлғалары романтикалық өршіл сарындылығымен ұрпақтарға өнеге етіп ұсынылады. Қазақстандағы түркі поэзиясы құрамында танылатын өзбек ақындары Әбдірахым Пратовтың «Мәңгілік пәлсапасы» (2009) [2; 33], Соатой Камалқызының «Өзіме есеп» (Сархисоб) (2016) [3; 11-12], Парпи Бобоевтың «Туртликлар» (2013)[4; 47-48], Ирисали Жумановтың «Бахор» (2012) [5; 31-32], Бердиер Жумаевтың (Диер Дилер) «Шеърларим – дардларимни дерларим» (2012) [5; 19-20], Олимжон Дуржонбоевтің «Туртликлар» (2000) [6; 67-72], Майсара Сапарованың «Бақыт саған әркез күліп тұрады» (2013) [7; 33-35], Баходир Оташтың «Нега тақдир?» (2012) [5; 57-58] өлеңдерінде адамның фәни дүниедегі уақыт белестерінде атқарылатын сәтті және сәтсіз әрекеттерге байланысты ойлары түйінделген.

Уақыт пен кеңістік – ақындардың дидактикалық поэзиясындағы тұрақты жырланатын психологиялық желі. Аталған өлеңдердегі лирикалық қаһарман – автор атынан берілетін толғаныстар, түйіндеулер арқылы жалпы адамзатқа тән дүниетаным сипаты қамтылған. Адамдардың жүріп өткен жолдарындағы қиындықтарды жеңіп жүріп өткеннен кейін қазіргі және болашақтағы ұрпақтарға қарата есеп бергендей поэтикалық арнаумен жырлауы –романтикалық асқақ көңіл – күй иелеріне тән ортақ мінез – құлық психологиясын аңдатады. Ақын М.Сапарованың «Бақыт саған әркез күліп тұрады» [7; 33] атты өлеңінен лирикалық қаһарманның қиын өткелдерден өтсе де, шашы ағарған қиындыққа жетсе де жылдарға алаңдамаған, күш-жігерін жоғалтпаған, тек қана алға ұмтылған адамдардың романтикалық құштарлығын таныта жырлайды: «...Рухың мықты болса қарсы тұрасың, / Бұл өмірдің қысы менен жазына. / Жас келгенде еңіреп бір жылағын, / Алаңдама ем табамыз, шырағым!...». [7; 33-34] Ақын С.Камалқызының «Онажон» өлеңінде де алыста қалған балалық, жастық шақтағы айналған ойындарды, туып-өскен ортадағы тәлімді – өнегелі дәстүрлерді жанына демеу, тірек еткен арманшыл жанның өткеннің ізгі жолын жарқын болашаққа жалғастыратын жігерлі көңіл-күйі танылады. Бақилық болған анасын аңсаған жанның қамкөңіл жағдайы, анасымен бірге бар балалығынан айрылғандай күй кешкен жанның уақыттың емші екеніне бағынған, болашаққа үмітпен көз салған кейпін көреміз. Дидактикалық – философиялық мағыналы өлеңдерде адамдардың тіршілік жолындағы мақсат – мұраттары, армандарының орындалу нәтижелері, жас кезеңдерінің, туған жердің, әлеуметтік ортаның қадір – қасиеті поэтикалық астарлары мағыналы өмір сүру мақсаты жолындағы қиындықтар, оларды жеңуге ұмтылған құштарлық, тіршілік қозғалыстарының үнемі ауысып, сабақтасып отыратын заңдылығы – бәрі де дидактикалық – философиялық дүниетаным аясында өріледі.

Уақыт пен кеңістік сабақтастығы – ақындар өлеңдерінің тәлім – тәрбиелік, ойшылдық бағдарын айқындайтын ерекшелік. Ақын Туроббой Йулдошевтің «Наврузим» [8; 5], Тилобат Пирназарованың «Наврузим, сен келсанг» [8; 51] өлеңдерінде адамдардың мағыналы, мазмұнды өмір сүруі жолында өткен жылдардағы көктемдерді де, жаздарды да, күздерді де жарқын болашақ істеріне жалғасатыны уақыт шындығы рухымен берілген. Әрбір наурызды, жыл басын қарсы алған адамдардың тағы да алдағы жақсылықтардан үміт күтетін көңіл кеңістігі көрсетілген. Барлық түркі халықтарына ортақ жыл басы – наурыз тақырыбына Қазақстандағы өзбек ақындары да кеңінен қалам тербеген. Жер бетіндегі тіршілік атаулыға жан бітіп, жер бусанып, мал төлдеп, мал-жан аққа қарқ болатын табиғаттың ерекше мейірімін төгетін осы бір мезгілінде адам баласының басындағы шатшадман көңіл-күйді ақын С.Камалқызы былай жырлайды: «Бұлақтың суы еркелеп ағып, / Бұтаққа әрбір маржанын тағып. / Төңірек түгел қуанып, бағып, / Келе жатыр Наурыз-думан..., / ...Табиғат ғажап жыр жаза алған, / Сумалақ, әне, қайнайды қазан. / Жақсы тілектер айтылар азан, /Келе жатыр Наурыз – думан.» [3; 38]. Ақын Әбдірахым Пратовтың өлеңдерінде лирикалық қаһарманның толғаныстары арқылы адамдардың өмір жолдарының қуаныш пен қайғы, жақсылық пен жамандық қатарласқан сипаты, кезеңдерінің қайта оралмайтын өкініштілігі толғаныстармен өрілген. Туған жеріне мәңгі ғашық азаматтың даласына арналған перзенттік махаббаты «Атамекен», «Сайрамым» өлеңдерінде үйлесімді көрініс тапқан. Қандай қиындықтарға ұшыраса да өзі жүріп келе жатқан жолынан айнымайтын ар-намысын сақтайтын жанның күш – жігері тұлғасын ақынның «Қанағат», «Сыр», «Мәңгілік пәлсапасы» жырларынан байқаймыз. Фәнидің өткіншілігін білсе де, қайғылы жағдайларды сезсе де тіршілікті мағыналы өткізуге құштарлық («Алғаусыз ақиқат», «Өмір керуені»), Жастық шақтан басталған мағыналы өмір сүру арманын мәңгілік құштарлықпен аялайтыны («Жүрегім») – бәрі де адам өмір жолының ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан тағлымы екендігі поэтикалық көркем тіркестермен бағаланған. Өлеңдердегі лирикалық қаһарманның әрі арманшыл жігерлі әрі мұңлы-шерлі толғаныстары арқылы уақыт пен кеңістіктегі тіршілік қозғалыстарының философиялық – эстетикалық мәні айқындалады. Лирикалық қаһарманның өмір жолдары туралы толғаныстары жеке тұлға мен қоршаған әлеуметтік – тұрмыстық орта байланыстарының да күрделі сипатын байқатады.

«Мынау жарық жалғандағы қағида: / Күн батады, таң атады тағы да. / Көкжиектен күн қанатын жайғанда, / Жұлдыз сөніп, әр қашады Айдан да. / Сезген сәтте дүниенің кеңдігін, / Тіршілікке құлшынасың сен де, ұлым..., / ...Көктем келмей қайта көктер күш кәні?- / Бір жапырақ жерге үзіліп түсті әні. / Алмағайып күз артында Ақпан бар, / Жердің бетін жабады әлі-ақ мақпал қар. / Кеңірдектен кешсең де өмір талқысын, / Тәңірің мен тағдырына тәнтісің...» [2; 40-41].

Методика CLASS (Classroom Assessment Scoring System) Автор – Роберт Пианта и сотрудники его корпорации CLASS [8]	США	оценка внеучебного и обучающего взаимодействия взрослого с ребенком или взрослых с группой детей в качестве важного условия развития	структурированное экспертное наблюдение по жестко заданным правилам взаимодействия с взрослым с ребенком или взрослых с группой детей в течение дня в группе (классе)	наблюдение в течение дня	три субшкалы для оценки взаимодействия, сформулированные в терминах действий педагогов: эмоциональная поддержка; организация группы детей (в том числе, способы установления дисциплины); поддержка с	нормативная оценка качества дошкольного образования выработка способов поддержки детей с помощью постановки перед ними различных, в том числе, образовательных задач	

			детского сада		помощью инструкций (способы постановки задач, формулировки вопросов, подачи детям сигналов «обратной связи»)		
Методики непрямого (косвенного) оценивания – [9]	Канада	оценка статуса и развития детей в возрасте от 3-х до 5 лет	наблюдение педагога в группе детей по индикаторам сфер раннего развития детей анкета учителя по оценке подготовленности детей к обучению в школе, предназначенная для использования на групповом уровне дополнительные методы оценки особых навыков и проблем ребенка с особыми потребностями	Периодическое наблюдение	Подготовленность детей к обучению в школе по пяти основным сферам развития: физическое здоровье и благосостояние социальная компетентность эмоциональная зрелость языковое и познавательное развитие навыки общения и общие знания	внутри групповой портрет развития картина развития каждого ребенка в той мере, в которой это развитие проявляется в группе детей	анкета учителя не предназначена для составления полной картины относительно отдельного ребенка
«Национальный каталог критериев качества педагогической работы в дошкольной организации» [10]	Германия	С помощью этих критериев анализируются: пространственные условия, в которых находятся дети в ДОО; Взаимодействие воспитатель – ребенок; планирование; применение и многообразие материалов; индивидуализация и соучастие.	Листы оценки по каждому из 20 компонентов качества, по каждому компоненту разработаны индикаторы Может использоваться как: 1) система внешней оценки (шкалы качества); 2) система внутренней оценки (шкалы для самооценки); 3) добровольная сертификация	Семь последовательных шагов: 1 шаг Анализ ситуации (педагоги заполняют оценочный лист) 2 шаг Профиль качества Дошкольной организации 3 шаг профессиональная компетентность (профессиональный консенсус относительно качества образования) 4 шаг определение целей	Показатели для определения качества образования: Характеристика пространства: внутренняя территория Педагогическое взаимодействие ребенок-педагог Наблюдение Готовность к диалогу и участие импульс Планирование Основы и целеполагание Содержание образования и педагогические процессы документация Разнообразие материалов и их использование Индивидуальный подход Учет	Технология повышения качества дошкольного образования в ДОО Индикаторы качества позволяют педагогам сравнить собственную деятельность с «идеальными профессиональными практиками» Способствуют мотивации для повышения качества образования Отправная точка для систематического процесса развития качества	Требуется, чтобы все педагогические кадры учреждения были задействованы в оценке и построении профиля качества В начальной фазе работы с каталогом критериев качества особенно необходимо профессиональное сопровождение Требуется высокий уровень рефлексии, т.к. проходит в формате самооценки

			развития 5 шаг согласова- ние целей над повыше- нием качества 6 шаг планирова ние и осуществ- ление шагов для достиже- ния целей 7 шаг гарантия результата (анализ изменен- ной ситуации)	индивидуаль- ных потребностей и интересов Индивидуаль- ное использование материалов и программ Участие: Вовлечение детей в процессы принятия решений; Вовлечение детей в процессы организации Баланс между отдельным ребенком и группой		
--	--	--	---	---	--	--

Заключение

В статье рассмотрено современное состояние научного решения проблемы оценки качества дошкольного воспитания и обучения, проведен анализ научных публикаций, методологических и теоретических подходов в контексте цели и задач функционирования дошкольной организации в Республике Казахстан.

Складывается национальная система оценки знаний, умений и навыков детей в соответствии с индикаторами, определяющими уровень их развития, применяются методы и формы мониторинга развития ребенка на основе отечественных и зарубежных инновационных технологий. Вместе с тем имеется потребность в экспериментальном исследовании вопросов оценки динамики процесса личностного развития дошкольников, психологического комфорта во взаимодействии с его субъектами, возможностей предметно-пространственной среды.

Изучен опыт международных эффективно действующих моделей оценки качества дошкольного образования, включающих инструменты оценивания детских результатов.

Наиболее продуктивной, на наш взгляд, является интегрированная методика оценки качества дошкольного образования на основе международной шкалы оценки ECERS-R, позволяющая решить поставленную нами проблему выбора инструментария, тождественного ценностям гуманистической педагогики и антропоцентризма. Поскольку личностно-ориентированная парадигма образования признает уникальность сущности каждого ребенка и индивидуальность его образовательной траектории.

Список литературы

1. Государственная программа развития образования и науки в Республике Казахстан на 2016-2019 годы// <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000205>
2. «Об утверждении Правил осуществления образовательного мониторинга» от 27.04.12г. № 536 <http://iac.kz/ru/project/analiz-silnyh-i-slabyh-storon-sistemy-rannego-razvitiya-i-uhoda-za-detmi-v-rk>
3. Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования всех уровней образования. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>
4. Методические рекомендации по мониторингу развития умений и навыков у детей дошкольного возраста, Астана, 2018. - 115 с.
5. Базовый доклад Обзор политики мониторинга качества раннего обучения и развития. Астана, 2014.
6. Early Learning Matters OECD Network on ECEC, “Online Survey on Monitoring Quality in Early Learning and Development”, November 2017.
7. Хармс Т. Шкалы для комплексной оценки качества образования в дошкольных образовательных организациях. ECERS-R: переработанное издание/ Тельма Хармс, Ричард М. Клиффорд, Дебби Крайер. – М.: Издательство «Национальное образование», 2016. – 136 с.
8. Алмазова О.В., Бухаленкова Д.А., Симонян М.С. Изучение образовательной среды с помощью методики CLASS: теоретические основания и практические перспективы // Современное дошкольное образование. – 2018. – №4(86). – С. 40–49.
9. Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», «Оценивание готовности ребенка к обучению в школе и его прогресса в течение первого года обучения (на основе инструмента iPIPS): Результаты первого этапа и перспективы», 2014.
10. Титце В., Дитрих И., Греннер К., Ханиш А., Маркс Ю. Оценка и развитие дошкольного образования/ Под ред. С.Фирникель [пер. с нем.] – М.: МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2018. – 208 с.
11. Шмис Т. Г. Оценка качества дошкольного образования с использованием шкалы ECERS в России // Современное дошкольное образование. Теория и практика. – 2015. - № 7 (59). –С. 54–56. URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=25604988>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ
ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Г.К. Ибрагимова

«Педагогика және психология» мамандығы бойынша докторантура
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан,
Қарағанды қ., email: ibragimova_g07@mail.ru

Мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау мәселесі бойынша ғылыми шешімдердің қазіргі жай-күйі және Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі ұйымның мақсаттары мен міндеттері тұрғысында ғылыми жарияланымдарға, әдістемелік және теориялық тәсілдерге талдау жүргізілді. Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың халықаралық тиімді үлгілерінің салыстырмалы талдауы ұсынылған. Гуманистік педагогика мен антропоцентризм құндылықтарына теңбе-тең мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау үшін халықаралық ECERS-R масштабының маңыздылығы көрсетілген.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасы, білім беру ортасы, мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту шарттары, халықаралық және шетелдік зерттеу үлгісі және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау

METHODS FOR ASSESSING THE QUALITY OF PRESCHOOL EDUCATION
IN KAZAKHSTAN AND INTERNATIONAL PRACTICE

G.K. Ibragimova

PhD student in the specialty "Pedagogy and Psychology"
Karaganda State University named after E.A.Buketov,
Kazakhstan, Karaganda, email: ibragimova_g07@mail.ru

The article deals with the current state of scientific solutions to the problem of assessing the quality of preschool education and training. The author starts with analysis of scientific publications, methodological and theoretical approaches in the context of the goals and objectives of the functioning of preschool organizations in the Republic of Kazakhstan. A comparative analysis of international effective models of assessing the quality of preschool education is presented. The significance of the international Scale ECERS-R for assessing the quality of preschool education, identical to the values of humanistic pedagogy and anthropocentrism, is shown.

Key words: quality of preschool education and training, educational environment, conditions of development of preschool children, international studies of quality, models of assessment of preschool education and training

Поступила в редакцию 02.05.2019.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ШЕТЕЛДІК ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРДІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

С.К. Абильдина¹, А.М. Бейсенбаева²

¹педагогика ғылымдарының докторы, профессор

² 6D010200-Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының докторанты

^{1,2} Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Қарағанды қ., email: beysenbaeva71@mail.ru

Мақалада психологиялық-педагогикалық әдебиеттегі зерттеу қызметінің эволюциясы берілген. Зерттеу және жаңалық ашу арқылы баланы әлемді тануға итермелеу идеялары айтылған шетелдік педагогтардың еңбектеріне шолу жасалды. Кіші мектеп жасында зерттеу іскерліктерін қалыптастыру мүмкіндігі мен қажеттілігін көрсететін балалардың танымдық, зерттеу қызметі мен оны ұйымдастыру тәжірибелері талданады. Зерттеу жұмысына байланысты мәселелер ашылады. Оқу пәндерін оқыту шеңберінде оқу зерттеуін ұйымдастыруға кең мүмкіндік беретін бастауыш мектеп үшін заманауи білім беру бағдарламаларының («Мектеп 2000... (2100)») сипаттамасы ұсынылған.

Түйін сөздер: *зерттеу үдерісі, зерттеушілік қызмет, шығармашылық жұмыс, зерттеушілік дағды, шығармашылық дағды, іденушілік дағды, зерттеушілік әдіс, зерттеу кезеңдері*

Зерттеушілік қызмет мәселесінің тарихы өте терең және бай, өйткені көптеген ғалымдар бұл мәселемен ұзақ жылдар бойы қызығушылықпен айналысып келеді. Зерттеушілікке оқыту негіздері туралы Сократ сұқбаттарында, белгілі ритор Квинтиллианның еңбектерінде, сондай-ақ қайта өрлеу дәуірінің педагог-ойшылдарының (Ф.Рабле, Т.Мор, В.Да-Фильтре) ілімдерінде де кездестіруге болады. Олар таным белсенділігі туралы, балаларды ғылымға икемдеу, тарту қажеттігі туралы айтқан. Я.Коменский, Дж.Локк, Ж.-Ж.Руссо, И.Песталоцци, Ф.Дистервег, С.Френе балаларды оқыту мен тәрбиелеудің аса маңызды міндеттерінің бірі оқушылардың бойында «білім іздеу рухын» ояту деп санаған, оқушыларды бақылауға, эксперименттер жасауға, қорытындылар жасауға үйреткен. Дидактиканың негізін салушы Я.Коменский, алғашқылардың бірі болып, баланы оқытудың тиімділігі – басқа біреулердің түсінгендері мен байқағандарын тұтынушы ретінде емес, «ақиқатты тұңғыш ашушы» сияқты сезіндіру түрінде оқыту деп санаған. Я. Коменский құбылыстар мен заттарды бақылағанда «біреудің көзімен», «біреудің ақылымен» емес «...әрбір оқушы барлығын өзі зерделеп, өзі сезінетіндей» етіп ұйымдастыру керек деп атап көрсетті [1].

XVII ғасырда өмір сүрген ағылшын философы, педагог Дж.Локк тәрбиелеудің басты міндеті білімді әр ғылым бойынша жинақтай беру емес, «...ақыл ойды кез келген ғылымға барынша, ең жоғары дәрежеде қабілетті болып шығатындай етіп дамытып, бейімдеу», яғни баланы білімді өз күшімен ізденіп табуға дайындау деп жазды. Ағартушы, философ Ж.-Ж.Руссоның пікірі бойынша, баланың дамуындағы аса маңызды мәселе оның жеке практикалық тәжірибесі болып табылады, ол бақылаулар мен эксперименттер жасау барысында заттар мен құбылыстарды өз күшімен зерттеудің негізінде түзіледі. Бала ғылымды зерделегенде жаттап емес, оның сырын өзі ашып, тереңіне үніліп зерделеуі керек. Тәрбиелеушінің міндеті, баланың қызығушылығын оятып, оқып-үйренудің әдістерін үйрету. Швейцариялық педагог И.Песталоцци білімнің қайнар көзі табиғаттағы құбылыстар мен үдерістерді өз күшімен зерттеуде жатыр, деген пікірді ұстанған. Мұндай қызметте бала дамиды, логикалық түрде ойлауды үйренеді, фактілерді салыстырып, қорытады және осының негізінде ұғымдар туындайды. Оның оқыту жүйесі (элементарлық білім беру теориясы) тұлғалық дамуды қамтамасыз ететін осы зерттеуге де жақын. Дамыта оқыту, И.Песталоццидің пікірі бойынша, бақылаудан тәжірибеге, тұжырымдар мен қорытуларға, білімдерді жинақтауға жетелеуі тиіс. Неміс педагогы Ф. Дистервег аса маңызды жалпыдидактикалық үш принциптің бірі – көркемөнерпаздық принципі (балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту). Оқыту жолдарының бірі ретінде ол эвристикалық әдісті ұсынған, ол оның пікірі бойынша бастауыш мектепте өте маңызды, өйткені кішкентай балаға іздену, ойлау, білімдерді ашу мүмкіндігін береді. Оқытушы оқушының бойында ақиқатқа өз күшімен, өз ойларының, зерттеулерінің нәтижесінде жетуге ұмытылысты дамытуы тиіс. «Жаман оқытушы ақиқатты өзі айтып береді, жақсы оқытушы оны іздеп табуды үйретеді». Ресейде, XIX ғасырдың ортасында Дистервегтің идеялары өте танымал және кеңінен таралған болатын [2].

Оқу-зерттеушілік қызмет идеясы XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басында қалыптасты. Бұл кезеңге осы әдістің шетелдерде іс жүзінде іске асырылуы сәйкес келеді. Азаматтық

тәрбие беру теоретигі, және оның құралы ретінде еңбек мектебі идеясын ұсынушы, неміс педагогы Г.Кершенштейнердің тәжірибесі өте қызықты. Ол оқытудың әдістері мен жағдайларын өзгертіп, оқушылардың мүмкіндіктеріне қарай зертханалар мен шеберханаларда өткізілетін зертханалық, шығармашылық жұмыстарды, зерттеушілік қызметті енгізді. Американдық философ, психолог, әлеуметтанушы, педагог Дж. Дьюи келесі шарттарды ескере отырып, дидактикалық жүйені әзірлеп шығарды: оқушыларды зерттеушілік жұмыстарға тарта отырып, олардың белсенділігі мен танымдық дербестігін дамыту; «ойлаудың толық акті» тұжырымдамасына негізделген проблемалық оқыту, оның кезеңдері мыналар болып табылады: қиыншылықты сезіну, оны табу және анықтау, оны шешудің негізгі ойын тұжырымдау (болжамдық шешу жолынан туындайтын гипотеза мен қорытуларды құрастыру, гипотезаны логикалық тұрғыдан тексеру, одан арғы бақылаулар мен эксперименттер арқылы гипотезаны қабылдау немесе жоққа шығару) [3].

XX ғасырдың басында Англия мен Америкада оқыту үдерісіне Дальтон жоспарының кеңінен енгізілгені белгілі. Бұл идеяның авторы – бастауыш сынып мұғалімі Е. Паркхерст. Дальтон жоспарын іске асыруда басты назар жинақталған білімнің санынан сол білімдерді балалардың еркін шығармашылық қызметі нәтижесінде зертханаларда, шеберханаларда алуының барысына аударылады. «Дальтон жоспарының мәні – балалардың бойында өз күшімен зерттеу жүргізу дағдысын тәрбиелеуге күш салу...». Осыдан кейінгі кезеңде АҚШ, Англия және басқа да шет мемлекеттерде оқытудағы зерттеушілік қызмет туралы түсініктердің дамуы екі бағытта жүріп жатты. Біріншісі – ұғымды эвристикалық сұқбаттарға дейін төмендету, екіншісі – жаратылыстанушылық ғылыми пәндерді оқытуға қатысты зерттеушілік әдісті терең әзірлеу. Зерттеушілік әдістің кеңінен таралуы АҚШ-та XX ғасырдың 50-ші жылдарына тұспа-тұс келді. Бұл тұрғыда американдық психолог Дж.Брунердің «жаңалық аша отырып оқыту» тұжырымдамасын қарастыруымызға болады. «Оқыту үдерісі» еңбегінде ол былай деп жазады: «біз баланы белгілі бір ғылыми қағидаларды жаттауға мәжбүр ету үшін емес, білімдерді іздеп табу ісіне белсенділікпен қатысуға үйрету үшін оқытамыз». Оқытудың ең тиімді әдісі – оқушылардың білімді өз күшімен ашуы, бұл ретте мұғалім оларға тапсырманы дайын түрде жеткізбейді, оларды өз күшімен іздеп табуына бағыт-бағдар береді. Оқушылар өздерінің шығармашылық және ғылыми ізденуінің арқасында дүниені танып, білімдер мен дағдылар алуы тиіс. XX ғасырдың орта кезінде педагогикалық эвристика идеяларын қамтитын Д.Пойаның еңбектері жарық көрді. Ол ғылымды зерделеуді эвристикалық әдіспен – яғни зерттеулер және жаңалық ашу жолымен жүргізу әдісін ұсынды [4]. Қазіргі кезде шетелдік мектептерде зерттеушілік қызмет оқушылар жүргізетін әралуан жобалық қызметтерде көрініс табуда.

Ресейде XVIII ғасырдың бас кезінің өзінде ұлы ғалым М.В. Ломоносов дәрістермен қатар оқушылардың өзіндік жұмыстарын енгізу керек, ғылыми еңбектерді оқушылардың өздері оқуын енгізу керек, өйткені бұл әдіс оқушылардың бойында ғылыми деректерге деген саналы көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді деп санаған. Оқытудағы зерттеушілік тәсілдеме идеясының өзін ағартушы, алғашқы балалар журналының негізін салушы Н.И. Новиков алғаш рет XVIII ғасырдың екінші жартысында жария еткен болатын. Ресейдің ұлы қайраткерлері мен педагогтары Н.И. Пирогов, Н.Г. Чернышевский, Д.И. Писарев, Н.А. Добролюбов, К.Д. Ушинский және т.б. балалардың зерттеушілік қызметін теориялық тұрғыдан негіздеу проблемасына өз үлестерін қосты. Олар оқушылардың дербестігін, ғылыми ойлау, шығармашылық әрекет ету қабілеттерін дамыту қажет екені туралы жазды. Н.И. Пирогов мұғалімдерге оқушының ойын ояту қажеттігін, олардың ойлау қабілеттерін дамытуды, өзіндік жұмыс жасау дағдыларын үйретуді ұсынды. Д.И.Писарев зерттелетін құбылыстың түпкі мәніне дейін баланың өз күшімен жүріп өтуі, және оның кезінде бүкіл ғылымды ашқан ұлы ойшылдардың жүріп өткен зерттеушілік жолымен жүріп өтуі аса маңызды деп жазды. Ресейдің ұлы педагогы К.Д. Ушинский, өзінің педагогикалық тәжірибесін қорыта келіп, оқушылардың дербес, өзіндік қызметі «...кез келген табысты ілімнің бірден бір мықты негізін құрайды» деп санаған. К.Д.Ушинский де балаларды ой еңбегіне үйрету қажетті туралы жазды, көптеген әдістермен бірге «...баланы оқыту емес, оқып-үйренуге үйрету қажет» екенін көрсеткен. Смольный институтында инспектор бола жүріп, ол биология және физика пәндерінен тәжірибелерді енгізіп, сабақтарды өткізуге белгілі әдіскер-педагогтар В.И. Водовозованы, Д.Д. Семенованы шақырған, олар педагогтың ілгерушілік ойларына қолдау білдірген [5].

Оқытудағы зерттеушілік бағытты әзірлеуге В.П. Вахтеров, Н.Ф. Бунаков, П.Ф. Каптерев, С.А. Рачинский және т.б. үлес қосты. В.П. Вахтеров баланың шығармашылық қабілетін дамытуға жетелейтін дамыта оқытудың жақтаушысы болған, осы тұрғыдан ол бастауыш мектептегі оқытуды жаңарту керек деген ұстанымын білдірген. Ол «ақиқатты қалай ашуға болатынын үйрету керек» деген ойды білдірген. Осыған байланысты мектеп оқушылардың бойында өз күшімен ойлауды дамыту үшін жағдайлар тудыруы тиіс, ол үшін бақылауды, эксперименттер жүргізуді, қорытуды,

салыстыруды, қорытындылар жасауды, жіктелеуді, ғылыми әдістерді үйрету қажет. П.Ф. Каптерев алғашқылардың бірі болып оқытуда «генетикалық тәсілдеме» деп аталған зерттеушілік тәсілдемені қолданды. Бұл тәсілдеме оның ойынша оқыту үдерісінде ғылыми фактілерді қарастырып қана қоймай, сонымен қатар олардың ашылу тарихын зерделеуге де мүмкіндік береді. С.А. Рачинский болса, құрғақ формалистік оқыту әдісін сынға алып, баланың өздігінен білім алуға ұмтылысын оятуға ықпал ететін әдістер әзірледі. Л.Н.Толстойдың Ясная Поляна мектебінде іске асырған педагогикалық көзқарастары да назар салуға лайық. Баланың мектепте тыбысты білім алуының аса маңызды шарттарының бірі – баланың білімді өз күшімен іздеп табуы және оны практикада шығармашылық түрде іске асыруы, ал мұғалімнің рөлі – өзіндік жұмысты ұйымдастыруға көмектесу, шығармашылыққа жағдайлар тудыру [6].

Революциядан кейінгі кезеңде заманауи мектептегі зерттеушілік әдісті насихаттаған Н.К.Крупская мен С.Т.Шацкий болды, олар зерттеушілік әдістің арқасында оқушылардың бойында өзіндік зерттеушілік жұмыстың қарапайым әдістері мен тәсілдері қалыптасады деп санады. Зерттеушілік әдісті дамыту және оны заманауи мектептегі оқыту үдерісінде қолданудың негізін қалағандар Б.Е.Райков, К.Б.Ягодовский, В.Н.Верховенский, П.П.Лебедев болды. «Зерттеушілік әдіс» терминін ХХ ғасырдың басында (1911 жылы) Б.Е.Райков ұсынды. Ол бұл терминді былай деп анықтады: «Зерттеушілік әдіс дегеніміз - оқушылар дербес бақылайтын немесе іс жүзінде қабылданатын нақты фактілерден туындаған қорытынды пікір». Б.Е. Райков, оқушылардың зерттеушілік жұмысын сипаттай келіп, бұл қызмет нақты факторларға дербес бақылау жасауға сүйенетін логикалық ойлаудың білгілі бір үдерісін білдіреді және ол төрт сатыдан өтеді: бақылау және мәселелерді қою; болжамды шешу жолдарын табу; болжанған шешу жолдарын зерттеп, оның ішінен ең дұрысын тандап алу; гипотезаны тексеру және оны түпкілікті бекіту деп есептеген. Б.Е. Райков зерделенетін материалдың баланың ақыл-ойы енді ғана қалыптасып, дамып келе жатқан кезде, яғни білімнің бастапқы кезеңінде оқушылардың өздері қол жеткізген, тікелей меңгерген фактілерінің негізінде дербес зерттеулердің көмегімен қарастырылғаны өте маңызды деп санаған. Осы кезеңде зерттеушілік әдістің әзірленуіне Б.В. Всесвятский, П.П. Блонский, А.И. Пинкевич, елеулі үлес қосты, олардың пікірі бойынша белсенділіктің ең жоғарғы сатысы – зерттеудің мақсатын оқушының өзі қойып, зерттеудің жоспарын өзі құрғанда және оны өз күшімен орындаған кезде жүзеге асырылады. Мектептер кешенді бағдарламалар бойынша жұмыс істеген кезеңде (1923-1931 жж.) Ресейде оқытудың зерттеушілік әдісін шамадан тыс бағалау үрдісі орын алды. Зерттеулер, бақылаулар, практикалық жұмыстар, материалдарды кітап бойынша өзіндік зерделеу, экскурсиялар ұйымдастыру ең дұрыс, ең тиімді жалғыз жол деп саналды. Нәтижесінде «жұмыс кітаптары» бойынша зерттеулер жасаған оқушылар жүйелі де тұрақты білім ала алмады. Сондықтан, кейінірек зерттеушілік әдістен бас тартылып, сынға алынып, «әдістемелік әдебиеттер мен оқыту практикасында ұзақ жылдарға ұмытылды» [7].

1960-шы жылдардың басында, «жылымық» жылдары елдің қоғамдық өмірінде жастарды ғылым, техника, өндіріс, өнер саласындағы жоғары білікті мамандардың басшылығымен оқу-зерттеушілік қызметке тарту идеясы қайта жанданды. Осы жылдары әралуан мектеп үйірмелерінің, мектеп клубтарының жұмысы біршама белсендіріле түсті. Одан әрі Ресейде оқытудағы зерттеушілік әдіске деген қызығушылық қайтадан қолға алынды, белгілі дидакттар мен әдіскерлер осы мәселеге бірқатар еңбектерін арнады (М.Н. Скаткин, И.Я. Лернер, В.Н. Федорова, С.Г. Шаповаленко, М.И. Махмутов және т.б.) Мәселен, С.Г. Шаповаленко, оқыту әдістері туралы айта келіп, осыған дейінгі ойшылардың пікірімен ынтымақтастығын білдіреді, және зерттеудің негізгі әдістеріне тарту жолымен оқушылардың ойлау қабілетін белсендіруге, оқушыларды ғылыми проблемалардың пайда болуымен таныстыруға, оқушылардың алдына оқу проблемаларының қойылуына, оқушыларды өз күшімен гипотезалар жасауға бейімдеу қажеттігіне айрықша назар аударады. Д.М. Киришкин иллюстрациялық және зерттеушілік тәсілдердің салыстырмалы тиімділігіне зерттеу жүргізді. Ол, зерттеушілік тәсілмен салыстырғанда иллюстрациялық тәсіл білімнің жеткілікті және орнықты түрде меңгерілуін қамтамасыз ете алмайтынын анықтады. Л.А. Цветков зерттеушілік әдісті қолдану шарттарын анықтап, оларды негіздеп шықты: эксперименталдық шешімді талап ететін оқу проблемасының нақты да анық қойылуы, оқушылармен бірлесе отырып тәжірибенің негізгі идеясын әзірлеу, олар затты бақылау кезінде осы идеяны ұстануы тиіс; оқушыларда тәжірибені дұрыс бақылау мен талқылауға қажетті білім қорының болуы; ой қорыту буындарының дұрыс құрастырылуы. Зерттеушілік қызметтің көрініс беруін сабақтың дидактикалық мақсаты тұрғысынан қарастыруға болады: жаңа білімдер алу мақсатындағы зерттеулер; білімдерді қорыту мақсатындағы зерттеулер; білімдерді бекіту мақсатындағы зерттеулер. М.А. Данилов былай деп жазды: танымдық міндеттері элементарлық ғылыми зерттеулермен байланыстырылған оқу сабақтары өте маңызды

болып табылады, оқыту кезінде оқушыларды «ақиқатты іздеу», оны негіздеу және дәлелдеу үдерісіне қатысушы етіп көрсету қажет, өйткені осылай еткенде ғана дербес зерттеу жұмысының элементтері ең жақсы нәтижелерді береді». Б.П. Есипов зерттеушілік сипаттағы жұмыстың құндылығын былай деп атап көрсетеді: «... оқушының бақылау жасаудан бастап шығатын нәтижеге, қорытындыға жетуі үшін жүріп өткен жолы – ең құнды және ең мәнді жол. Зерттеушілік сипаттағы дербес жұмыстар оқушыны ғылымға жақындата түседі» [8].

Қазіргі уақытта Н.М. Скаткин мен И.Я. Лернер ұсынған оқыту әдістерін оқушылардың оқу материалын меңгеру кезіндегі танымдық қызметінің сипатына қарай жіктемеу кеңінен таралған. Авторлар мынадай әдістерді ерекше атап өтеді: түсіндірушілік-көрнекілік; репродуктивтік; проблемалық мазмұндау; ішінара-іздігірушілік; зерттеушілік. И.Я. Лернердің пікірі бойынша, зерттеушілік әдістің функциясы – оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік қызмет тәжірибелерін меңгеруі үшін жағдайлар тудыру, соның барысында оқушылар субъективті ақиқаттарды ашады, өз жаңалықтарын ашу кезінде мұғалімнің тарапынан айтарлықтай қолдау табады. Н.М. Скаткин, оқушыларды тиісті дайындықтан өткізу кезінде зерттеушілік әдісті қолдану қажет, атап айтқанда, оқушылардың алдына бір проблемалық мәселе қойылады, ал олар осы проблема туралы ойларын ортаға салып, оны шешудің түрлі болжамдарын жасауға, осы болжамдардың дұрыстығын тексеруге, болжанып отырған тәжірибені ойластыруға, өз күштерімен тәжірибе жасауға, бақылау нәтижелерін белгілеуге, қорытындылар жасауға, оларды бастапқыдағы айтылған болжаммен салыстыруға, сыныпта іздігірудің барысы мен нәтижелері туралы баяндауға, жасалған қорытындының дұрыстығын қорғап шығуға тиіс болады [9].

П.И. Пидкасистый ілімді «зерттеушілік элементтерін қамтитын жеке танымның ерекше нысаны» деп түсіндірген, бұл ретте оқушы өзінің дербестігін барлық ақпаратты нық сеніммен бірден қабылдай салмау арқылы танытады, алдымен оны әртүрлі дереккөздер, эксперименттер мен тәжірибелер арқылы тексеріп көруге тырысады, туындаған сұрақтарға өз білімдерін, өз ойлау қабілетін пайдалана отырып өзі жауап іздейді. Оқушының жеке танымында ғылыми зерттеушілік элементтерін дамытудың негізгі жолы – оқыту үдерісінде проблемалық жағдайларды кешенді түрде қолдану». П.И. Пидкасистыйдың «танымдық оқу қызметіндегі дербестіктің, шығармашылық үдерістердің түпкі негізінде ең алдымен зерттеушілік ізденіске қажетті білімдердің, дағдылар мен бейімділіктердің саналы және нық меңгерілген көлемі жатыр» деп атап көрсетуі де өте әділ пікір [10].

И.Д. Чечиль, жоғарғы сынып оқушыларымен қатар бастауыш сынып оқушыларын оқыту үдерісінде де зерттеушілік қызметті ұйымдастыру тәжірибесін талдай отырып, біріншіден, осы еңбектің кең таралған түрлерін көрсетеді (тапсырмалар – белгілі бір тақырыптағы зерттеулер, зерттеулер – дүниетану бойынша эксперименттер, зерттеушілік жобалар, конференциялар); екіншіден, оқу зерттеу жұмыстарына байланысты орын алған проблемаларды ашып көрсетеді. Соның ішінде бұл жұмыстың бастауыш сыныптарда кіріспе дағдыларды алдын ала енгізусіз, негізінен жоғарғы сыныптардан бастап жүргізілуі, оқушылармен зерттеу жұмыстарын дайындау кезіндегі баяндамалар мен рефераттар жасаумен шектелетін формализм, зерттеушілік қызметке деген уәждемелердің жоқтығы және оларды дамытуға, сонымен қатар, дағдыларды дамытуға деген жағдайлардың жасалмағандығы. И.Д. Чечильдің пікірі бойынша, оқушыларды зерттеушілік жұмысты меңгеруге алдын ала, бірте-бірте дайындау керек, ал зерттеушілік жұмыс «ғылыми іздігіру стратегиясының алгоритмдеріне сай болуы тиіс. И.Д. Чечильдің ұстанымы бойынша, оқу зерттеулерін де эмпириялық (тәжірибелермен, бақылаулармен байланысты) және теориялық (теориялық және жалпылогикалық әдістерге сүйене отырып, нысанды жан-жақты зерттеуге негізделген) зерттеулер деп бөліп қарастыруға болады [12].

Көптеген психологтар оқу үдерісіне зерттеушілік тапсырмаларды қосудың орындылығын негіздейді. Мысалы, Д.Н. Богоявленский былай деп жазады: «Кез келген мазмұн оқушы үшін оқу қызметіне бағыт беретін және ынталандыратын белгілі бір мәселеге айналғанда ғана оқу мәніне ие болады». В.В. Давыдов болса, оқу қызметінің құрылымындағы ерекшеліктер мен заңдылықтарды зерделеу қажеттілігін атап көрсетеді, өйткені олар ерекше түрде нақты зерттеушілік және іздігірушілік әрекеттерді өзгеше бір қырынан көрсетеді. Балалар зерттеушілік ынтасын зерттеген А.Н. Поддьяков, оқушылардың зерттеушілік қызметін жобалау туралы жазған А.В. Леонтович, нәтижелі ойлау қабілетін дамыту туралы зерттеген А.И. Савенков сияқты психологтардың еңбектері аса маңызды. Бұл авторлар балаларды, оның ішінде бастауыш сынып оқушыларын да дамытудың маңызды құралы ретінде оқушылардың зерттеушілік қызметін ұйымдастырудың тиімділігін негіздеп, дәлелдеген.

А.И. Савенковтың мектеп жасындағы дарынды балалармен жұмыс жүргізудің бір формасы ретінде оқу зерттеулерін жүзеге асыру үдерісін әзірлеуге арналған педагогикалық жұмыстары да қызығушылық тудырады. Ол кішкентай оқушылармен оқу зерттеулерін жүргізу практикасын дарынды балалармен сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстардың ерекше бір бағыты деп қарастырады. Автор қысқамерзімді зерттеулер (экспресс-зерттеулер) мен ұзақмерзімді зерттеулерді жүргізудің әдістемелерін ұсынған. Экспресс-зерттеу балалардың жаппай қатысуына арналған, педагог ұсынған тақырып бойынша жүргізіледі және әдетте эмпириялық сипатта болады, бірақ теориялық және фантастикалық зерттеулердің де болуы мүмкін. Қорытындылау сәті симпозиумдар мен конференциялар түрінде көрсетіледі.

Ұзақмерзімді зерттеулер сабақтан тыс қызмет шеңберінде жүргізіледі. Мұнда жобаның ұзақтығы бірнеше айды құрайды. А.И. Савенков жұмыстың келесі кезеңдерін атап өтеді: проблеманы анықтау және алға қою; оны шешу жолдарын, нұсқаларын іздеу; материалдар жинақтау; қорыту; жобаны дайындау; жобаны қорғау. Зерттеушілік жұмыстың бұл түрі нәтижелі ойлау қабілетін дамыту мақсатында аса қабілетті балаларға арналады. А.И. Савенков балалардың зерттеу жұмысының тақырыбын таңдау тәртібі туралы былай деп жазған: баланың осы тақырыпқа қызығушылығы; оны орындауға қабілетінің жеткіліктілігі; дарыны мен қабілеттерін ашу мүмкіндігі; бірегейлілік. Тақырыптар туралы айта келіп, зерттеуші автор оларды үш топқа бөледі: фантастикалық – шынайы өмірде болмайтын нысандар мен құбылыстарды әзірлеуге бағдарланған тақырыптар; теориялық – әртүрлі дереккөздерден алынған материалдарды зерделеп қорыту жөніндегі жұмыстарға бағдарланған тақырыптар; эмпириялық – өзіндік, дербес эксперименттер жүргізуді қарастыратын тақырыптар. Зерттеуді іске асыру мақсатында уәждемесі жоғары балаларға мақсатқа жеткізетін жолдарды іздеп табуға көмек көрсетіледі. Эксперимент алаңдарында А.И.Савенков білім беру мазмұнын байыту орталықтарын ашты, оларда келешектегі зерттеулер үшін қажеттінің барлығы жинақталған [13].

Қазіргі уақыттағы бастауыш мектепке арналған бағдарламаларға, оның ішінде дамыта оқыту бағдарламаларына жүргізілген талдау (Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин - В.В. Давыдов, «Мектеп 2000 (2100...)»), осы курстардың мазмұнында оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға ықпал ететін матрерилдардың бар екенін көрсетті. Л.В.Занков сабаққа қойылатын талаптар туралы айта келіп, мынадай әдістемелік мақсат қояды – сабақтың барысында оқушылардың танымдық өзіндік қызметінің көрініс беруі үшін жағдайлар тудыру. Бұл мақсатқа келесі жолдармен жетуге болады: мұғалім проблемалық жағдайлар туындатып, пікір қақтығыстарын, қайшылықтар ұйымдастырады; оқушыларды өз ойларын айтуға, қателесіп кетемін-ау, жауабым дұрыс болмайды-ау деп қорықпастан тапсырмаларды орындауда әралуан тәсілдерді қолдануға ынталандырады. Л.В.Занковтың пікірі бойынша, әрбір тапсырма ойлау әрекеттеріне, бақылау жүргізуге, салыстыруға, заңдылықтарды айқындауға, қорытындылар жасауға; ұжымдық және жеке зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретіндей дербестілік пен шығармашылық танытуға итермелеуі тиіс. Д.Б.Эльконин - В.В.Давыдовтың дамытушы жүйесінде баланың ұстанымы – мақсатты тұжырымдау, жоспарлау, мақсатты іске асыру және нәтижені талдау сияқты барлық кезеңдерді өз күшімен жүзеге асыра алатын, қызметтің толыққанды мүшесінің ұстанымы ретінде қарастырылады. Оқушыны «зерттеуші–жасап шығарушы» дәрежесіне қояды, оның оқу қызметі үлкендердің зерттеушілік қызметімен бірдей қарастырылады (квази-зерттеушілік қызмет). Мұғалім оқушыларға ғылымның жетістіктерін хабарлап қана, жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар, мүмкіндігінше, оларды сол жаңалықты ашу жолдарымен жүргізіп өтеді, оларды ғылыми іздестірудің тікелей қатысушылары етеді.

«Мектеп 2000» бағдарламасы жеке тұлғалық-қызметтілік тәсілдеме тұжырымдамасының негізінде жасалған (А.А. Леонтьев). Негізгі дидактикалық принциптердің бірі – қызмет принципі, ол балалар білімді дайын түрінде емес, зерттеушінің қызметін атқара отырып, өз күштерімен «ашып», түсініп барып қабылдауы тиіс дегенді білдіреді. Олар алға мақсат қояды, туындаған қиындықтарды шешудің тәсілдерін ойластыруды, өз әрекеттеріне лайықты баға беруді үйренеді. Мұғалімнің міндеті – балалардың зерттеу жұмысын сабақта туындаған шешуші проблеманың жауабын өздері «ойлап табатындай» етіп, сөйтіп жаңа жағдайларда қалай әрекет етуді өздері айтып бере алатындай етіп ұйымдастыру. Бұл принциптің теориялық негізін В.В. Давыдовтың еңбектері құрады [14].

Л.В. Петерсон оқытудағы қызметтік әдіс туралы ой тұжырымдай отырып, оны сабақ кезінде іске асыру мүмкіндіктері туралы былай деп жазады, ол үшін, яғни қызметтік әдісті сабақ кезінде іске асыру үшін, оқу үдерісі жаңа білімдерді іздеу мен «жаңалық ашу» кезеңін қоса алғанда, оқу мәселесін алға қою, балалардың «жаңа білімді ашуы», бастапқы бекіту, жұмысты сыныпта өз күшімен тексеру, бұрынғы өткен материалды қайталау және бекіту сияқты зерттеудің барлық кезеңдерін қайталайтын болуы тиіс деп жазады. Алғашқы екі кезең проблемалық жағдай тудыратын

қақтығыстарды қамтитын тапсырмалардың орындалуын көздейді, бұл ретте жаңа білімдерге деген қажеттілік қалыптасады [15]. Мұндай тапсырмалар сабақтың мақсатын анық құрастыруға, балаларды «жаңа білімдерді ашуға» жетелейтін сұрақтар мен тапсырмалардың жүйесін жасап шығаруға көмектеседі.

Осылайша, балалардың зерттеушілік қызметі олардың оқу қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады, ол мұғалімдердің алдында да, оқушының алдында да орасан зор шығармашылық алаңын ашады. Сабаққа зерттеу элементтерін енгізе отырып, балаларды «жаңа білімдер ашу» жолдарымен жүргізе отырып, мұғалім көптеген мәселелерді шешеді, соның ішінде – балалардың қабілеттерін барынша тиімді дамыту мәселесі шешіледі.

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының оқу зерттеушілік қызметіне мынадай анықтама беруге болады: бұл оқушылардың арнайы ұйымдастырылған танымдық шығармашылық қызметі, өзінің құрылымы жағынан мақсаттылықпен, белсенділікпен, мәнділікпен, уәжділікпен және саналылықпен сипатталатын ғылыми қызметке сәйкес келеді. Оның іске асырылуы барысында дербес белсенділіктің әрқилы дәрежелерінде балалар үшін қолжетімді әдістердің қолданылуымен оқушылардың белсенді ізденісі мен субъективті тұрғыдан жаңа білімдерді ашу үдерісі жүзеге асырылады. Бұл қызметтің нәтижесі – танымдық уәждемелер мен зерттеушілік дағдылардың қалыптасуы, оқушылар үшін субъективті тұрғыдан жаңа білімдер мен қызмет тәсілдерінің ашылуы болып табылады.

Зерттеушілік қызметтің қаншалықты табысты іске асырылып жатқанын, оның зерттеушілік дағдылардың қалыптасуы мен дамуына қандай ықпал жасайтынын осы дағдылардың қалыптасуына әсер ететін зерттеушілік дағдылар мен жағдайлардың дәрежелерін сипаттайтын мәліметтер арқылы біле аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Коменский Я. А. Великая дидактика. — М.: Изд. Дом Ш. Амонашвили, 1996. — 224 с.
- 2 Лушников А.М. История педагогики. Уч.пособие для пед.высш. учебных заведений - Екатеринбург, Урал. гос. пед. ун-т, 2005. – 367 с.
- 3 История педагогики: Учебное пособие/ Константинов Н. А., Медынский Е. Н., Шабаева М. Ф. История педагогики. - М.: Просвещение, 1982.
- 4 Свадковский И.Ф. Сущность Дальтон-плана. / Исследовательская работа школьников //Научно-методический и информационно-публицистический журнал.- 2003 .-№1- с.34-46.
- 5 Хрестоматия по истории школы и педагогики в России: Учебные пособия для студентов пед. Вузов; Сост. И автор введ. Очерков С.Ф. Егоров. - 2-е изд., перераб.. - М.: Просвещение, 1996. - 432 с.
- 6 Деттерер А.В. Введение в философию и историю образования. Уч. пособие.- Томск, ТГПУ-1998. - 270с
- 7 Казанцева Л. А. Дидактические основы применения исследовательского метода в условиях гуманизации образования: Дис.д-ра. пед. наук. - Казань, 1999. - 315 с.
- 8 Фомина Л.Ф. О некоторых тенденциях развития исследовательской деятельности школьников // Исследовательская работа школьников. - 2002. -№ 2. -С. 57-72.
- 9 Скаткин М.Н. Школа и всестороннее развитие детей: Кн. Для учителей и воспитателей. - М.: Просвещение, 1998. – 144 с.
- 10 Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении. - М.: Педагогика, 2000. - 240 с.
- 12 Исследовательская деятельность педагога и учащегося в современной школе/ Методическое пособие для ПК ППС педагогических вузов, под ред. И.Д. Чечиль. М.: Академия, 2003. - 48 с.
- 13 Савенков А.И. Маленький исследователь: коллективное творчество младших школьников-Ярославль: Академия развития, 2004.- 128 с.
- 14 Семёнова Н.А. Формирование исследовательских умений младших школьников: Дис. на соискание ученой степени к-та пед. наук. - Томск, 2007.
- 15 Петерсон Л.Г. Технология деятельностного метода как средство реализации современных целей образования. -М.: УМЦ «Школа 2000...», 2003.-16 с.

ЭВОЛЮЦИЯ ДИДАКТИЧЕСКИХ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ ОБ УЧЕБНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ЗАРУБЕЖНОЙ ПЕДАГОГИКЕ

С.К. Абильдина¹, А.М. Бейсенбаева²

¹доктор педагогических наук, профессор

²докторант специальности 6D010200-Педагогика и методика начального обучения

^{1,2}Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова,

Казахстан, г.Караганда, e-mail: beysenbaeva71@mail.ru

В статье дан экскурс эволюции представлений о исследовательской деятельности в психолого-педагогической литературе. Проведен обзор трудов зарубежных педагогов, где высказываются идеи побуждения ребенка к познанию мира через исследование и открытия.

Анализируется опыт изучения познавательной, исследовательской деятельности детей и организации исследовательской деятельности, показывающие возможность и необходимость формирования исследовательских умений в младшем школьном возрасте. Раскрываются проблемы, связанные с исследовательской работой.

Представлена характеристика современных образовательных программ для начальной школы («Школа 2000... (2100)»), которые предоставляют широкие возможности для организации учебного исследования в рамках изучения учебных дисциплин.

Ключевые слова: процесс исследования, исследовательская деятельность, творческая работа, исследовательские навыки, творческие навыки, поисковые навыки, исследовательский метод, этапы исследования.

THE EVOLUTION OF DIDACTIC IDEAS ABOUT TEACHING AND RESEARCH ACTIVITIES

S.K. Abildina¹, A.M. Beisenbayeva²

¹ Dr. Sci. (Pedagogy), Full Professor,

² PhD student of specialty "Pedagogy and methodology of primary education"

^{1,2} Academician E.A. Buketov Karaganda State University,

Kazakhstan, Karaganda, email: beysenbaeva71@mail.ru

The article gives an insight into the evolution of ideas about research activities in psychological and pedagogical literature. A review of the works of foreign teachers, which expressed the idea of encouraging the child to explore the world through research and discovery.

The article analyzes the experience of studying the cognitive, research activities of children and the organization of research activities, showing the possibility and necessity of the formation of research skills in primary school age. The problems connected with research work are revealed.

The characteristic of modern educational programs for primary school ("School 2000... (2100)"), which provide ample opportunities for the organization of educational research in the study of academic disciplines.

Keywords: research process, research activity, creative work, research skills, creative skills, search skills, research method, research stages

Редакцияға 30.04.2019 қабылданды.

МОДЕЛЬ САМООРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ В КОНТЕКСТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ТЕХНОЛОГИИ «ТАЙМ-МЕНЕДЖМЕНТ»

Е.Н. Агранович

докторант, специальность 6D010200-Педагогика и методика начального обучения
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
email: elenkaagr@mail.ru

В данной статье раскрыты теоретико-методологические основы проблемы самоорганизации учебной деятельности студентов, выявлена сущность и структура учебной деятельности студентов вуза, а также определены педагогические возможности технологии «тайм-менеджмент» в развитии умений самоорганизации учебной деятельности будущих педагогов начального образования. На основе глубокого анализа автором предложена структурно-содержательная модель самоорганизации учебной деятельности студентов, включающая теоретические и практические блоки, в которых определены цели, функции, принципы, компоненты самоорганизации учебной деятельности; разработаны критерии и показатели уровней сформированности умений самоорганизации учебной деятельности будущих учителей начальной школы; обобщены компоненты технологии «тайм-менеджмент», формы организации учебной деятельности, реализующие принципы тайм-менеджмента на практике, а также определены средства тайм-менеджмента для рациональной организации учебной и внеучебной деятельности бакалавров начального образования.

Ключевые слова: самоорганизация учебной деятельности, технология «тайм-менеджмент», бюджет времени студентов, профессиональная подготовка педагогов, учебно-воспитательный процесс вуза.

Модернизация системы образования Республики Казахстан затрагивает многие аспекты развития системы высшего образования, в том числе профессиональную подготовку будущих педагогов. Современное профессиональное педагогическое образование в Республике Казахстан ставит перед вузами задачу подготовки учителей начальной школы, способных гибко адаптироваться к совершенствованию содержания образовательных программ; самостоятельно приобретать знания, умело применять их на практике для решения разнообразных возникающих проблем; самостоятельно критически мыслить, видеть возникающие в реальной действительности проблемы и искать пути их рационального решения, используя современные технологии; быть способным генерировать новые идеи, творчески мыслить.

Для успешной подготовки высококвалифицированных педагогов начального образования необходима такая организация учебной деятельности студентов, которая бы обеспечивала овладение мировой и отечественной культурой, понимание тенденции общественного прогресса, осознание ключевых идей развивающегося общества, овладение современными педагогическими технологиями. Приоритетное значение получают те образовательные результаты, которые связаны с овладением обучающимися педагогической компетентностью, инструментами самоорганизации учебно-познавательной деятельности. В связи с чем, возникает необходимость внедрения в систему вуза средств активизации образовательного процесса посредством внедрения инновационных технологий. Одним из направлений повышения качества высшего образования является применение в профессиональной подготовке в вузе современной системы развития умений самоорганизации студента, в том числе самоорганизации его времени.

Самоорганизация учебной деятельности студентов университета определяется как осознанная работа по организации своей деятельности, планированию этой деятельности, рациональному использованию своего учебного и внеучебного времени, самостоятельному приобретению и использованию знаний из различных источников для решения практических задач, совершенствованию способов мыслительной деятельности, а также самоконтролю, рефлексии и коррекции своей деятельности [1; 125].

Эффективность самоорганизации учебной деятельности зависит от потребностей и интересов, системы ценностей, мотивов и целей студента и коллектива. Студенческий возраст является сензитивным периодом для развития самоорганизации учебной деятельности. В связи с чем, развитие процессов самоорганизации студентов является важным условием как для развития личности, успешно проявляющей себя в повседневной деятельности вуза, так и для формирования личностных и профессиональных компетенций будущего специалиста [2].

На основе анализа психолого-педагогической и специальной литературы, нами разработана структурно-содержательная модель самоорганизации учебной деятельности будущих педагогов начального образования на основе технологии «тайм-менеджмент» (Рисунок 1).



Рисунок 1 - Структурно-содержательная модель самоорганизации учебной деятельности студентов на основе технологии «тайм-менеджмент».

Разработанная модель раскрывает интеграцию теоретических и методических основ формирования умений самоорганизации учебной деятельности студентов на основе технологии «тайм-менеджмент».

Функционально-целевой блок определяет цель модели самоорганизации учебной деятельности, вытекающую из социального заказа общества и требований к профессиональным компетенциям педагога; её функции.

Важнейшей составляющей профессионального становления будущего учителя начальной школы принято считать его педагогическую компетентность. Обобщённые требования к уровню теоретической и практической компетентности бакалавра содержатся в квалификационной характеристике выпускника, получающего специальность «Педагогика и методика начального обучения».

Компетентность педагога представляет собой единство общей компетенции, присущей специалисту любой педагогической профессии т.е. компетенции в области начального образования.

Профессия учителя начальной школы требует овладения общетеоретическими и специальными знаниями в объёме, необходимом для решения научно-методических, учебно-воспитательных, организационно-управленческих задач [3; 34-35].

Компетентность в самоорганизации учебной деятельности включают в себя знание основ научной организации жизнедеятельности, которая складывается из умений планировать своё время и находить оптимальные способы её организации, умений самоконтроля, самоанализа и самооценки её результатов.

Иначе говоря, организация самостоятельной учебной деятельности требует от студента овладения гностическими, прогностическими, проектировочными, конструктивными, организаторскими, коммуникативными, рефлексивными и аналитическими умениями.

Самоорганизация учебной деятельности выполняет ряд функций: информационно-обучающая, развивающая, воспитывающая, ориентирующая (стимулирующая) и исследовательская (Ю.К. Бабанский, Н.М. Пейсахов, Ю.Н. Кулюткин, В. Граф, В.Н. Донцов, В.Я. Ляудис и др.) [4; 231].

Методологической основой построения структурно-содержательной модели самоорганизации выступили аксиологический, личностный, системный, деятельностный и технический подходы [5; 32], [6; 35-36].

Исходя из теоретико-методологических подходов были выделены и обоснованы принципы самоорганизации учебной деятельности студентов: прообраза будущей профессиональной деятельности, субъектности, индивидуальности и системности [7; 107].

Теоретико-методологический блок представлен основными компонентами самоорганизации учебной деятельности студентов, их критериями и показателями.

Основными компонентами самоорганизации учебной деятельности студентов на основе технологии «тайм-менеджмент» нами выделены аксиологический, когнитивный, деятельный и рефлексивный компоненты [8], [9], [10; 110-113], [11; 202].

Содержательно-процессуальный блок включает элементы технологии «тайм-менеджмент», организационные формы обучения и средства тайм-менеджмента.

Для эффективной самоорганизации учебной деятельности студентов на основе анализа психолого-педагогической и специальной литературы нами определены следующие элементы технологии «тайм-менеджмент»:

- ценностное отношение ко времени;
- целенаправленность учебной деятельности, самоменеджмент;
- рациональное распределение физической и умственной нагрузки;
- контроль и оценка результатов учебной деятельности;
- коррекция самоорганизации жизнедеятельности [12; 54-56].

Соблюдение следующих условий учебно-воспитательного процесса позволит более эффективно использовать учебное и внеучебное время студентов:

- 1) организация учебного процесса, нацеленного на формирование профессиональных компетенций посредством самоорганизации учебной деятельности студентов;
- 2) ориентация студентов на рациональную организацию бюджета времени;
- 3) внедрение в повседневную деятельность студентов различных форм самоорганизации и самоменеджмента учебной деятельности;
- 4) система организации учебных и внеучебных занятий, комплекс заданий СРС и СРСП;
- 5) внедрение в учебный процесс различных форм организации контроля и самоконтроля учебных достижений студента.

Рассматривая организацию учебной деятельности в высшей школе следует отметить её такие основные формы как аудиторные и внеаудиторные занятия, имеющие теоретическую и практическую взаимосвязь (лекции, практические работы, СРС, СРСП, педагогическая практика).

В процессе лекционных занятий осуществляется подача учебного материала путем логически построенного, систематически последовательного и ясного изложения. Для активной мыслительной работы в процессе учебного занятия студенту необходима предварительная самостоятельная подготовка, обеспечивающая успешное усвоение знаний, излагаемых педагогом. Это вырабатывает у студентов критическое отношение к существующим научным положениям, позволяет выполнять предлагаемые им мыслительные операции самостоятельно вникать в сущность изучаемого. Предварительная подготовка к лекционным занятиям обеспечивает хорошее усвоение формулировок законов, правил, принципов, определений.

During the last decade of the XX century many studies have been based on investigating critical thinking. Theoretical basics of a term «critical thinking» were studied in research works of scholars as Temple Ch., Meredith K., Steel J. emphasize that: «It involves exploring critical thinking skills by looking for problematic questions and seeking complete answers. Critical thinking is not a personal skill, it is a set of all flexibilities. The concept, which is skeptical-logically in the whole truth, requires a logframe, creating a reason-and-effect diagram, giving arguments and commenting on arguments» [2, p. 88].

The American philosopher and educator J. Dewey examines critical thinking as a process of perceiving human consciousness as a process of understanding the stabilized ideas, creating new ideas or solving various problems [3, p. 124].

Criterion assessment is a systemic process, which makes it possible, through summative and formative evaluation, to observe how the learning process is going on and what the effectiveness of each

child is. Naturally, in this process all operations of high-level thinking activity are involved, as children analyze, evaluate, compare with the standard and predict the results of their activities. Therefore, it is impossible to organize the evaluating process if there is a lack of critical thinking skills. The essence of «critical thinking» by D. Halpern is «a system of judgments that is used to analyze things and events with the formulation of valid conclusions and allows you to make reasonable assessments, interpretations, and correctly apply the results to situations and problems» [4, p. 4].

«To think critically means to show curiosity and use research methods: to pose questions, carry out a systematic search for answers <...> Critical thinking means developing a point of view on a specific issue and the ability to defend this point of view by reasoning» [5, p. 37].

Critical thinking is an open thinking, not accepting dogma, developing by imposing new information on personal life experience. Teachers agree that critical thinking should be taught, because spontaneous development does not provide the proper level. Teaching critical thinking implies mastering such skills, for example: using arguments in discussion, looking at old ideas from a new point of view, distinguishing facts from assumptions, making a distinction between reasonable judgment and unfounded evaluation, highlighting cause-effect relationships, seeing errors in the studied material, establish rational ways to eliminate them [6].

Any lesson involves assessing the student and his knowledge. To collect data on academic performance and progress in learning during the academic year, two types of evaluation are fulfilled out: formative assessment (FA) and summative assessment (SA).

Summative evaluation is conducted to determine and fix the level of learning content of the curriculum for a certain period of study. In the process of recording, evidence, demonstrating the knowledge and skills of students according to the content of the curriculum. The cumulative assessment is carried out for a quarter (cumulative assessment for the section/cross-cutting theme), at the end of the quarter (cumulative quarter assessment) and at the completion of the level of education (basic secondary, general average).

A summative estimate for a quarter measures progress in training for a quarter and provides evidence of knowledge, skills, and understanding of the content of the curriculum. A summative quarter assessment is carried out at the end of the training quarter with the scoring, which is taken into account when ranking for a quarter. A summative assessment for a quarter presupposes carrying out various types of control and verification work. In the development of summary work, it is necessary to take into account that they must include different levels of tasks that will demonstrate achievement of different levels of thinking skills, including checking the levels of high-order thinking: analysis, synthesis and evaluation.

During our research, emphasizing essential parts of each skills we have formulated our own Summative assessment.

Methodical recommendations are made to help the teacher in planning, organizing and conducting summative assessment on the subject «English» for students of grade 3. Guidelines prepared on the basis of the curriculum and calendar thematic plan. Tasks for summative assessment for a cross-cutting topic will allow the teacher to determine the level of achievement of the learning goals by students by a quarter.

For a summative assessment for a section/cross-cutting topic, methodological recommendations suggest tasks, evaluation criteria with descriptors and points. Also there is a description of students' possible academic achievement levels (headings). Assignments with descriptors and points are advisory in nature.

*Specification of Summative Assessment for term 1
(Units 1-2)*

Aim of the Summative Assessment for the term

- *Summative Assessment is aimed to assess learners' success in terms of the learning objectives achievement and reveal their level of knowledge and skills acquired during the term within the framework of updating the secondary education content.*
- *Specification describes the content and procedure for the delivery of the Summative Assessment for the term in «English» in Grade 3.*

The document defining the content of the Summative Assessment for the term

- ✓ *Subject Programme in “English” (within the framework of updating the primary education content) for primary education (Grades 1 – 4).*

Review of Summative Assessment for the term 1.

Duration - 40 minutes.

Total marks - 20.

Speaking task is conducted separately.

Level of thinking skills

- Analysis
- Synthesis
- Evaluation

The structure of the Summative Assessment

Different types of multiple choice and open-ended tasks are used in the Summative Assessment for term. This Assessment consists of 4 tasks. True/False tasks offer a series of statements each of which should be judged as true or false according to the talk. Open-ended tasks require learners follow instructions, answer the questions in words, expressions and sentences. Gap filling tasks require learners to put word(s) in the spaces provided.

Listening

Task 1: Look at the picture. Listen to the sentences and underline the right word.

Text for listening: Aisaule is ten years old and she is from Almaty. She has got long and brown hair. She has got brown eyes. She has got two pets: a dog and a cat. Their names are Borzik and Tuzik. Tuzik, the dog has got a small house in the garden. Aisaule's cat, Borzik is 3 years old and very kind. Borzik can run and jump. Borzik eats fish, sausages and drinks milk. Aisaule takes Tuzik for a walk and teaches her dog to play football. Aisaule is a happy child, who has pets.


Example is given: Aisaule has got a spider / pets

1. Aisaule has brown/ blonde hair
2. Tuzik is a cat/dog.
3. The dog Tuzik/Borzik has a small house
4. Tuzik/Borzik eats sausages and drinks milk
5. Aisaule has a fish/dog



Reading. Task 2: Look at the picture of Dan. Fill the gaps

head	mouth	chest	fingers	arm	foot
nose	neck	tummy	leg	hand	toes



Writing task 3. These are the rules at my school. Circle True or False for these sentences.

- | | | | | |
|---|------|----------------------------------|-------|--|
| a. You must pay attention at school. | True | <input checked="" type="radio"/> | False | |
| b. You must be quiet in the library. | True | <input type="radio"/> | False | |
| c. You mustn't wear trainers when you do sport. | True | <input type="radio"/> | False | |
| d. You must shout at the museum. | True | <input type="radio"/> | False | |
| e. You mustn't run across the road. | True | <input type="radio"/> | False | |
| f. You must look after your pets. | True | <input type="radio"/> | False | |
| g. You mustn't keep your bedroom tidy. | True | <input type="radio"/> | False | |

Speaking. Task 4. Look at the pictures and talk about man-made and natural sources of light




SUN



COMPUTER



FIREPLACE



BULB



CANDLE



MOON&STARS



TRAFFIC LIGHTS



FLASHLIGHT

Evaluation sheet

Cross curricular unit	Skills	Learning objective	Task №	Descriptor	Marks
Animals. Light&Dark	Listening	3.L6 Understand some specific information and detail of short, supported information or talk on a limited range of general and some curricular topics	1	Understanding factual information on the topic “pets” Understanding the use of have got/has got and its meaning in the context	5
	Reading	3.R5 Understand the main points of short simple texts on a limited range of familiar general and some curricular topics by using contextual clues	2	Open ended task. Learners look at the picture “Human Body” and write in correct order.	5
	Writing	3.W1 plan, write and check short sentences with considerable support on a limited range of personal, general and some curricular topics	3	Open ended task. Learners choose right rules at school. Learners should circle appropriate information according to the plan.	5
	Speaking	3.S1 make basic statements which provide personal information on a limited range of general topics	4	Open ended task. Learners look at the pictures and give answers to the task	5
Total					20

For a quarter summative evaluation, a specification with a scoring scheme is proposed. This document has not standardized yet and in this regard we want to suggest it like mandatory for summative assessment for a quarter.

This article has been prepared according to dissertation work “Evaluation system of students’ knowledge in the English language within the updated content of education” by N.M.Makhatova, that is in the process of writing. This set was only an example of a complex. Technological map is made for examination, and was held on the basis of University and Karaganda region schools. It also was attended by University students (10), school teachers (12) and scientist-teachers (2).

Examination of the summative assessment tasks

The name of the subject: «English» L3

Class (academic year): _____

Table 1. Technological map - Examination criteria of educational tasks for the summative assessment

The examination parameters	Score in points			
	1 point	2 points	3 points	4 points
1. Compliance of tasks with standard training programs				
2. Compliance of tasks with the General requirements of the criterial assessmentsystem				
3. Compliance of criteria assessment to the learning objectives				
4. Compliance of descriptors to the evaluation criteria				
5. Compliance of the task volume to the students age peculiarities				
6. Compliance of the task volume to the time allotted for fulfillment (40 min)				
Total points				

The examination descriptors of educational tasks for the summative assessment

1 point-unsatisfactory

2 points-satisfactory


3 points – good

4 points-excellent


Table 2. Examination results

	1 point	2 points	3 points	4 points
school teachers (12)	0,0	0,0	5,6	94,4
students (10)	8,3	8,3	5,0	78,3
scientists-teachers(2).	0,0	0,0	16,7	83,3
Share of ratings (in%)	2,8	2,8	9,1	85,4

Bar chart 1. The results of the examination in the parameters



Pie chart 1. The overall results of the examination



Summing up, we were convinced that analysis results of prepared set of tasks for the control and assessment of students' knowledge in the English language are important not only to assess the knowledge gained, but also to change the content and forms of the lesson, for the organization of extracurricular activities. After all, the tasks are prepared for students' creative abilities development. Overall, 85.4% of respondents reacted positively to our complex of summative assessment tasks.

Table 2. Calculation and evaluation [7, p. 39]. Assessment for term.

Summative assessment scores for section 1	Summative assessment scores for section 2	Summative assessment scores for section 3	Scores for summative assessment for a quarter	Quarter grade
	50%		50%	100%

Complex of exercises are intended for primary school teachers, school administrators, methodologists of education departments, school and regional coordinators for criteria-based assessment, and other stakeholders.

In preparing the guidelines, resources were used (drawings, photographs, texts, video and audio materials, etc.) that are publicly available on official websites.

The updated educational program is aimed at the formation of functional literacy among schoolchildren – this is the development of four types of speech activity (listening, speaking, reading and writing), as well as communicative competence, critical thinking, problem solving, computer literacy and creativity[8]. New evaluation tools have been introduced into the learning process: criteria, different levels of tasks, descriptors, levels of educational achievements, scores, assessments, etc., which greatly increases the opportunities for teachers and students to learn and evaluate.

The criterial system of assessment, which allows to depart from the subject-expert evaluation of knowledge, in the long term is aimed at developing a competitively capable person, ready to interact with the surrounding world, self-learning and personal self-determination. At the same time, the learner's activity, his involvement in the learning process, is ensured by the fact that the criterion evaluation performs a feedback function when the student receives information about his successes and failures. Thus, solving the problem of objective assessment of students, the criterial approach stimulates them to achieve not only a higher result, but also an independent setting of goals in the learning process.

Thus, in the context of the updated curriculum of education in Kazakhstan, a criterial system for assessing the learning achievements of students is being introduced and we have emphasized the main meaning of assessment in students' life. V. S. Bezrukova states that evaluation – one of the forms of education, as evaluation encourages students to analyze, monitor, evaluate the work; educates organization, consistency, perseverance, willness and other qualities of students; orients students to the system of social and intellectual values.» [9, p. 128].The problem of evaluation as a component of learning activity is multidimensional. This process requires careful attention of teachers and parents. Comprehensive study of the psychological and pedagogical implications of the introduction of criterial evaluation in the educational process is aimed at solving a number of urgent problems: students' self-regulation and self-organization development, which ultimately should lead to the formation of successful experience in self-education.

References

1. Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. — М., 1994. / Klarin M.V. Innovacionnye modeli obucheniya v zarubezhnyh pedagogicheskikh poiskah. — M., 1994.
2. Темпл, Ч., СтилДж.Л., Мередит К.С. Критическое мышление – углубленная методика. Пос. 4. М.: Изд-во Ин-та «Открытое общество», 1998. / Temple Ch. Steel J. Meredith K.S. Kriticheskoe myshlenie – uglublennaya metodika. Pos. 4. M.: Izd-vo In-ta «Otkrytoe obshchestvo», 1998.
3. Paul R.W. Critical Thinking. – Sohomia State University, 1990.–р.
4. Халперн Д. Психология критического мышления–СПб.: Питер, 2000.– 512с. /Halpern D.Psihologiya kriticheskogo myshleniya – SPb.: Piter, 2000.– 512с.
5. Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке. М.: Просвещение, 2004. – 175 с. /Zair-Bek S.I., Mushtavinskaya I.V. Razvitie kriticheskogo myshleniya na uroke. M.: Prosveshchenie, 2004. – 175 s.
6. Бутенко А.В., Ходос Е.А. Критическое мышление: метод, теория, практика. – Красноярск: 2001. /Butenko A.V., Hodos E.A. Kriticheskoe myshlenie: metod, teoriya, praktika. – Krasnoyarsk: 2001.
7. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-метод. Пособие. / Под ред. О.И.Можаевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. - 56 с. /Rukovodstvo po kriterial'nomu ocenivaniyu dlya uchitelej osnovnoj i obshchej srednej shkol: Uchebno-metod. Posobie. / Pod red. O.I.Mozhaevoy, A.S.SHilibekovoj, D.B.Ziedenovoj. – Astana: АОО «Nazarbaev Intellektual'nye shkoly», 2016. - 56 s.
8. Инструктивно-методическое письмо на 2017-2018 учебный год. «Об особенностях организации образовательного процесса в образовательных школах РК в 2017-2018 учебном году», Астана, 2017 г. /Instruktivno-metodicheskoe pis'mo na 2017-2018 uchebnyj god. «Ob osobennostyah organizacii obrazovatel'nogo processa v obrazovatel'nyh shkolah RK v 2017-2018 uchebnom godu», Astana, 2017 g.
9. Безрукова, В.С. Все о современном уроке в школе проблемы и решения [Текст] / В.С. Безрукова // Директор школы. 2004. - №3. - С. 128-145. /Bezrukova, V.S. Vse o sovremennom uroke v shkole problemy i resheniya [Tekst] / V.S. Bezrukova // Direktor shkoly. 2004. - №3. - S. 128-145.

НОВЫЕ ТИПЫ СУММАТИВНОГО ОЦЕНИВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Н.М. Махатова¹, А.К. Мукажан², З.Ж. Хамитова³

^{1,2} магистр образования, ³ ст. преподаватель

Карагандинский государственный университет им. Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан,
email: nazym.studyinn@gmail.com

В данной статье авторы предлагают собственную систему суммативной итоговой оценки для учеников. Критериальная оценка в образовательном процессе направлена на решение ряда актуальных задач. Комплекс упражнений поможет учителям в планировании, организации и проведении итоговой оценки по предмету «Английский язык» для учащихся 3 класса. Схемы с учетом детализации оценивания предлагаются для итоговой оценки за четверть. Методические рекомендации направлены на то, чтобы помочь учителям начальных классов, школьным методистам отделов образования для оценивания учеников по критериальной системе.

Ключевые слова: суммативное оценивание, обновленное содержание образования, критическое мышление, 3 класс, преподавание английского языка, критерии, умения

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ

Н.М. Махатова¹, А. К. Мұқажан², З.Ж. Хамитова³

^{1,2} білім магистрі, ³ аға оқытушы

Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан
email: nazym.studyinn@gmail.com

Мақалада авторлар оқушыларға арналған жиынтық қорытынды бағалау бойынша тапсырмалар кешенін ұсынады. Сыни тұрғыдан бағалау білім беру үдерісінің өзекті міндеттерін шешуге бағытталған. Тапсырмалар кешені мұғалімдерге 3 - сынып оқушыларының «Ағылшын тілі» пәнін жоспарлауды,

ұйымдастыруды және бағалауды жетілдіруге көмектеседі. Баға қоюда дәлдікті қамтамасыз ететін тоқсанға арналған жиынтық бағалау ұсынылады. Әдістемелік ұсыныстар критериалды бағалау үшін бастауыш сынып мұғалімдеріне, білім бөлімдерінің әдіскерлеріне көмек көрсетуге бағытталған.

Түйін сөздер: жиынтық бағалау, жаңартылған оқу бағдарламасы, сыни тұрғыдан ойлау, ағылшын тілін оқыту, 3 сынып, критерийлер, дағдылар

Received 07.04.2019.

ЖАС ҰРПАҚТЫ ТОЛЕРАНТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

М.К. Жазықова

п.ғ.к., доцент,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ақтөбе, Қазақстан, email: makash_k@mail.ru

Мақалада автор «толеранттық» ұғымының мәнін талдай отырып, оның ғылыми термин ретіндегі мағынасына түсінік береді. Сондай-ақ толеранттық тәрбиенің отбасында басталатынын атап көрсеткен. Мұнан әрі заманауи отбасының құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталған. Бүгінгі жаһандану дәуірінде жас ұрпақты толеранттыққа тәрбиелеуде мектеп пен отбасының әрекеттесе жұмыс істеуі қажеттілігі атап айтылады. Жұмыста сонымен қатар толерантты тұлға тәрбиелеуде мектеп пен отбасы әрекеттестігінің тиімділігін дәлелдейтін кейбір әдіс-тәсілдер мен жаттығулар берілген. Қорытындысында мектеп пен ата-ананың тығыз байланыста жұмыс істеуі арқылы толерантты ұрпақ тәрбиелеуге болатыны тұжырымдалған.

Түйін сөздер: толеранттық, отбасы, отбасы тәрбиесі, жас ұрпақ, отбасы құндылықтары, тренингтер

Толеранттық – әлемдегі басты проблемалардың бірі, еркін қоғам мен мемлекеттік құрылымның беріктігін көрсететін негізгі іргетас. «Толеранттық» ұғымының дәл анықтамасы 1995 жылы 16 қарашада ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының резолюциясында бекітілген «Толеранттық принциптерінің Декларациясында» берілген. Мұнда ол «құрмет, біздің әлемнің мәдениетінің көптүрлілігін, біздің өзіміздің даралығымызды таныту формалары мен тәсілдерін қабылдау және дұрыс түсіну» деп берілген [1; 5]. Ал ғылыми әдебиеттерде «толеранттық» ұғымына мынадай анықтамалар берілген: «Толерантность - это то, что делает возможным достижение мира и согласия и приведет от культуры войны к культуре мира» [2; 17]. «Толерантность - способность человека, сообщества, государства слышать и уважать мнение других, невраждебно встречать отличное от своего мнения» [3; 76]. Ал шетел ғалымдары еңбектерінде «толеранттық» «мақұлдау әрекеті және бір адамға екінші адамның көзқарасын күштеп таңуынан бас тарту ретінде» (Н. Эшфорд) [4], «ойын шарттары» туралы келісімді қабылдау ретінде (Дж. Салливан, Дж. Пьересон, Дж. Маркус) [5] түсіндірілген. Аталған анықтамалардың барлығы бір ойды меңзейді: толеранттық – барлық адамдар мен халықтардың әртүрлі болу құқын бекіту. Қоғам өзінің мемлекеттік институттары арқылы көптүрлі конфессиялар, этникалық, саяси және басқа да әлеуметтік топтар арасында берік үйлесімділікті, әртүрлі әлемдік мәдениеттер, халықтар мен өркениеттер көптүрлілігін құрметтеу мен сыртқы келбеті, ой-пікірі, тілі, сенімі, дәстүрі жағынан ерекшеленетін адамдармен ынтымақтасуға және түсінуге дайын болуды қамтамасыз етуге талпынуы керек. Қазіргі қоғамда толеранттық адамдардың, халықтардың, мемлекеттердің өзара әрекеттесуі мен байланысын қалыптастырудың моделі болып табылады. Жыл сайын 16 қарашада Халықаралық толеранттылық күні аталып өтіледі. Толеранттылықты қалыптастырмай, өркениетті қоғам құру мүмкін емес.

Қазақ халқы ұлы көшпенді мәдениеттің мұрагері ретінде көп ғасырлар бойы сыртқы өзгермелі жағдайларға өзінің бейімделе алатынын дәлелдеп келеді. Сонымен бірге біздің еліміз арқылы өтетін Ұлы жібек жолы Шығыс пен Батыс өркениеттерін өзара байланыстырушы көпір ретінде бұл үдерістің барлық субъектілерін рухани жағынан байытты. Мұндай өзара әрекеттестік біздің ата-бабамызды басқа мәдениеттер мен діндердің өкілдеріне төзімділікпен қарауға үйретті. Сондықтан халқымыз ежелгі дәстүрлерді жалғастырушы ретінде әлемді алуан түрде қабылдаудың көп ғасырлық тәжірибесін басшылыққа алып, бүгінгі күні толеранттықтың тамаша үлгісін көрсетіп отыр. Оның дәлелі: қазақ даласында бірнеше ғасырдан бері әртүрлі ұлт өкілдері, бірнеше әлемдік дін өкілдері тату-тәтті өмір сүреді. Осыған орай Е.Тугжанов төмендегідей пікір білдіреді: «Қазақстандық қоғам толеранттылығының негізінде үш фактор жатыр: Бірінші фактор – халықтың өз мемлекетінің болашағына деген сенімі; екінші фактор – еліміздің өткені; үшінші фактор – мемлекеттің базалық этносының менталдылығы [6; 38].

Жалпы, толеранттық мәселесін зерттеуші ғалымдар оны тәрбие саласына, яғни қарым-қатынас мәдениетіне жатқызады, өйткені толеранттық бір жеке қасиет емес, ол адамзат өкілі ретінде өмір сүруге және жан-жақты дүниеде конструктивті іс-әрекет жасауға деген дайындығы мен

қабілеттілігіне байланысты тұлғаның жиынтық қасиеті. Ал тұлғаның жетілуі тәрбиемен және біліммен тікелей байланысты. Олай болса, бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпақ бойына толеранттықты қалыптастыруда мектеп пен отбасының ынтымақтастығы аса қажет.

Қоғамда болып жатқан жаңартулар мен жаңғыртулар бүгінгі таңда неке және отбасы институтының қызметіне де өзіндік өзгерістер әкеліп отыр. Антикалық заманнан бастап барлық кезеңдерде отбасы мәселесі алдыңғы ойлы адамдардың зерттеулеріне негіз болды. Қоғам үнемі өзгеріс үстінде, соған орай отбасы да өзгереді. Оның қазіргі заманғы дамуында бұрын кездеспеген проблемалар пайда болып отыр. Сондай проблемалардың бірі ата-ана мен балалар арасындағы толерантты қатынастың бұзылуы болып табылады. Қазіргі уақытта отбасы өзінің бала туу және оны тәрбиелеумен байланысты дәстүрлі қызметтерімен қатар, тез өзгермелі және қиын жағдайларында толеранттыққа тәрбиелеуші ретіндегі маңызды ролін орындауға міндетті болып отыр. Жас ұрпақты толеранттыққа тәрбиелеуде білім беру мекемелерінің отбасымен бірлескен жұмысты ұйымдастыруы мен жетілдіруі – тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудағы маңызды бағыт.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 2-бөлімінің 27-бабында: «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» деп отбасының міндеті анық көрсетілген [7]. Қазақ отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелері педагог-ғалымдар С.Қалиев, М.Смайылова, М.Оразаев, Е.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Р.М.Қоянбаев, Ж.Б.Қоянбаевтардың еңбектерінде жан-жақты сөз болады. Ж.Б.Қоянбаев: «...отбасының өзіне тән ерекше қызметтері деп: халықтың өсуін, адамзат ұрпағын әрі қарай жалғастыруын қажеттік-шаруашылық функциясын, отбасының тәрбиелік функциясын, отбасы мүшелерінің өзара және туған-туысқандармен қарым-қатынас жасау функциясын есептейді» [8; 47]. Осы ретте біз заманауи қазақстандық отбасыларының салт-дәстүр, діни, тілдік-әлеуметтік әртектілігіне қарамастан, негізінен сезім мен қолдаудан тұратын, махаббатқа негізделген одақ екенін атап айтамыз. Заманауи отбасылық жүйе алдымен жеткілікті түрде ашық болып келеді. Мұндағы басты гуманистік позиция – балаға өзіндік таңдау еркі бар, сыйлауға лайық, жеке тұлға ретінде қарау. Ж.Б.Қоянбаев отбасындағы бала тәрбиесіне игі ықпал етуде мәні бар төмендегі белгілерді атап көрсетеді: «Отбасының этикалық құрамы және құрылымы толық емес отбасы: бірбалалы, көпбалалы отбасы, бірұлттық, көпұлттық отбасы; тіршілік әрекетінің және ортаның жағдайлары: отбасы мүшелерінің білім дәрежесі, еңбектену, кәсіптік құрамы, бюджеті, жалпы материалдық әл-ауқаты, ауылдық және қалалық отбасы; отбасының мәдени потенциалы: күнделікті тұрмыстың жалпы мәдениеті, күн тәртібі, демалыс, оның формалары, кітапхананы, теледидарды, музыка аспаптарын пайдалана білуі, спортпен айналысу, үйелмендік дәстүрлік мерекелер; ішкі отбасылық қатынастар, отбасы микроклиматының сипаттамасы, отбасында көзқарастың бірлігі және айырмашылығы, отбасы мүшелерінің өз міндеттерінің көзқарасы; қоғамға көзқарасы: еңбек және қоғамдық міндеттерге, қоғамдық тәрбие институттарына қатысы; отбасының тәрбиелік потенциалы: отбасылық тәрбие, қолданылатын әдістер, ата-аналарының және мүшелердің педагогикалық мәдени дәрежесі» [8; 48].

Олай болса, отбасымен байланыста жұмыс істейтін әрбір ұстаз өз қызметінде заманауи отбасының төмендегідей құрылымдық ерекшеліктерін ескерулері керек:

1. Заманауи отбасы – бұл үш ұрпақ өкілдері: ата-әже, әке-шеше, немереден тұратын кеңейтілген одақ. Мұндай отбасы алдымен ата-баба салтын сақтап, қарттық шақты басынан кешіп отырған ата-анаға қамқор болу, сол арқылы кейінгі ұрпақты қайырымдылыққа, мейірімділікке, төзімділікке тәрбиелеу идеясын басты қағидат ретінде ұстанады. Екінші жағынан әлі толық қаржылай дербестікке қолы жете қоймаған жас отбасы үшін ата-анамен бірге тұру өте тиімді (ерлі-зайыптылардың тұратын үйлерінің болмауы, қаржылық зәрулік, т.б.).

2. Шағын отбасы (әке-шеше және балалар). Мұндай отбасында ата-ана мен баланың қарым-қатынасында ерекше рөлді эмоциялық және рухани жақындық алады. Алайда мұндай отбасында ерлі-зайыптылардың дербестігі алдыңғы орынға шығып, немере тәрбиесіне ата-әжесінің қатысы төмендейді.

3. Толық емес отбасы, яғни ата-ананың біреуінің болмауы, немесе әкесінің немесе анасының ата-аналық міндеттерінен, балаларынан бас тартуы. Өкінішке орай, бүгінгі жаһандану заманында некелесу де, ажырасу да оңай болып кетті. Некені құруға және айыруға құқықтық, этикалық, діни және әлеуметтік-психологиялық кедергілердің аздығынан отбасылар жиі айрылысады. Мұндай жағдайда бала, әдетте, анасының қолында қалады және отбасындағы әкенің беделі кеміп, кейін көптеген түсінбестіктерге әкелуі мүмкін.

Орыс ғалымдары Антонов А.И., Медков В.М. отбасындағы тәлім-тәрбие бағытына қарай ата-аналар мен балалар арасындағы қатынасты 4 түрге бөледі:

- 1 Өкімшіл (диктат), авторитарлы (әміршіл) қатынас;
- 2 Шектен тыс қамқорлық (гиперопека);
- 3 Бала өміріне араласпау, селқостық таныту;
- 4 Ынтымақтастық, демократиялық қатынас [9; 57].

Өкімшіл (диктат), авторитарлы (әміршіл) қатынас ата-аналардың талабын, бұйрығын, зорлық көрсетуін бірінші орынға қояды. Талап етуді құрмет көрсетумен ұштастырмаған жағдайда бала тәрбиесіне зиян келтіретіні белгілі. Мұндай ата-аналар баланы өзіне бағынышты етеді, оның пікірімен санаспайды. Олар баланың барлық өмір жағдайларын бақылап, тыйымдардың себептерін түсіндірмейді.

Шектен тыс қамқорлық (гиперопека) – өкімге (диктатқа) қарама-қарсы қатынас түрі, балаға шектен тыс қамқорлық көрсетіп, еркіндік бермеу, қиындықтарды өз бетімен жеңуге үйретпеу. Мұндай жағдайда тәрбиеленген бала селқос, жалтақ, жасқаншақ болып өседі және құрбыларымен қарым-қатынаста қиналады.

Бала өміріне араласпау, селқостық таныту – бұл қатынас түрі балалар мен ата-аналар арасын алыстатады. Эмоционалдық жылылықты сезбей өскен балалар көбіне адамдарға сенімсіздікпен қарайды. Махаббатқа зәру болғандықтан, қатал, мейірімсіз болып өседі, себебі кезінде отбасында белгілі бір рухани-адамгершілік тәртіп нормалары іске аспаған.

Демократиялық идеяларға бағытталған ата-аналар баланың іс-әрекетінде алдымен тәуелсіздікті бағалайды. Ата-ана балаға еркіндік беріп, өз бетінше әрекет етуге жол береді, яғни баланың құқығын таптамай, сонымен қатар міндеттерін де атқаруды талап етеді. Өз кезегінде қарым-қатынастың демократиялық стилі баланың өзіне деген сенімділігін арттырып, намысын жоғарылатады.

Көріп отырғанымыздай, аталған төрт қатынастың ішінде отбасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас қана балаға адамдармен өзара әрекеттесуге қатысты маңызды тәжірибе береді, ынтымақтастық қатынаста ғана бала басқаларды тыңдауға және олардың көзқарастарын сыйлауға, туған-туысқандарына шыдамдылықпен қарауға үйренеді. Өз балаларының шығармашылық қуатын керек арнаға бағыттау тек ата-аналардың жауапкершілігінде. Балаларын жақсылыққа ұмтылуға, өзара сыйластыққа, махаббатқа, аяушылық пен рақымшылыққа тәрбиелеуде ата-аналар балаларына болашақ өмірдің бейнесін жасайды. Сондықтан ата-ана толерантты тұлға тәрбиелеу үшін бала тәрбиесіне ерте жастан белсенді қатысуы керек. Бұл жерде толеранттық туралы айтып қою жеткіліксіз, балалардың бойындағы жақсы қасиеттерін, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін, бір-біріне ұқсамайтын адамдар әлемінде өмір сүру өнерін дамыту арқылы тәрбиелеу керек. Ата-аналардың міндеті – балалардың жүрегін жақсы мазмұнға толтыра отырып, олармен бірге өмір сүру. Тек мейірлі отбасылық қатынастар ғана баланың толерантты болып өсуіне ықпал етеді.

Көп ұлтты мемлекет жағдайында жастардың әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттестігінің бір тармағы халықтар мен ұлттарға құрметпен қарау болып табылады. Сол себепті балаға отбасында әр түрлі ұлт адамдарының өздеріне тән ұлттық ерекшеліктері болатыны түсіндірілуі керек. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне, толеранттық-төзімділік қасиеттеріне баулу алдымен ұлттық тәлім-тәрбие негізінде жүзеге асырылады. Ал ұлттық тәрбиенің негізгі көздері фольклор, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Сонымен бірге туыстық қарым-қатынас, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік сынды сапалық қасиеттерді әр отбасы ұлттық тәрбиенің құралы ретінде баланы толеранттыққа тәрбиелеуде басшылыққа алуы тиіс. Бұл өз кезегінде Қазақстанды мекендейтін әртүрлі ұлт өкілдерінің өзге ұлт мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін өз мәдениетімен салыстыра оқып, артықшылығы мен кемшілігін ұғынуына жағдай жасап, жастар арасында этносаралық төзімділік пен өзара түсіністіктің арта түсуіне игі ықпал етеді. Сонда ғана әр ұлт өкілі өзінің ұлттық болмысын жойып алмай, қайта керісінше, толерантты қоғамда тілдік, ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуға мүмкіндік алады. Сөйтіп, толеранттық жас ұрпақтың күнделікті өмір дағдысына, дәстүріне айналып, біздің жалпы, тарихи-мәдени кеңістігімізде қоғамды топтастыратын маңызды факторға айналады. Бүгінгі көп ұлтты Қазақстан жағдайындағы толерантты адам - бұл өзінің және өзгенің мәдениетіне құрметпен қарайтын, ұлттық намысы бар тұлға.

Басты отбасылық құндылықтар тізімі әр отбасында бірегей және көптеген тармақтардан тұрады. Дегенмен, әр отбасы толерантты тұлға тәрбиелеуде, біздің ойымызша, төмендегілерді басшылыққа алады:

а) Балаға отбасы мүшесі ретінде өзіндік орны бар екенін сезіндіру. Басқа сөзбен айтқанда, бала үшін отбасы бос уақытты, мерекелерді бірге өткізетін, еш себепсіз жиналып, бірге бас қосатын,

баланы қандай жағдайда да қабылдайтын, тыңдайтын, қолдайтын, тұйыққа тірелгенде, қалай шығуға кеңес беретін қауіпсіз орын болуы керек.

а) *Тәрбие үдерісінде балаға сыйластықпен қарау және икемділік таныту* көптеген мәселелерді шешуде баланың өзін жайлы сезінуіне мүмкіндік береді. Отбасындағы әр адамның жеке пікірі ескеріліп, сыйластық пен икемділік орын алған кезде ғана баланың үлкендерге деген құрмет сезімі артары анық.

б) *Мейірбандық, кешіре білу.* Өмірде қателеспейтін адам жоқ. Ренішпен жүріп, уақытты текке жоғалтып алу – қысқа өмірдің қадірін білмеумен пара пар. Сондықтан ренжіткен адаммен ашық сөйлесіп, мазалаған сұрақтарға жауап алуға, кешіруге болатынын ата-ана әрқашан баласына түсіндіріп отыруы керек.

в) *Жомарттық.* Ата-ана баласына кейбір материалдық игіліктер жасауда кеткен шығынды қайтарып алуды ойламай, жомарттық танытқан адам қашан да ағайын-туыс, жора-жолдас, жалпы қоғам мүшелері арасында сыйлы болатынын түсіндіріп отырғаны жөн.

г) *Жауапкершілік.* Жалпы, кез келген адам басқалар алдында жауапкершілігі мол адам болып көрінгісі келетіні белгілі. Алайда жауапкершілік сезімі бала кезден отбасы тәрбиесі арқылы берілген жағдайда ғана оң нәтижеге қол жеткізуге болады.

е) *Отбасылық дәстүрлердің сақталуы* барлық отбасы мүшелерін топтастырады, отбасын бірегей етеді. Тіпті бала жыраққа кетіп, өз алдына отбасылық өмірін бастаса да, қалыптасқан жанұялық дәстүрлерді ұмытпайды, өз балаларына үйретеді, аманат етіп тапсырады. Сондықтан отбасылық дәстүрлердің толерантты қарым-қатынастағы ролі ерекше.

ж) *Ата-ана үлгісі* – балалармен қарым-қатынаста, еңбекте, тұрмыста оларға өз бойындағы жақсы қасиеттерді дарытудағы ең басты құрал. Сыпайылық, жомарттық, мейірбандық, адалдық, т.б. қасиеттер ата-ана бойында табылған жағдайда ғана бала оларды жалпыадамзаттық құнды адамгершілік қасиеттер ретінде қабылдайды және өз өмірінде осы қасиеттерді ұстануға талпынады.

Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас жоғарыда аталған қасиеттерге құрылған отбасында толеранттықтың, мейірімділік пен ізгіліктің берік орын алатынын зерттеулер де көрсетіп отыр. Берекелі отбасы балаларының 98,2% (зерттеуге 300 отбасы қатысқан) бейәлеуметтік әрекет жасамайды, мінез-құлқында дөрекі өзгерістерге жол бермейді, теледидарда, журналдар мен газет беттерінде көрініс тауып жатқан теріс ақпараттарға сабырлылықпен қарайды. М.И.Рожков, Л.В.Байбородова, М.А.Ковальчук әдістеріне сүйеніп алынған зерттеу нәтижелері мұндай отбасында пайда болатын проблемаларды әдетте балалар ата-аналарымен бірлесе шешетінін көрсеткен [10]. Ал Л.В.Байбородованың пікірі бойынша, мектеп пен ата-ана әрекеттестігі бала мен ата-анаға деген сенімге, отбасының денсаулығына, бала мен ата-ананың жағымды жақтарына, бірлесе әрекет етуде екі жақтың да қызығушылығын ескеруге, отбасы мен мектептің дәстүрлеріне негізделген гуманизм идеясына бағытталуы керек [11]. Бұл бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыруда мұғалімдер, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтар мен психологтар бір-біріне деген өзара сенім, құрмет, қолдау, шыдамдылық принциптері негізінде әрекет етулері керек. Ұстаздардың міндеті - ата-ананың бала тәрбиесіндегі жағымды тәжірибесін жетілдіріп, кәсіби тәрбие жолын ұсыну.

Осы бағыттағы педагогтың жұмысы сауалнама жүргізуден басталады. Сауалнама мұғалімге оқушының әлеуметтік-тұрмысынан хабар берсе, ата-анаға отбасы тәрбиесінің міндеттерін түсінуге көмектеседі, отбасы тәрбиесіндегі кемшіліктерге назар аудартады. Сауалнамада кездесетін кейбір сұрақтар төмендегідей:

- Соңғы кездері балаңыздың бойынан қандай өзгерістер байқадыңыз?
- Бала тәрбиесінде сізге мектеп пен мұғалім тарапынан қандай көмек керек?
- Ата-аналар жиналысына қандай тақырыптар ұсынасыз?

Сауалнама нәтижесінде сұхбаттасудың негізгі сұрақтары анықталып, ата-аналар жиналысының тақырыптары белгіленеді. Алғашқы ата-аналар жиналысында ата-аналар бір-бірімен танысады. Танысу әр түрлі формада: өлең, эссе, сурет салу, әңгіме жазу, т. б. формада өтеді. Осылай танысу ата-аналарды жақындастыра отырып, олардың ұйымшылдығын арттыруға көп көмегін тигізеді. Сол секілді ата-аналар әр кездесу аралығында өз отбасында қандай елеулі, қуанышты оқиғалар болғанын әңгімелейді. Бұл әрекет ата-аналардың бір-бірінің қуанышына ортақтасуға, жақындастыруға және ынтымақтастығын арттыруға арналады. Ата-аналар жиналысы тиімді өтуі үшін ата-аналарға оның мазмұнын жоспарлау ұсынылады. Бұл ата-ананың белгілі бір тақырыпқа деген қызығушылығының деңгейін алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Ата-аналар жиналысына ұсынылатын кейбір тақырыптар: «Біздің «қиын» балаларымыз», «Отбасы проблемалары. Оларды қалай шешуге болады?», «Баланың қоршаған ортамен жағымды қарым-қатынас орнатуына эмоцияның әсері», т.б.

Сондай-ақ отбасында толерантты қарым-қатынас қалыптастырудың жақсы құралдары бірлескен жорықтар, серуендер, саяхаттар, сенбіліктер, оқырмандар конференциясын, мейрамдар, конкурстар өткізу, жекеленген оқушылардың отбасындағы тәрбиелеу-түзету жұмыстары (психологиялық-педагогикалық кеңестер мен көмектер), және т.б. болып табылады. Мысалы, «Отбасы апталығы» шеңберінде «Менің балам» атты шығармалар конкурсын ұйымдастыруға болады. Ата-аналардың бұл конкурсқа қатысуы өз баласына қызығушылық таныту болса, шығарма мазмұны ата-аналардың өз балаларын қалай қабылдайтынын көрсетеді. Бастауыш мектеп оқушылары арасында «Менің отбасым», «Менің отбасымдағы демалыс күн» атты суреттер конкурсы өткізілсе, ортаңғы сыныптарда «Бауырларым мен жақындарым туралы ыстық махаббатпен» атты сынып сағаттарын өткізуге болады. Апталық барысында спорттық мейрамдар өткізуге болады. Мұндай шаралар барысында ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас жаңа қырынан танылады. Сондай-ақ ата-аналардың балаларға, немесе керісінше, балалардың ата-анаға жасаған тосын сыйлары, құттықтаулары олардың арасындағы қатынасты жақындата түседі. Ата-аналардың қатысуымен өткізілген мұндай шаралар мектеп пен отбасы өміріндегі маңызды фактор ретінде балаларға тамаша үлгі болмақ.

Жас ұрпақты толеранттыққа тәрбиелеуде ата-анаға көмек ретінде коммуникативтік білім бағдарламалары жасалып, оларға арналған курстар, семинар-тренингтер, психологиялық тестер, лекторийлер, консилиумдар, отбасылық консультациялар жүргізудің де маңызы зор. Ата-аналармен жұмыста К.Роджерстің [12], Я.Адлердің [13], К.Фопельдің [14] гуманистік психологиясы мен толеранттық теориясына негізделген еңбектері басшылыққа алынады.

Мұндай жұмыстардың ішінде тренингтердің орны ерекше. Олардың нәтижесінде жеткіншек шақта бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас жеңіл өтеді. Тренингтің басты мақсаты ата-ана мен баланың серіктестік қарым-қатынасы мен қызметтестігін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Төменде оқушыларды толеранттыққа тәрбиелеуде ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты жүзеге асыру барысында жүргізілетін семинар-тренингтер мен тест сұрақтарының кейбіріне тоқталмақпыз:

1. Мұғалімдерге арналған жағдаяттарды талдау.

а) Ата-ана сізге келіп, мұғалім үстінен шағымданды. Баланың сабақ үлгерімінің нашар екенін алға тартып, сыныптастарының алдында ренішті сөздер айтатынын, сондықтан баласының мектепке барғысы келмейтінін айтады. Сіздің әрекетіңіз?

ә) Ата-ана баласының сынып жетекшісінің басқа ұлт өкілі болғандықтан, ауыстыруды сұрайды. Сіздің ата-ананың бұл өтінішіне жауабыңыз?

2. Ата-аналарға арналған «Менің отбасымның бүгінгі мен болашағы» тренингі.

Қатысушыларға осы тақырыпқа екі коллаж жасау ұсынылады. Коллажбен жұмыс істеуде үлкен ватман және әртүрлі қағаздар, түрлі-түсті ашық хаттар, т.б. пайдаланылады. Әдетте оқушылар бұл жұмысты қызығушылықпен орындайды, бірақ ұсынылған тақырыптар кейде қиындық тудырады. Коллаж жасап болғаннан кейін қатысушылар өз жұмыстарымен топтағыларды таныстырып, оның мазмұнын әңгімелеп береді. Жұмыстың мақсаты: оқушының өзін жалғызбын деп сезінбей, отбасының оған әрқашан қолдау көрсететін сездіру.

3. Тренингке қатысушы тараптар арасында диалог өткізу.

Атап айтқанда, «Мейірімді ана және қатал ана» диалогын талдау. Мұндай тапсырма көбінесе авторитарлық типті ата-аналарға ұсынылады. Бұл үшін қатысушыларға алдын-ала төмендегідей сұрақ қою қажет: «Сіз өзіңізді қатан (бірбеткей, авторитарлы) анамын деп есептейсіз ба (әже, әке, ата)?». Қатал ананы көрсету жағдаяты да осыған ұқсас өтеді. Егер бұл тапсырманы орындау барысында қиындық туындаса, «бос» орындық техникасының көмегіне жүгінуге болады. Бұл былай орындалады. Ортаға екі орындық қойылады, оның біреуіне балалармен қарым-қатынаста қиындыққа кездескен қатысушы отырады. Бірінші оған өзінің үйреншікті мінез-құлқына негізделген тапсырма ұсынылады. Сосын тренер қатысушыға қарсы орындыққа отыруын сұрайды, енді өз мінезіне қарама қайшы әрекетті көрсетуі керек. Барлық топ қатысушыға жаттығуды орындауда көмек көрсетеді.

4. Шағын топтардағы жұмыс.

Ата-аналарға қағаз бетінің сол жақ бағанасына мұқият, белсенді тындап отырған адамның күйін, оң жақ бағанаға тындамай отырған адамның күйін бейнелеу тапсырылады. Сәл уақыттан соң топтың ұсынған нұсқалары талданады. Қағаздың орта жағына белсенді тындау кезінде жасауға болмайтын, немесе кедергі келтіретін іс-әрекеттерді жазу тапсырылады. Ата-аналар белсенді тындау кезінде жасауға болмайтын, немесе кедергі келтіретін іс-әрекеттерге мыналарды жатқызады: кеңес беру, әңгіме тақырыбынан ауытқу, сөйлеп отырған адамға, сын, баға беру, сөзін бөлу, өз тәжірибесі

туралы айту. Мұнан кейін пікірталастың нәтижелері талқыланады. Нәтижесінде ата-ана белсенді тыңдаудың негізгі қағидаттары ретінде сөйлесіп отырған адамдарға тіке қарап отыру, көзбен байланыс орнату, қажет жерінде бас изеу, жымию, «дәл солай», «дұрыс», «иа», «жоқ» және т.б. фразаларды қолдану қажеттігін, ойды анықтау немесе тұжырымдау үшін «Сіз дегіңіз келіп тұрма?» сияқты сұрақтарды қоюға болатынын атап айтады.

5. *Қиын жағдайдан шығуға бағытталған тренинг.*

Қатысушыларды бірнеше топқа бөлеміз. Әр топ берілген сұрақтарды пайдаланып, мәселені талдайды. Ортақ шешім нәтижесінде проблемадан шығудың жолдарын ұсынады (басқа топтар олармен келісуі не келіспеуі мүмкін, келіспеген жағдайда өз варианттарын айтады). Сонымен, «... не істеу керек?»:

Мен жаңа қонысқа көшіп келуіме байланысты жаңа сыныпқа ауыстым. Осыған орай не істеуім керек?

Сыныптастарым менің ұлтымның басқа екеніне орай ренішті ат қойып, күледі. Не істеуім керек?

Мен ертең мектепке баруым керек. Алайда онда менің достарым жоқ деген ойдың өзінен-ақ мен қорқамын. Не істеймін?

Мен сәнмен киінбеймін, ал сыныптастарымның бәрі «сәнқой», олар менімен достаспайды. Не істеуім керек?

Сұрақтар бойынша оқушылардың жауаптары талданып, олармен жеке жұмыстар жүргізіледі.

6. *«Қошемет» ойыны.*

Бұл ойынды ойнау үшін ата-ана мен балалар ортаға тұрып, бір-бірінің қолдарын ұстайды. Әркім өз көршісіне қошемет сөздер айтады, көршісі оған рахмет айтып, әрі қарай келесі көршіге қошемет айтуы керек, осылай жалғаса береді (Басқа жағдайда қолға допты алып, оны ойынға қатысушы басқа адамға лақтыруы керек, т.б.). Қорытынды: Адамдар бір-бірінен қошемет сөз естісе, оның жүрегі мейірімге толады, айналасында жағымды атмосфера қалыптасады. Әр адам сын сағаттарда шыдамдылық танытуға мүмкіндік беретін тек өзіне тән позитивті қасиеттердің иесі болып табылады.

7. *«Ашық айтсам...» жаттығуы*

Ата-аналарға төмендегідей бланкілер таратылып, толтырылады:

Тренингтің жүргізілген күні _____

Менің тренингтік есімім _____

Менің тренинг барысында түйгенім _____

Бәрінен де маған мына жұмыс ұнады _____

Жүргізушіге ұсыныс _____

Қолы _____

Рефлексия

Қорытынды

Сөйтіп, жас ұрпақты толеранттыққа тәрбиелеудегі мектеп пен отбасының әрекеттестігі мәселесінің теориялық негіздерін зерделей отырып және осы бағыттағы практикалық жұмыстарды талдау нәтижесінде төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Қазіргі жаһандану заманында адамгершілік, ізгілік, сүйіспеншілік, өзгенің өзіндік пікірі мен құқығына түсіністікпен қарау сияқты қасиеттерді бойына жинаған толерантты тұлға қалыптастыру – аса маңызды мәселе.

2. Жас ұрпақ бойына толерантты мінез құлық қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызы зор. Алайда осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыруда ата-анаға кәсіби тұрғыдан бірден бір көмекке келетін тәрбиелік әлеуеті жоғары мекеме мектеп болып табылады.

3. Жас ұрпақты толеранттыққа тәрбиелеуде мұғалімдер, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтар мен психологтар ізгілікті әрекеттесудің жағымды жақтарын қалыптастыра білулері керек.

4. Толерантты тұлға тәрбиелеуде сауалнама, сұхбат, ата-аналар жиналысы, бірлескен конкурстар, мерекелер, апталықтар, ата-аналарға арналған курстар, семинар-тренингтер, отбасылық консультациялар сияқты шараларды өткізу оң нәтиже береді.

5. Отбасы мен мектептің әрекеттесе жұмыс істеуі нәтижесінде жеткіншек толеранттықтың

индивидтің және қоғамның жоғары рухани және зияткерлік дамуының белгісі болып табылатынын, ал толерантты адамның өзгенің мәдениетіне құрметпен қарайтын, ұлттық намысы жоғары, төзімділік, шыдамдылық, байсалдылық, кісілік, ізгілік сияқты қасиеттерді бойына жинаған тұлға екенін түсінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Декларация принципов толерантности. Утверждена резолюцией 5.61. Генеральной конференции ЮНЕСКО от 16 ноября 1995 // Век толерантности: научно-публицистический вестник. М.: МГУ, 2001.
- 2 Тишков В.А. О толерантности // Толерантность и согласие. М., 2007. - 190 с.
- 3 Дробижева Л.М. Толерантность и рост этнического самосознания: пределы современности / Век толерантности: Научно-публицистический вестник. - 2003.-No 6. – С. 76-81.
- 4 Ashford N. 2016. Principles of a free societ. Jarl Hjalmarson Foundation. – 367 p.
- 5 Sullivan J.L., Piereson J., Marcus G.E. 1992. Political Tolerance and American Democracy. Chicago: University of Chicago Press. 278 p.
- 6 Тугжанов Е.Л. Политика межэтнической толерантности и общественного согласия в Республике Казахстан: политологический анализ: Автореф. дис... д-ра полит. наук. - Астана. 2010. - 40 с.
- 7 Қазақстан республикасының Конституциясы. 1995 ж. 30 тамызда қабылданған. Тольқтырулармен және өзгертулермен. http://www.akorda.kz./official_documents/constitution. - 29.01. 2019.
- 8 Қоянбаев Ж. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. Алматы: Рауан. – 1990. – 234 б.
- 9 Антонов А.И., Медков В.М. Социология семьи. М.: Издательство МГУ. – 2016. – 304 с.
- 10 Рожков М.И., Байбородова Л.В., Ковальчук М.А. Воспитание толерантности у школьников: Уч.-мет. пос. Ярославль: Академия развития: Академия Холдинг: 2003. – 192 с.
- 11 Байбородова Л.В. Воспитание толерантности в процессе организации деятельности и общения школьников. // Ярославский педагогический вестник. – 2003. – №1. – С. 33-37.
- 12 Joseph C.L. 2017. Radical Humanism and Generous Tolerance. Lanham, MD: Hamilton Books. 112 p.
- 13 Адлер Я. О стремлении к превосходству. — СПб.: Астер-Х, 2017.
- 14 Фопель К. Сплочённость и толерантность в группе. Психологические игры и упражнения. Пер. с нем. М., 2005.

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ШКОЛЫ И СЕМЬИ В ВОСПИТАНИИ ТОЛЕРАНТНОСТИ У ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

М.К. Жазыкова

к.п.н., доцент Актюбинского регионального государственного университета имени К.Жубанова
Актобе, Казахстан, email: makash_k@mail.ru

В статье анализируются труды известных ученых о проблеме толерантности. С помощью различных научных источников раскрывается значение термина «толерантность». Далее, автор отмечая значение семейного воспитания в формировании толерантности у подрастающего поколения, анализирует структуру современной семьи. В заключении говорится о важности взаимодействия школы и семьи в этом вопросе. Также автором описаны некоторые методы и упражнения, помогающие родителям и учителям развить чувство толерантности у детей.

Ключевые слова: толерантность, семья, семейное воспитание, подрастающее поколение, семейные ценности, тренинги

**THE INTERACTION OF SCHOOL AND FAMILY IN EDUCATION TOLERANCE
IN A GROWING GENERATION**

M.Zhazykova

Cand. Sci. (Pedagogy), Associate Professor

Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, email: makash_k@mail.ru

The article analyzes the works of famous scientists about the problem of tolerance. With the help of various scientific sources, the meaning of the term “tolerance” is revealed. Further, the author, noting the importance of family education in shaping tolerance among the younger generation, analyzes the structure of the modern family. In the conclusion author makes stress on the importance of the school- family interaction. Some methods and exercises that help parents and teachers to develop tolerance in children are given.

Key words: *tolerance, family, family education, young generation, family values, trainings*

Редакцияға 16.04.2019 қабылданды.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: ҚАЖЕТТІЛІК ПЕН МҮМКІНДІКТЕР

Ж.А. Масалиева¹, К.Н. Даркулова²

¹ ф.ғ.к., доцент, ² ф.ғ.к.

^{1,2} Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қазақстан, Шымкент қ., email: zmasalieva@mail.ru

Мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізуге қатысты қоғамда қалыптасқан көзқарастар (соның ішінде белгілі ғалымдардың) мен Қазақстанда қолға алынып жатқан іс-шаралар жайы сөз болады. Мақала авторлары педагог кадрларды даярлау барысындағы тәжірибелерімен бөлісіп, сондай-ақ туындаған мәселелерге қатысты жоғары оқу орындарына арналған үлгілік бағдарлама мазмұнына қатысты сыни көзқарасын білдіреді.

Түйін сөздер: Қазақстандағы инклюзивті білім беру, кадр даярлау, ерекше білім беру қажеттілігі бар және мүмкіндігі шектеулі балалар, оқу үдерісіне енгізу

Білім беру қоғамдық құбылыстардың аясындағы, ғылым мен техниканың жетілу үдерісіне негізделген сан қырлы, мәселелі сала болып табылады. Қазіргі таңда аталмыш саланың дамуын, келешегін бағдарлау инклюзивтік білім берудегі ұлттық тәсілдемені белсендіру әрекетімен сабақтасатындығын көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының, негізгі принциптерінің бірі ретінде «сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі» нақтыланған [1]. «Қолжетімділік» мүмкіндігін қалыптастыру үшін түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басқан шақта инклюзивті білім беру жүйесін дамытып, жетілдіруде жүйелі даярлық қажет-ақ.

Сапалы білімнің қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі жеке тұлғаны әлеуметтендіру мәселесі. Әлеуметтену – қоғамның толыққанды мүшесі болуы үшін қажетті адам баласымен әлеуметтік тәжірибенің меңгерілуі мен жаңғыртылуы. Әлеуметтендірілуге индивидтің жеке тұлға болып қалыптасып, білім, норма, бағалы құндылықтарды меңгеру құралы болып табылатын, түрлі әлеуметтік-феноменологиялық процестер енгізілуде. Баланың туылғанынан бастап, оның әлеуметтенген әлемге енуі оның әлеуметтенуін, әлемді түрлендіруші ретінде емес, керісінше, сол түрленуші ортаның дамытушысы болып табылатынын білдіреді. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру мәселесі қазіргі таңда инклюзивті білім педагогикасының негізінде қолдау тауып отыр.

Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумге кірігуін көздейді.

Барлық өркениетті әлемдегі қоғам жалпы адамзаттық моральға және әлеуметтік әділеттіліктің талаптарына сәйкес – білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балаларды кемсітушілікке жол берілмеуі керек деген ұғымға келді. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның адам құқығы аясындағы конвенцияларын, декларацияларын мен ұғымдарын басшылыққа ала отырып, барлық балалардың, оның ішінде денсаулық жағдайына (психофизикалық бұзылыстар, АҚТҚ және ЖҚТБ жұқпалы аурулы балалар және т.б.); қоғамда әлеуметтік бейімделу мәселелері бар (жетім, әумесерлік тәртіп), әлеуметтік-экономикалық немесе әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен жанұяның жағдайына (нашар отбасыдан, қашқындар, оралмандар, аз ұлттардың балалары) байланысты білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беруге міндеттеме алады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ететін міндеттердің бірі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды инклюзивті ортада қолдау, ал орта білім берудің мазмұнын жаңарту аясындағы міндеттердің бірі білім беру ұйымдарын өлшемшартпен бағалау жүйесіне көшуді жүзеге асыру деп көрсетілген [2]. Бұл, өз кезегінде, инклюзивті білім берудің дамуын теориялық және әдістемелік жағынан жетілдіруді қажет етеді.

Бүкіл әлем инклюзивтік білім беру идеясы мен тәжірибесіне назар аударуда. Әйтсе де, қоғамда мүмкіншілігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға қосу мәселесіне қатысты пікір алалығы орын алып отырғандығы да жасырын емес. Күдік пен үміт қатар бой көтеруде. Білім беру жүйесі барлық санаттағы азаматтарды тиімді білім берумен қамтамасыз етуге байланысты әр түрлі мәселелерге кездесуде. Барлығына арналған білім беру үшін мүмкіндіктерді демократияландыру жолында алға жылжу қажеттілігі қоғамды ізгілендіруге бағытталған ұлттық стратегия мен саясатты қалыптастыру мақсатындағы инклюзия үдерісіне негізделеді.

XXI ғасырдың алғашқы он жылдығында Қазақстан экономикалық өсімділігімен танылды. Әрбір мемлекетте дамуында ауытқуы бар балаларды әлеуметтік біріктірудің өзіндік тәжірибесі бар, ол тұрғындардың ұлттық менталитетін және әлеуметтік мәдени ерекшелігін ескереді. Алайда өзге елдің тәжірибесін нормативті-құқықтық база ретінде көшіріп алуға болмайды. Дәл осы Қазақстандағы түрлі ұйымдар жұмыстарының ерекшелігіне және түрлі модельдер мен интеграцияның формаларын қамтитын ұйымдастырушылық-құқықтық формаларына жатады. Қоғамдық және ата-аналар ұйымдарына оңалту және әлеуметтік мекемелерге дамуында ауытқуы бар балаларды тәрбиелейтін және біріктіріп оқытумен тәрбиелеудің жолын таңдайтын жанұяға өз модельдерін апробациялау және құрастыру қажеттілігі туындады. Мемлекет әрбір балаға оның ұлтына, дініне, денсаулығына қарамастан тегін жалпы білім беруге кепіл берді. Республикамызда тарихи қысқа уақыт ішінде мүмкіншілігі шектеулі балаларды оқытудың жабық «медициналық моделінен» ашық модельге көшу үдерісі байқалады. Біріктіріп оқыту кең қанат жая бастады.

Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды кезеңі қазіргі кезеңдегі инклюзивті білім беруге жататын адамдар санатының кеңейтілуі, оларды сапалы білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады. Әртүрлі санаттағы балаларды инклюзивті білім процесіне енгізу нормативті-құқықтық базаны жетілдіреді, білім беру мекемелерінде осы жұмыстарды жүйелеу талап етіледі және осы санаттағы балалардың білім беру қажеттіліктерін зерделейді.

Талдау нәтижелері шет елдердегі инклюзивтік білім берудің даму тенденциясы туралы ғылыми түсінікті кеңейтуге, инклюзивтік білім берудің теориясы мен әдіснамасын байытуға, инклюзивтік білім берудің батыстық өнімді тәжірибесін қазақстандық шындық жағдайында пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге шет елдік тәжірибелер отандық жағдаяттық шындықты және Қазақстандағы білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін есепке ала отырып пайдаланылуға бағытталуда.

Қазақстан Республикасында білім берудің бұл түрі негізінен 1990 жылдары тарала бастады, әсіресе мүмкіншілігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізудің мемлекеттік жүйесін жасау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырған түрлі халықаралық ұйымдардың қолдауымен, профессор Р.А. Сүлейменованың бастамасы бой көтерді. Ғалымның берген анықтама бойынша, «инклюзивті білім беру – балаларды бөліп қарастыру кедергілерін жоюға бағытталған, барлық балаларды жалпыға білім беру процесіне қосу мен оларды әлеуметтік бейімдеуде жасына, жынысына, этникалық, діни қатынасына, даму кемшіліктеріне немесе экономикалық статусына қарамастан, отбасының белсенді қатысуымен, балаға түзету-педагогикалық және нақты әлеуметтік қолдау көрсету арқылы, адекватты білім беру жағдайларын жасауда, балалардың білім алу қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктеріне баланы емес, ортаны бейімдеуге бағытталған мемлекеттің саясаты» [3].

2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасында мүмкіншіліктері шектеулі балаларға қатысты жаңа білім беру саясаты қалыптаса бастады, балаларды әлеуметтендірудің, тәрбиелеудің, оқытудың, әлеуметтік қолдау көрсету мен бейімдеудің тиімді жолдары белсенді түрде қарастырылуда. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерінде» инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерінің стратегиялық бағыттары, іске асырудың тетіктері, күтілетін нәтижелер және іске асыру кезеңдері жан-жақты баяндалған [4]. Оқыту үдерісіне дайындық, әдістемелік қолдау және ұйымдастыру тетігі де сөз болады.

З.А. Мовкебаеваның даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізу мәселелеріне қатысты еңбектерінде инклюзивті білім беруді «адам эволюциясы заңдылықты түрде әкеле жатқан қазіргі таңдағы шындық» [5] ретінде анықтайды. Сондықтан да ерекше оқытуды қажет ететін балалардың жалпы білім беруге кіріктілу үдерісіне тосырмай қарауға болмайды. Инклюзивті білім беру – мемлекеттік саясат. Мүмкіншіліктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізудің өзекті мәселелерін анықтау осы шаралардың нәтижесі болып табылады [6].

Арнайы білім беру саласына, балаларды дендері сау қатарларының білім алу ортасына кіріктіру бойынша, инновациялық үдерістер кеңінен енгізіле бастады. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу және қоғамға кіріктіру үшін тиімді жағдайлар жасаудағы инновациялық бағыттарды үйрену жұмыстары да жетілдіруде.

Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі маңызды өзгерулер білім беру жүйесінің реформалануы мен қайта құрылуының қарқынды үдерісіне бастама болады. Оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі, өктем түрінен гуманистік, тұлғаға бағытталған түріне ауыстыруда, білім беру жүйесінде даму мүмкіншіліктері шектеулі балалардың негізгі құқықтары мен еркіндіктерін сақтауға бағытталған әлеуметтік жағдайлар, оларды қоршаған ортаның түрлі байланыстары мен қарым-қатынастарына және дендері сау қатарларымен біріге әрекет ету үдерісіне енгізу белсенді түрде дами бастады. Арнайы және инклюзивті білім беру барлық жеке тұлғаның білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру ұсынымдарын ескере отырып әзірленген арнайы және жалпы білім беретін оқу бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Мүмкіншіліктері шектеулі балалар дәстүрлі білім беру жүйесінде арнайы (түзету) білім беру мекемелерінде, үйде немесе арнайы мектеп-интернаттарда білім алды. Елімізде арнайы білім беру ұйымдарының (арнайы түзету) мектептері мен мектепке дейінгі ұйымдары, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері және басқалар) желісі қалыптасқанына қарамастан, Республикада соңғы онжылдықта объективті және субъективті себептермен қоғамның мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қарым-қатынасы мейлінше өзгерді [7]. Психофизикалық бұзылулар адамның сезуге, уайымдауға, әлеуметтік тәжірибені меңгеруге қабілеттілігін жоққа шығара алмайтындығы мейлінше терең мойындалады.

Әр баланың даму үшін білім алуға деген жеке қажеттілігі мен қабілетін ескеретін қолайлы жағдай жасау қажеттілігі түсіністік тапты. Келесі ұстаным қалыптасады: әр балаға ол бойындағы кемшілікке байланысты нені атқара алмайды деген тұрғыдан емес, ол бойындағы кемшілікке қарамастан не істей алады деген тұрғыдан қарау. Мұндай оқыту процесі балаға отбасынан, үйінен, туыстары мен жақындарынан, достарынан ажырамай білім алуға, қоғамға қосылып әлеуметтену мәселелерін нәтижелі шешуге көмек береді. Есейе келе, балалар өзіндік ерекшеліктерін қабылдап, басқа адамдардың ерекшеліктерін ескеруге үйренеді.

Инклюзивтік білім беру саясатының негізгі мазмұны барлық бала оқи алады деп мойындаумен тұжырымдалады. «Білім туралы» ҚР Заңының 3-бабының 1, 2-тармақтарына сай «білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жатады» [1]. Білім беруді дамыту және оны іске асыру стратегиялық жоспарларында мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосу механизмі нақты белгіленген, олар үшін қолжетімді ортамен қамсыздандыру талаптары анықталған. Құжаттарға сәйкес 2020 жылы жалпы білім беру мектептерінің 70%-ында инклюзивтік білім беруге арналған жағдайлар жасалуға тиісті. Ал бүгінгі студент, ертеңгі педагог инклюзивті жағдайда білім беруге дайын ба? Қажетті құзыреттіліктермен, арнайы білім негіздерімен қаруланған ба?

Білім беру мекемелері «балалардың айырмашылықтарына қарамай, барлық балаларды қабылдайды және олардың оқудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қажетті талаптарды құрады» десек те, бұл үрдіс толық қанды іске асып отырған жоқ. Педагогикалық жоғары оқу орындарын тәмамдаған кәсіби маманның жалпы білім беретін орта мектепте инклюзивті жағдайда жұмыс жасауға дайын емес екендігін жасыра алмаймыз. Жеке пән мұғалімдері даму мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктерін меңгермегендіктен, мұндай балалармен жұмыс жасауда тығырыққа тірелуде. Осы орайда, Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымдағы мәжілістің №2 хаттамасының шешімі негізінде «Білім» тобы мамандықтарына 2 кредит көлемінде міндетті компонент ретінде бекітілген «Инклюзивті білім беру» пәнінің мазмұны негізінен мүгедектігі бар балаларды оқу үдерісіне ендірудің педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетуге, яғни арнайы педагогика мен арнайы психология тұрғысында қарастырады [8]. «Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруге құзыретті мамандар даярлау» мақсатында даярланған «Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру» (Алматы, 2016) типтік оқу бағдарламасында оқу бағдарламалары, бағдарламалар, күнтізбеге және тақырыптық жоспарларды дамыту, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке жоспарын даярлау, оқыту әдістері [9] аталады. Типтік оқу бағдарламасында ұсынылған негізгі әдебиеттер оқушыларға білім беру, ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мәселелеріне бағытталған. Мәселен, Н.М. Аксаринаның ерте жастағы балаларды тәрбиелеу еңбегінің алғы сөзінде «Основное содержание

учебника относится к воспитанию здорового ребенка» деп анық жазылған. Әрине, білім беру-тәрбиелеу негіздерін жүйелеуде мұндай еңбектердің маңыздылығы жоғары. Әйтсе де, арнайы әдістемелік көмек жоқтың қасы. Қажетті мәліметтерді там-тұмдап жинауға тура келеді.

Жоғары оқу орнын бітіруші түлек, болашақ кәсіби маман-педагогтың ойлау икемділігі дамыған, жан дүниесі терең, өмірге көзқарасы жоғары болуға тиіс, өйткені өзіндік рухани өсуін өзі басқара алатын адамның қолынан ғана шығармашылық жасампаздық келеді. Педагогикалық мамандықтың ерекшеліктері де осында болса керек. Әсіресе, педагогтың ізденімпаздығын, білуге деген құмарлығы мен артық білуге ұмтылуы өмір бойына сабақтасып отырады. инклюзивті білім беру жағдайында оқу және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін білу. Даму мүмкіндігі шектеулі балалар денесіне ыңғайлы жағдайды қамтамасыз етуді, оқу бағдарламаларын бейімдеуді, оқу материалының мазмұнын дифференциациялау, әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау шеберлікті жетілдіруге негізделеді. Осы орайда болашақ педагогтерге даму мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке категорияларының ерекшеліктерін білу қажет-ақ. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту сипатын айқындатындай бағдарлама даярлап, оқу-әдістемелік және тәрбиелік ұсынымдарды жеке пәндік сала бойынша жинақтаудың берері мол.

Екінші бір шешуші тетік ретінде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосу бойынша педагогикалық ұжымның әрекетін координациялауды жандандыру мақсатында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру ұсынылууда. Жалпы білім беретін мектептер оқу дағдысын игертуге бағытталып, оқушылардың белгілі бір білім мен біліктер жиынтығын меңгеруін қамтиды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен дамытудың жеке траекториясын жасау мүмкіндігін қарастырмайды. Әр педагогтың өзіндік методикасына сүйенуін талап етеді. Жалпы білім беру үдерісіне кіріктірудегі басты мақсат әлеуметтік бейімдеу, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету тұрғысында емес, оқу дағдыларын игертуге бағытталғандықтан, қажетті көмек өз деңгейінде көрсетілмейді. Бұл жалпы білім беретін ұстаздардың дайындығы мен білімдерін жетілдіру үрдісіне өзгерістер енгізу қажеттілігін көрсетіп береді. 2018 жылғы 13 тамызда Астана қаласында өткен Республикалық тамыз конференциясының «Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау инклюзивті білім беруді дамытудың басты шарты ретінде: стратегиялық жоспарлау, нәтиже, респективті шешімдер» [10] секциялық отырысында да инклюзивті жағдайда білім беру процесін оңтайландыру мәселесі көтерілді. Педагог кадрларға әдістемелік көмек ұсынылатындығы, келешекте даярлық курстарын ұйымдастыру қажеттілігі айтылды. Әйсе де, әзірге тек болжаудан әрі аса алмай отырмыз. Нақты, жүйеленген жоспар ұсынылмады.

Бүгінгі күннің талабына сай болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама ретінде барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсудің тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған, жалпы орта білім берудің барлық пәндері бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары әзірленуде. Жеке пән бойынша жаңа білім алып, зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретіндей етіп іріктелген. Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларда пән мазмұнын іріктеудің шиыршықтылық қағидаты нақтыланған. Ал инклюзивті жағдайда білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып үлгілік оқу бағдарламаларын қалай, нендей өлшемдерге сүйене бейімдеу қажеттілігі жайында сөз қозғалмайды. Мемлекет тарапынан қыруар қаржы бөліп, жаңартылған мазмұнды бағдарлама бойынша даярлық курсынан өткен кәсіби маман ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау тетігін игере алмай отыр. Әрине, белгілі бір қалыпқа түсіріп, оңтайландыру бірнеше жылдың еншісінде екендігін жоққа шығара алмаймыз. Қоғамның өзгеру деңгейінің жылдам алмасуы, белсенділікпен алға ұмтылуы үлкен жауапкершілікті талап ететіндігін ескерсек, сан соғып, «Әй, қап» деп қалмасымызға кім кепіл?

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 ҚР «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 (15 сәуір 2016 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
- 2 Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016 жыл // Қолжетімді түзім: adilet.zan.kz/kaz/docs/U160000205
- 3 Сүлейменова Р.А. Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями в Казахстане: проблемы создания и развития. – Алматы, 2000. -23б.

- 4 Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. -13 б. // Қолжетімді түзім: <http://www.edu.gov.kz/ru>
- 5 Мовкебаева З.А., Оралканова И.А., Бейсенова А. Инклюзивті білім беруді кіріктіруге педагогтарды дайындау бойынша әдістемелік ұсыныстар. - Алматы, 2016. -12 б.
- 6 Масалиева Ж.А., Даркулова К.Н. Проблемы внедрения инклюзивного образования в школах города Шымкента//«Инклюзивті білім беру: тәжірибесі, мәселелері және даму болашағы»: атты ғылыми-әдістемелік семинар материалдарының жинағы. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2016. – 44-46бб.
- 7 Масалиева Ж.А., Даркулова К.Н. Қазақстанда инклюзивті білім беруді ендіру ерекшеліктері //«Төртінші өнеркәсіптік революцияға 10 қадам: адами капиталды байыту мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. -Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия», 2018. - 435-440 бб.
- 8 Инклюзивті білім беру. Типтік оқу бағдарлама. «Білім» тобындағы мамандықтар үшін. Алматы, 2016. - 72-86 бб.
- 9 Мектепке дейінгі инклюзивтік білім беру. Типтік оқу бағдарлама. 5В010100- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы үшін. Алматы, 2016. -74-83 бб.
- 10 Республикалық тамыз конференциясының «Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау инклюзивті білім беруді дамытудың басты шарты ретінде: стратегиялық жоспарлау, нәтиже, перспективті шешімдер» секциялық отырысы // Қолжетімді түзім: <https://nao.kz/blogs/view/2/986?lang=kz>

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: НЕОБХОДИМОСТЬ И ВОЗМОЖНОСТИ

Ж.А. Масалиева¹, К.Н. Даркулова²

¹к.ф.н., доцент, ²к.ф.н.,

^{1,2} Южно-Казakhstanский государственный педагогический университет,
Шымкент, Казахстан, email: zmasalieva@mail.ru

В статье рассматривается создавшееся на сегодняшний день в обществе мнение (в том числе известных ученых) о необходимости инклюзивного подхода к образованию. Анализируются проводимые в Казахстане мероприятия, связанные с вовлечением детей с особыми потребностями в общеобразовательный процесс. Авторы делятся своими наблюдениями и опытом по подготовке педагогических кадров. Высказываются критические замечания по содержанию типовых программ для вузов. Предлагается авторское видение затронутых проблем.

Ключевые слова: инклюзивное образование в Казахстане, подготовка кадров, дети с особыми потребностями и дети с ограниченными возможностями, внедрение в образовательный процесс

INCLUSIVE EDUCATION: NEED AND OPPORTUNITIES

Zh. A. Massaliyeva¹, K.N. Darkulova²

¹ Cand. Sci. (Philology), Associate Professor, ² Cand. Sci. (Philology),

^{1,2} Southern Kazakhstan State Pedagogical University,
Shymkent, Kazakhstan, email: zmasalieva@mail.ru

The article considers the opinion (including well-known scientists) created in the society today about the need for an inclusive approach to education. The article analyzes the activities carried out in Kazakhstan related to the involvement of children with special needs in the educational process. The authors share their observations and experience in the training of teachers. There are critical comments on the content of standard programs for universities. The authors' vision of the raised problems is offered.

Keywords: inclusive education in Kazakhstan, training of teachers, children with special needs and children with disabilities, introduction to the educational process

Редакцияға 16.10.2018 қабылданды.

ҒТАХР 14.29.01

БОЛАШАҚ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІПҚОЙЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ

Оразаева Г. С.

п.ғ.к., доцент

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы қаласы, Қазақстан, gulzhan69g@gmail.com

Мақалада педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың жетекші тұғырлары, жоғары оқу орнында оқыту үдерісіндегі дефектолог-студенттердің кәсіпқойлық негіздерін табысты қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалған.

Дефектолог-түлектердің бойында кәсіпқойлықтың қалыптасқан негіздерінің болуы, оқуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту және дамыту үшін оңтайлы және қолайлы жағдайларды құруға, балалардың шынайы мүмкіндіктеріне сәйкес даму траекториясын таңдауға, бағдарламалық талаптарды меңгерудің табыстылығын қамтамасыз етуге, бейімделу мәселелерінің болмауын немесе икемділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Арнайы педагогика саласындағы болашақ мамандардың кәсіпқойлық негіздерін табысты қалыптастырудың ұйымдастырушылық-дидактикалық шарттары ретінде, ұйымдастырылған кәсіби-білім беруші инновациялық дамытушы ортаны құру алынуы қажет.

Студенттердің сапалы кәсіби-практикалық іс-әрекеті болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: *кәсіпқойлық, арнайы педагог, даярлық, оқытушы, құзыреттіліктер*

Жоғары білім берудің дамуының қазіргі кезеңі болашақ мамандардың жаңа дәуірдің ұсынатын талаптарына сәйкес болуға даярлығын қамтиды. Жоғары мектептің базалық функцияларының бірі ретінде, білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ету алынады, бұл өз кезегінде білім алушыларға қазіргі өндірістік ортада бәсекеге қабілетті және сенімді болуына мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемнің жедел өзгертін жағдайлары жоғары оқу орнының түлектерінің алдына кәсіби іс-әрекетті табысты ұйымдастырудың негізін құрайтын қалыптасқан рефлексивті дағдыларды, өзін-өзі ұйымдастырушы, коммуникативті, салауатты моральды бастауларды дамыту міндеттерін қояды. Жоғарыда айтылғандар жоғары оқу орындарының кәсіби даярлау үдерісінде болашақ мамандардың кәсіпқойлық негіздерін қалыптастыруды басым міндеттердің бірі ретінде қабылдау қажеттілігін көрсетеді.

«Кәсіпқойлық» термині жас мамандарды сапалы даярлау мәселесімен үйлесімді өзара байланысты және қазіргі педагогикалық үдерістің өзгешелігін айқындап көрсетеді. Педагогикалық іс-әрекеттегі кәсіпқойлықты, бір жағынан болашақ мамандарды даярлауды жүзеге асыратын педагогтың кәсіби іс-әрекетінің сипаттамасы ретінде, ал екінші жағынан студенттердің болашақ кәсібін меңгерудің шығармашылықпен ұйымдастырылған үдерісі ретінде қарастыруға болады. Мұнда білім алушылардың тұлғасының психологиялық, интеллектуалды, адамгершілік, өзіндік қалыптасу үдерісіндегі кәсіпқойлық негіздерін қалыптастыру қажеттілігі айқындалады.

«Педагогикалық кәсіпқойлық» ұғымы мазмұнының мәні аса үздік нәтижелілікке жетуге мүмкіндік беретін кәсіби дағдыларды шебер, икемді және шығармашылықпен меңгеруді білдіреді. Педагогикалық кәсіпқойлықтың сапалық сипаттамасы, шеберлікті, шығармашылықты, өнерді, жаңашылдыққа деген даярлықты қамтиды. Кузьмина Н.В., педагогикалық іс-әрекеттегі кәсіпқойлықты іс-әрекет субъектісінің, яғни нақты кәсіп өкілінің сапалық сипаттамасы ретінде анықтайды, ол өз кезегінде «іс-әрекет субъектісінің кәсіби міндеттерді шешудің қазіргі мазмұнын және заманауи құралдарын, оларды жүзеге асырудың өнімді тәсілдерін меңгеру дәрежесімен» анықталады [1].

Батыс Мичиган Университетінің кәсіптік және техникалық білім беру бөлімінің профессоры Ричард В.Зинсер өзінің мақаласында АҚШ-дағы кәсіптік білім берудің жалпы талдауын ұсынды және АҚШ-дағы кәсіби-педагогикалық қызметкерлерді даярлау жүйесін сипаттайды. Әдетте,

педагогикалық кадрларды даярлау бағдарламалары негізгі мамандық бойынша бакалавриаттан, педагогика курсынан және мамандық бойынша өндірістік практикадан құралады [2].

Арнайы педагогтың іс-әрекетінің ерекшелігі арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында оқуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға коррекциялық қолдау көрсету бағыттылығынан құралады. Қазіргі кезеңдегі арнайы педагогтың кәсіби іс-әрекетінің негізгі параметрлерін сипаттай отырып, оның шығармашылық сипатын оқу-тәрбие, түзету процестерін жоспарлаудың және ұйымдастырудың, дамуында ауытқуы бар балаларды түзету және дамытудың тиімді әдістерін таңдаудың және қолданудың, сонымен бірге мамандар мен педагогтардың командада жұмыс істеу шеберлігінің қажетті шарты деп атауға болады.

Арнайы педагогтың тұлғасын анықтайтын маңызды сапалар ретінде, әлеуметтік белсенділік, өзінің кәсібіне деген айқын көрінетін позитивті қатынас, кәсіби мәселелерді таба білу және негіздеу шеберлігі, шығармашылық іс-әрекетке даярлық және қабілеті, стандартты емес шешімдерді іздеу сияқты сапалар алынады.

Болашақ арнайы педагогтың кәсіпқойлық негіздерін қалыптастыру үдерісі белгілі кезеңдерден өтеді. Бұл арнайы пәндер циклы бойынша оқу материалының мазмұнын терең зерттеу; арнайы педагогика саласындағы негізгі ұғымдарға баулу; қажетті кәсіби білімдер, біліктер және дағдылар жиынтығын меңгеру; кәсіби іс-әрекеттің әмбебап тәсілдері ретіндегі түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Теориялық курстан басқа, болашақ дефектологтың кәсіпқойлық негіздерін қалыптастырудың алғышарттарын педагогикалық практика құрады. Студенттерді балалармен түзету жұмыстарына педагогикалық теорияны зерттеумен үйлесімді байланыста тікелей қатыстыру және баулу, практикалық тәжірибені меңгерудің, кәсіби әрекеттер алгоритмін меңгерудің базасын қалыптастырады.

Жоғары оқу орындарында практикалық-бағдарланған тұғырды жүзеге асыру, педагогикалық және түзету жұмысының тәжірибесін бірте-бірте жинақтаудың, өзіндік міндеттерді орындаудағы зерттеу дағдылары мен шығармашылық тұғырларды бір мезгілде дамыту мен жетілдірудің іргетасы болып табылады. Аталған міндетті шешудің мысалы ретінде, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетін алуға болады, аталған университеттің арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасының базасында 2018 жылы студенттерге теориялық білімдерін оқуда ерекше қажеттіліктері бар балалармен тікелей жұмыс барысында білімдерін бекітуге мүмкіндік беретін, сонымен бірге бітіру жұмысын даярлауда ғылыми жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылды.

Аталған арнайы ұйым алғаш рет жоғары оқу орнының жанынан ашылады. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті жанындағы психологиялық-педагогикалық түзету Кабинетінің ашылуы теориялық білімді және жұмыстың практикалық дағдыларын меңгерген, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың қажеттілігімен туындады.

Қазіргі тәжірибе көрсеткендей, психологиялық-педагогикалық түзету Кабинеті «Педагог» кәсіптік стандартының талаптарын ескеріп, болашақ арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігінің негіздерін қалыптастыру үшін қолайлы алғышарттарды құрды [3]. Студенттің оқыту кезіндегі практикалық іс-әрекеті, өз міндеттерін орындаудағы зерттеу дағдылары мен шығармашылық тәсілдерін бір мезгілде дамытумен және жетілдірумен педагогикалық және түзету жұмысының тәжірибесін бірте-бірте жинақтаудың негізі болып табылады. Соған байланысты, психологиялық-педагогикалық түзету Кабинетінің базасында арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасы 3-курстан бастап студенттердің зерттеу және ғылыми жұмысын жүргізуін және практикалық оқытуын ұйымдастырған. Студенттердің мамандардың практикалық сабақтарына белсенді қатысуымен қатар, 3-курстан бастап практикадан өтуге және тәжірибе жинақтауға мүмкіндіктері бар. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің жанында дәріс залы ұйымдастырылған, онда білім алушылардың мамандардың сабақтарын талқылау және өздерінің сабақтарына дайындалу, сабақтың дидактикалық материалдарын даярлау мүмкіндіктері бар. 4-курсқа қарай студент өзінің диплом жұмысының тақырыбын таңдауға дайын болады, орындайтын зерттеу жұмысының қажеттілігін және практикалық маңыздылығын саналы түрде түсінеді. Жүргізілетін эксперименттік жұмыс зерттеудің тиімділігін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Осылайша, студенттерді практикалық-бағдарланған оқыту шынайы жүзеге асырылады. Мұнда маңызды шарт ретінде, зерттеу нәтижелерін түзету жұмысының

тәжірибесіне ендіру алынады. Мысал ретінде, логопедиялық тәжірибеге және педагог-дефектологтың тәжірибесіне қазақтың ұлттық ойындарының элементтерін ендірудің нәтижесі ретінде, логопедиялық тәжірибедегі ұлттық компонентті қолданудың ерекшеліктері бойынша ШПТК-нің базасында орындалатын зерттеуді атауға болады.

Теория мен тәжірибенің интегративті байланысы - кәсіптің негіздерін біртұтас тануды жүзеге асыруға ықпал ететін маңызды шарттардың бірі.

Дефектолог-студенттің іс-әрекетінің практикалық саласында олардың жинақталған толыққанды анықтау үшін, ойлаудың әдіснамалық типіне даярлығын анықтау үшін оңтайлы жағдайлар құрылады, мұны теория мен практиканы кіріктіру принципінің дұрыстығы мен әрекеттігін бекітеді.

Студенттерді бірінші курстан бастап ғылыми-зерттеу жұмысына немесе іс-әрекетіне баулу, тарту ойлаудың сапалық жаңа әдіснамалық стилін дамытуға мүмкіндік береді, себебі жұмыстың аталған түрі тұрақты интеллектуалды еңбекті талап етеді, стандартты емес міндеттерді шешу біліктерін қалыптастырады. Оны жүзеге асырудың формалары ретінде алынатын: проблемалық-ізденістік сипаттағы тапсырмаларды орындау, жобаларды құрастыру, курстық, дипломдық жұмыстарды жазу, студенттік ғылыми жобаларды құрастыруға қатысу.

Арнайы педагогты кәсіби даярлаудың құрылымында келесі өзара байланысты буындарды ажыратып көрсетуге болады: студентті арнайы және психологиялық-педагогикалық, әдістемелік даярлау; тиімді даярлықтың шарты ретіндегі педагогикалық практика, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы. Кәсіби даярлаудың біртұтас үдерісінің аталған буындары болашақ мамандардың кәсіпқойлық негіздерін тиімді қалыптастырудың қажетті педагогикалық шарттары ретінде ұсынылады.

Кәсіпқойлықты қалыптастырудың жетекші педагогикалық шарты ретінде, теориялық білімді меңгеруді қарастыруға болады. Оның дәстүрлі формалары ретінде, дәрістер, семинар сабақтары, студенттердің оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы, танымдық және шығармашылық тапсырмалар, тақырыптық сабақтар алынады.

Қазіргі кезде кәсіпқойлықты қалыптастырудағы негізгі педагогикалық шарт ретінде студенттердің өзіндік практикалық іс-әрекеті алынады.

Іс-әрекеттің кез келген түріне студенттердің шығармашылық тұғыр негізінде тұрақты дағдыларын, ғылыми ізденіс дағдыларын қалыптастыру, сонымен бірге жастардың оқу мен танымның өзіндік үдерістерін ғылыми түсінуін дамыту негізін құру, оған қатысуға ұмтылу білім берудің тұлғалық-бағдарланған парадигмасын жүзеге асырумен [4, 5] және әрбір студенттің жеке-дара сапаларына және қабілеттеріне барыншы бағдарланумен, оларды жүзеге асыру мен ендірудің қолайлы жағдайларын қамтамасыз етумен байланысты.

Қазіргі педагогика ғылымында тұлғалық-бағдарланған парадигма деп, бірінші кезекте тұлғаның саналы және мақсатты бағытталған өзін-өзі дамыту негізінде өмірде белсенді, «авторлық» позицияны ұстануға көмек беретін сапаларын дамытуды қамтамасыз ететін білімді атайды. Яғни, педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда шығармашылық өзін-өзі дамыту принципіне сүйену маңызды, ол өз кезегінде аталған принципті жүзеге асыру студент тұлғасының шығармашылық әлеуетін ашуға, өзін-өзі жүзеге асыру шындарына жетуге ықпал ететін болады, бұл қазіргі кезде болашақ мамандардың сұранысқа ие сапасы болып табылады.

Білім алушылардың психологиялық мүмкіндіктері мен бейімділіктерін диагностикалау, оқу, ғылыми-зерттеу бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қажетті уақыт бюджетін есепке алу, педагогикалық үдерісті дараландыруды талап етеді. Студенттердің рефлексивті қабілеттерін қалыптастыру, кәсіби-тұлғалық позицияны дамытудың, өзіндік шығармашылық іс-әрекетті сапалы өзгертудің маңызды факторы болып табылады. Индивидтің кәсіби өзін-өзі жетілдіру, олардың өзін-өзі тәрбиелеу және өзіндік білім алуының жеткілікті деңгейіне жету жолы осындай үлгіде болады.

Жаңа дәуір мамандарының тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыру және дамыту, қазіргі кезде педагогтар мен білім алушылардың өзара әрекетінің дәстүрлі формалары арқылы ғана жүзеге асырылмайды, сонымен бірге интеллектуалды шығармашылықты дамытуға ықпал ететін, қабілеттерді біріктіретін және жинақталған білімді беру қабілетін дамытуға, шығармашылық еңбек мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін заманауи инновациялық технологияларды белсенді және мақсатты бағытталған тұрғыда қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Арнайы педагогтарды даярлаудың маңызды аспектілері ретінде, педагогикалық үдерістің барлық қырларын (оқу, ғылыми, тәрбие) бірыңғай үздіксіз үдеріске біріктіру алынады. Бұл қазіргі кезде орын алатын білім берудің сапалық жаңа мазмұнмен толықтыру, заманауи технологияларға, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың прогрессивті формалары мен әдістеріне сүйену және оқытушылар мен білім алушылардың өзара әрекетінің ескірген формалары арасындағы қарама-қайшылықтарды жою басым бағыттардың бірі болып табылады.

Студенттердің, яғни арнайы педагогика саласындағы болашақ мамандардың кәсіпқойлық негіздерін қалыптастыруға бағдарланған білім беру үдерісінің жалпы жүйесінде жетекші іс-әрекет ретінде оқытудың барлық сатыларында барынша белсенділік принципі бойынша оқытушы мен білім алушылардың арасындағы өзара іс-әрекет алынуы керек.

Белгіленген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында, арнайы педагогтарды даярлауды жүзеге асыратын оқытушының жоғары оқу орнындағы білім беру жүйесіндегі сапалық қайта құруларға деген қажеттілікті саналы ұғынуы, жоғары құзыреттіліктерінің болуы, белсенді режимде жұмыс істеу шеберлігі мен тілегі қажетті болып саналады [6].

Жоғары оқу орындарының оқытушысының кәсіби құзыреттілігінің құрылымы, педагогтың базалық тұлғалық сапаларын, оның тұжырымдамалық және әлеуметтік құзырлылығын қамтиды. Дефектолог-студенттермен жұмыс істейтін педагогтың базалық тұлғалық сапалары ретінде, сапалардың келесі диапазонын қарастыру қажет: демокраиялылық, қарым-қатынасқа ашықтық, толеранттылық, креативтілік, талапшылдықтың объективті деңгейі, мақсатта ұмтылушылық, педагогикалық оптимизм.

Арнайы педагогты даярлауды жүзеге асыратын оқытушының құзырлылығы, оқытылатын пәнді және салалас пәндерді білуді, экологиялық-әлеуметтік блоктағы пәндерді білуді, педагогикалық қарым-қатынас техникасын меңгерудің жоғары деңгейі, ақпараттық ортада жұмысты ұйымдастыру шеберлігі және т.б. қамтиды. Әлеуметтік құзырлылық студенттердің адекватты қатынасын және базалық қажеттіліктерді қанағатандырудың дұрыс шамасын тәрбиелеу қабілетін және даярлығын қамтиды.

Болашақ дефектолог-мамандардың кәсіпқойлығының қалыптасқан негіздері ретінде түсінетін, педагогикалық нәтижені қамтамасыз ететін негіз құраушы тұғырлар ретінде, біз келесі тұғырларды мойындауымыз қажет: құзыреттілікті тұғыр, әрекеттік тұғыр, педагогикалық тұғыр, кәсіби тұғыр [7].

Болашақ мамандардың кәсіпқойлық негіздерінің қалыптасуының көрсеткіштері келесі үлгіде белгіленуі мүмкін:

- болашақ кәсіпке позитивті қатынас; кәсіби ниеттерінің тұрақтылығы; кәсіби-маңызды білімді, біліктерді, дағдыларды терең меңгеруге деген ұмтылыс; оларды шығармашылықпен және белсенді дамыту. Кәсіби міндеттердің жаңа, бірегей шешімдерін іздеу қабілеті;

- арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігінің негізін құрайтын білім, білік, дағдылар кешенін жүйелі меңгеру; танымдық іс-әрекеттің шығармашылық сипаты; практикалық іс-әрекеттегі кәсіби-маңызды ақпаратты адекватты қолданудың конструктивті механизмдерін білу;

- педагогикалық шығармашылық; кәсіби міндеттерді жүзеге асырудағы қайта құрушы, нәтижелі тұғырлар; оқуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың құралдарын, инновациялық тәсілдерді икемді, вариативті қолдану; кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті.

- өзіндік іс-әрекеттің қалыптасқан рефлексивті дағдылары.

Осылайша, жоғары оқу орны жағдайында дефектолог-мамандарды даярлауда кәсіпқойлық негіздерін қалыптастырудың бірінші кезектегі міндеті, кәсіптің өзгешелігі бойынша білімді құрастыру механизмдерінің нақты, дәл қызметін, студенттердің өнімді-шығармашылық біліктерін, таңдаған кәсіпке құндылық қатынасын дамытуды, кәсіби-педагогикалық рефлексияны дамытуды қамтамасыз ету арқылы шешілуі қажет.

Арнайы педагогтарды даярлау нәтижесі, қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктер жиынтығына ие кәсіби-құзыретті дефектолог-мұғалімге қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындауға бағдарлануы қажет. Орындалатын еңбек функцияларын ескеріп, түлектер бес еңбек функциясын меңгеруі қажет: оқыту, тәрбиелік, әдістемелік, зерттеу және әлеуметтік-коммуникативті, осы функциялардың негізінде педагогикалық мамандықтың құндылықтары анықталады.

Игерілген қызметтердің әрқайсысы арнайы педагогтарды дайындауда ерекше маңызға ие. Игерілген оқыту қызметтерін қолдану оқу ақпаратын жеткізуде, инновациялық технологияларды пайдалануды ескере отырып, өз бетінше білім алуға мүмкіндік береді. Тәрбие қызметін қалыптастыру арқылы болашақ маман білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне қоса араластырады. Әдістемелік қызмет болашақ арнайы педагогтан білім беру үрдісін, әдістемелікті қамтамасыз ете алуды талап етеді. Зерттеу қызметі үздіксіз оқу-түзету үрдісінде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалауға мүмкіндік беру болып табылады. Әлеуметтік-коммуникативтік қызметті қалыптастыру ерекше маңыздылықты игереді, түзету жұмысы кәсіби қоғамдастықпен және барлық мүдделі тұлғалармен өзара іс-әрекетте ғана тиімді болуы мүмкін.

Осылайша, арнайы педагогика саласындағы болашақ маманның кәсіби негіздерін табысты қалыптастыру шарттары ұйымдастырылған кәсіптік-білім беретін инновациялық дамыту ортасын құру және студенттердің сапалы кәсіби-практикалық іс-әрекетін қамтамасыз етуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Методы системного педагогического исследования //Под ред. Н.В.Кузьминой. М.: Народное образование, 2002
2. Richard W. Zinser. The preparation of vocational teachers in America. Human resource in professional education. **Место и год издания.**
3. Профессиональный стандарт «Педагог». Приложение к Приказу Председателя Правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» № 133 от 8 июня 2017 года.
4. Подлиняев О.Л. Теория и практика становления гуманистического мировоззрения на основе личностно-центрированного подхода. Автореф. дисс...д.п.н. Хабаровск, 1999
5. Садыков Т.С., Намазбаева Ж.И. Психологические проблемы современного высшего образования. Алматы, 2006
6. Анашкина В.Л., Резванов С.В. Образование. Инновации. Будущее. Ростов-на-Дону, 2012.
7. Грибукова О. Г. Профессиональная подготовка будущих дефектологов для работы с детьми с ОВЗ // Научно-методический электронный журнал «Концепт». 2018. № V4. Онлайн-ресурс. <https://e-koncept.ru/2018/186028.htm> Дата доступа: 29.01.2019

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ФОРМИРОВАНИИ ОСНОВ ПРОФЕССИОНАЛИЗМА У БУДУЩИХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ

Г.С. Оразаева

к.п.н., доцент,

Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,
email: gulzhan69g@gmail.com

В статье выделены ведущие подходы организации педагогического процесса, педагогические условия успешного формирования основ профессионализма у студентов-дефектологов в процессе обучения в вузе. Наличие у выпускников-дефектологов сформированных основ профессионализма позволит им на практике создать для детей с особыми образовательными потребностями оптимальные комфортные условия для развития и обучения, выбрать соответствующие реальным возможностям детей траектории развития, обеспечить успешность усвоения программных требований, отсутствие или сглаженность адаптационных проблем. Организационно-дидактическими условиями успешного формирования основ профессионализма у будущего специалиста в области специальной педагогики должно стать создание организованной профессионально-образовательной инновационной развивающей среды. Качественная профессионально-практическая деятельность студентов позволит сформировать профессиональные компетенции будущего специалиста.

В статье освещаются вопросы профессиональной подготовки специальных педагогов. Представлен опыт работы кабинета психолого-педагогической коррекции, который был открыт в 2018 году на базе Казахского государственного женского педагогического университета, в реализации практико-ориентированного подхода в обучении. Результатом является профессиональная подготовка студентов с 3 курса к работе с детьми с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова: профессионализм, специальный педагог, подготовка, преподаватель, компетенции

**MODERN TRENDS IN THE FORMATION OF THE BASES OF PROFESSIONALISM
FUTURE SPECIAL TEACHERS**

G.S. Orazaeva

Cand. Sci. (Pedagogy), Associate Professor,
Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan, email: gulzhan69g@gmail.com

In the article, the leading approaches of the organization of the pedagogical process are shown, pedagogical conditions for the successful formation of the foundations of professionalism in defectology students in the university. The existence of graduates of defectologists with the foundations of professionalism will allow them in practice to create optimal comfortable conditions for children with special educational needs for development and education, to choose the development trajectory appropriate for the real capabilities of children, ensure the success of mastering program requirements, and the lack or smoothness of adaptation problems.

Organizational-didactic conditions for the successful formation of the foundations of professionalism in the future specialist in the field of special pedagogy should become the creation of an organized vocational and educational innovative development environment and the provision. High-quality professional practical activities of students will allow to create professional competences of future expert.

The article highlights the issues of professional training of special teachers., The experience of the offices of psychological and pedagogical correction which was opened in 2018 on the base of Kazakh State Women's Teacher Training University in the implementation of the practice-oriented approach in teaching is presented.

The results of the practice-oriented approach, conducting seminar (practical) classes at the base, teaching practices, reflected in the graduate and master studies of students. The result is professional training for students with 3 courses on working with children with special educational needs.

Key words: *professionalism, special teacher, training, teacher, competences*

Редакцияға 15.01.2019 қабылданды.

ФРУСТРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

М.К. Бапаева¹, С.Т. Бапаева², Т.Б. Ракишева³

¹ п.ғ.к., профессор м.а., ² әлеуметтік ғылымдар магистрі, аға оқытушы,

³ 6M050300 - психология мамандығының 1-курс магистранты

^{1,2,3} Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
email: m.bapaeva@mail.ru

Мақалада фрустрация ұғымына түсінік бере отырып, оның жағымды және жағымсыз ықпалы қарастырылады. Фрустрация жағдайына ұшыраған тұлғаның конструктивті және деструктивті мінез-құлқының өлшемдерін құрастыруға талпынып, өлшемдерін жүйелеп, фрустрация жағдайындағы деструктивті мінез-құлқтың сипаттамаларын анықтаған. Бұл өлшемдер фрустрация жағдайындағы студенттердің психикалық күйі мен мінез-құлқын талдау үшін және болашақ педагогтер мен психологтарды даярлау барысында оқу мақсатында қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ мақалада психологиялық қолдау феноменін талдау арқылы көмек көрсету, қолдау, демеу, психиканың бұзылуына жол бермеу әрекеттері, фрустрация күйінің алдын алу, реттеу, оқу-тәрбие процесінде жағымсыз реакцияларды тудыратын фрустраторлардың ықпалына жол бермеу, студенттер еңсеруге болатын қиыншылықтарды шешілмейтін кедергі ретінде қабылдамаулары үшін олардың қиыншылықтар туралы дұрыс түсінігін қалыптастыру мәселесі жан-жақты талданған.

Түйін сөздер: фрустрация, копинг-стратегиялар, манипулятивті әрекеттер, асертивті әрекеттер, психологиялық қолдау

Қазақстан Республикасының білім беру заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтарының, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау-білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр. Кәсіби кадрларды дайындау проблемасын шешудің жаңа жолдары қарастырылуда [1].

Ғылыми-техникалық прогрестің талаптары, қоғамның экономикалық өмірінің барлық салаларының қарқынды дамуы, жоғары мектептің негізгі мақсаты - қоғамдағы әртүрлі мәселелерді белсенді түрде, шығармашылықпен шеше алатын мамандарды даярлау проблемасының өзектілігін көрсетеді. Бұл мәселелер, бір жағынан, «жоғары дәрежелі маман» ұғымында көрінетін жалпы адамзаттың мәдени жетістіктерінің қазіргі кездегі деңгейімен анықталса, екіншіден, жоғары оқу орнындағы арнаулы даярлық сипатынан көрінетін адам іс-әрекетінің нақты түріне бағыттылығымен анықталады.

Жоспарланған ісі мен алға қойған мақсаты түрлі кедергілерге ұшырап, қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына кедергі келтіретін күтпеген келеңсіз жағдайларға кездескенде, адам көңілі құлазып, ренжіп, бойын ашу-ыза кернеп, қайғырып, күйзеліске түседі, яғни фрустрация, қысым, мазасыздық күйді басынан кешіреді. Қанағаттанбаушылық сезіммен жан дүниесі қиналады. Мұның бәрі фрустрацияның психологиялық стрестің өзіндік бір қыры екендігін көрсетеді. Ол да стресске жақын күй. Адамның сезімі мен эмоциясы жағымсыз күйге ұшырайды. Фрустрациялық жағдайдағы көңіл күй өшпенділік, кейіс пен қаһар тудырады.

Егер адам фрустрациялық жағдайға ұшыраса, яғни қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкін болмай, өмірдің өзіне қауіп төнсе, ондай жағдаят дағдарысқа ұшырататын болғандықтан, оны стресс, дау-дамай және дағдарыс сияқты экстремалды өмірлік жағдаяттарға жатқызады.

Психоэмоциялық күйлердің зерттелуі, соның ішінде фрустрацияның талдануы екі түрлі тұжырым тұрғысында қарастырылған. Бірінші көзқарастың өкілдері бихевиористік ағымды ұстанған ғалымдар, мәселен С.Розенцвейг, Д.Доллард, Н.Миллер, Н.Майер болса, екіншісі З.Фрейд психоанализ теориясын қарастырған. Психоанализ тұрғысында фрустрациялық күй тұлғаның алдына қойған мақсаттарына жету жолында кездескен кедергілермен бетпе-бет келгенде байқалатын ерекше психикалық күй немесе ішкі кикілжіндер ретінде қарастырылады. Ал бихевиористік көзқарасты ұстанушылар бұл күйді тұлғаның үміттенген қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында кедергі болатын сыртқы факторлар тұрғысынан қарастырады [2].

Психологиялық әдебиеттерде агрессия, мақсатты іс-әрекеттің бұзылуы сияқты фрустрация жағдайындағы жағымсыз мотивациялы және мінез-құлық реакциялары барынша зерттелінген. Тұлғаның фрустрацияларға толеранттылық мәселесіне арналған бірқатар зерттеулерде фрустрация жағдайын орынды бағалау және сол күйден күйінен шығу мүмкіндіктері, адамның фрустрация

күйіне реакциялары және т.б. зерттелінді. З.Фрейд, А.Фрейд, К.Хорни еңбектерінде тұлға дамуының түрлі сатыларында фрустрацияның әртүрлі көрініс беруі анықталған.

Аталмыш зерттеулердің өніміділігін ескере келе, студенттердің фрустрация күйін оның деструктивті ықпалын жою және төмендету түрінде кешіруі ары қарай ұғынуды талап ететінін мойындауымыз керек. Біздің ойымызша фрустрация күйін еңсеру, жеңу мәселелерін зерттеуде туындайтын көптеген қиындықтардың ішінен «оқу іс-әрекетінің барысындағы студенттердің фрустрациясы» ұғымының мазмұнын нақтылау; студенттерде фрустрация күйін тудыратын себептерді анықтау; фрустрацияны жеңуде студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жағдайларын іздеу мәселелеріне ден қойған жөн.

Сыртқы және ішкі фрустраторлардың ықпалынан оқу іс-әрекетінің барысында студенттерде туындайтын фрустрациялаушы күйді жеңу қажеттігі мен фрустрация күйін кешіруде студенттерге психологиялық қолдау көрсетудің ғылыми негіздемелі мазмұнының жоқтығының арасындағы қарама-қайшылық анық көзге түседі. Теориялық тұрғыда фрустрацияны жеңуде студенттерге психологиялық қолдау көрсету жағдайларын негіздеу мәселесі болса, тәжірибелік жоспарда бұл – жоғары оқу орнында фрустрацияны жеңуге бағытталған оқуында қиындықтары бар студенттерге психологиялық қолдау көрсету бағдарламасын құрастыру мәселесі.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде адамзаттың руханилыққа бет бұруы адами қасиеттер мен құндылықтарына, адамгершілік ұғымдарына қадам басу басталды. Осындай мәселелерді шешуде психология ғылымының өзіндік алар орны бар. Ғылымның жетістіктерін көпшілікке жеткізуде білім саласының барлық тармақтарындағы (бала бақша - орта оқу орындары – жоғарғы оқу орындары) психологиялық қолдаудың орны ерекше.

Психологиялық қолдаудың мақсаты – өзін өзі оқытуы мен өзін – өзі тәрбиеленуінің механизмдерін қалыптастыра отырып, тұлғаның өзі – өзі нәтижелі дамытуына қажетті жағдайларды жасау. Осындай жағдайда әрбір адам өзіне - өзі психолог, өз тағдырының қожасы болады. Психологиялық қолдаудың маңызды құраушылары: мақұлдау және тыныштандыру, жылылық, қамқорлық, жоғары бағалау, қабылдау, сыйлау және түсіну, осылардың бәрі психотерапиялық ахуалды құрудың маңызды элементтері болып табылады. Д.В.Осиповтың пікірінше, психологиялық қолдау – адамның өзіне және өз күшіне, мүмкіндіктеріне сенуіне, қателіктер жасамауға көмектесетін, сәтсіздіктерде қолдайтын (индивидтердің позитивті жақтары мен артықшылықтарына шоғырланған) психологиялық процесс [3;15]. А.Д. Андрееваның ойынша психологиялық қолдау – бұл:

Патша үкімін айтқан Подпороков – Ақжелкенің сөзіне, яғни қазақ жастарының әскери қызметке емес, окоп қазуға шақырылғанына, қолдарына қару емес, күрек берілмек болғанына Жетісу жері қатты наразылық білдіреді. Қалың елді ауыздарына қаратқан Жәмеңке қария да, Ұзақ батыр да, «тентек болыс» Әубәкір де, Серікбай да патша жарлығын орындаудан бас тартады. Қазақты қорғайды деген патшаның сұм құрығын сезген ақылдың кені Жәмеңке құрып кету қаупіндегі халықтың бейбіт өмірі жолында тау асып, жат елге қоныс аударудың дұрыстығын ескерткен еді. Ақыры қарияның айтқаны дәл келіп, жарлыққа қарсы шыққан болыстар мен батырларды ақ патшаның өкілдері абақтыда атып тастады. Қойға шапқан қасқырдай патша жеңдеттері тыныш жатқан момын елдің шаңырағын ортасына түсіреді. Бұдан аман қалғандарының үйір-үйір малдарын, дүние-мүліктерін тастап, көз жетпейтін қияға, өздері де білмейтін елге қоныс аударудан басқа амалы жоқ.

Жұмабай Медетбаев пен Сәбит Оразбаев сомдауындағы бақытынан гөрі қасіреті басым халқы үшін қабырғасы қайысқан, бүкіл Албан елі қадірлеген Жәмеңке қария ел басына күн туған, ерлері етікпен су кешкен тұста еш қайыспайды да қаймықпайды. Жүктің ауырын көтерген ол шын мәніндегі елдің данагөй қариясы, ақылды басшысы. С.Оразбаев бейнелеуіндегі Жәмеңке – сабырлы да байсалды, өте ақылды адам, үнемі ой үстінде жүретін ол мәселенің оң шешімін табуға тырысады. Бүкіл ел тығырыққа тірелген сәтте халқын қапастан шығару жолын іздеген Жәмеңке – Оразбаев саспай, көп ойланып, сабырлы да салмақты үнмен ата-бабаларымыздың салт-санасына лайық бекем сөзді қайратты түрде айта білді. Жәмеңке – С.Оразбаев қимылымен емес, сөз екпінімен, ұтымды жауабымен дұшпанына ірі-ірі қарсылықтар жасайды. Ал, Ж.Медетбаев орындауындағы Жәмеңке досына да, дұшпанына да кеткен кегі мен көкейдегі ой түйінін жасырмай, алға қойған мақсатын бүркемей ашық түрде айтады. Жәмеңке – Ж.Медетбаевтың тез әрі ширақ қимылдарынан оның ашық әрекетке де бара алатыны да сезіліп тұр. Патша жеңдеттері халық айбыны Жәмеңкені түрмеде у беріп өлтірерде ішкі дүниесін өртеп бара жатқан уға қарамай, ар-намысын ұрпағына аманат етіп қалдырған ол: «Жау қолында өліп барам...» – деп кекті күйінде күресіп өледі. «Атамекеніңді таңдасаң, азаматың не болмақ? Азаматыңның амандығын таңдасаң, атамекенің кімге қалмақ?» – деп сұрақ қойылғанда Жәмеңке – Ж.Медетбаевтың бет-әлпетінен, қатуланған қабағынан туған жерге деген алаңдаушылығы мен күйдіріп бара жатқан ұлттық намысты байқау қиын емес. Онда буырқанған сезім, айбынды төрелік пен бірге ішті өртеген өкініш бар. Актер ақыл-ойы терең, дарынды, елдің ерлік мінезін бойына жинаған монументті бейне жасай алған.

Ел жоғын жоқтап, отаршыл саясаттың теріс әрекетіне саналы түрде қарсы күрескен кесек мінезді Ұзақ батыр бейнесін Уайс Сұлтанғазин жасаған. Ол ақылы мен ашуы қатар жүретін батырдың сөз саптауы мен қандай істе болса да алға шығатын қайсарлығын нанымды ашады. Актер бөгденің болмысын өзіне бағындыра қимылдайды. Патша үкіметіне наразылығын, жемқор ұлықтардың, паракор болыстардың мінін бір ауыз сөзбен-ақ айтып тастайтынынан Ұзақ батырдың әділдігі мен адалдығы айқын көрінеді. «Өзекті жанға бір өлім екен, ендеше, алысып өлгеніміз жөн емес пе!» – деген сөздерінен оның шын батырлық екпіні мен қасық қаны қалғанша күресуге дайын екенін аңғару қиын емес. Ағасына деген наразылығын, қызының аруағын ойлап арпалысуын актер нанымды жеткізген. «Арашаға жарамайтының бар, неге жараттың? Нахақ кеттім-ау!» – деген Бәкейдің ащы дауысы естілген сәтте қос қолымен құлағын басып, көзін жұмған, бүкіл дене қимылы мен бет әлпеті өзгерген Ұзақ – У.Сұлтанғазиннің ішкі жан-дүниесінде арпалысып жатқан психологиялық сезімдері көрерменді немқұрайлы қалдырмас. Қызының өліміне өзі кінәлі екенін сезген батырдың көңіл күйінде өкініш басым. Бәкей қыздың оқиғасы – «Қилы заманның» трагедиялық шарықтау шегі, адам жанын күйзелтетін ауыр хал.

«Қилы замандағы» көтеріліс батыры, көсем-шешен, қарулы қолды ұйымдастырушы батырдың бірі Әубәкірдің ерлігін терең суреттеген Мұхтар Әуезов оның мінез ерекшелігіне байланысты «үмітті», «ер мінезді», «дәмелі», «өжет», «жас» деген анықтама сөздерді жиі қолданады. Әубәкір болысты сомдаған Болат Әбділманов сол анықтамаға лайық елдің ер азаматының жиынтық бейнесін жасады. Актердің ереуіл кезінде де, топты жиынның алдында да, бата-ант үстінде де, түрме тергеушілердің алдында да халқын сүйген қасиетінен жаңылмай, қарағайдай қасқиып тұру әрекеті шынайы шыққан. Әбділмановтың Әубәкірі - жанын шүберекке түйіп, озбыр жауға қарсы қарулы көтеріліске шығудың батыл жолын көрсеткен жаужүрек батыр. Актер әскерге адам алмаймыз деген

антын бұзған патшаға, атамекен, жер-суын жаулаған оның жендеттеріне кектенген кейіпкерінің жан күйзелісіне терең бойлай, қызу қанды мінез көрсетуге ерекше көңіл бөлген.

Ашулы жанарындағы жалт-жұлт еткен отты көзқарас, қуатты шапшаң қимыл, саңқылдаған ашық дауыс – үлкен батылдық белгісі. Ұлықтардан сескенбей, патша өкіметіне наразылығын прокурор алдында да айтқан Әубәкір – Әбділманов әрбір сөзін терең толғанып сөйлейді. Өтірік сөз айта алмайтын аңғал батырдың «Қырғын! Қан көрсетіп тұр мына ашқан балымыз. Көбіміздің сүйегіміз осында, түрмеде қалады!» немесе «жеті жылға ма әлде жетпіс жылға созыла ма – белгісіз...» деген сөздерінде драматург пен режиссердің астарлы ойы жатыр. Түрмеден қашу кезінде өз басының амандығы мен досы – Ұзақ батырды шығара алмау сахнасында актер екі оттың ортасында қалып, не істерін білмеген кейіпкердің психологиясын дәл көрсеткен. Б.Әбділманов жан-жағына жалтақтап қарап, қобалжып, бірде батырға, енді бірде далаға ұмтылып, ақырында амалсыздан кетуге мәжбүр болған батырдың алға қойған күрес мақсатын аша білген.

Әшірәлі Кенжеев сомдаған момын қазақтың жағдайын жақсы білетін, айлакер, Ұзақ, Жәмеңке бастаған көсемдерді қапыда қолға түсірген Подпороков – «Ақжелке» үлкен күш иесі, бүкіл бір елді сүліктей сорып, айдағанына көндірген отаршыл империяның дүлей әміршісі. Қарқара жәрмеңкесін өз пайдасына ұстап, қанға бөктірген де, Июнь жарлығын жариялаған да, елдің бетке ұстар азаматтарын тұтқындаған да – осы Ақжелке. Актердің әрбір сөзімен, шынайы қимыл-қозғалысынан, керек кезінде тілмәш Жебірбаевтың көмегін пайдаланып, артынан «қазақ елінің хат таныған зиялысы...» – деген кекесінді үнінен оның қазақ еліне деген менсінбеушілігі байқалады. Сахнада тәкаппарлана басып, халық төбесінен төне қараған Әшірәлі Кенжеевтің әрекеті шынайы. Режиссер тіпті, Ақжелкені Николай патшаның символдық бейнесі деп қабылдаған секілді.

Қазақ ортасында дегенін істеп, көтерілісті басу кезінде қатігездігімен аты шыққандардың бірі – Хлыновский. Сахна шебері Құман Тастанбеков Хлыновскийді қатал мінезді, дүлей, қазақтарды жек көретін, аузынан дұрыс сөз шықпайтын солдафон ретінде бейнелеген. Қ.Тастанбековтің кейіпкері - қолында билігі, қаруы жоқ, бодан елді қалай сескендіруді, олардың арасына от тастап, араздық тудыруды, кімнен пара алуды білетін қатігез үстемтап өкілі. Хлыновский дәрігер Фонов қазақтарды жақтап сөйлеген кезде оған қырын қабақ танытып, ұрса жөнеледі. Актер «киргиздар» деп тістене сөйлеуі мен әр сөзін балағатпен аяқтауы арқылы кейіпкердің қазақ халқын малға теңеген пасықтығын айқын көрсетіп кеткен.

Отаршылдық - әкімшіліктің өзге де лауазымды чиновниктері мен әскери қызметкерлерінің өгей жұртқа өктемдігі мен әділетсіздігінің шексіз екенін прокурор бейнесіндегі Әнуар Боранбаевтың сот тергеушісінен қысылмай-ақ пара ақшаны бөліп алуы, Жәмеңкеге у беру сахнасынан-ақ көрініп тұр. Империяның басқару аппараты – тыңшылық пен сатқындыққа, алып-сатарлық пен параға сүйенушілер. Прокурордың Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкірлерден жауап алып, тергеу жүргізетін сахнасында да режиссер символдық белгілермен ойната алған. Жауапқа шақырылған тұтқындарға прокурордың биіктен қарап, олардың жауаптарын дұрыс тыңдамай, «бәрі бір менің айтқаным болады» дегенді аңғартатындай қимыл-қозғалыстар танытады. Бұны алдындағы тұрған тамағына қалай болса солай, ықылассыз қарап, шашып-төгіп жеуі, қолындағы қойдың басын бей-берекетсіз кескілеуі, алдындағы қызыл шарапты төгіп-шашып ішуі арқылы көрсетеді. Осындай әрекеттер арқылы режиссер терең ұғым салған: қойдың басы – қазақтың басы, ал қызыл шарап – Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкір, т.б. жазықсыз қаны судай төгілген ондаған, жүздеген батырлардың қасиетті қаны. Ә.Боранбаевтың прокуроры өзіне берілген билікке тым сенімді, оның қимылы баяу, асып-саспайды, әр сөзіне мағына бере, екпін түсіре сөйлейді. Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкірлердің батыл, кейде тіпті өрескел, намысқа тиетін жауаптарын шыбынның ызыңындай көрмей, елемей, өзін олардан жоғары тәкаппарлана ұстайды. Ал, екінші құрамдағы Б.Қожаның прокуроры нағыз Ресей империясын қорғайтын адам, қызуқанды, тұтқындардың әр сөзін қалт жібермей тыңдап, зекіре дауыс көтеріп, шалт ым-ишара жасау арқылы оның жауыздығын, қаталдығын ашып көрсетті.

Асқар Наймантаев өзінің шен-шекпенін қорғап, ереуілден бас тартқан Рақымбай Сұлтанқұловтың ақылы таяз, жиіркенішті, екіжүзді, арсыз бейнесін көрерменге шынайы жеткізген. Сондай-ақ, жәрмеңкедегі жебірдің бірі, пристав тілмәші Оспан Жебірбаев – паракорлық пен екіжүзділіктің, намыссыздық пен сатқындықтың жиынтық бейнесі іспетті. Актер оның осындай жағымсыз характерін өз бойына жинақтап, шынайы әрекет жасай білген.

Драматург пен режиссер қазақ халқының туған жеріне деген махаббат символы етіп Ана бейнесін алған. Спектакльдің басынан аяғына дейін Ана өз перзентін ғана емес, қазақ ішінен отаршылдыққа қарсы шығатын халық ұлын іздеп жүр. Қойылым финалында: «Мына дала, мына таулар сендерді күтеді. Бұл жердің тамыры мен топырағында ата-бабаларымыздың рухы мен қаны бар. Рухы биік ел өлмейді... Өлмейді ешқашан... Өлмейді...» – деп қираған бесікті бүтіндеп, тал бесікті тербеп Ана қалады. Зобалаң қасіретінен бөтен елге ауған Албан жұртының жарық күндердің бірінде қайта оралуына ол кәміл сенеді. Майра Омарова орындауындағы Ананың жан дауысы мен жылап тұрып сөйлеген сөздерінің, үміттене жанған көздерінің көрермен жүрегіне әсері мол. Ұлын сағынышпен күткен Ана құшағы баласы үшін әрдайым мейірімді. Спектакльдің әлеуметтік ой-мазмұнын ашып, өткірлей түсетін осы Ана бейнесі.

Урядник, Ақжелке, Хлыновскийге қарсы тұратын кейіпкер – дәрігер Фонов. Оның бейнесі романда жоқ. Драматург пен режиссер бұл бейнені орыс зиялы қауымының жиынтық өкілі ретінде алып, қатігез саяси жүйе кезінде олардың да ұлт бостандығына араша түсе алмағанын көрсетуді мақсат еткен. Тілектес Мейрамовтың кейіпкері орыстың нағыз зиялы, парасатты, қазақтарға жаны ашитын ақылды адам. Хлыновский Ананы итеріп жібергенде актердің жүгіріп барып, сүйемелдеп, кешірім сұрауынан Фоновты нағыз инабатты, адамгершілігі мол адам екенін байқаймыз. Ол өз қандастарының сөздері мен қылықтары үшін қысылып, намыстанғанымен, оларға қарсы шығуға дәрменсіз. «Орыс адамдарының бәрі бірдей пристав, урядник, Хлыновский секілді шовинист, каражүрек емес деген түсінікке жетелейтін Фоновты – Мейрамов сахналық материалдың аздығына қарамай, мейілінше бедерлі, анық етіп соқталайды» [6; 159], – деп, Қ.Уәлиев актерге әділ бағасын берді. Әсіресе, зорлықпен шарап ішкізгеннен кейін, айналасындағы болып жатқан сұмдықты көтере алмай, қызып алған, көзәйнегін іздеп жүріп кезінде Ресейдің осындай адамдардың арқасында көтерілмейтінін сезген Фонов – Мейрамовтың «Прощай, немытая Россия...» деп М.Ю.Лермонтовтың өлеңін бар зілімен, мағынасын терендетіп жеткізе оқуы – осы сахнаның алдында ғана «Құдай үшін орыс атын былғамаңызшы» деген сөздерін ашқандай болды.

Кезінде грузиннің атақты режиссері М.И.Туманишвили: «Полное и глубокое проникновение в природу авторского замысла дает возможность освоить природу чувств будущего спектакля» [7; 98], – деп айтқандай, Ә.Рахимов «Қилы замандағы» тарихи-халықтық трагедияның сахналық атмосферасы мен көркемдік кілтін нақты да дәл тапқан. Шығарманың ой-астарындағы қара түн, күңіренген зар мен қапас түрме ақ-қара түсті символдық бояулармен берілген. Ұзақтың қызын есіне түсіру сахнасында Бәкейдің ақ көйлекпен жүгіріп шығып, дарға асылу сәтіндегі жіпке оралған ақ орамалдың құсша жоғарыға атылып, сосын төмен ақырын қалықтап түсуі режиссер қиялындағы бөйжеткеннің мерт болғанын білдіретін көрініс. «Бұл ардай таза, аппақ арман-тілек буалдыр, дерексіз қиялға айналып, ауаға, әділетсіздік жайлаған кеңістікке таралып, сіңіп бу болып кетті, еш белгі, із қалмады деген ұғымға бастайды» [6; 158], – деген Қ.Уәлиевтің талдауын құптаймыз. Өйткені Бәкейдің қолындағы осы ақ орамал бөйжеткен қыздың пәктігін, тазалығын, пиғылының әділдігін көрсетеді. Сондай-ақ, абақтыға қамалған адамдардың үстіне ақ жейде киюі – олардың барлығы да өледі, «кебін киеді», яғни бұл дүниелік еместігін білдіруімен қатар тұтқындардың әлеуметтік-қоғамдық қызметі, халқына деген ақ пейілі және жазықсыз жапа шеккендердің адал сезімі іспетті. Удан өлген Жәмеңке мен оқтан мерт болған азаматтарды Бәкей аруағының соңынан ертіп әкетуі арқылы режиссер жазықсыз құрбандардың ақ өлімін көрсеткен. Ә.Рахимов шешіміндегі тұтқындарды атып, Хлыновскийдің «тірісінде шоқындырып үлгермедіндер ме, өлігін креске керіндер» деген бұйрығымен Серікбай денесін креске керуі кезінде түрмеде құранның оқылып жатуы билеп-төстеген дүлей күшке мойымайтын мұсылман діні рухының беріктігі болса керек. Қойылымның соңындағы Ақжелкенің бесікті қылышпен бір-ақ шауып, қақ бөлуі арқылы өз қолымен тоздырған халықты ұрпақсыз қалдыру ниетін және елде қалған Ананың тал бесікті жамап жөндеуі арқылы елге, жерге ие болатын ұрпақты өсіріп-жеткізуі секілді әлеуметтік, халықтық ойды алға жетелейді. Суретші қиялындағы шебер ойнатылған бөренелердің спектакльде ролі ерекше. Көпшілік сахналарында төрт бөрене төмендеп, сахна төрінде ат тізгінін ұстағандай адамдардың тұра қалуы – атқа қонған халықтың жорыққа аттанғанын білдіретін шешім. Жоғарыдағы мақалада: «...режиссер Ә.Рахимовтың шартты, ишаралы-тұспалды, келтірінді мағыналарды молынан пайдалана отырып, көрерменді, пікір түюге, түсініктер қалыптастыруға, ой қорытуға жетелейді; аналогияға, ретроспективаға, символға иек артуы; солар арқылы оқиғалар, әрекеттер жалғастығын, бірлігін

танытуға, түйіндеулер жасауға ұмтылуы – роман және пьеса авторлары дйттеген көкейкесті мақсаттары мен идеяларын сәтімен жүзеге асыруына және ұтымды барлаулар жасап оңтайлы сахналық көркемдік бейнелеу құралдарын табуына, ақыр соңында, айтар ой-мақсаты байсалды, терең қойылымның өмірге келуіне өзгеше ықпал жасаған» [6; 159], – деп, режиссер жасаған еңбек бағаланады.

Ә.Рахимов өзінің «Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін» атты ғылыми монографиясында: «Қойылымдағы басты идея – халық қасіреті. Сондықтан ой-астарға, көркем детальдарға, символдарға ерекше мән беруге тура келді. Қазақ үшін қашанда туған жер мен өскен елдің жөні бөлек. Спектакльдің соңында ауған елдің заматтары кескен теректей құлап, жер бауырлап жылауы немесе түрмеде кебінденіп, атылғандарына қарамай құран оқылып, өз жаназаларын өздері шығарып жатуы осының айғағы» [8; 184] – деп спектакльді қою барысындағы жұмысы туралы айтып кетеді. Шынында да, спектакль финалы екі түрлі ойға жетелейді. Біріншісі – туған жерін кимай қоштасқандар, екіншісі – ұзақ жылдардан кейін сол кеткен адамдардың ұрпақтары сағынышпен оралып, көз жастарын көл етіп туған өлкесімен көрісіп жатқандай. Бұл көріністің әсеріне залда отырған көрермендердің көңілдері босап, көздеріне жас іркіліп, көмейлеріне өксік тығылғанын аңғару қиын емес. Олар спектакль арқылы ел үшін алысқан Алаш азаматтарын таныды, ұрпағы мен дәстүрін сақтап қалу үшін амалсыздан жер ауған бабаларымыздың даналығын көрді. Кеңестік дәуірде шекара асқандарды сатқын санатып, санамызға құйылып қалған түсініктердің мүлде қате екенін осы спектакльмен айта алды.

Режиссер спектакльде халық әндерін тамаша қолдана білген. «Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң-ай» деп басталатын «Бекзатым» әнінің тебіреніспен айтылуы түрмеде отырған есіл ерлердің тағдырына қабырғанды қайыстырып, толқытып жібереді. Сол отырғандардың барлығының да, мына өмірге ғашықтығын сезесің, ішінді алай-дүлей күй кернейді. Осы әннен соң қапаса қамаған орыс басқыншыларына деген өшпенділік оты санада жарқ етіп, өшпей тұрып алады.

Ә.Рахимов спектакль музыкасын жазуға композитор Б.Дәлденбаевты бекер таңдамапты. Оның туған жермен қоштасатын сахнадағы әні спектакльдің трагедиялық күйін қоюлата түседі. Сонымен қоса сахнада өтіп жатқан оқиғалардың алмасуына және кейіпкелер көңіл-күйінің өзгертуіне орай музыканы талғаммен пайдаланған Ә.Рахимов халқымыздың отаншылдық рухын көтеретін саяси-идеялық көркемдік дәрежесі биік спектакль тудырды.

Ә.Рахимовтың режиссерлік ой-тұжырымының тереңдігі, шығармашылық қиялының жүйріктігі қойылым декорациясынан да байқалды. Ол суретші Е.Тұяқовпен бірлесіп декорацияны қарапайым да түсінікті етіп шығарған. Бір қарағанда сахна тым жұпыны көрінгенмен де, қойылым оқиғасының өрбуіне сай терең түкпірден авансценаға дейін төрт жерден сахнаға кесе көлденең қойылған ұзын бөренелер түрлі қызмет атқарып тұрады. Ол бірде түрме бастығының кеңсесіне, бірде түрменің суық та, ызғарлы тас қорғанына, бірде көршілес елдердің мемлекеттік шекарасына, бірде орыстардың қазақ жеріне салған көп бекеттеріне айналса, енді бірде арғы дүние мен бергі дүниенің арасына тартылған ала жіптей көрініп кетеді. Суретші бөренелердің сыртқы түрін екі түрлі бояумен өрнектеген. Ақ және қара жолақтармен боялған бөренелер аңдап қараған адамға өмір мен өлім, әділдік пен зұлымдылық, бұғау мен бостандық сияқты өмірдің түрлі қарама-қайшылықтарын қатар елестетеді. Сол тәрізді сахнаның оң жағына қарай орналастырылған күн режиссердің астарлы, ишаралы ойларын жеткізуге елеулі роль атқарады. Оның түрі біресе қып-қызыл, біресе қап-қара болып адамдардың ниетіне байланысты сан құбылып өзгеріп отырады. Режиссер адамзат жаралғаннан бері әр таң сайын көкжиектен көтерілген күнді жер бетіндегі адамдардың қанға тоймай келе жетқандығының куәгері етіп алған. Қашан тыныштық орнамайынша күннің беті ашылмай түнере бермек деген ой тастаған.

Режиссерлік түпкі ой жеке қаһармандар тағдыры мен қалың қауымның ащы да азалы өмір-тірлігін беруді мақсат тұтты. Ол өзінің осы мақсатын және әрбір қаһарманның болмыс-мінезін, шиыршық атқан ішкі ой-толғаныстарын терең ашу мақсатында түрмеде отырған қайсар ұлдардың жүрек дірілімен қатар үндескен қазақ халқының аса-мұнды ән-сазын пайдаланған. Ә.Рахимов сахнаны көркемдеп, музыканы орынды пайдалана алуынан романның идеясы көрерменге дәл әрі анық жетті. Өйткені, сценография мен музыка «тесно связаны с ритмом, колоритом и атмосферой спектакля, и это предопределяет то, что, объединенные единым режиссерским решением, они находятся в глубокой взаимосвязи» [9; 280].

Таланты мен тәжірибесі тең түскен режиссер азаттық жолындағы ұзаққа созылған қанды күресті кең құлашты эпикалық үлгіде суреттеп, қазақ халқының тағдырын, олардың ойы мен сезімін, жан дүниесіндегі сан-сала иірімдерін алдыңғы планға шығарып, қаһармандық драманың

психологиялық кілтін дәл тапқан. Повесть пен пьесаның идеялық-көркемдік болмысын тұтас сақтап, оның стильдік, эстетикалық бітімін шашыратпай, жиырмадан астам кейіпкер тағдырын өзінше әрі өзгеше даралап, сахна кеңістігін мүмкіндігінше ұтымды пайдаланғаны – режиссердің өскелең талабына нақты жауап беретін ізденістер.

Г.Товстоногов режиссер шығармашылығындағы жанр мәселесін айта келіп: «Найти сценическое решение того или иного произведения – значит воплотить в сценических формах неповторимость авторского взгляда на жизнь, найти тот ракурс, в котором находились предмет и действительность в глазах автора» [10; 182], – деп ой түйеді. Драмалық шығарманы жарыққа шығаруда автордың сөз желісі мен пьесаға ешқандай нұқсан келтірмей, сол қалпында сахналау – Ә.Рахимовтың алдына қойған ең басты міндеті. Драматург идеясын тамыршыдай тап басатын ол инсценировка қиындықтарын жеңе білген. Сондай-ақ, терең де қызықты режиссерлік ой-жүйесін жүзеге асыратын ұтымды түр мен бейнелеу тәсілдерін үлкен суреткерге тән шеберлік танытты. Повесть оқиғаларының сахнада драмалық әрекетке құрылып, логикалық тұрғыда дамуы да сондықтан.

Драманың психологиялық сырын ашуда, жеке кейіпкерлер мінезін даралауда өзінің сахналық мол тәжірибесін көрсеткен Ә.Рахимовтың «Қилы заман» спектаклінде адамдар арасындағы қақтығыстардың логикалық тереңдігін, сезім байлығын, көкірек көрегендігі мен қас пен қабақтан сыр ұғысатын көңіл ұшқырлығын көреміз. Режиссер осы қойылымы арқылы көрермен үшін тарихи оқиғалардың сахналық-көркемдік нұсқасының әлдеқайда тиімді екенін дәлелдеп берді. Сонымен қатар, өткеннің драмалық оқиғаларын баяндайтын прозаның сахналануынан тарихи драма көркемдік-бейнелік оқылуында тереңірек көрінетіндігін тағы байқадық. Бұл спектакль оқиғалар мен тартыстардың динамикалық дамуына септігін тигізетін нақты композициялық құрылысымен ерекшеленді. М.Әуезовтің гуманистік идеяларын толығырақ жеткізуге тырысқан қоюшы-режиссер халықтық сахналарды терең дамытып, мизансценаларды ықшамды құру барысында шындықты романтикалық және философиялық тұрғыда игеруге, сахналық бейнелердің психологизмі мен көркем сөздің астарына ерекше мән берген.

«Қилы заман» шығармасының сахналық өмірі бүгінгі таңда заңды жалғасын тауып отыр. Аталмыш туынды 2016 жылдың 18 сәуірінде Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының сахнасына жас режиссер Еркебұлан Қабдылдың режиссурасымен қойылды.

Спектакльде қазақ халқының алдағы уақытта өмір сүруі, немесе туған жердің топырағында қырылып қалу, не жат жерге жылыстап қоныс аудару мәселесі өткір көтерілген. Шығармадағы тарихи және көркемдік нысаналардың қазақ ұлтының тағдырымен тамырласып жатқаны сондай, ондағы суреттелген оқиғалар бүгінгі ұрпақтың болашағы туралы ойлануға жетелейді.

Қойылым оқиғасы патша жарлығын тыңдаудан басталып, елдің дүрлігуіне ұласады. Режиссер шығарманы барынша қысқартып, негізгі ойды қозғалыс басшыларының қамалуы арқылы жеткізуге тырысқан. Отаршыларға қарсы тұрған ел жақсыларының аңқаулығы, үкімет саясатынан хабарларының жоқтығы оларды түрмеге түсіреді. Ұрпақ болашағын ойлаған қазақ ерлерінің мойымай алға ұмтылулары актерлердің ойынынан шынайы көрініс тапқан. Қойылымның тізгінін ұстап тұрған Жәмеңке ақсақал – Қылышбек Қасымбеков, Әубәкір болыс – Өмірзақ Айдаров, Ұзақ батыр – Бақыт Айдаров, Жаңабай – Рүстем Туратаев, Ақжелке – Болат Баймағамбетов, Жиренсақал – Әбдікерім Үкибаев, Серікбай – Сағитжан Арипханов, Рахымбай – Бақытжан Қаппаров, Фонов – Асхат Қамбарбеков т.б. әрекеттері ширақ шықты. Әсіресе түрмеге қапыда қамалып, қатты қынжылған сәттегі көңіл-күйлерін мұнды әуенмен жеткізе алды.

Қилы заман құрығына іліккен қазақ елінің орыс отаршыларының қармағына мықтап түскенін режиссер мен суретші Тоғайбек Байдарбеков екі басты самрұқ құстың сол аяғына крест, оң аяғына бүктелген қамшы ұстатып символдық түрде меңзеген. Түрме сахнасын да режиссер шартты түрде тор арқылы шешкен. Спектакль декорациясы шығарма идеясының жан-жақты ашылуына жәрдемдесіп, актерлердің кең көсіліп әрекет жасауына да қолайлы болды.

Сахна кеңістігін еркін игерген Е.Қабдыл бостандық үшін арпалысқан қазақтардың бүгінгі тәуелсіз күнге жетуін де символдық тұрғыда бере білді. Спектакль финалында азаттық жолында құрбан болған Жәмеңке ақсақал бастаған аппақ киімді адамдар мен олардың ісін жалғастырушылар бірігіп шаңырақты көкке көтереді. Режиссердің бұл ойы тәуелсіздік үшін күрестің жеңіске жетіп, егеменді ел болуымызға бүкіл қазақ халқы үлес қосқанын айнытпай ұқтырады. Сонымен қоса еліміздің басты байлығы туған жері мен тілі екенін әрі бұлардан ешуақытта да айырылуға

болмайтынын спектакльдің өзегі ете алды. Бұл спектакль көпшіліктің көкейінде жүрген ойды дөп басқандықтан да театр репертуарынан өз орнын алып үлгірді.

Қорытынды

Жоғарыда талданған спектакльдерде ХХ ғасырда қазақ халқы басынан өткізген ұлттық тарихтың күрделі мәселелері қозғалған. Кейіпкерінің ішкі жан дүниесін ашып, мінезінің қалыптасуына ықпал еткен шынайы тарихи оқиғаларды шартты түрде бере отырып, театр кезеңді көрсететін, тарихи бейнені суреттейтін қойылымдар жасап шығарды. «Өткен ғасырларда өмір сүрген, елі мен жерінің азаттағы үшін күрескен тұлғалардың әлеуметтік орны мен маңызы зор» [11. б] деген пікірге сүйенсек, бұл тақырыптағы көптеген спектакльдердің ерекшелігі – тарихи деректерге негізделуі, тарихи адамдардың көркемдік бейнесін жасау мен қоғамдық жетістіктерді көрсету болды.

Бұл спектакльдер өз ролін тек тарихи жанрдың дамуында атқарып қоймай, сонымен қатар қазақ театрының көркем-эстетикалық сипатының жоғары деңгейге көтерілуіне актерлік-режиссерлік кәсіби шеберліктің шыңдалуына көмегін тигізді. Спектакльге қатысушы актерлер бұқаралық қарсылықтан бостандық үшін күреске ауысу процесін көрсетуді басты назарда ұстады. Көтеріліске шыққан халықтың бірлігі мен ұйымдасу қабілетін көрсете отырып, орындаушылар әр кейіпкердің психологиясын ашуға, әсіресе мінездердің ішкі эволюциялық өсу процесіне көп көңіл бөлді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары тарихи тақырыпқа деген қызығушылықтың артуы, халықтың өткен өмірін, бастан кешірген тағдырын суреттеуге арналған шығармалардың көптеп дүниеге келуі бір жағынан ұлттық сана-сезімнің күшеюіне байланысты болса, екіншіден өткенімізге заманауи көзқараспен қарап ой қозғау. Төрт құбыламызды түгендеп жатқан қазіргі кезде сахна төрінен бүгінгі ұрпаққа тарихи көзқарас, тарихи талғаммен сөз айту үшін тарих тағылымы керек.

Әдебиеттер

- 1 Жақсылықова М. Қазақ кәсіби актерлік өнерінің даму ерекшеліктері: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 384 б.
- 2 Ремез О.Я. Мастерство режиссера: Пространство и время спектакля. – М.: Просвещение, 1983. – 144 с.
- 3 Рудницкий К. Театральные сюжеты. М.: Искусство, 1990. – 464 с.
- 4 Жұмабек С. Сахнада – «Қилы заман»// Алматы ақшамы. – 1997. – 13 – маусым.
- 5 Құндақбайұлы Б. Заман және театр өнері. – Алматы: Өнер, 2001. – 520 б.
- 6 Уәлиев Қ. Қилы заман хикаяты // Жұлдыз. – 1997. – № 11.
- 7 Туманишвили М.И. Введение в режиссуру (пока не началась репертиция). – Москва, 2005. – 272 с.
- 8 Рахимов Ә. Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін. – Алматы: Тарих тағлымы, 2010. – 248 б.
- 9 Меерович И.М. Музыка как выразительное средство спектаклей драматического театра // Мастерство режиссера. – М.: ГИТИС, 2016. – 392 с.
- 10 Товстоногов Г. Зеркало сцены. О профессии режиссера – Ленинград: Искусство, 1984. – Т. 1.– 303 с.
- 11 ХХІ ғасырдағы қазақ театры: дәстүр және инновация. Ұжымдық монография. – Алматы: Print Express, 2017. – 340 б.

НОВЫЕ ИНТЕРПРЕТАЦИИ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ В ТЕАТРАЛЬНОЙ РЕЖИССУРЕ

Еркебай А.С.¹, Нурпеис Б.К.¹

¹ кандидат искусствоведения, доцент кафедры «История и теория театрального искусства»

² доктор искусствоведения, профессор, декан факультета «Искусствоведение»

^{1,2} Казахская национальная академия искусств им. Т.Жургенова

Алматы, Казахстан, email: aerkebaj@bk.ru

Статья посвящена освоению темы национально-освободительного движения 1916 года современным казахским театром. Рассматривается интерпретация повести М.Ауэзова «Лихая година» режиссера А.Рахимова в Казахском государственном академическом театре драмы. Определены пластическое решение сцены, творческое воображение режиссера в использовании символов и метафор. Проведен театроведческий анализ режиссерского замысла, актерской игры и сценографии спектакля. Также исследуется спектакль, поставленный по данному произведению режиссером Е.Кабдыл в Жетысайском театре драмы им. К.Жандарбекова.

Ключевые слова: казахский театр, национально-освободительное движение, режиссер, интерпретация, спектакль, актер

NEW INTERPRETATIONS OF THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT IN THE THEATRICAL DIRECTION

Yerkebay A.S.¹, Nurpeis B.K.²

¹ Candidate of Art Criticism, associate professor of the department "History and theory of theater arts"

² Doctor of Art History, Professor, dean of the faculty of art history

^{1,2} Kazakh National Academy of Arts named after T.K. Zhurgenov Almaty, Kazakhstan,

The article is devoted to the development of the theme of the national liberation movement of 1916 by the modern Kazakh Theater. The author of the article considered the interpretation of the plays based on M. Auezov's story "Dashing time" directed by A. Rakhimov at the Kazakh Academic Drama Theater. The author of the article determined the plastic solution of the scene, the creative imagination of the director in the use of symbols and metaphors. The theatrical analysis was made to the director's plan, the actor's play and the scenography of the plays. The play staged on this work by director E. Kabdyl is also being investigated in the Zhetysay Drama Theater named after K.Zhandarbekov.

Key words: *Kazakh Theater, national liberation movement, director, interpretation, performance, actor*

Редакцияға 12.01.2019 қабылданды.

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ГРАФИКАСЫНДАҒЫ ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ

А.Б. Кенджакулова

Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының PhD докторанты,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, өнертанушы
Алматы, Қазақстан, ainura8883@mail.ru

Бұл мақалада автор заманауи қазақ графикасында бүгінгі таңда жұмыс жасап жүрген суретшілер шығармашылығын қарастырған. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына сүйене отырып, заманауи қазақ графикасының негізгі тақырыбын аша түскен. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары, фольклоры, жалпы алғанда еліміздің бай мұрасы қазақ графикасында суреттелуін жазған. Мақала жазу барысында бүгінгі қазақ графикасына өз үлесін қосып, еңбек етіп жүрген суретшілер есімдері келтірілген. Аталған суретші-графиктерді жеке-жеке қарастырып, шығармашылығына тоқталған. Графиктер жұмыстарына өнертанушылық анализ жасалған.

Түйін сөздер: заманауи графика, станокты графика, кітап графикасы, фольклор, суретші-график, салт-дәстүр, батырлар жыры, ұлттық ойындар

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» - қазақ халқының ұлттық құндылықтарын ұлықтайтын, тамыры тереңге жайылған халқымыздың тарихын дәріптейтін мақала. Атадан балаға мирас болып қалған халқымыздың құнды мұралары ұлы дала фольклоры, өнері мен салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен мәдениетіне баса назар аударуымызды айта келе, ғылыми тұрғыдан зерттеп, қарастырып оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын, түркі халықтарына ортақ бірыңғай онлайн кітапхана, ежелгі өнер және технологиялар музейлерін құруды тілге тиек еткен. Ұлы даланың төл өнерін, ата-кәсібін, материалдық емес мәдени мұраларын келешек ұрпақтың санасына бекіту мақсатында құрастырылған маңызды ғылыми жобалар мен тың идеялар халыққа ұсыну - біздің, яғни, ғылым жолында, өнер жолында жүрген жастардың қолында. Мәселен, «Архив 2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» жобалары халықтың бай мұрасын насихаттауға ықпалы етері сөзсіз. Ұлы дала төсіндегі ұлан-ғайыр кеңістікті игерген түркі әлемінің түп қазығы - бүгінгі қазақ елінің аумағы екендігі ақиқат. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында да осы аумақтағы ұлттың қолөнерін, ежелгі аң стилінің бейнеленуін халыққа жеткізіп, тарихты таразылау болып табылатындығын айтқан. Осы орайда қазіргі қазақ бейнелеу өнерінің қаншалықты үлес салмағы бар деген заңды сұрақ туындайды. Қазақ бейнелеу өнерінде, оның ішінде графика саласында қазақи айшықтарды танытудағы төл туындылар бүгінде өз бағасын алды ма, оларды алыс-жақын шетелдерге таныстыру арқылы біз суретшілеріміздің еңбегін қандай дәрежеде көрсетіп жүрміз деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

«Бүгінгі күнді түйсініп - түсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз қажет» деп тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың айтқан қанатты сөздерін сүйеніш ете келе, сөздің тоқетері бүгінгі бейнелеу өнері, оның ішінде жаңа қарқынмен дамып келе жатқан, графика өнері жайында болмақ. Бұл өнердің қиын да қызықты қырларын халыққа таныстыру, сол арқылы графиканың бейнелеу өнері саласындағы орнын айқындауда жасалып жатқан зерттеу жұмыстары жетерлік деп айтуға әлі ертерек. Графика – бейнелеудің атасы деп, осы саланың тарихына бойлап, Ұлы Даланың бейнелеу өнеріндегі қадамдарын саралап қарайық.

Графика – түпкі ойды суреттеуде, сол сияқты оны қабылдауда әбігерлікке және шалағайлыққа төзбейтін нәзік зияткерлік өнер. Сондықтан ол көркем шығармашылықтың басқа түрлеріне қарағанда азырақ коммерцияланған. Онда ақиқат, өмірлік тәжірибенің шындығы, авторлық қиялдың адалдығы әрі тазалығы сақталады. Осы айқындамаларды сақтай отырып, ол әрдайым ең күрделі шығармашылық және культурологиялық үрдістердің нақ ортасында жүреді [1; 10].

Графикалық өнер бейнелеу өнерінің ежелгі түрлерінің бірі болып табылады. Шимақтап сурет салу мен сызудан бастау алған графика бүгінгі таңда ауқымы кең, қарастырар тақырыбы да күрделене түскен. Адамзаттың тамыры тарихпен өрбіген. Тарихымызды құндылық деп танысақ, сол тарихты баяндайтын материалдық игіліктер де құндылықты құрайды. Қазақ халқының ұлттық мәдениет бастауының негізі қайда жатқандығы туралы туындаған ойды қанағаттандыру үшін нені үлгі етсек болады? Әрине, ең бірінші ерте тас дәуіріндегі Сақ мәдениетін, қола дәуіріндегі Ботай, Андронов, Беғазы-Дәндібай мәдениетін, темір дәуіріндегі сақ, үйсін мәдениеті негізінде қаланған

көшпелі түркілердің мәдениетін тілге тиек етеміз. Бұл мәдениет ескерткіштері қазақ жерінен табылып, әлі де іздестірген сайын, айғақтар – қолөнер туындылары мен өнер туындылары көшпелі елдің мәдени тұрмысын нақтылай түсуде.

Бейнелеу өнері мәдениетінің шығуы мен дамуына келер болсақ, біз ең алдымен жоғарыда атап кеткен тас дәуіріндегі үнгір суреттері, петроглифтерден басталған, бүгінде көркемдік-идеялық құндылықтары қалыптасқан, ғылыми тұрғыда негізделген бейнелеу өнерін халықтың ой-санасын, дүниетанымын, мәдени кемелденген дәрежесін көрсетер айна деп бағалаймыз.

Қазақстан Республикасы егемен ел болғалы әлеуметтік-экономикалық саясатты жаңаша жүргізуге бет алған кезде мәдениетте де үлкен өзгерістердің байқалғаны білінді. Бұрынғы өнер мен қазіргі өнерге жаңаша салыстырмалы көзқарастар пайда бола бастады.

Бұрын шығармашылыққа тек реалистік талап қойылып келсе, енді суретшілер абстракциялық бағыттағы ізденіс-тәжірибелерге мүмкіндік алды. Тың көркемдік композицияның пайда болуымен бірге, декоративті тиімді әдемілікпен ғана шектелетін жұмыстар пайда бола бастады. 1990 жылдан әр суретші өзіндік бағыттарын анықтап, сол бағытта өз шығармашылықтарын шыңдай бастады.

Қалыптасқан ой-сананың мықтылығы да бұл жерде өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Енді керемет көркем композициялы туындылар өзінен өзі пайда болады деген пікір, әрине, қате еді. Біздің көп суретшілеріміз, өкінішке орай, осы жаңсақ пікірді қалыптастырып, жаңа көзқарасқа қалыптасуы оңай болмады. Ал, біраз суретшілеріміз өздерінің табиғи бейімділігінің арқасында реалистік және авангардистік шығармаларын әкеле бастады.

Көркемөнер мен мифологияға, фольклорға бай халықтың мәдени мұрасы, философиялық ой түйіндеулері, дүниетанымдық түсініктері суретшілер үшін сарқылмас қазынадай болды. Суретшілердің қалыптасқан жалпыхалықтық сипатына ұлттық ерекшеліктер мен құндылықтарды ескеру қажеттілігі пайда болды. Бұл туралы Болат Байжігітов былайша тұжырым айтады: «Алдымен бейнелеу өнерінің табиғи сипатына байланысты қалыптасқан реализм түсінігіне тоқталайық. Бұл түсінік бұрынғы мектеп және жоғарғы көркем оқу орындарында жетекші орын алып келеді. Дегенмен, реализмнің күнделікті қолданыстағы түсінігі мен оның гносеологиялық және генезистік болмысы басқа көркем бағыттардың арасында орнын анықтауды, әлі де болса, салыстыра талдауды, толығырақ зерттеуді қажет етеді» [2; 69].

Тәуелсіз Қазақстанның мәдениетіне орасан зор үлесін қосып, шәкірт тәрбиелеп, қазақ графика саласында жаңа бастамалар мен тың идеяларды, қазақтың өткені мен болашағын шығармашылығының зерттеу объектісіне айналдырған суретшілер қатары күн санап көбеюде. Атап көрсетер болсақ, аға буын өкілі Қайырбай Закиров, Оразбек Есенбаев, Қадырбек Каметов, Ералы Оспанов, Нұрлан Бажиров, Жақсығарина Марзия, Темірхан Ордабеков, Ағымсалы Дүзелханов, Баймен Батухан т.б.

Қазіргі қазақ графикасында ұлттық нақышты молынан қолданып, халықтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін айғақтайтын көркем туындыларды ұсыну арқылы қазақ фольклорын алыс-жақын шетелдерге танытушылар қатары көбеюде. Оның ішінде, Қытайдағы қазақ фольклорының бейнесі элем фольклорының деңгейінде қарастырылуда. Бұған мысал ретінде «Арнайы басылымға кіріспе: Қытай мен ішкі Азияның эпосы» тақырыбындағы Найлз Д.Джонның еңбегіндегі мына пікірін толық негізге аламыз: «Kazakh folklore and motifs are rich and diverse. It includes almost all kinds of motifs: myths, tales, legends, stories, songs, riddles, proverbs, etc. Among them epic takes special place. It has several internal genre varieties and forms. They are archaic epic, classic heroic epic, romantic (love) epic, historical epic and dastan epic with its varieties (heroic, love, adventure, religious, social-everyday life, tale)» [3; 253-269] дейді ол өз зерттеуінде. Бұл пікірді қазақшаға аударар болсақ: «Қазақ фольклорының мотивтері бай келеді, мұнда мифтер, ертегілер, аңыз әңгімелер, жұмбақтар, әндер мен мақалдар және т.б. жанр түрлері кеңінен қамтылған. Әсіресе, мұнда эпостың орны ерекше екенін айту керек. Эпостың ішкі жанрлық түрлері мен формалары да сан алуан архаикалық (көне) эпос, классикалық - қаһармандық эпос, романдық(ғашықтық) эпосы, тарихи эпос және оның түрлері (ерлік, махаббат, шытырман, діни, әлеуметтік-тұрмыстық өмір мен ертегілер) эпосы болып бөлінеді» деп жазған. (Ауд. К.А.).

Қазақ халқының бай мұрасын шығармасының негізгі тақырыбына айналдырған аға буын – суретші, график Қайырбай Закиров.

Суретші өз шығармашылық жолын графикадан бастады. Алғашқы литографиялық жұмыстары - «Диалог» топтамасы, «Ұлбаланың бақыты» триптихы, «Теңіз туралы толғау» ұлттың рухани және әдептік негіздеріне ықпал еткен көшпенділердің өміріндегі әлеуметтік өзгерістер жайлы ой толғайды. Ұлы даласының ауасымен тыныстап, суын ішіп, асыр сала емін-еркін өскен дала баласы өз

шығармаларында осы Даланың өмірін өзінің графикалық топтамаларында философиялық оймен ұтымды жеткізген.

Жарық пен көлеңкенің дірілін пайдаланып алапат қуатты тыныс беретін кеңістіктің үлгісі - «Базар жырау», «Естің жаңғыруы», «Шыңғыс әлемі», жыл топтамалары - «Желдірме топтамасы» (1990), «Көкжиек» топтамасы (1986) линогравюра тәсілімен жасалған.

1991 жылы елдегі болған өзгерістер суретшінің шығармасынан да жаңа серпінмен орын алды. Ол офорт, акватинга, құрғақ ине мен резерваждың бәрін пайдаланып «Құс жолы» топтамасын дүниеге әкелген. Суретші қолданып отырған көркемдік тәсілдер ойдағы әлемді, бар әлемді, мейірім мен ақиқатты көрсетеді. Оның шығармашылығында зерде-парасат және фәлсапа жағы басым, тақырыбы – уақыт байланысы, сабақтастық, бабалардың рухани мұрасы, экология проблемалары. Бұл бейнелері 1974 жылдан халықаралық, бүкілодақтық, республикалық көрмелерге қатысып келе жатқан туындылары арқылы кеңінен танымалдыққа ие болды. Суретші 1992-1995 жылдар аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған.

Туындылары Қытай, Жапония, Франция, Америка, Португалия, Морокко, Йемендегі өнер мұражайларына қойылған. Сондай-ақ, Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайында, Ресей Федерациясы Мәдениет Министрлігінің қорында, шетелдік дербес коллекционерлердің қолында сақтаулы.

Суретші Аралда дүниеге келген және осы күнге дейін Қызылордада мекендеген, дегенмен, 2019 жылы Алматыға көшіп келу бақыты бұйырған. Арал теңізінің апатты жағдайын Закиров жеке қайғысы ретінде қабылдап, терең ойға шомып, экологиялық дағдарыстың сол жылдардағы шығармашылығына әсер еткендігін өз полотноларында айқын көрсете алған. Қ.Закиров туындыларын қарай отырып, кейіпкерлерінің туған өлкесінің қайғы-қасіретін ойлап мұнайған күй кешкендігін байқай аламыз. Бұл суретшінің ішкі арпалысы мен жансыз дүниеге тіл бітіре алатын шебер екендігін айқындайтын көрініс.

Графика саласында жұмыс жазып жүріп күрт кескіндемеге ауысып кеткен суретшінің бұл қадамы өте сәтті орындалды, шығармашылығына кері әсерін тигізген жоқ. Керісінше, суретшінің жаңа қырын танытуға үлкен мүмкіндік болды. «80-ші жылдардың аяғынан және бүкіл 90-шы – бүкіл онжылдық Қазақстанның графикалық өнерінің дау тарихынан өшіріліп қалды. Экономикалық ахуалдың кенеттен ауысуы қалыптасып өндірістік шығармашылық құрылымдардың күйзеліске ұшырауына және көркем шығармашылықтың идеологиялық алғышарттарының ауысуына әкеп соқтырды. Көркемдік қор жүйесі – суретшілердің шығармашылығы үшін өндірістік әрі экономикалық платформа жұмысын тоқтатты. Нарықтық жүйе суретшілерді мемлекеттік тапсырыстардан айырды, өнер коммерцияланды, сатып алушылардың жеке талғамы көркем туындылардың деңгейінің өлшемі болды. Цифрлық технологиялар кітап иллюстрацияларынан қол еңбегін ығыстырып шықты. Көптеген графиктер басқа өрісте, көбінесе сұранысқа ие болатын кескіндеме, мүсін өнерінде жұмыс жасай бастады, иллюстраторлар дизайнер болып мамандығын ауыстырды. Баспа графикасы көрмелік экспозициялардың ғайып болды, оның үстіне біртумасы да (акварель, пастель, монотопия және т.б.) тіпті сирек көрінетін болды» [1; 9].

Суретші кенептерінің кейіпкерлері де аса салмақты, қазақ елінің жанашырлары. Закиров өз халқының тарихы мен дәстүрлеріне үлкен көңіл бөледі. Суретшімен жеке кездесіп, әңгімелескенде, сөз барысында бір айтқаны бар еді, тарихқа деген қызығушылық оның бала күнінен ақын-жыраулардың жырлары мен әндерін ұйып тыңдаған бастау алғандығын баяндаған. Онымен қоса, сурет салу өнерінен бөлек Қайырбай Закировтің ақындық дарыны да бар, өлеңдері өзінің замандас құрбы-құрдастарына арналған.

Бүгінгі таңда суретшінің қызығушылығы акварель техникасында кесек-кесек туындылар жазуға көшкен. 2018 жылдан бері ол Оғызнама сериясында «Бабаджанның соңы», «Бегімсұлу-Сұлтан Санжар», «Бопай ханшайым», «Есет батыр», «Жанқожа батыр», «Қорқыт ата», «Тұран ханшайымы» атты акварельді жұмыстарын жазған. Туындылардың басым көпшілігі ашық түсті полотноларда беріледі. Суретші бұл топтамасына күлгін түсті мейлінше көп пайдаланған. Акварельді жұмыстарды көрермен жеңіл қабылдағанымен, суретшінің таңдаған тақырыбы жеңіл деп айта алмайсың.

Фольклор поэтикасымен үндесіп, әр құбылыс әлемін барлық полотноласын сыйғызып, Қазақ ұлттық мәдениетінің үздік дәстүрлерінің сабақтастығын бейнелейді. Бейнелер, метафоралар, қауымдастықтар, халық әндерді арқылы суретші біртұтас мотивке өрмелейді. Сонымен қатар, шебердің жұмыстары көркем бейненің психологиялық және пластикалық шешімі бойынша заманауи болып табылады [4; 23].

Суретші Қайырбай Закиров қазір уақытта суретшілер одағымен бірлесе жеке альбомын баспаға дайындау үстінде. Суретшінің айтуынша, каталогында кескіндеме мен графика жанрларында орындалған туындылары, сонымен қатар өзімен бірге оқыған құрбы-құрдастары, ұстаздары жайында ой-толғаулары мен естеліктері де орын алмақ.

Қазақ графикасы да өзінің қиын кезеңдерін бастан кешкенмен, бұл сала әрі қарай дамымай қалды деп айту, әрине, қате пікір болар еді. Графиканың нәзік өнер екендігіне қарамастан, сыншылар тарапынан қанша кері пікір естіп жатса да, осы саланы өз шығармашылықтарының негізі етіп қалдырған суретшілердің шеберлігін айтып өтпеске болмас.

Өзін эквилибрис шебері ретінде танытқан Жақсығарина Мәрзия Жұмашқызының жұмыстары да әлемдік деңгейде кеңінен танымал. 2017 жылы суретшінің екі эквилибрисі «Заманауи кітап белгісі» атты жеке альбом-каталогқа енді. Бұл альбомда есімдері әлемге танымал суретшілер мен коллекционерлердің еңбектері таңдалған. Суретші бұл кітапқа өзінің «Шолпы» туындысын енгізген. Бұл Польшаның танымал коллекционері, нумизмат Тадеуш Ортылға арналып жасалған туынды болатын. Олардың бастапқы келісімі бойынша суретші кез келген елдің ақша белгілерін қамту керек еді. Бірақ, суретші қазақ мәдениетін қазақ халқының дәстүрлі әшекейі шолпы арқылы көрсетуді жөн көрген. Мұнысы қате болмады. Өзінің эквилибрис композициясында ұлттық киім киген, басында әдемі қазақи бас киімі бар, екі бұрымында шолпы өрілген қазақ қызы бейнеленген. Ол қыздың шолпысы 5 теңге, 20 теңге, 1 поляк грошы, 10 копейкадан өрілген. Осы шолпылар арқылы мәдениеттер диалогын байқаймыз. Өз көрмелерін шетелде кеңінен танытып жүрген Мәрзия Жұмашқызының шығармашылығын өз елінде де кең көлемде таныту мақсатында республика көлемінде де ашық көрмелер ұйымдастырылса деген бізде ой қалды.

Нұрлан Бажиров 1964 жылы туған, Алматыда тұрады. Суретші-график, Қазақстанның ерекше стильдегі суретшілерінің бірі. Бажировтың жұмыстары графика жанрының стереотипін бұзып формаларды сындыру арқылы бұрмалай жеткізеді. Оның ауқымды, алтын-жылтыр полотноларындағы толыққанды, нақты сурет пен кеңістіктің тамаша үйлесімі бар. Суретші қаламынан шыққан туындылары әрқашан ерекше эмоционалдық күйзеліс пен ерекше рухтың көтерілуінің себепкері бола алып, суретшінің ішкі дүниесінің шиеленіскен динамикасын көрсетеді.

Көшпелі қазақтардың тотемдік жануарлары - жылқылар, иттер, одан, бөлек гепардтар – суретші шығармашылығының типтік объектілері. Жылқылар, драмалық шығармалардың орталық кейіпкері ретінде оған ұлттық батыр, қазақ батырының жаңа, серпінді және күшті бейнесін жасауға көмектесті. Қазақтың ұлттық ойындарындағы шабуылшылардың динамикасын, жекпе-жек көріністерін бейнелейтін жұмыстарын графикалық серияларынан байқауға болады. Бұл көріністер қиялды оятып, өнер туындыларының көрерменге деген әсерін одан әрі күшейте түседі.

Суретші туындыларының кейіпкерлері - батырлары, шабандоздары - жанды, тынымсыз адамдар екенін полотноларына қарап отырып байқау қиын емес. Бажиров кейіпкерлеріне тып-тыныш, үнсіздікке отыру жат құбылыс, олар әрдайым қозғалыста, бұл да суретші шеберлігінің бір қыры деп танып білуге немесе өнер иесінің бойындағы энергиясының аласапыран күйде екендігі десек те болады.

Жекпе-жектегі қарқынды ұмтылыс, асқан бәйге, тартыс, бірінші болуға деген ұмтылыс осының бәрі суретшіні қызықтырады. Суреттің бейнелілігі мен дәлдігі жағынан, көшпенділердің өршіл рухын көрсету мақсатындағы, олардың бостандыққа ұмтылған сәтін нақты бейнелеу, айқын жазуда суретші Бажиров сияқты ешкім жеткізе алмас деген түйін жасауға болады.

Мұнымен суретшінің жаңашылдығы таусылмақ емес, ол картина жазарда терең ойға батып, сезімге берілу арқылы өз айтар ойын жекізуде шеберлік танытып келеді. Қазақ батырларының жаңа түсіндірмесімен көшпендінің ерекшелігі - «атқа» жаңаша көзқараспен қарайды. Мұнда Нұрлан Бажиров әлемдік деңгейдегі асқан үлгілі шығармаларды жасауға дейін асқақтап тұр.

Оның тұлпарлары, басқа да жануарлар, иттер, гепардтар, қасқырлар - таң қаларлықтай рухани жаратушылар. Үлкен махаббатпен және терең түсінушілікпен жазылған аттың суреттері композициялық топтың орталығында бас орын алады. Осындай көркемдік тәсілімен суретші шабандоз бейнесін атпен байланыстырып айқын бейнелілігімен көрсетеді. Осындай адам мен жануардың тұтастығы, оның әміршісі ретінде емес, ал адам табиғаттың бір бөлігі ретіндегідей шығарады. Көшпенді мәдениеттің философиясы осындай және ол шебердің шығармашылығымен ұйқасады.

Қарағанды қаласында дүниеге келген Бажиров Нұрлан Дюпанұлының шығармаларына көз тіге отырып, оның графика саласына өлшеусіз үлес қосқанын мойындамасқа болмайды. Өз шығармашылығын Қарағанды қаласындағы көркем сурет-өндірістік шеберханада жұмыс істеуден бастаған суретші өзінің бейнелеу өнердегі жолын кітаптарға сурет салудан бастайды. Атақты

жазушы Жюль Верннің романдарын және «Ақ биялай» атты кітапты безендіріп, графикаға батыл қадам басты. Қолданбалы графика саласындағы туындыларын алыс-жақын шет елдерде көрмеге қойып, өзінің жұмыстарын басқа елге де танымал етті. Бажиров - қазіргі заманның графигі. Біздің отандас графика жанрын озық деңгейге көтерді. Оның жұмыстары өзінің тапқан инновациялық аралас техникасында жасалаы. Соның арқасында, артық нәрсесіз, бір ойды ғана белгілейтін суреттегі бейненің дымқыл мәрмәрдің үстінен сиқырлы эффект жасалынды. Мұндай өнерді халыққа түсінікті етіп жеткізу суретші шеберлігінің шыңы деп тануға болады. Дегенмен де, осы туындыларынан халықтың көп жиналатын жерінде ашық көрмелер ұйымдастырылып жатса, графика саласының танымалдығы арта түсер еді. Бізде көбінесе бірінші шетелде танылмаса, халық арасында танылу сирек құбылыс екенін мойындауымыз керек. Сондықтан да осы ұсынысымыз суретшілер назарына іліксе деген ойдамыз.

Суретші Оразбек Есенбаев. «Жібек матаға шарлы қаламмен сурет салу» авторлық техникасымен танымал болған график-суретші өз айналасын қоршаған ортаның дәл көшірмесін салу арқылы өз шығармашылығын танымал етті. Суретшінің стилі де ерекше. Ерекшелігі сол, дәстүрлі реализмнен бастап, абстрактылы формаларға ұтымды жақындайды. Оразбек Есенбаевтың «Аяз би» ертегісі бойынша жазған графикалық топтамасы – елең еткізген шығармалардың бірі. Үлкен философиялық ой салу арқылы, қазіргі заман мен сол кезеңнен ұқсастық пен айырмашылықты іздейді.

Бейнелеу өнерінің бастауы болған графикаға адал суретші бұл салада қылқалам ұстаған шеберлердің әлі де болса, аздығына ренішін де жасырмайды. Қаламсабы қолынан түспейтін суретшінің графикалық топтамалары қазақ даласындағы тұрмыстық мәдениетті шеберлікпен көрсете алып қана қойған жоқ, оның бейнелеуіндегі қарапайым дүниелер де өзіндік құпия сақтап, айтарым бар дегенді меңзеп тұрғандай.

Оның туындыларын өткен күн, бүгін және болашақ деп бөлсек те қателеспейміз. Қою қара түс пен ақшыл сұр түсті өз полотноларында үйлесімділікпен орналастыра білген суретші графиканың да мүмкіндіктері мол екендігін үлгі етіп тұр. Құрманғазының «Балбырауын» күйінің шығу тарихын бейнелеген топтамасында бір рет қана көз салып, күмбірлеген күйдің асқақтата төгілуін бар жаныңмен сезе аласың. Бұл жұмыстары арқылы қазақтың қара домбырасының құдіретін де айқындап берген. Атақты шығыс ғұламасы Конфуцийге арнаған топтамасында оның өмір өнегесін өзінің қаламсабының сиқырымен шебер бейнелеп қана қоймай, өмір сүру философиясын да үлгі етеді. Бір айта кететін жәйт, суретші бір суретті бірнеше топтамаға ұластырып, айтар ойын өз шеберлігімен бере алған. Суретші өз графикалық туындыларының тақырыптарын сайын дала кереметтеріне, ондағы қазақи тіршілікке арнай отырып, өткен мен болашақтың сабақтастығының бастауын көрсете алу шеберлігін де нақтылай түскен.

Суретші өз шығармашылығында өткенді, бүгінгі күнді және болашақты шебер біріктіре алды. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Көкбөрі», «Атилла», «Қорқыт», «Асан Қайғы» және т.б. еңбектері тәрбиелік, философиялық мағынаға ие. Суретшінің назарын Қазақтардың этнографиясы да суретші назарынан тыс қалмаған, атап айтсақ, «Ас», «Көкпар», «Шаңырақ» тағы сол сияқты Есенбаевтың қылқаламынан шыққан туындылары осыған куә.

Есенбаев жұмысының тақырыбы оның өз халқының тарихын терең танып білу және өз бетінше ұғынуын, сондай-ақ оның жоғары адамгершілік ұлттық-мәдени құндылықтарды сақтауға деген шынайы және дәйекті ұмтылысын айғақтайды, бұл қазіргі күрделі, кейде драмалық, жаһандану жағдайында маңызды. Суретшінің мазмұнды жұмыстары оның бірегей қазақ мәдениетінің көрінісін, туған жеріне, табиғатына деген сүйіспеншілігін, оның өмірге деген көзқарасын және оның жанының көңіл-күйін көрсетеді. Студенттермен үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүреді, тәлімгерлік жұмыс жасау суретшіні жаңа шығармашылық биіктер мен жетістіктерге жетелейді.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдары Шымкент педагогикалық институтында қызмет еткен кезінде өзінің жолын қуатын Батухан Баймен сияқты шәкірт тапқанын кейін жылылықпен еске алып жүрді. Екеуінің «Ұстаз бен шәкірт» көрмесі қазақ елінің маңызды тарихи кезеңін суреттеуде және оны қазіргі өмірмен байланыстыруда тапқан сабақтастықтығы ерекше көзге түседі. Бұл көрмеде отызға жуық түрлі-түсті және ақ-қара түстегі шығармалары топтастырылды. Бұл көрменің ерекшелігі – тұтастай графикалық туындыларға арналғаны. Ордабеков Темірхан - таза график суретші. «Қазіргі уақытта графика өнері қиын кезеңді бастан өткізіп отыр. Нарықтық қатынасқа өтумен байланысты графиканың интеллектуалды шығармашылығы неғұрлым нәзік әрі арнайы өндірістік жағдайларды талап еткен сайын кескіндеме мен мүсін кең сұранысқа ие болуда. График-суретшілердің басым бөлігі көркем шығармашылықтың басқа түрлерімен айналыса бастады, ал кейбіреулері мамандығымен айналысуды доғарды. Бірақ олардың қатарында Ордабеков жоқ. Ол

өзінің сүйікті линогравюрасына адалдығын сақтап қана қоймай, онымен ең қиын уақытта айналысып, өзінің график-суретшілер мектебін құрды және осы тәсілдің техникасына деген махаббатын сыйлап, шәкірттеріне ақ пен қара арасындағы түстердің нәзік палитрасын сезініп, көркемдік пен мазмұн беру мақсатына сай кез келген пішінді композиция және пластика түрінде құруға үйретті» [5; 11].

Ордабековтың Мұқағали Мақатаев шығармаларына арналған графикалық топтамалары - елді елең еткізген туындылар. «Райымбек-Райымбек» поэмасының желісіне жазылған топтамасының өзі көпшілікті талай тарихи кезеңде халықтың өршіл рухының басымдылығы азаймағандығын айқын көрсеткен. Сонымен бірге суретші портрет жанрын графикалық «шимаймен» ұтымды бере білген. Доспанбет жыраудың, Абайдың, М.Әуезовтің, Д.Қонаевтың портреттері осының таптырмас нышаны.

Станоктік графиканың қазақстандық өкілі Батухан Баймен өзінің графикаға адалдығын суреттерімен дәлелдеп алған. Өзінің шығармашылығын әдеби кітапқа сурет салудан бастаған суретші шығармаларында ұлы даланың ұлы жорықтары, ел бастаған хандардың бейнесі топтамалары қазіргі заманауи графикада сүбелі орын алады. Шығармалары алыс-жақын шетелге кеңінен танымал болған суретші. Оның «Ұлы Дала» деп аталатын циклдік топтамасында бірнеше философиялық тақырыпты қозғаған. Бұл тақырыптың бәрінеде терең далалық пәлсапа, туған жерге деген зор құрмет, елдің мәдениеті мен тұрмысынан сыр шертер үлкен ой жатыр.

Шымкент топырағынан шыққан суретші Ералы Оспановтың шығармашылығы батылдық, тақырыпқа деген нақтылық, еркіндік басымдылығымен көзге анадайдан көрінеді. Суретшінің шығармалары бірінші Президент музейінде, Ресей, Түркия және Қазақстанның жеке галереяларында бірнеше мәрте көрсетілді. 2009 жылы «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» деген жинақта тоқсаннан астам графикалық жұмыстарын ұсынды. Бұл жинақта автор ата-бабаларының өмір сүру салттарын бейнелеу арқылы қазіргі кезде ұмытылып бара жатқан дәстүрлерді қайта жаңғыртуға шақырады.

Ералы Оспанұлы қазақтың әлімсақтан бергі тарихын көз алдына әкелетін, көшпелі қазақтың байырғы тіршілігін қылқаламның құдіретімен бейнелеген суретші. Бұл әдеттегідей тапсырыспен жасалатын туындылар емес, аса бір ізденіспен, тарихи себептердің шындығын іздеумен өмірге келеді. Қара бастың қамын күйттеп, табыс табудың жолына түсуді мақсат тұтпаған Ералы Оспанов салмағы басым шығармаларға жанын берді. Себебі тұтас ұлттың тарихы, мәдениеті мен өнерін суреттеу жеңіл-желпі, жүрдім-бардым қарай салатын дүние емес. Нағыз өнердің шыңына шыққан шебердің арман-мақсаты да осы - қазақтың қасиетін сақтап, ұлылығын ұлықтау [6].

Қазақи қайсар мінез, өршіл рух, тұрмыстық мәдениет суретші графикасында үйлесім тапқан. Оның графикаларының құндылығы да осында жатыр. Этникалық графиканың озық үлгілерін көрсете білген суретші халықаралық «Сорос» қорының жеңімпазы да болды. Сайын далада күмбірлеген күй, әуелеген ән, халықтың бақытты жүзі де осы кітапта ұтымды көрініс беріп тұр.

Тарихи жанр әрқашан да бейнелеу өнерінің ең күрделі түрі болып келді. Тарихи картина өнердің барлық жанрының синтезін бойына жинайтыны белгілі, онда барлық кезде сол немесе басқа оқиғаның деректі дәлдігі мен философиялық мағынасы бір жерге түйіседі. Дәлірек айтқанда, тарихи кескіндеме жанрында жұмыс жасайтын суретші айрықша қиялға бай болуымен қатар, уақыттың болмыстық ақиқатын да терең білуі қажет, білікті композициялық және кескіндемелік шеберлігі қатар болуы шарт [7; 6].

Қорытындылай келе, кешегі күнге көз жүгіртіп, тарихымызға үңіле отырып, жаңа көзқараспен алға қадам басуымыз шарт. Кешегі күнге үлмей, болашаққа нық қадам басуың екіталай... Өткен күндер, яғни, тарих, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мәңгілік қалам тартар тақырып болып табылмақ. Бү санамызды, өнерімізді қайта жаңғырта келе, мыңжылдықты тарихымызды, мәдениетімізді әлемге паш ету жолында ұмтылыс жасауымыз қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жет қыры» атты мақалалары осы бағытта жұмыс жасауға жақсы мүмкіндік бермек. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді [8].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ өнері: 5 томдық. – Алматы: Елнұр, 2013. Т. V: Графика альбом, - 192 б.
2. Байжігітов Б. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы сурет үлгілері. – Алматы: Ғылым – Өлке, 1998. - 192 б.
3. Niles, John D. « Introduction to the Special issue: living epics of China and inner Asia» Journal of American Folklore 129.513 (2016) P. 253-269.
4. Каталог. Выставка произведений художников Казахстана. Живопись, Графика. Скульптура // Союз художников казахской ССР. М. – «Советский художник». 1987. – 93 с.

5. Темірхан Ордабеков, Батухан Баймен – Алматы: ЖШС «Интерпринт», 2012, – 112 б.
6. А.Тағыберген. Қазақтың дала философиясы Мәскеу мінберінде http://alimsak.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=526:aza-ty-dala-filosofiyasy-m-skeu-minberinde&catid=9
7. «Қазақ халқының эпостық жырлары, тарихы дәстүрлері республикалық көрме-конкурс» – Алматы: ЖШС «Интерпринт», 2013. – 112 б.
8. Н.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

ФОЛЬКЛОР СТЕПИ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ГРАФИКЕ

А.Б. Кенджакулова

PhD докторант Казахской национальной академии искусств им. Т.К. Жургенова, искусствовед, научный сотрудник Института литературы и искусств им. М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан,
email: ainura8883@mail.ru

В статье автор рассматривает творчество художников, работающих в современной казахской графике. Опираясь на статью «Семь граней Великой степи», автор раскрывает основную тему современной казахской графики. В казахской графике описаны традиции и обычаи казахского народа, фольклор, в целом богатое наследие страны. В ходе написания статьи представлены имена художников, которые внесли особый вклад в современную казахскую графику. Отдельно рассматривается творчество художников-графиков. Сделан искусствоведческий анализ картин графиков.

Ключевые слова: современная графика, станковая графика, книжная графика, фольклор, художник-график, традиции, героический эпос, народные игры

THE FOLKLORE OF THE STEPPE IN MODERN KAZAKH GRAPHICS

A.B. Kenjakulova

PhD doctoral student, Kazakh national Academy of arts named after T. K. Zhurgenov, art critic, researcher, Institute of literature and arts named after M. O. Auezov, Almaty, Kazakhstan,
email: ainura8883@mail.ru

In article the author considers creativity of the artists working today in the modern Kazakh graphics. Based on the article «Seven faces of the great steppe», she revealed the main theme of modern Kazakh graphics. The Kazakh graphics describes the traditions and customs of the Kazakh people, folklore, in general, the rich heritage of the country. In the course of writing the article the author presents the names of artists who have contributed to the modern Kazakh graphics. The work of graphic artists is considered separately. The art history analysis of the picture is made.

Key words: modern graphics, easel graphics, book graphics, folklore, graphic artist, traditions, heroic epic, folk games

Редакцияға 30.04.2019 қабылданды.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ІЗДЕНІСТЕР (ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР НЕГІЗІНДЕ)

А.Т. Еспенова

PhD докторант

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Алматы, Қазақстан, email: aespnova@mail.ru

Қолөнер ұлттық болмыс пен мәдениетті айқындаушы ерекше құрал болып табылады. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің тарихы бірнеше ғасырлар қойнауында жатыр. Мақалада қолөнердің бір саласы зергерлік өнердің Қазақстанның қазіргі заманауи өнеріндегі көрінісі қарастырылады. Зергерлік өнердің даму бағытын зергерлер шығармашылы арқылы ашып көрсетеді. Мысалы: С.Баширов, А.Мұқажанов, С.Рысбеков, М.Қалилаев, Л.Шкляев, А.Қадырбаев сынды суретші, зергерлер шығармашылығын мысалға ала отырып өнертанушылық талдаулар жүргізеді. Сол арқылы автор ұлттық құндылықтарымыздың маңызын айқындайды.

Түйін сөздер: қолөнер, зергер, мәдениет, дәстүр, суретші, шебер, трансформация

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді» [1] – деген болатын. Ұлы қазақ халқы ежелден өзге халықтардан мәдениетімен, өнерімен дараланып келеді. Өн бойынан даланың жұпар иісі аңқыған, сырлы өрнегі сыңғырға толы, көркем де көрікті халықтық өнердің жарқын әлемі біздің көз алдымызға қазақ халқының материалдық және рухани өмірінің ерекшеліктерін алып келеді. Қазақ - ежелден әсемдік пен көркемділікті жанына жақын тұтқан халық. Соның бір ғана бөлігі зергерлік өнерде көрініс тапты. Зергерлік өнер қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің бет-бейнесі десек те болады. Себебі, көздің жауын алатын асыл тастар қолданып өрнектелген алтынмен апталған, күміспен қапталған және басқа да металдардан жасалған әшекей бұйымдар, қару-жарақтар, тұрмыстық құралдар мен зер салып орындалған ертоқым, кебеже, сандық тағы да басқа көптеген қолөнер бұйымдарында қолданылады.

Халықтың қолданбалы өнері сол этностың өзіндік көркемдік шеберлігінің нысаны болып табылады. Көркемөнерде этникалық өзгешеліктердің өзіндік мәні, бірегейлігі терең және жүйелі түрде бейнеленеді. Қазақ дәстүрлі қолданбалы өнерінде толысқан бейнелі әсер, жарқын және мерекелік мағыналы өмірмен сипатталатын зергерлік өнер – аса маңызды орын алады. Адам бейнесіне эстетикалық көрік беретін әшекейлер оның иесін бәле-жаладан сақтау, қорғау және ынталандыру, жақсылық шақыру сияқты игілікті іс атқарған. Сонымен қатар, зергерлік бұйымдардың салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыптармен, кәделік жоралғылармен байланысы әрі олардың қажеттілігі – сол бұйымдардың ерекше таңбалық мазмұнымен анықталады.

Қазақстандық қоғамда этникалық сана-сезімді өзектендіру, өткен тарихқа қызығушылықтың артуына алып келді, барлық мәдени мұраның әсерін түсінуге септігін тигізді және нәтижесінде кәсіби зергерлік өнерде өзіндік таңба қалды, көркем шығарманың мазмұны ашылып, өзін-өзі этникалық танудың жолдары көрсетілді.

Қазақтың зергерлік өнерінің философиялық және эстетикалық ұстанымдарын мирас ете отырып кәсіби зергерлер дәстүрлі элементтерді қазіргі заманғы көркем көріністермен үйлесімділікпен жүзеге асырады және болмыстағы өзгеше сәндік міндеттердің бейнесі жаңа ырғақпен көрінді. Зергердің жұмыстары өзіндік қолтаңбамен ерекшеленіп, құрылымдық құрылысымен және ою-өрнектермен, таңба-белгілік мазмұнның түрлі қырларымен айшықтала түсті.

Қазіргі заманғы зергерлер көркемдік жаңа нысандарға ұмтыла отырып, әр-түрлі материалдардан, икемділіктің түрлі тәсілдерімен өзіндік қолтаңбаны танытты және шығармалардың неғұрлым кеңінен таралуына қызмет жасады. Бұл күнделікті қолданыстағы бұйымдар, дербес камералық шығармалар мен әйелдердің әшекей бұйымдары болып табылады, олардың бейнелік сипаттамасының күрделілігі бұйымды және сәндік бірыңғай жүйені интерьерге арналған әшекейлер ретінде пайдалануға да мүмкіндік береді.

Көркем бейнелік туындыларды әзірлеу әсемділігімен ғана емес, таңбалық белгілердің терең мағынасымен әсер қалдырады, таңбалық бейнелер – көптеген шығармашылық көріністердің өзіндік қолтаңбасы. Қазіргі заманғы зергерлердің жұмысы – бұйымды мағыналық мәнмен толықтыру, оны тарихпен, археологиямен, табиғатпен, аспанмен байланысын көрсетеді, бір сөзбен айтқанда, барлық дүниетанымдық сипатымен ерекшеленеді.

Бірқатар жұмыстарда батыс Қазақстанның бірынғай жүйе құрайтын тұтас бейнелік «геометриялық» стиліне айтарлықтай жақындау байқалады. Авторлар сол аймақтағы шеберлердің ұжымдық саналы ойларынан қуат алып, кейде кейбір түпнұсқалардың этнографиялық өзге көшірмесін жасайды, сол арқылы зергерліктің батысқазақстандық халық мектебінің кәсіби талаптар деңгейін анықтайды.

Осы туралы өнертанушы, тарих ғылымдарының докторы Ш.Ж. Тохтабаева «Қазіргі кейбір зергерлер ежелгі сақтардың, ғұндардың, тұжырымдамалық көзқарастарын сақтай отырып, қазақтың зергерлік өнерінде жарқын, жаңаша бағыт қалыптастыруға күш салуда, ол көрерменнің ассоциативті ойлау мүмкіндігін шарықтата отырып, сезімдік тұрғыдан сол дәуірдің мәдени ортасына еруге тырысады. Негізінен кәсіби зергерлер техникалық шеберлігін көрсете отырып, көркем-бейнелік әсер қалдыруға көңіл бөледі. Бұл ретте, олардың қазақтың зергерлігімен шектелмеген шығармашылық серпіні жалпы әлемдік заманауи стильдік үрдістер көптүрлілігіне бой ұрады: барокко, классицизм, рококо, ампи́р, романтизм, модерн, кубизм, абстракционизм, арт-деко, футуризм, хай-тек, фьюжн және тағыда басқа сан түрлі стильдік бағыттарды қолдануға тырысады» [2; 225] – деп жазған болатын.

Жалпы алғанда, мұндай бүкіл әлемдік ұстаным авторларға Қазақстанның тарихи мәдениетінің кезеңдерін және әлемдік көркемөнер бағыттарын бағдар етуге мүмкіндік береді, бұл – көркем шығармашылықтың әдеттен тыс еркіндігін негіздей түседі. «Халық өнерін интерпретациялау мен қайта жасау, халық өнерінің стилистикалық желілерін немесе жекелеген кейбір элементтерін, суретшілер өз ойларын іске асыру, авторлық стилін қалыптастыру үшін, творчестволық жолмен қайта қарап пайдаланды. Мұндай бағыт Иван Брякин, Бәтима Зәуірбекова, Ирина Ярема, Марат Нартов, Сержан Баширов, Алтынбек Құмаров, Өмірзақ пен Сейфулла Рыстан, Решат пен Ирина Қожахметовтардың шығармашылықтарынан байқалады» [3; 12] – деген пікірлерде айтылып келеді. Суретшілер ұлттық өнерді қайта жаңғыртуда дәстүрлі өнердің түпнұсқасын негіз етеді десек болады.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін еліміздің өнерлі жастары шығармашылық ізденіс үстінде болды. Әр бағытта өз ізденістерін жүргізген жас суретшілер шығармашылында ұлттық рухани құндылықтар көрініс тауып отырды. Қазақ қоғамында ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы дәстүр сабақтастығы мен мәдени мұраға деген қызығушылықты арттырып, қолданбалы өнер сырына үнілуге ықпал етті. Бұл ұлт ретінде өзін-өзі тану жолына жетелейтін көркем үлгілер құруға бағыт-бағдарды айқындап берді. Қазіргі қолөнер шеберлері жарқын өнер туындыларының өзіндік жаңаша бейнесін беруге талпына отырып, өз жұмысында сәндік және қолданбалы өнердің сан алуан тәсілдерін ұтымды пайдалану, түрлі материалдар мен тәсілдерді үйлесімділікпен ұштастыру нәтижесінде кеңінен қолданылатын тамаша туындылар жасайды. Олардың қатарында түрлі әшекей бұйымдар, интерьер элементтері бар. Тәуелсіз елдің жастары жастық жалынымен алаулап, қай салада болсын күш - жігер танытып, өнерлерін көрсетіп келеді. Солардың ішінде зергерлік өнерде тек қана біздің елімізде ғана емес, өнерді сүюшілердің әлемдік ортасында С.Баширов, А.Мұқажанов, С.Рысбеков, М.Қалилаев, Л.Шкляев, А.Қадырбаев сынды зергерлердің есімдері кеңінен танымал. Өнертанушы Р.И. Қарғабекова «М.Қалилаев, Л.Шкляев, А.Қадырбаев, С.Баширов, С.Рысбеков өздерінің туындыларының көпшілігін тәуелсіздік жылдарында орындады. Әрине, зергерлік өнердегі композициялық әдістерінің сипаты қазіргі заманғы идеяларға сәйкес қатты өзгерді. Әсіресе этникалық тақырыптарға арналған символдық нысандарды қолдануда табиғат тақырыбында, мұнда белсенді түрде зооморфтық, өсімдік элементтерін «жаратылыс» нысандарының қағидаттарында түсіндіріледі» [4; 225] – деп жазған болатын. Атағы аталған зергерлер шығармашылында жиі ұшырасатын ұлттық ою-өрнек пен символдық белгілер болып табылады.

Еліміз тәуелсіздігін алған кезеңде дәстүрлі өнерімізде қайта жанданып, осы күнге дейін өз жалғасын тауып келеді. Оған суретші, зергер Серік Рысбековтың көп қырлы шығармашылығын да мысалға ала аламыз. Кәсіби зергер, кескіндеме және көркем эмальдау салаларында өзіндік қолтаңбасы бар суретшілердің бірі. «Серік Рысбеков үшін дәстүрлі сарындарды қайта ойлау түсінігі – формалды тәжірибе жасау үшін себеп-салдар болып табылады. Ежелгі пластикалық бейнелер мен символдар – шеңбер, свастика, кірес, шиыршық, соляр формалары, сызықтық элементтер, оның композицияларында трансформацияланған, өзіндік шартты белгілерді құрайды, әрі кескіндеме тіліне, зергерлік өнерге, эмальды жұмыстарға да еркін аударылатын» – деп жазған болатын [5;180]. Айтып

тұрғандай С.Рысбеков жұмыстарындағы бейнелер, түстік шешім композициялық тұрғыда шешіліп үйлесімділікпен құралған.

С.Рысбеков «Алқа» (күміс, перуза), «Шаман алқасы» (күміс) жұмыстарында бейнеленген шаңырақ бейнесі, шексіздік белгілері, дөңгелек иірімдер қазақ халқының наным-сенімдерін айшықтап көрсетеді. «Шаман алқасы» аты атап тұрғандай шамандықтың белгілерін дөңгелек форма, әрлі-берлі жүргізілген сызықтар, бір-біріне байланып, асылып, тағылып тұрған ағаштар бейнесінде көрініс тапқан. Бұл алқалар дәстүрлі ұлттық алқа көрінісінен өзгеше орындалған, десек те ұлттық болмысымызды ашып көрсететін өзіндік композиция желісінде құрылған, ұлттық мазмұны бар дүние болып табылады.

Композициясы түзу сызықта шешілген өзге жұмыстарында автор композициялық құрылымның жалпы пішініне бұрын соңды белгілі болған символдар мен адам образын қолданды деген ойға жетелейді. Мысалы, ақық пен кәріптас бекіген қондырғылар тігінен орналасып, бұйымға адам бетінің бейнесін береді. С.Рысбеков композицияларына қаталдық, жинақылық, құрылымның геометриялығы тән, тастардың қондырғылары жиірек өте нақты, дұрыс пішіндер мен шептерге ие. Бұдан композицияның бүкіл бетінде толық тәртіп пен қатаң құрылымдылық әсері қалады. Мұндай әдіс Шығыс Қазақстанның халықтық зергерлік өнеріне тән болып келеді. Бұл жағдайда суретші өнер желілерін қолданбайды, керісінше шығыс өнеріндегі қазақтардың халықтық қолданбалы өнеріне тән композиция құру әдісінің қағидасының өзін пайдаланады. Әрине, шебердің көне пішіндер интерпретацияның қазіргі жүйесінде орындалған бұйымдарыда бар.

Суретші М.Қалилаев өзінің композицияларында Қазақстан бейнелеу өнерінің дәстүрлі көріністерін, тарихи сюжеттерін көрсетеді. Археологиялық қазбалар ашылған кезде сақтар мен андроновтар кезеңінің мәдениеті ХХ ғасырдың 70 жылдарының басындағы көркемөнер мәдениетінің сүйікті желісіне айналады. М.Қалилаев этникалық бағыттың дәстүрінде өткеннің көркемдік мұраларының желілерін пайдалана отырып жұмыс жасайды. Осыған қарамастан шебердің композициялары заман талабына сай, өйткені тарих қазіргі көркемөнер кеңістігіне табиғи түрде үйлесіп кететін шығу нүктесі, тақырып ретінде ғана қолданылады. Композициялардың аты затына сай, мысалы, «Өмір», «Мәңгілік» алқаларының композициясында суретші металл пішініне символикалық элементтерді сезініп, үлкен үйлесіммен енгізеді.

«Дәстүрлі өмір салты қоршаған орта болмысымен адамды бірлікте қарастырып, оны өзіндік заңдылықтарына бағындырған. Халықтың өткені мен болашағын байланыстырып тұратын дүниетанымдық түсінік, тұрмыстық салт-жора, ырым мен рәміздік белгілердің өзіндік келбеті кеңістікте қайталанып отыратын уақыт ырғағына сәйкес анықталған» [6; 88]. Символикалық қоспалар бұйымды қазіргі көріністерді ығыстыра алмайтыны айқын, керісінше, ол орындалу рухы мен бұрынғы көркемдік тәжірибеге қарым-қатынасының сипатымен бүгінгі заманға лайық. Композиция бөліктерінің қатарынды кездейсоқтық, ебедейсіздік, жартылай асыл тастан жасалған қондырғы түріндегі өзге материалдардың «табиғилығы» тұтастай зергерлік бұйым пішінінің эстетикалық сипатын құрайды.

ҚР Суретшілер одағының және Дизайнерлер одағының мүшесі Аман Мұқажанов 1953 жылы Семей қаласында дүниеге келген болатын, суретші Алматы Мемлекеттік театр-көркемсурет институтының сәндік-қолданбалы өнер факультетін көркем метал мамандығы бойынша тәмамдады. Тарих пен салт-дәстүрді терең меңгерген шебер шығармашылығындағы ою-өрнек, таңба, түстік түзілім болмасын бір-бірімен үйлесім тауып, әр дүние өз орнында бейнеленетінін көреміз. Автор қазақ өнерінің дәстүрлеріне сүйене отырып, жаңа пластикалық формаларды жасауда жемісті еңбек етіп келеді. Жұмыстарында өзіндік авторлық қолтаңбасы айқын көрініс тапқан. Автордың шығармашылығында кездесетін шеңбер, шиыршық, тікбұрыш, ирек тәрізді формаларға ерекше көңіл бөлуге болады. Мұқажанов жазықтықтық шешіммен жасалған көлемді формаларды шеберлікпен үйлестіріп, фактураға үлкен көңіл аударатынын байқаймыз. Түрлі материалдан біріккен туындылардың барлығы бірімен-бірі жарасымды орналасады. Өз ойын жүзеге асыру үшін автор, туындыларына мәнерлілік пен тұтастық беру үшін түрлі-түсті эмальды, алтын жалатпаны, теріні, ағаш пен сүйекті және тастарды пайдаланады.

Оның жұмыстары ою-өрнекті және дерексіз интерпретациялы ғана емес, көпшілігі жануарлар мен құстардың тотемдік белгілерін бойына сіңірген желілік композицияға құрылған. Адам алақандай әлемнің кейіпкеріне айналуы да сирек ойға емес, бірақ басты кейіпкері емес, тұтас құбылыстың бір бөлшегі ретінде кездеседі. Кей жерлерінде жартас гравюраларының желілерімен үндеседі, ал күрделі өрнектеріндегі сызықтарының қарапайымдылығы жұмыстарына мән-мағына, дархандық беріп, сапасын жоғарылатады.

«Суретшінің коллекциясында әйелдердің өте әдемі жасалған әшекей бұйымдары көп. Автор оларды жұқа ойылған сүйек пен түсті эмальды пайдаланып, жартылай асыл тастармен көмкереді. Өз жұмыстарына түйіршіктеу, шілтерлеп өрнектеу сияқты ежелгі техникаларды және дәстүрлі көне әдіс-тәсілдерді қолданады.

Мұқажановтың туындылары заманға сай, бірақ сонымен қатар астарында терең дүниетанымдық құрамдас бөлігі бар архаикалық бейнелер де орын тапқан. Авторға көрерменге өзінше құпия мәнді ашуға мүмкіндік бере отырып, көп қырлы символдар мен белгілердің конструктивті формасының күрделілігін үйлестірудің де сәті түскен. Суретшінің шығармашылығы – зергерлік өнердің, мүсін мен қолданбалы өнердің синтезі» [7; 199].

Ал зооморфтық тақырыптар Л.Шкляев, А.Қыдырбаев, П.Трибунский шығармашылығында кездеседі. Олар көпшілігінің мысын басатын екі нұсқада ұсынылған: этникалық сипатта, яғни, символдық – белгілік бағытта, бұл қазіргі заман өнерінің дәстүрінде интерпретацияланған зоо желілер мен фауна желілері. Археологиялық олжалар тек көркемөнер мәдениеті тарихының жетістігі ғана болып қалмай, сонымен қатар, қазіргі заман өнеріне белсенді түрде енген кездегі әлемдік өнердің соңғы тенденцияларының дамуына сәйкес тарихи құндылықтардың тұтас көшірмесі болады.

Ұлт өзінің ұлттық белгісін мәдени өсу деңгейімен, ұлттық санасымен, тарихи жолымен саралай алады. Қазақ халқының да өзіндік мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, тарихы мен тілі, халқының тағдырына ұқсап қанша қилы заманды да басынан кешіп, «мың өліп, мың тірілсе» де, өміршеңдігін жойған емес. Халық шеберлері сәндік күміс бұйымдарды жасауда көптеген зергерлік тәсілдерді қолдана білді. Соның ішінде ең көп қолданылған әдіс-тәсілдер: отқа қыздырып соғу, қалыпқа құю, кептеу, тыныкелеу, қаралау, темір бетіне күміс шабу, сіркелеу, бедерлеу, біздеу, күмістеу, алтындау, дәнекерлеу, оймалау, асыл тастармен көздер орнату және басқа да түрлі әдіс тәсілдерді меңгерді. Қазақ зергерлік өнеріне өзге ұлттардың да әсері тиді. Оның мысалы Кавказ елінің әсерінен енген «қаралау» әдісі. «Күміс бетіне қарала жүргізуді қазақ зергерлері ертеден білген. Әсіресе, Қазақстанның батыс, солтүстік, солтүстік-шығыс және орталық өңірлерінде қаралау тәсіліне көп мән берген. Күміс бұйым бетін қаралауды «қарабағдар», «қара алтын» кейде «қарала кавказ» жүргізу деп атайтын болған. Бұлай деудің мәні, әрине, кавказ зергерлерінің әсеріне байланысты болса керек. Жазба деректерге қарағанда, Батыс Қазақстан өңіріне Кавказ зергерлерінің өнері XIX ғасырдың бірінші жартысында келе бастағанға ұқсайды. Бұған қосымша қазақ этнографы Э.А. Масановтың зерттеулері бойынша, күміс бетіне қарала жүргізу өнері Орта Азия зергерлеріне XIII-XVI ғасырдан бері белгілі екен. Автор содан бері зергерліктің бұл тәсілі қазақ даласына XIX ғасырға дейін беймәлім болып келуі шындыққа үйлеспейтіндігін ескере келіп, қаралау тәсілін зергерлердің кавказдықтар әсерінен, яғни XIX ғасырдан әлдеқайда бұрын білгендігін дәлелдейді. Оның үстіне қазақ зергерлерінің айтуынша, олар қараны өздері жасапты. Оның құрамы – күміс, мыс, қорғасын және күкірттен тұратын көрінеді. Бұл құрамдардың арасалмағы әртүрлі болады. Мәселен, күміс пен мыс бір-бір есе болса, қорғасын мөлшері күмістің жартысына тең болады, күкірт металдардың балқуына байланысты көз мөлшермен қосылады» [8; 247]. Бұл арқылы зергерлік өнерде автордың жұмысының тақырыптық маңыздылығымен қатар жасалу жолы, әдіс-тәсілі де үлкен орын атқаратынын айта аламыз. Бір туындының әсембiк көрiнiсiмен қатар оның жасалу әдiсi де маңызды рөл атқарады. Сол арқылы шағарманы бағалауға, шебердiң жасау техникасының күрделiлiгiн деңгейiн айқындай аламыз.

Қорытындылай келгенде қазақ халқының ұлттық қолөнерінде үлкен тарих жатқаны баршамызға мәлім. Қазақ ұлттық қолөнерінің басқа елдерден айырмашылығы өзіндік мәдениеті мен талғамында, көркемдік ерекшеліктері мен терең философиялық мән мағынасында жатыр. Бүгін біз суретшінің жаңа ауқымды идеяларды жандандырып, екпінді еңбектерін жалғастырып келе жатқанын көреміз. Әр автордың өнері өзіне барлық ерекшелік пен бір-бірінде қайталанбас теңдессіз көріністерін жинаған. Суретшілердің өнері өзінің жүрек жарды шынайылығымен, жоғары шеберлігімен және бәрінен бұрын, шебердің жан дүниесінің нұрлы сәулесі барша өнер зерттеушілерін қызықтыратыны сөзсіз.

Суретшілердің әр жылдары жасалған суреттемелері олардың жоғары кәсіби шеберлігін, оның көрегендігі мен қызығушылығының кең ауқымын көрсетеді. Көпнесе шеберлердің өмірі мен шығармашылықтарының ара жігі болмайды, себебі, жемісті еңбек өмір сүру кепілі. Айналамыздағы заттар әлемі, адамдар мен табиғат бәрі суретші үшін жоғары деңгейлі құбылыс, олар біздің көзқуанышымыз бен зерделеуіміз үшін жаратылған болмыстың барлық элементтерінің үйлесімділігі мен бірлігінің әлемдік заңдылығы солар арқылы меңгеріледі. Ұлттық өнерді ұлықтау – қазіргі замананауи өнер иелерінің қолында. Ұлттық болмысымыз бен ерекшеліктеріміздің иісі аңқыған туындылар өскелең ұрпақтың көз алдында дамып, жандануы, заман талабына сай өзгеруі дәстүрлі

өнерімізді сақтауға, тарихи сананы қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді. Бұл салада зергерлік өнердің дамып жетілуі, зергерлердің заманауи көзқараста жұмыстар жасауы қуантады. Себебі, қазақ колөнеріндегі ұлттық сарыны өзге елдерден мәдениетімізді ерекшелеп, ұлттық құндылықтарымды дәріптеп келеді. Еліміздің ертеңі жастар десек, мәдениетіміз бен өнеріміздің ертеңі ұлттық колөнеріміз деп сенімді түрде айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/basty-zha-aly-tar/item/275746-elbasy-ma-alasy>
2. Зергерлік өнер әлемі. Мир ювелирного искусства. The world of jewelry. – Алматы: Қазақпарат, 2017. - 456 б.
3. Шокпарұлы Д. Қазақтың колөнері. Альбом. Алматы: «Өнер» 2005–176б.
4. История казахского искусства. Том 3: Искусство Казахстана нового и новейшего времени. – Алматы: Арда+7, 2013. -864 с., илл.
5. Мастера изобразительного искусства Казахстана. 4-выпуск / Ергалиева Р.А., Труспекова Х.Х., Шарипова Д.С., и др. – Алматы: ИД Жибек жолы, 2009. -200 с., илл.
6. Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. 3- кітап. Алматы: «Signet Print» 2010, 271 бет.
7. Казахский традиционный орнамент в современном изобразительном искусстве Казахстана – Алматы: ИЛИ МОН РК, 2017. -280 с., вкл. 16 с.
8. Классические исследования: Многотомник. – Алматы: 2013. Т. 22: Искусствознание Казахстана. -404 с.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОИСКИ В ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОМ ИСКУССТВЕ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА (НА ОСНОВЕ ЮВЕЛИРНОГО ИСКУССТВА)

А.Т. Еспенлова

PhD докторант

Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова
Алматы, Казахстан, email: aespenova@mail.ru

Ремесло - это уникальный инструмент, который определяет национальную самобытность и культуру. История казахского декоративно-прикладного искусства уходит в глубь веков. В статье рассматривается отражение в современном искусстве Казахстана ювелирного искусства как одной из отраслей прикладного искусства. Направление развития ювелирного дела раскрывается благодаря творчеству ювелиров. Искусствоведческий анализ проводится на примере творчества художников, ювелиров Баширова С., Мукажанова А., Рысбекова С., Калилаева М., Шкляевой Л., Кадырбаева А. Таким образом, автор определяет значение национальных ценностей.

Ключевые слова: ремесло, ювелир, культура, традиция, художник, мастер, трансформация

CONTEMPORARY RESEARCH IN THE ARTS AND CRAFTS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN (BASED ON JEWELLERY ART)

A.T. Yespenova

PhD doctoral student

T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
Almaty, Kazakhstan, email: aespenova@mail.ru

Craft is a unique tool that defines national identity and culture. The history of the Kazakh arts and crafts goes back centuries. The article considers the reflection in the modern art of Kazakhstan of jewelry art as one of the branches of applied art. The direction of the development of jewelry is revealed thanks to the work of jewelers. For example: an art history analysis is conducted on the example of the work of artists, jewelers S. Bashirov, A. Mukazhanov, S. Rysbekov, M. Kalilaev, L. Shklyayev, A.Kadyrbaev. Thus, the author determines the significance of national values.

Key words: craft, jeweler, culture, tradition, artist, master, transformation

Редакцияға 31.03.2019 қабылданды.

КОМПОЗИЦИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕГРАТИВТІ ӘДІСТЕР

М.Б. Джанаев

п.ғ.к, аға оқытушы,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

email: miyat53@mail.ru

Мақалада композицияны оқытудағы интегративті әдістер қарастырылады. Көркем қызмет түрлерінің түрлі тәсілдері мен техникаларын қолдануды және олардың интеграциясын қанағаттандыратын композицияны оқытудың кешенді мүмкіндіктері көрсетіледі. Композицияны оқытудың интегративті әдістері композициялық қызметтегі шығармашылық үрдіске өнерлердің әртүрлі-түрлері мен көркем қызметтің әртүріндегі құралдар мен техникалардың өзара байланыстары және интеграция тәсілдерімен кешенді келуді қарастырады. Композицияны оқытудың кешенді интегративті әдістері өнерлер мен көркем қызмет түрлерінің құралдарының, тәсілдері мен әдістерінің неғұрлым динамикалық және өнімді интеграциясына ықпал етіп, сонысымен көркем образды өз мүмкіндігінше сомдауға әсер етеді. Зерттеу пәні болып, композицияны оқытудың интегративті әдістері мен принциптері негізінде студенттерді көркем шығармашылық дамыту болып табылады. Осы зерттеудің мақсаты- көркем-шығармашылық үрдістің тұтас жүйесінің интербелсенді құралы ретінде композицияны оқытудағы интегративті әдістерді талдау болып табылады.

Түйін сөздер: композиция, көркем қызмет, шығармашылық үрдіс, интегративті әдістер, нақыштылық, көркем білім, өнер түрлері, көркем образ

Кіріспе. Композицияда сурет, пропорция-қатынас, пішін, ырғақ, симметрия, ассимметрия, тондық-түстік қатынас, контраст, перспектива, кеңістік, құрылым барлығы біртұтас жүйелі байланыстағы көркемдік сезіну арқылы орындалады. Композиция эстетикалық қабылдау мен көркем ойлаудың біртұтас эмоционалды сенсорлық және перцептивтік заңдылықтарына тәуелді және тікелей байланысты. Композиция туындыға тұтастық пен нақыштылық орнатып гармониялы үндестік береді. Ол жәй конструктивтік тұтастық қана емес, туындының басты көркем танымдық рауажды формасы, нақышты пластикалық әсерлі-сезімдік құрылымы болып табылады. Ол туындының мән мазмұндық және көркем бейнелік түйінді орталығын белгілі бір пластикалық структура мен құрылым тұтастығы арқылы айқындап көрсетеді. Көбінде композиция туындыға көркем нақыштық өң беретін туындыны тұтас, әсерлі нақышты және гармониялы үйлесімді ететін, туындының барлық өн бойына қан жүгіртіп, біртұтас көркем образдық бейнелік кеңістік пен мән мазмұн қалыптастыратын бірыңғай тұтас құрылым. Мұнда, әрине композицияда- эмоционалды-логикалық, мазмұндық және бейнелік орталыққа бағындырылған тұтастық пен гармониялы үйлесім орнығуы тиіс. Композицияның негізгі идеясы анықталып, мазмұн мен пішін тұтастығы сақталған соң, келесі кезеңдегі мақсат картинаны көру-қабылдаудың композициялық шешімін түйіндеу.

Композиция барлық өнер түрлеріне тән болғандықтан олардағы бейнелік құрал-тәсілдер де өзара кіріктіріле қолдануға бейім. Композициялық негіздер музыкалық, поэзиялық туындыларда, көркем әдебиетте, архитектуралық проектілерде, театр және кино қойылымдарында өз табиғатына сай қолданылады. Оларды талдай отырып, белгілі бір синтездік сүзгіде басқа өнер тәсілдерімен ұштастыра қолдану мүмкіндіктерінде мол. Өнер түрлерінің композициялық құрал тәсілдерін, элементтерін өзара тәуелділік пен сәйкестікте қолданып туынды мазмұнын неғұрлым эмоционалды түйінде ашуға болады. Мұнда композиция өзінің ішкі құрылымын ұйымдастыра отырып сыртқы образдық, көркемдік нақыштылығын да айқындай түседі. Ол композицияны оқытуда интегративті әдістерді талап етеді. «Опора на интегративный подход предусматривает наличие и возможность использования цикла организованных педагогических способов и приемов в разных формах приобщения учащейся молодежи к искусству. В достижении данной цели интегративный подход позволяет объединить блок векторных подходов: культурологического, поликультурного, полихудожественного, личностно-деятельностного, которые являются базовыми для создания оптимальных условий развития социально-ценных качеств культурной, творческой личности на современном этапе» [1; 37].

Композицияны интегративті оқытуда көркем қызметтің әртүрлі аспектілері шығармашылық дамыту тұрғысында қарастырылады. Көркем білімнің теориясы мен практикасын зерделей отырып интегративті әдістерді композиция сабақтарында қолдану принциптерін анықтау қажеттігі туындайды. Сондықтан көркем қызмет түрлерінің түрлі тәсілдері мен техникаларын қолдануды және олардың интеграциясын қанағаттандыратын композицияны оқытудың кешенді мүмкіндіктерін

қарастыру маңызды. Композицияны оқытудың интегративті әдістері шығармашылық үрдісте өнерлердің түрлері мен көркем қызметтің әртүріндегі құралдар мен техникалардың өзара байланыстарын қарастырады. Композицияны оқытудың кешенді интегративті әдістері өнерлер мен көркем қызмет түрлерінің құралдарының, тәсілдері мен әдістерінің неғұрлым динамикалық және өнімді интеграциясына ықпал етіп, сонысымен көркем образды өз мүмкіндігінше сомдауға әсер етеді.

Негізгі бөлім. Әр өнер түрінің жеке құрылымдық заңдылықтарымен қатар, олардың жалпы ортақ заңдылықтары да композицияның комплекстік интегративтік құрылымдық әдістемесінің қолданылу мүмкіндіктерін аша түседі. Мұнда А.В.Фаворскийдің, К.Ф.Юонның, Н.Н.Волковтың, т.б. көрнекі ғалым-суретшілердің композициялықтың факторлары мен қасиеттері (уықыт, кеңістік, жазықтық, структура, құрылым мен конструкция) туралы тұжырымдарын конструктивтік және мазмұндық өзара байланыс пен тұтастық интеграциялық байланыста қолданамыз. Көркем білім мен оқытудың мазмұны мен мақсат-міндеттері композицияның ерекшеліктеріне байланысты қарастырылады. Білімгерлердің шығармашылық мүмкіндіктерін дұрыс түсіну үшін, оқытушы білімгерлердің композициялық қызмет процесінің ерекшеліктерімен таныс болуы керек. Сондықтан, оқытушы білімгерлердің көркем қызмет процесін, бейнелеу үрдісіндегі композиция құру тәсілдерінің ерекшеліктерін талдап, танысып отырады. Білімгерлер қойылымнан бейнелеуде композиция шешімін бір шама дұрыс таба біледі. Олар форматты таңдауда, оған бейнені орналастыруда, тондық түстік қатынастарды айқындауда белгілі бір жетістікке жетіп отырады. Алайда өз бетінше шығармашылық қызметте композициялық шешім жасауда қиындықтарға кездесіп қателіктер жібереді. Бұл жағдайда олар көбінде бірыңғай композициялық құрылым тұрғызып бейне мазмұнына, оның басқада бейнелеу құрал тәсілдері мен элементтерінің өзара қатынасы мен байланысына мән бере бермейді. Жұмыс нақыштылығы мен мазмұн үйлесімі ескерілмейді. Кеңістіктік қатынастар мен түстер үйлесімі, бейнелеу элементтері ритм, контраст, тондық, түстік қатынастар жүйесіз қолданылып композиция шешімі дұрыс анықталмайды. Мұндай қателіктер композицияның көркемдік, сюжеттік мазмұнын төмендетіп оқу сапасын нашарлатады. Белгілі бір дәрежеде білімгерлердің қызығушылығын төмендетіп отырады. Бейнелеу құрал тәсілдерін дұрыс, ұтымды пайдаланған жағдайда олардың композициялары орындалу күрделілігі жағынан болсын, композициялық тәсілдер қолдану жағынан болсын оңтайлы шешім тауып отырады. Көркем өнер пәндерінің көркем шығармашылық қабілетті дамыту мүмкіндігі интегративтік тәсілдер мен өзара көркемдік байланыстар үрдісінде арта түсетіндігі түрлі ғылыми еңбектерде нақты дәлелдермен тұжырымдалған [2; 3; 4; 5; 6]. Мұндай жағдайда жұмыс мазмұны да әсерлі және қызықты болып келеді.

Білімгерлердің композицияларының ұйымдастырылуы мен нақыштылығы олардың бейнелеу элементтерін, тәсілдерін кіріктіре қолдануына байланысты. Олардың жұмыстарындағы мазмұндық байланыстардың үйлесімді шешімдері мен бейне нақыштылығы көп жағдайда бейнеленетін нысанды, заттар мен объектілерді ассоциативті, интеграциялы сауатты бейнелеуіне де байланысты. Білімгерлер живописьтік жұмыстарында бояу түстерінің қанықтығына, ашықтығына, контрастылығына басымдық беріп композициялық нақыштылықты содан ізденеді. Мұндай біржақты түстік қатынастар композицияның басқа құрал тәсілдерімен үйлесім таппағандықтан бейненің көркемдік мазмұнын аша алмайды. Білімгерлер түстің, түстік қатынастардың оның қасиеттерінің композицияның басқада құрылымдық элементтерімен, құрал тәсілдерімен үйлесімді байланыста болуы қажеттігін білуі тиіс. Олардың композициялық жұмыстарының тұтас ұйымдастырылып орындалуына олардың формат жазықтығында зат бейнесін дұрыс орналастыру, пропорцияларды, бейне құрылымын, олардың өз ара қатынастарын бір-біріне және жалпыға, сонымен қатар формат өлшеміне қатысын анықтауы композицияның тұтастығы мен нақыштылығын қамтамасыз етеді. Мұндай тәсілдер біртіндеп олардың композиция құру әдістерін мегеруіне көмектеседі. Жалпыдан жалқыға, және керісінше жалқыдан жалпыға жүгініп құрал-тәсілдерді кіріктіре қолдану бейнелеу икемділіктерін, дағдыларын қалыптастырады. Біртіндеп бір кезеңнен екінші кезеңге өте отырып, олар жұмыста ой-мазмұнды толық беруге үйренеді. Бұл жағдайда интеграциялық оқыту тәсілдері мол мүмкіндіктер туғызады. Мұндай жағдайлар өнер тарихынан да белгілі. «Вместе с тем возросло взаимодействие и взаимообогащение различных видов искусства, достижения, обретенные одним видом искусства, свободнее использовались другими. Так, было весьма плодотворным влияние театра на живопись и музыку» [7; 231]. Композиция өзінің табиғаты жағынан толық бітімді, синтезді тұтастықтағы көркем шығармашылық пән. Композиция пәні бейнелеудің барлық құрал-тәсілдері (нүкте, сызық, тон, тондық қатынастар, түс-түстер үйлесімі, пропорция-қатынас, кеңістік, перспектива, ритм, контраст, аналогия, симметрия, структура, конструкция) арқылы адамның дүниені әсерлі, көркем көріп қабылдауының көркем бейнелік, пластикалық (сурет, бейне, кескін,

келбет, түр, сұлба, ұстын) арсеналын тұтастай қамтиды. Фаворскийдің теориялық ой тұжырымы бойынша «көркем дүниетаным» реализммен, натураны пластикалық түсіндіру арқылы, реалды шындықтың барлық жақтарын туындыға айналдыруда ғана көркем дүние таным бола алады. Ол «Стремление к композиционности в искусстве есть стремление целюно воспринимать, видеть и изображать разнопространственное и разновременное» [8; 22] деп жазады.

Композициялық кеңістіктік және уақыттық мәселелерде, әртүрлі көркем қызметтік және пластикалық құралдар мен тәсілдер, өнер түрлеріндегі қызмет, іс-әрекет түрлері орын алады. Яғни, жазықтықта бейнелеу композициясында әртүрлі қызмет түрлері мен олардың түрлі құрал-тәсілдері, элементтері қолданысқа енеді. Сондықтан да Фаворскийдің ұнататын термині «цельность искусства», яғни өнер тұтастығы өз мағынасында өнерлер синтезін, олардың интеграциялық мәні мен қызмет тәсілдерінің кірігу мүмкіндіктерін айқындап тұр деп түсінуге болады. Тұтастық әрқашанда бөлшектердің, элементтердің бірыңғай тұтас байланыста бірігуі нәтижесінде орын алады. Композицияның өзі қандай тұтастықта болса оны игеру де, оның қызмет үрдісінде сондай тұтастықта. Суретші көркем қабылдау үрдісі де дүние заттарының жеке бөлшектері туралы ақпарат алып, олардың өзара қатынасы туралы, жеке мен тұтастың қатынасы туралы, зат құрылымы мен түсі туралы түсінік қалыптастырып кеңістік пен уақыт өлшемінде көркем-пластикалық байлам жасайды. Психологияда көру-қабылдауды өз мақсаттарына қарай төрт түрге бөліп қарастыратындығы белгілі: қарапайым өмір-тұрмыстық, мақсатты утилитарлық, эстетикалық, көркем көру-қабылдау. Мұндағы көркем көру-қабылдауда пластикалық әсерлі сезімдік қатынастар басымдық алып, «көркем дүниетаным» «өнер тұтастығы» мағынасындағы композициялық тұтастықты шынайы реалистік тұрғыда қабылдап орындауға бағыттайды. Сөйтіп көркем қабылдау көркем бейне моделін композициялық тұтастықта құруға ықпал ететін, көркем образ сомдаудың бастауы, алғы шарты болып саналады. Көркем көру қабылдау мен композициялық тұтастық мәселелері ғалымдар (Р.Арнхейм [9], Н.Н.Волков [10], Р.Л.Грегори [11], В.А.Ганзен [12], Л.Ф.Жегин [13], Е.И.Игнатъев [14], В.И.Киреенко [15] және т.б.) еңбектерінде көрініс тапқан. Көркем көру- қабылдау мен композициялық тұтастық композициялық көркем бейне, көркем образ сомдаудың басты шарты. Көркем бейнелі эстетикалық тұрғыдағы мәдени-философиялық ой-тұжырымы бар, тұтастық қалыптағы көркем образды сомдаушы бейне- композиция түсінігін айқындайды. Композицияда көркемдік мағынаны сипаттау үшін сызық, түс, пішін, уақыт пен кеңістікті мазмұнға сай қолданып, олардың айырмашылықтары мен өзара байланыстарын анықтап, көркем пластикалық құрылым түземіз. Олардың қатынастары мен айырмашылықтарын анықтап, суретші бейненің шынайылығы мен рауаждылығына, нақыштылығына жетеді. Бейне көркем оймен, эмоционалды-эстетикалық сезіммен көмкерілуі тиіс. Табиғатта әрбір зат өзінің түр-түсін, пішінін, утилитарлық, әлеуметтік, мәдени, эстетикалық мазмұнын иемденген. Бірақ олар түрлі жағдайларға байланысты өзгеріп, құлпырып отырады. Міне осының өзі жеке көркем бейнелік композициялық проблема. Бұл өзгерістер табиғатта әрдайым және әрқилы болып, түрленіп әр жағдайда түрлі мән-мазмұн иеленіп оны қабылдау мен түсіну, бейнеде сомдау күрделене түседі. Мұндай өзгерістер композициялық қызметті мейілінше интеграциялы тұтастыққа бейімдейді. Бұл жағдайда салыстыру, теңестіру заңдылығы орын алады. Жалпы композиция өзінің көркем тұтастық заңдылықтарымен орындалады. Олар, бейненің жеке бөлшектерін дұрыс орналастыру, идеялық ой-тұжырымға сәйкес олардың өзара байланыстарын анықтау, сызық, түс, тон, пішін, пропорция-қатынас, кеңістіктік аялар, құрылым мен колорит барлығын бір тұтастыққа ендіру. Әртүрлілік пен тұтастық заңдылығы табиғат пен бейнедегі әртүрлілік пен тұтастық. Әртүрлілік, әрқилылық, пен тұтастық, үйлесім, гармония, туынды сызықтар, түстер, пішіндер әртүрлілігінің тұтастығында бейнеленеді. Композицияны оқытуда оның тұтастық заңдылығына сәйкес интеграция принципі кең түрде қолданылуы тиіс. Композицияның нақыштық құрал-тәсілдері сурет, сызық, түс, тон, құрылым болғандықтан сол құрал-тәсілдерге қатысты көркем өнер қызметі түрлерінің тәсілдері кіріктіріле қолданылғаны жөн. Мысалы, графикалық, живописьтік, мүсіндік пластикалық, сәндік декоративтік, конструктілеу сияқты визуальды өнер түрлерінің құрал-тәсілдері композициялық құрылым мен сюжеттік идеялық мазмұнға сай іріктеліп интеграциялы қолданысқа енеді. Бұл композицияның синтезді тұтастығын қалыптастырады. Сондайақ, ол бөлшектердің сәйкестік бірлігі мен байланысын түзеді. Композицияның көркемдік рауаждылығын айғақтай түседі. Ал визуалдық, уақыттық кеңістіктік және қимыл іс-әрекеттік өнер түрлерінің құрал-тәсілдері (сурет, композиция, түс, пластика, фактура, жағыс, тондық қатынастар, қозғалыс, мимика, интонация, аллегория, ритм, динамика, гармония, мелодия, тембр, эпитет, метафора) барлығы өзара интеграциялы қолданылуы композицияның құрал-тәсілдерінің комплексті өзара әрекеттестік заңдылығына сәйкес болады. Шығармашылықты дамытуда өнер түрлері мен көркем қызмет түрлерінің интеграциялық әрекеттестігінің оқу тәрбие сапасын арттыру мүмкіндіктері туралы

ғалымдар еңбектерінен зерделейміз. Композиция құрудың комплекстік өзара байланыстағы дәстүрлі әдістерінің, бейнелеудің әртүрлі жүйелері мен техникалық тәсілдеріне тәуелділігі диалектикалық ақиқат. Сондықтан композициялық оқу жаттығулар, т.б. белгілі бір жүйеде анықталған және ол біртіндеп орындалуы тиіс. Өнер түрлеріндегі бейнелеу элементтерінің, құрал-тәсілдерінің өзіндік нақыштық сәйкестік және ұқсастық қасиеттері болады. Яғни, бір өнер түрінің нақыштық құрал-тәсілдері, екінші бір өнер түрінің нақыштық құрал-тәсілдерімен ұқсастықта қолданылып туынды мазмұнын толық ашуға мүмкіндік беруі мүмкін. Кейбір жағдайларда құрал-тәсілдер басқа өнер түрлеріндегі күй- жаймен астарланып, ассоцияланып, бейненің ішкі тұрақты немесе өзгермелі образын қалыптастыруы мүмкін және ол білімгердің бейнелеу қорын кеңейтіп, шығармашылық ойлау қабілетін шынықтыра түседі. «Когнитивное функционирование (мыслительные действия, интеллектуальное развитие, познавательный интерес, диалектика и логика мышления) ... в художественно-эстетическом блоке опирается на выразительный язык искусства (ритм, динамика, симметрия, асимметрия, статика, форма, цвет и т.д.) в природе, жизни, искусстве» [16;7]. Мұндай интеграциялық тәсілдер қолдану білімгерлердің композициялық шығармашылық қызметке деген тұрақты мотивациясын қалыптастырады. Жазықтықта бейнелеу композициясының басқа өнер түрлерімен сюжеттік мазмұндық және нақыштық құрал-тәсілдік интеграциясы көркем қызмет ауқымын кеңейтіп шығармашылық қабілет пен композициялық мәдениетті дамытады. Мұнда, әрине, басты интеграциялық принцип бейнелеу құрал тәсілдерінің жарқын басымдықта әсер етуі. Композицияда сызықтық, түстік, тондық уақыттық кеңістіктік т.б. бейнелеу тәсілдерінің басымдығы, доминантасы көпқырлы педагогикалық әдістемелік шешім жасауға мүмкіндік беріп білімгерлердің көркем қабылдау және сомдау қызметін толыққанды ұйымдастыруға жағдай туғызады. Мұнда барлық өнер түрлерінің көркем эстетикалық шығармашылық табиғаты түрлі көркем қызмет түрлеріне сәйкес шығармашылық қызметтің әр түріне интеграциялы үрдіс [17-22]. беріп композициялық қызметті белсендіре түседі. Қазіргі жаһандық жағдайда жастардың ішкі қызығушылықтары мен әр түрлі көркем қызметке табиғи бейімділігіне сәйкес, олар өз ішкі сырын түрлі көркем қызметпен, түрлі көркем тәсілдермен, түрлі әсерлі жағдайлармен түрлі ситуацияда ерекше қызықты мәнділікте орындауға ұмтылады. Сондықтан мұнда түрлі қызмет және түрлі өнер түрлерімен қатар, еркін шығармашылыққа, өз бетінше орындауға мүмкіндік туғызу қажет. Образдық ойлауды қалыптастыратын эстетикалық көркем сезім шығармашылық үрдістің түпкі бастауы болып табылады.

